

ӘДЕБИЕТ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
6-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*



ТАШКЕНТ
2022



UO'K 821.512.122(075.3)
KBK 83.3(5Қоз)я72
Ә 20

Құрастырушылар:

Е. Абдувалитов, Д. Дуйсабаева,
С. Досымбетова, А. Бектаев

Пікір жазғандар:

Өсербай Байқабылов – ТОШМПИ, өзбек тіл білімі
кафедрасының доцент м.а.;

Бағдат Уразов – Гүлістан Мемлекеттік университеті,
қазақ әдебиеті пәні мұғалімі.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– әдебиет теориясы



– қызықты мәлімет



– түсіндірме сөздік



– топпен жұмыс



– сұрақтар



– үйге тапсырма



– тапсырма



– зергер сөз



Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары
есебінен басылды

Оригинал-макет «O'zbekiston» баспа-полиграфия
шығармашылық үйінде дайындалды.


ISBN 978-9943-8174-5-6

© Республикалық білім орталығы, 2022



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
I БӨЛІМ. ӘР БІР КҮН – САБАҚ	5
Ыбырай Алтынсарин. «Қыпшақ Сейітқұл»	5
Ғафур Ғұлам. «Сотқар бала»	12
Бердібек Соқпақбаев. «Менің атым Қожа»	21
Өткір Хашимов. «Соғыстың соңғы құрбаны»	40
II БӨЛІМ. СӨЗДЕ СИҚЫР БАР	48
Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен	48
Ертегілер	48
«Аяз би»	49
«Алып Ер Тұңға»	57
Әлішер Науаи. «Махбул ул-Қулубтан»	63
Абай Құнанбайұлы. «Ғылым таппай мақтанба»	67
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін	70
Ғылым таппай мақтанба	71
Абайдың қарасөздері	73
Бірінші сөз	73
Жетінші сөз	75
Отыз бірінші сөз	77
Лэнгстон Хьюз. «Рақмет, сізге анашым»	79
III БӨЛІМ. ҚЫЗЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР ӘЛЕМІ	86
Оралхан Бөкей. «Тортай мінген ақ боз ат»	86
Қалқаман Әбдіқадыров. «Қажымұқан»	95
Хожиакбар Шайхов. «Бірінші сынақ»	126
Мұхтар Мағауин. «Бір атаның балалары»	138
Артур Конан Дойл. «Жирен шаштылар» қауымдастығы ...	169
IV БӨЛІМ. ӘСЕРЛІ СЕЗІМДЕР	197
Төлеген Айбергенов. «Адамдар»	197
«Арал толқындарында»	199
Азим Суюн. «Жаңбыр жауып өтті»	201
Оскар Уайльд. «Бақытты ханзада»	203
Мұқағали Мақатаев. «Туған жер»	213
«Арман қуып»	215
Бөлімдерді қайталауға арналған тапсырмалар	217





АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Әдебиет халқымыздың рухани байлығы, қазақ халқының бет-бейнесін танытатын мұра. 6-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығы төрт бөлімнен тұрады. «Әрбір күн – сабақ» деп аталған бірінші бөлімде ХІХ–ХХ ғасырдағы ағартушы ақын-жазушыларымыздың әдеби шығармаларымен танысасыздар. Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл», Ғафур Ғұламның «Сотқар бала», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Өткір Хашимовтың «Соғыстың соңғы құрбаны» атты шығармаларын оқып, білетін боласыздар.

Ал екінші бөлім «Сөзде сиқыр бар» деп аталған. Ертегі жанры туралы біліп, «Аяз би» ертегісін оқисыздар. Ежелгі тарихымыздың мақтанышы Алып Ер Тұңға, ортағасырлық ғұлама бабамыз Әлішер Науаидің рубаиларын, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдерін және әлем әдебиетінің ірі өкілі Лэнгстон Хьюз шығармаларын сүйіп оқитын боласыздар.

«Қызықты оқиғалар әлемі» деп аталатын үшінші бөлімде балалық шақтың қызық та қиын күндерінен сыр шертетін Оралхан Бөкей шығармалары қиялымызды сан қырға шарлатады. Қ.Әбдіқадыровтың атақты балуанның жеңіске толы жолын суреттеген «Қажымұқан» повесімен, сондай-ақ, Хожакбар Шайхов, Шерхан Мұртаза және Артур Конан Дойл шығармаларымен тереңнен танысасыздар.

Ал «Әсерлі сезімдер» деп аталатын төртінші бөлімде жастардың сүйікті ақыны Төлеген Айбергенов пен Мұқағали Мақатаевтың, өзбек ақыны Азим Суюннің өлеңдерін және Оскар Уайльд шығармаларын ынтамен оқып, рухани бай ұрпақ болуларыңыз керек.

Оқулықтағы «Қайталау» айдарында оқушылардың ойлау қабілетін арттыратын логикалық тапсырмалар берілген. Сондай-ақ әрбір бөлімнің соңында әдеби теориялық ұғымдармен танысасыздар.

Әдебиет әлемінде өздеріңізге сәттілік тілейміз!

Авторлар





I БӨЛІМ. ӘРБІР КҮН – САБАҚ



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН «ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ»



Бұл тақырыпта біз:

- әңгіме жайында мәліметке ие боламыз;
- ағартушылық әдебиет түсінігін қалыптастырамыз;
- шығармада оқиғалар барысына талдау жасаймыз.



– XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті тарихында жаңа бағыт пайда болды.

Қазақ халқының тарихы мен әдебиетіндегі бастамалар ағартушылық бағытта, яғни оқуға, білімге шақыру бағытында дамыды. Қазақ елінің ұлы тұлғалары Абай, Шоқан және Ыбырай Алтынсарин халықтың білім алуын басты мәселе деп таныды.



– Оқу-білімге шақырған әдебиетті ағартушылық әдебиет деп атаймыз. Ағарту бағытында жазған ақын-жазушыларды ағартушылар дейміз.

Қазақ халқының талантты ұлдарының бірі Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – аса көрнекті тұлға, ғалым, ақын әрі жазушы, жаңашыл педагог болған адам. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысында дүниеге келген.

Ыбырайдың әкесі ерте қайтыс болғандықтан, ол атасының – белгілі би Балқожаның қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып-білуге бейім екенін байқатты. 1850 жылы Орынбор шегара комиссиясының қазақ балаларына арналған мектебіне оқуға түседі. Мектепті бітірген соң, 1857 жылы Орынбор шекара комиссиясында әскери старшина қызметіндегі атасы Балғожа





бидің хатшысы болады. Кейін Орынбор облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. 1860 жылы Торғайда қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгіленеді. Ыбырай инспекторлық қызметке кіріскен соң, оқу-ағарту жұмыстарын одан әрі жандандырып, Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін ашады. Қазақ жастары арасынан экономика, ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсіпшілігі салаларына қажетті мамандар даярлайтын училищелер ашуға көп күш жұмсайды. 1879 жылы оның «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбегі жарық көрді. Ы. Алтынсарин патша өкіметінің жергілікті халыққа қысым жасайтын жүгенсіз саясатын айыптап отырды. Оған 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақалалары айқын дәлел. Ол өз ғұмырының соңғы кезінде: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шамамның келгенінше пайдамды тигізсем деген ниетімнен ешқашан бас тартпаймын», – деп жазды. 1889 жылы Ыбырай Алтынсарин ауыр науқастан қайтыс болды.



Ыбырай Алтынсариннің шығармаларының көбі қысқа әңгіме түрінде берілген. Жазушы ретінде қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының қалыптасуына ықпал етті.

Әңгіме – эпос жанрының шағын түрі. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі ықшам, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді. Қазіргі әңгіменің бастаулары халық ауыз әдебиетінде жатыр. Сонау көне заманнан-ақ халық өзінің тұрмыс-салты, күнделікті тіршілігі жайлы ауызша әңгімелер туғызып отырған.

ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Сен талдау жасайтын шығарма «Қыпшақ Сейітқұл» деп аталады. Онда еңбек ету арқылы тағдырыңды жақсарту өз қолыңда екені, ұрлық түбі қорлық екені туралы баяндалады.



Қыпшақ Сейітқұл Маманұлы (18 ғасырдың 70-жылдары, Сыр бойы – 19 ғасырдың 30-жылдары, қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Қарабидайық мекені) – есімі аңызға айналған егінші. Орта жүздегі бес таңбалы қыпшақтың торы бірлестігінен тарайтын жеті арыс қитаба руынан шыққан. Сыр бойындағы иеліктері егін шаруашылығына тарлық ете бастаған соң Торғай өңіріне келіп, Қабырға өзені бойындағы Қарақоға деген жерге тұрақтаған. Өзен жағалауына шығыр орнатып, аяқ егін, атпа егін әдістерін пайдаланып, өзеннен арықтар тартып, бөгендер салып, суармалы егіншілікті қолға алған. Диқанның бұл еңбегі жемісті болып, 5–6 жылдың ішінде алғаш келіп қоныстанған 12 үй 400-ге жеткен. Қыпшақ Сейітқұлдың аса шығымды ақ тарысының тұқымы кейін бүкіл Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Қарқаралы өңірлеріне тарады. Диқанның барымташылардан сақтану үшін тұрғызған дуалы мен су тартқан арықтарының қалдықтары Көкалаат, Қызылоба, Қарақоға деген алқаптарда әлі күнге дейін сақталған. Қыпшақ Сейітқұл асқан шебер, сөзге шешен адам болған. Мұраптың егіншілік дәстүрін халық арасына кең таратып, насихаттау үшін ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгіме жазып, оқулығына енгізген.




Ыбырай Алтынсариннің басқа қандай шығармаларын білесіңдер? Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармаларына байланысты деректерді қосымша материалдарға сүйене отырып, толықтырыңдар. Не себепті қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың басында ағартушылық бағыт дамыды? Олардың ірі өкілдері кімдер болды?

ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ

А

Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс ат-таныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды. Сауда етуге мал жоқ, барымтамен мал алсам, бір күндерде жау да бізден қуып алады, ақырында бұрынғылардың айтып кетуінше, жортуыл басы жолда қалса керек. Соның бәрін де шамалап қарап, ақыр бір қиялға түсіп, Сейітқұл әуелі мекен еткендей бір орын іздеді. Көп жерлерді кезіп жүріп, ақырында Торғай төресіндегі Қабырға



деген өзен-судың бойына тоқтады. Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді. Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.

Ә

Қабырғаның бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін еуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті. Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.



Сейітқұл елі үшін қандай ой ойлады? Оған ерген халық қандай кәсіппен айналыса бастады?





Б

Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, тары, арпа егеді) артығын төңіректегі елге малға айырбас етумен, бұлардың малдары көбейіп, бай болды. Мұны көріп әрбір көшпелі елдегі жарлы-жақыбайлар да келіп, Сейітқұлға қосылып келіп, бес-алты жылда Сейітқұл елі деген төрт жүз үйге таянды дейді.

Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да адалдары көбейіп, бай болды, ел жиылып Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, маңдай терімен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды. Солардан сақтану үшін, Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауыл шыңдауыл жүргізді. Бұлардың былайша бір ауызға қарап бекінген халық екенін байқаған соң, малға қызыққан сырттағы көшпелі халықтар батып келе алмады. Бұл жағынан көңілі тыныш болған соң, Сейітқұл енді Бұхара, Қоқанға мал айдатып, ол кенттерден қазақ қолды әртүрлі тауар алдырып, жылда егін піскен уақытта манағы қорғанда жәрмеңке реуішті базар болды. Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, тауарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.



Сейітқұл бастаған елге басқалар не себепті қосылды?

В

Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұрттың малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қонырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті; қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттарын Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қасына алыпты-мыс.

Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830-шы жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінге айналады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.



Сейітқұлдың ағасы бай болу үшін не істеді? Соңында тағдыры қалай аяқталды?





ТАЛДАЙМИЗ, ТАЛҚЫЛАЙМИЗ

Өңгіме мазмұнына байланысты өз пікірлеріңді топта талқылаңдар.

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Менің пікірім/ Біздің пікіріміз
Сейітқұл	Халықты егін егуге үйретті, еңбекке баулыды.	
Сейітқұлдың ағасы	Барымта, ұрлық жасап бай болғысы келді.	



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

1-тапсырма. Берілген тапсырмадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін дәптерлеріңе ретімен жазыңдар.

Өңгімеден үзінді	Кейіпкер мақсаты	Кейіпкердің іс-әрекетін бағалау
Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттық тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды.	Кедей адамдарды қалай байытамын деп ойлады.	
Сейітқұлдың бір ағасы бар еді, жол жүріп, ұрлық, барымтаны әдет еткен; інісінің қанша айтқан ақылына болмай, үш-төрт үймен жалғыз-ақ сол көшпей, ескі орны Түркістан жағында қалды.	Барымта, ұрлық арқылы тұрмысын жақсартуды ойлады.	
Қабырғанық бойына келген соң, Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті. Түркістан жағында көрген үлгісімен судан арық қазып шығарып, егінге су жіберді. Егіні піскен соң орып, жиып алып, артығын төңірегіндегі көшпелі елге сатып, мал етті.	Егіншілікпен еліне жайлы жағдай жасауды армандады.	
Манағы Сейітқұлдың ағасы аттаныс-түсіспен жұрттық малын ұрлап бай боламын деп жүргенде, Қоңырат жағында қолға түсіп, кім екені де белгісіз, біреу өлтіріп кетіпті; қалған мал-жанын ұрының малы деп Түркістан әкімдері талап алып, жамағаттары Сейітқұл көп жылдар іздетіп, таптырып, қа сына алыпты-мыс.	Ұрлық түбі – қорлық	



2-тапсырма. Өңгіменің сюжеті бойынша ретімен дәптерлеріңе жазыңдар.

Сейітқұлдың
ағасының
тағдыры

Жаңа кәсіп-
пен айна-
лысқан ел

Сейітқұлдың
жайлы қоныс
іздеуі

Сейітқұл



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Көркем шығарма тілі – көркем әдебиет шығармаларының тілі, өмір шындығын бейнелеуші, әйгілеуші, мінездеуші. Көркем шығарманы жасайтын – жазушы. Шығармадан жазушының өзіндік ерекшелігі, шеберлігі, стилі байқалып отырады. Шеберлік мәселесін шығарманың тілінен бөлек алып қарауға болмайды. Шеберлік мәселесі тілге тікелей қатысты. Сондықтан да жазушының шеберлігі жайында сөз еткенде, ең алдымен оның тілінен бастаған жөн.

Шеберлік дегеніміздің өзі – тар шеңберде алғанда, адам бейнесі, табиғат көрінісі, қимыл, іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдарды жасау үшін қажетті сөздерді талғап, ұқыптылықпен қолдана білу. Мұндай образдарды жасау үстінде сұрыпталатын сөздерге әрқашан да жаңа мағына, қосымша реңдер берілетіні белгілі. Сөздердің ондай жаңа қосымша мағынасы мен реңдері образды ойды эстетикалық жағынан байытып отырса ғана құнды болмақ. Образды ой дегеніміз – суреттелетін зат, құбылыстың формасын сөз арқылы шебер бейнелей білу.

Көркем әдебиет – «сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін искусство». Әдебиетшілер болсын, тілшілер болсын, көркем шығарма тілін сөз еткенде, екеуінің де негізгі объектісі – әдеби шығарма. Өйткені әдеби шығарманың негізгі құралы – тіл.

Жазушылар да құрылысшылардың кірпіштен салған биік әсем мұнарасы сияқтандырып өмірдегі сан алуан құбылыстарды бейнелі сөз өрнегі арқылы қиюластырып, көркем образдар жасайды. Көркем образ жазушының шеберлігіне, оның жалпы халықтық тіл байлығын жетік меңгеріп, шұрайлы сөз образдарын қолданып шебер суреттей білуіне байланысты. Сонымен бірге жазушы шығармасының тілі, оның стиль ерекшелігі шығарманың мазмұн, идеялық жақтарымен байланысты қарастыруды қажет етеді.



ҒАФУР ҒҰЛАМ «СОТҚАР БАЛА»



Бұл тақырыпта біз:

- юмористік шығарма жайында мәліметке ие боламыз;
- шығарманы киносымен салыстырамыз;
- шығармадағы оқиғалар барысына талдау жасаймыз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ



Ғафур Ғұлам (1903–1966) – ХХ ғасырдың өзбек әдебиетінде өзіндік орынға ие, шебер жазушылардың бірі. Оның сатиралық шығармалары, юморға бай қиссалары оқырмандар көңілінен орын алған.

Жазушы 1903 жылы Ташкент қаласында шаруа отбасында дүниеге келген. Жазушының ойнап-күлетін бақытты және уайымсыз болуы керек болған балалық кездері бірінші дүниежүзілік соғысқа (1914–1918) тура келді. Ғафур Ғұлам 9 жасында әкесінен, 15 жасында анасынан айрылып жетім қалады. Бола-

шақ жазушы басынан көп тауқымет пен қасіретті кешірді. Жазушы жоғары оқу орындарында білім ала алмады, тек мектепте, сондай-ақ мұғалімдер дайындайтын курсты ғана бітірді.

Бірақ Ғафур Ғұлам өз бетінше оқып, білімге деген құштарлығының арқасында өзбек халқының сүйікті жазушысына айналды. Оның «Сотқар бала» атты повесі 1936 жылы жарық көрді. Бұл шығарма бірнеше шет тілдеріне аударылды.



ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Сен талдау жасайтын шығарма «Сотқар бала» деп аталады. Онда сенімен теңдес жетім баланың тағдыры, шытырман оқиғалары туралы баяндалады.



«Сотқар бала» дегенде қандай баланы көз алдыңа елестетесің. Неге? «Сотқар бала» мен «Тентек бала» ортасында қандай айырмашылық бар? Ауылыңда немесе өз сыныптарыңда осындай балаларды кездестіргенсің бе? Бар болса олар жайлы не айтар едің?..





СОТҚАР БАЛА

(Шығармадан үзінді)

...Әттең-әттең, қолға түсейін деп тұрған бар жәннеттан айрылдым. Сол сәтте-ақ қайыр-қошты несие етіп далаға жол салдым. Аспан алыс, жер қатты еді. Қаңғыбастығымнан, өзімнің сымантай саяқ жүруімнен өте өкінетін едім. Біраз салмақты, біраз ойынқұмар болмағанда, баршаның нанын түйедей етіп бере алар едім. Киім-кешегім бар, қарным тоқ, қайғым жоқ болатын-ды. Ал мейлі енді, өкірудің пайдасы жоқ.

Намаздыгер мен ақшам арасында қарсы алдымнан үлкен өзен жолықты. Мен бұл жерлермен таныс болмағаным үшін бұл өзеннің қай өзен екенін, сондай-ақ атын да білмейтін едім. Өзеннен кешіп өтіп болмағанындай, жүзіп өту де қиын еді. Артқа қарай қайту сірә мүмкін емес. Өзен жағасында бір атты жолаушы кездесіп қалар ма деп күтіп отырдым.

Алдынан үлкен өзен кездесіп қалған атақты кезбелердің өлеңдерін судың сыңғырлаған ағымына қарай әндетемін.

*Өзен тасып, сулар толқып, алалмаймын, жар-жар,
Атым арық, меже алыс, жете алмаймын, жар-жар.
Атымды жүдеткен майда тастар, жар-жар,
Өңімді сарғайтқан ол қаламқас, жар-жар.
Аппақ ұрың-ей, еш тамбасын-ей, жаным-жарым, жар-жар,
Өзеннің ар жағында, жар-жар,
Аппақ болып көрінеді бойларыңыз, жар-жар,
Қамыт па еді, жібек пе еді кигеніңіз, жар-жар,
Біздерден де артық па еді сүйгеніңіз, жар-жар.*





*Аппақ ұрың-ей, жаным көзің-ей, қу болсын-ей, жар-жар,
Өзеннің бетінде алтын көзе-ей, жар-жар
Алтын көзе көтермекке білек керек ей, жар-жар
Бұл өзеннен өту үшін жүрек керек ей, жар-жар.*

Аппақ ұрың-ей, жан мүсәпір-ей, сусын қансын ей жар-жар, – деп бір алақан суды ләззатпен сіміріп тұрғанда, біреу алаңдап келе берді.

Жота арасынан арық байталға мінген бір жүзімші шал көрінді. Мен оның үзеңгісіне жармасып, мені де өзеннен өткізіп қоюын өтіндім. Сонда жүзімші: «Атым арық, жуық арада құлындаған, жүгім көп, екі деудей кісі бір байталға міңгессе ұят болар», – деп сылтауратса да жабыса бердім. Шарасыз қалып, өткізіп қоюға мәжбүр болды.



Адамзат табиғатына сай «күңгірттену» ненің белгісі?
Күңгірттену де сотқар балаларға тән ерекшелік
деп айта аламыз ба?



Жүгері көже
– бидай мен
жүгеріден дайында-
латын бидай көже.

Бұл өзен Келес деп аталады екен. Қазір-гі шыққан жеріміз өзенге байланысты Құр Келес ауылы деп аталады екен. Баратын жерім таныс-білісім жоқ еді. Жүзімші мүсәпір екенімді біліп, біраз ақыл-кеңесін берді. Бұл ауылда Сарыбай болыс деген үлкен жер иесі бар екен. Оның мың шаршыдан тұратын бағына жылдам аяқты қызметші әрдайым қажет болады екен. Әсіресе қазір ал-малар піскен уақыты болғаны үшін, маған ұқсас ас-тамағына жүретін жалшы кісілерді бай есігінен құмайды екен. Осы түні оның қызметшілері жататын қос бөлмеде түнеуді мақұл көрдім. Жүзімші маған жолбасшы болып, қос бөлмені көрсетіп қойды. Байдың кәрі-құртаң аралас жиырмаға жуық қызметшілері кешкі жүгері көже үстінде еді.



Жайдары –
қарапайым
өзімізде
дайындалған.

Ассалому-уағалейкум, – деп кіріп бардым. Өте мейірімділікпен өздерінің орталарынан орын берді. Арыз-датымды оларға айттым. Олардан бір егде жастағы:

«Асыл өмірің Сарыбайда бекер өтіп кетеді інім, жас екенсің. Басқа бір кәсіптің жетегінен барғаныңды жақсы болар еді. Иә, мейлі, сәл өзіңді ұстап алғаныңша он-он бес күн істеп тұр. Кейін жолыңды тауып аларсың...» – деген түсініксіз кеңес берді. Бос сапал табаққа көже құйып берді. Екі бөлік қара нанмен осы тамақты рақаттанып ішіп алдым.





Жатқанда да осылар ортасында қалдым. Жақсы алмаларды жайғастырып, ұзақ қалаларға жіберетін жәшіктерден екеуін қатар қойып кереует еттім. Басыма алма орайтын ағаш қырындысынан жастық етіп рақаттанып ұйқыға кеттім.

✓ **Болыс** – әкім, бастық. Бір пұт шамамен 16 кг тең

Бұл ұйқы ишан үйіне қарағанда өте салтанатты еді. Тым болмаса, бұл жерде таң сәріде аятшы сопылардың айқайлап айтылатын әр түрлі дуалары кісінің ұйқысын мазаламайтын еді. Таң ертеңнен болыстың алдына бардым. Бірнеше сілікпелерден соң бай маған қызметім үшін айына қам піскен аралас, ана сүтінен адал екі пұт он жеті қадақтан алма беретін болды.

Осы сәтте байдың қабағын көріп, менің де арам тамырым ұрып қалды... Менен не кетті, бір шарт қойып қояйын, бір күн басыма іс түсіп қалса, осы себеппен құтылып кетермін, деген оймен: Бай ата, – дедім, – енді саудамыз пісті. Шарифат тұрғысынан мал сатқанда, барлық кемшілігін айтып сатса адал болар екен. Менде де кемшілік бар, осыны әуел бастан айтып қойғаным жақсы?

– Қош не кемшілігің бар? Сигекпісің, тұтқанақысың?

✓ **Қу** – айлакер.

– Жоқ, кемшілігім бұл емес, кемшілігім жастайымнан әдет болып қалған, оқта-текте өзім білмей өтірік сөйлеп қоямын, сонда тергемесеңіз болды. Қызмет ақысы, мақұл, сіз айтқандай болсын.

– Ой, алғыр-ау, қу көрінесің, иә, жарайды-жарайды. Бірақ көп өтірік сөйлеме.

Орындайтын жұмысым анау айтқандай қиын емес. Алмаларға тіреуіш қоямын, жерге түскен алмаларды теріп, қақ істеймін. Бауға қараймын. Кейде қожайынға ақша керек болса, пісіп жетілмеген алмаларды арбаға артып, Дарбаза, Сарыағаш айналасындағы астықшы қыстақтарына алып барып сатып келемін. Малға кесіп берсе жемейтін алмаларды шөлде, бидай орып тұрған диқандарға бір қадағын екі қадақ бидайға ауысамын.

Сарыбай болыс әліге дейін қожайындарымның ішінде ең құдай ұрған жаманы, сараңы еді.

Оның алдына бір жұмыспен барсаңыз болар-болмас жерде «сонан соң», – деп сұрайтын әдеті бар еді. Сол «сонан соңға» жауап бере алмасаң анаңызды үшқорғанда көресіз. Қамшымен желкеге түсіріп қалушы еді. Жай, барсаңыз да, «аспашам алма пісіпті» деп айтсаңыз, ол сізге «сонан соң» деп сұрақ береді. Сіз әрине: «сол піскен алманы теру керек» дейсіз. Және құдайатқыр «сонан соң» дейді. Мақұл, «сату керек» дейсіз және «сонан соң» деп сұрап қалады. Сол жерде сөз аяқталады. «Сонан соң» деген сұрақтың қасиеті жоқ. Міне, осындай кезде жауап тауып бере алмайсыз да байдан таяқ жейсіз.





Шек – бұл арада жауапкершілік мағынасында.

Сарыбай Чуваларчидағы Жүсіп Қонжор мен құмар ойнап, оның бау-бақшалары, ішкі-сыртқы қорғаны, бүтін дау-қолдырғысының барлығын жеңіп алыпты. Жүсіп Қонжордың бауы, әсіресе, оның көлеңкелі сәрісі

біздің қожайынға мақұл түсіп, дереу ол жерден томпақ қана қырғыз әйелді алып, бір барғанда он-он бес күндеп Келеске қайтпайтын болды.

Алмалар пісіп, төгіліп жатыр, қожайыннан рұқсатсыз теруге ешкім бата алмайды. Аттарға жем-шөп жоқ. Қызметшілер аш, бірақ байдың алдына баруға қай-қайсысының да жүрегі дау бермейді. Әр сөзден кейін берілетін «сонан соң» сұрағынан барлығы қорқады. Бір күні кешқұрын қызметшілермен отырып, қандай жолмен байды өз орнына шақырып келу туралы ақылдастық, әрі кім баруын ойладық, не деп шақырып келуді ойластық. Сонымен «сонан соң» ауруынан соң байдың өзінің де шамасы таусылатын болсын.

Құра маған түсті.

Таңертең бір атқа мініп, байдың алдына қарай жол алдым. Жол-жөнекей мың түрлі ойға баттым. Қайтіп «сонан соңға» жауап табу керек?

Жетіп барып аттан түстім. Бай шипанда пісірілген бас етімен таңертеңгі асын жеп отырған екен. Сәлем беріп, жайлап табалдырыққа түсіп отырдым.

– Ал, айта бер?!

– Жай өзім, сізді сағынып, бір көріп кетейін деп келіп едім.

– Жақсы, жақсы, бәрекелді, бекерге келмеген шығарсың, бір шаруаң бар шығар, ал неге келдің?

– Осы кезде байға қызметші болып іске кіргендегі шартым есіме түсіп қалды. «Шарт еткен өтірікті енді айтпасаң, қашан айтасың», – дедім де сөз бастадым:

– Анау, әлгі, балдақ сапты пышағыңыз сынып қалып еді, соның хабарын беруге келдім.

Сол сөзден кейін маған «сонан соң» сұрағы жауыла бастады.

– Ал, қайтіп сынды? Күнделік тұрмысқа менің пышағымнан басқа пышақ құрып қалған ба?

– Тазы итіңіздің терісін сыдырып жатқан едік, сүйегіне тиіп сынып қалды.

– Ей?! – деді бай. – Тазының терісін менің балдақ сапты пышағыммен сыдырасыңдар ма, өзің айтшы, неге сыдырасыңдар?

– Сасып қалдық-та, өліп қалғаннан кейін, зая кетпесін деп терісін сыдырып алдық.

– Не үшін өлді?

– Арам өлген аттың етін көп жеп қойған екен бөгіп өлді.

– Арам өлген аттың еті қай жерде екен?





- Иә, өзіміздің торы қасқаның етіп жеп өлді, басқа ат емес. Бай алаңдап қалды.
- Әй, әй бала, байқап сөйле, торы қасқа өлді дедің бе? Қош, торы қасқа неге өлді?
- Зорығып өлді.
- Неге зорығып өледі?
- Алдын арбаға жегілмеген екен, біз оны арбаға қосып су тасыған едік, шаршап зорығып өлді.
- Не деп жатырсың, арамы, басқа соншама арбаға жегілетін аттар тұрып, келіп-келіп менің баптап қойған көкпаршы атыммен су тасисыңдар ма, атаңа нәлеттер?
- Иә, от түскеннен кейін оның бапталғанына қарап отырады ма, кез келгенін қосып, әйтеуір бір шелек болса да су таси бермей ме?
- Байдың шайнап тұрған салқын тілді жұтуға да дәрмені қалмады. Аузынан алып қойды да, адырайып маған қарап:
- Өзің жынды-пынды болдың ба? Өрт түсті дегенің не, қай жерге өрт түсті, неге түседі?
- Саумын қожайын, өрт әуелі ат қораға түсті. Ат сорлылардың барлығы қаза тауып кетті, қожайын.
- Әй, атқорада өрт не қылады?
- Менің де пікірім сол, басқа қызметшілеріңіздің де пікірі мынау, өрт қоймадан өткен болса керек.
- Қоймада өрт шығатын зат жоқ қой?
- Астық бар еді, дұрыс, күріш бар еді, май бар еді, мата бар еді, осылардан өрт шығады ма?
- Мына жағын айтқанша саспаң, қожайын, қоймаға қорғаннан өтіпті. Атқораға қоймадан өткен болса керек. Осылайша бір-біріне жалғасып кеткен.
- Әй, әлі қорғанда жанды де?
- Қорған да өртенді, қойма да өртенді, атқора да өртенді, аттар да өлді, пышағыңыз да сынды.
- Қорғанға қай жерден өрт кетіпті?
- Шамнан жайылып кетіпті, шамнан.
- Әй, өзің жынды болыпсың, балам! Өзі, менің үйімде шамға күн қалды ма? Қатар-қатар лампалар, өзім Ташкенттен әдейі сатып алып келген қырқыншы шырақтар қайда кетті, керосинді болса бір жылға жететін бөшке-бөшке қор етіп қойған едім. Неге шам жағасыңдар?
- Қожайын, – деймін, – өзіңіз де адамды өте шаршатып жібереді екенсіз де! Бүтін басты өліктің аруағына шам жақпай лампа жағыла ма? Келген аруақ ненің сәулесімен ойнайды. Сол, кесеге су құйып, үстіне алма бұтағы қойылады. Келген аруақ әуелі бұтаққа қонып отырады. Бір ауа тынысын өңдеп алған соң әлгі шамның пырпырап тұрған сәулесімен ойнайды.



«Сотқар бала» фильмінен үзінді («Узбекфильм» киностудиясы, 1977 жыл) Сотқар бала рөлінде – Абдурайым Абдувахобов, Сарыбай рөлінде – Вохид Қодиров.

Менің тентек сөздерімнен бай талықсырап қалды. Қалай да осы сөздерді тыңдағысы келмегендей, жай жүрегін қауыштап сұрады:

– Кім өлді?

Осы жерде мен өтірік айқай шығарып, дауыстап жылап жібердім.

– Кенже ұлыңыз Бөрібай, терекке шығып, шымшықтың балапанын аламын деп, құлап кетті де, бір рет «әке» деді де «гүп» етіп жан берді.

Бай сөздерінің кейінгі тармақтарын естіді ме, естімеді ме білмеймін, шай ішіп тұрған кесесін басына ұрып, маңдайын жарды да, сақалын жұлып, зарлай бастады. Мен де қосылып жылап жібердім.

Бір сәт айқай салып жылағаннан кейін мен тоқтадым, бай да тоқтады. Байдың өкпесін қатты үзіп жібергенімнен енді оны жұбату үшін өзімнен бір сөз құрамақшы болдым.

– Қожайын, – дедім, – Алла берерінен қыспасын, ренжімеңіз, егер де, ұлыңыз өліп, үйіңіз өртенген болса, ит өліп, пышақ сынған болса, барлығының орнын басатын құанышты хабар алып келгенмін.

Бай жылап тұрып сұрады:

– Қуанышты хабарың құрысын, атаңа нәлет қандай хабар?

– Ортанша қызыңыз Адал әпке дүниеге арзитын бір ұл туды.

– Әй! – деді бай көздері шарасынан шығатындай.

– Адал әпкең әлі тұрмысқа шықпаған ғой!



– Біз де соған таңырқадық, қожайын. Құдай беремін десе, тұрмыс құрмаса да берер екен. Баланы айтпайсыз ба, қожайын. Құл арбакешіңіз бар ғой, дәл соның аузынан түсіп қалғандай.

Бай артық шыдап тұра алмады. Есінен танып қалды. Мен де қамшы орамынан жейтін таяқты қарыз етіп қашып қалдым. Шамалы сағаттардан соң тұлпар сұр атта жалындары асылып кеткен алпаң-толпаң, бір көзі жерде, бір көзі көкте, ер-тоқым алдына қамшы тұтқышын тіреп, жылап бай келіп қалды.

«Және бір пәлекет болмасын», деп өзімді шетке алдым. Байдың жылап келуін үй іші есітіп, олар да «бірдеңе болған сияқты», деп үйден жылап шыға бастады. Бір-бірін құшақтап айқай-шу басталып кетті.

Көз жастары тиылғаннан соң, бір-бірін түсініп, мән-жайын сұрастыра бастады. Сосын анық болғанына қарағанда не ит, не ат, не қорғанға өрт түскен, не пышақ сынған. Бөрібай болса сілекейін ағызып өзі шығып қалды.

Сол күні мен көрінбей жүрдім. Ертеңіне бай мені іздеп, желпек етіп көтертіріп алып келді. Әуелі құрттай ғана жиырма қамшыны бас-көз аралас жедім. Сонан соң сұрады:

– Әй, иттен тараған, мұның не?!

– Әуелі баста келіскен едік қой, айналайын қожайын, әрі заманда бір өтірік сөйлеймін деп.

– Бұл сол өтірігің бе?

– Бірақ барлығы емес еді.

– Егер барлығы болмаса, түгел өтірік айтсаң, мен құрдымға кетер екенмін, тұр, атаңа нәлет сенің қарның тамаққа тоймасын, қыршын кеткір! Айдаңдар бұл сұмды.

Қуып шығармақшы болды. Кетуімнен алдын байдан ақы талап еттім. Себебі байдың қолында бір ай он тоғыз күн істеген екенмін. Әлі күнге дейін берген жиырма екі тиын шай ақшаны басып қалып, сасыған, құрт түскен алмадан екі пұтын бір қапқа салып берді.

Мен осыған да шүкір етіп, намазшам жолға түстім.



Сотқар баланың өтірігі жария болған соң ол Сарыбайға бұл бәрі еместігін айтады. Сұхбат жалғасқанда сотқар бала оны қандай тәртіпте жалғастыруы мүмкін еді?



ТАЛДАЙМЫЗ, ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Сотқар баланың әрекеттерін қалай бағалайсындар? Дұрыс па әлде бұрыс па пікірлерің.
2. Шығармада өздерің оқыған тарауында қандай өзекті мәселелер келтірілген?
3. Сотқар баладан нені үйренесіңдер?



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

1 топ: Сотқар бала

Сотқар бала	Шығармада	Кинода
Сөйлеуі		
Сыртқы бейнесі		
Әрекеттері		
Мінезі		

2 топ: Сарыбай

Сарыбай	Шығармада	Кинода
Сөйлеуі		
Сыртқы бейнесі		
Әрекеттері		
Мінезі		

4. Салыстырамыз. Венн диаграммасы бойынша:

Б. Соқпақбаев «Қожа»
 Ғ. Ғұлам «Қарабай».



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Суреттеу – әдебиетте әр түрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.

Жазушы кейде шығарма оқиғасын баяндау барысында оқиғаның болған жерімен, оқиғаға қатысушы кейіпкерлерімен, олардың жеке басына тән өзгешеліктерімен, оларды қоршаған ортамен таныстырып өтеді. Бұл көбіне суреттеу (сипаттау) жолымен жүзеге асады.



БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»



Бұл тақырыпта біз:

- хикаят жайында мәліметке ие боламыз;
- шығарманы киносымен салыстырамыз;
- шығармадағы оқиғалар барысына талдау жасаймыз.



АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Бердібек Соқпақбаев (1924–1991) қазіргі Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келген. Қазақ балалар жазушысы. «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында, Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарды (1952–1970). «Бұлақ» (1950) өлеңдер жинағы, «Он алты жасар чемпион» (1951), «Бақыт жолы» (1952), «Алыстағы ауылда» (1953), «Балалық шаққа саяхат», «Дала жұлдызы» (1960), «Аяжан» (1963), «Гауһар» (1966) хикаяттарын жазды.



«Менің атым Қожа» (1957) кітабы балалардың сүйіп оқитын шығармасына айналып, орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды.

1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы сол кітап бойынша жазылған киносценарийді экранға шығарды. 1965 жылы «Балалық шаққа саяхат» атты хикаятының желісімен фильм түсірілді. «Менің атым Қожа» Францияның Канн қаласындағы жастар мен балаларға арналған кинофильмдердің халықаралық фестивалінде 1967 жылы арнайы сыйлыққа ие болды.

Б. Соқпақбаев «Бозтөбеде бір қыз бар» (1958), «Әпенденің айналасы» (1960), «Менің атым Қожа» (1967), т.б. драмалық шығармалар жазды. Жазушының қырқыншы жылдардағы жастар өмірінен жазған «Өлгендер қайтып келмейді» (1969) романы орыс тіліне аударылып басылды.

ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Сен талдау жасайтын шығарма «Менің атым Қожа» деп аталады. Онда сенімен теңдес баланың тағдыры, шытырман оқиғалары туралы баяндалады.



Ойланамыз...

«Менің атым Қожа» деген шығармадағы баланы көз алдыңа қалай елестетесің? Ауылыңда немесе сыныптарыңда осындай балаларды кездестіргенсің бе, бар болса олар жайлы не айтар едің?..

МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА

(Хикаяттан үзінді)

Менің атым...

Менің атым...

Атымды айта бастасам, тілім тандайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын көдімгідей мақтаныш көріп, біреумен таныса қалса, мөнерлеп, көтеріңкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де қолайсыз есімдер бар. Өзге түгіл өзіңе де ұнамайды-ақ. Өттең, қолдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едің. Бірақ амалың нешік, сен қызылшақа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, өке-шешең немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өскембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді өзге қызу жұрт сол арада ду қостап, осы болсын баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсақ та таппаймыз дескен. Міне, сол күннен, сол мезеттен бастап, әлгі ат сенімен бірге туғандай маңдайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да, мойныңа іліп жүре бересің.

...Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе «Қожабергеннің» «бергені» үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір сыныпта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Оқушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өңімізге қарап, мені «Қара Қожа», оны «Сары Қожа» деп атайды.





Әуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ жүре-бара құлағым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп, жалт қарайтын болдым.

Жантас тәрізді қу жақтар осының өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеждеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылығы үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды...

Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім.

Жолдама жанымда

Таңертеңгі шайымды ішіп алғаннан кейін аяндап, мектептің спорт алаңына қарай келе жаттым.

...Мектептің қасында Жантас ұшыраса кетті. Қолында мөр басылған бір жапырақ жазулы қағазы бар. Соны шертіп-шертіп қойып:

– Қара Көже, мынаның не екенін білесің бе? – дейді.

– Ол не?

– Лагерьге жолдама. Біз лагерьге баратын болдық. Ал сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қалатын болдың.

Тілінің қыршаңқылығы үшін Жантасты мытып алғым келіп бір тұрдым да, әуелі жолдама жайын тиянақтамақшы болдым.

– Оны саған кім берді?

– Кім беруші еді? Майқанова апай берді. Бірақ сен жоқсың тізімде.

«Неге жоқпын?» Жантастан Майқанованың қайда екенін сұрап едім, мектепте деді.

Бұдан былай біреуді келемеждеп сөйлеудің қандай екенін білуі үшін Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қалпыммен мұғалімдер бөлмесіне алқынып кіріп бардым.

Майқанова бірдеңе жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

– Не болды? Не болды, Қадыров?

– Лагерьге жолдама беріңізші маған.

– Саған бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекте барасың.

– Неге?

– Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал, екіншіден, ең әуелі біз лагерьге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

– Жантас немене... менен артық болғаны ма?

Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:





– Сен немене? Мені тергегелі тұрсың ба?

Майқанованың көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса шапылдап, жуық арада толас бермейтінін білем.

– Бермесеңіз, қойыңыз, – дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай ғана қайнамайды! Жантас – біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсындағыш; өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабақ үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес.

Соңымнан ілесе шықты Майқанова:

– Қадыров! Бері кел.

Мен бұрылып та қарамадым.

– Қадыров!

Есіктен жүгіріп шығып кеттім.

Турникке сүйеніп, жылмия қарап Жантас тұр. Зығырданым одан бетер қайнап кетті.

– Немене, жолдама алдың ба? – деп сиқырланып, жолымды тосқауылдай қалыпты.

– Алдым, – дедім.

– Кәне, көрсетші?

Сарт еткізіп танаудан тағы бірді шерттім.





– Міне.

Түстен кейін төсегімде демалып жатып, ойға қалдым: Бағана Майқановаға істегенім тұрпайылық болды-ау деймін. Әрине, Жантасқа жолдама беріп, маған бермеген оныкі де әділдік емес. Ызамды осы келтірді. Дегенмен, Майқанова мұғалім, класс жетекшісі. Жә, қазір оқу кезі емес қой, каникул. Ол маған не істей алады? Үш айға дейін кім бар, кім жоқ. Мүмкін, жаңа оқу жылында біздің класс жетекшіміз басқа біреу болар. Онда мен Майқанованың шеніне де жолай қоймаспын. Өмір дегенді ойлап отырсаң, қызық нәрсе. Бірімен бірінің қалай да тұзы жараспайтын кереғар жаралған адамдар болады. Майқанова екеуіміз соның дәл өзі секілдіміз. Біздің кикілжіңіміз күзде ол осында мұғалім болып келген бетте-ақ басталды. Былай болды: жаңа оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді естідім, әжемнен ақша ала салып, самғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр екен. Бірақ адам деген лық толы. Кезектің соңы далаға шығып кетіпті.

Қайтсем екен деп біраз ойлап тұрдым да, тәуекел деп, ішке кезексіз кірмекші болдым. Өйткені соңындағыларға жетпей қалатын азабы да болушы еді. Сонан соң көрінгеннің оқулығына мінгесіп, жалынасың да жүресің, бұл – күн емес. Өзге ештеңе болмаса да, әуелі оқулықтарың сай болсын. Мен былай деп мақалдаған болар едім: «Оқулығы сай бала – көңілі жай бала».

Сығылысып есіктен енді кіре берсем, бойы менің бойымдай ғана, тықылдаған бейтаныс көк көз келіншек алдымды тосқауылдап жібермейді.

– Қайда кимелеп барасың? Кезекке тұр, – дейді.

Осы арада тілі құрғыр өтірікті менің еркімнен тыс айтып салды:

– Мен оқулық емес, қант аламын, – дедім. Өйткені магазиннің арты азық-түлік сататын бөліміне қарай адамдар еркін өтіп жатыр.

Көк көз келіншек мені жіберді. Мен сыр бермейін деген оймен әуелі қант сататын жаққа өтіп кеттім. Бірақ қанттың қазір маған түкке керекі жоқ. Маған қажеті бесінші сыныптың оқулықтары. Дүкен сәресін жағалап, адамдардың арасымен ептеп, кітап сатып жатқан жаққа қарай сырғи бастадым. Енді бір ұмтылғанда жетіп те қалатын едім. Кенет әлгі көк көз келіншек желкемнен бүріп ұстап:

– Сен адасып барасың. Қант ана жақта сатылады, – деді.

– Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз, – деп жұлқынып қалдым да, дүкен сәресіне бір-ақ барып жеттім.



Қожа дүкенге кірерде не себепті өтірік айтты?
Ол дұрыс жасады ма?



Көк көз келіншек сатушыға дауыстап жатыр:

– Анау сұр кепкалы балаға бермеңіз. Ол кезексіз кіріп кетті.

Ол бұл сөзді айтып үлгергенше, Қожекен сұр кепканы қойынға сүңгітіп жіберіп, тақыр бас қара бала болып шыға келді. Балалар ананы-мынаны сұрап, азан-қазан болып жатқанда, мен ләм деместен сақ еткізіп елу сомдықты сатушының қолына ұстата салдым. Сөйтіп, қажетті оқулық-дәптерлерімді бір құшақ етіп алып шыға бердім. Есік алдында көк көз келіншек иығымнан қатты ұстап (қолы мұндай қатты болар ма!):

– Ой, ұятсыз. Қай класта оқисың? – деп бір жұлқып қалды.

Мен оған жөнімді айтып жатырмын!

...Бірнеше күн өткеннен кейін оқу жылы басталды. Мәссаған керек болса, әнеугі маған дүкенде жекіретін көк көз келіншек тыпың-тыпың етіп, қағаздарын қолтықтап, біздің сыныпқа кіріп келе жатыр. Қожекеннің сол мезет қандай күйге түскенін көрсеңіз. Бірақ бойымды тез жиып ала қойдым да, сыр бермеуге тырыстым. Мүмкін, ол мені танымас деп ойлады.

Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады, өзін таныстырды: «Сәбира Майқанова. Мен сендерге қазақ тілінен сабақ беремін және класс жетекшілерің боламын», – деді.

Соңғы сөз Қожекенді тағы бір сілкіп алды. «Ал, бәлем, сақта-на бер» дегендей болдым өзіме-өзім.

Майқанова бір-бірлеп, тізім бойынша оқушылармен таныса бастады. Кезек маған келді.

– Қадыров.

– Мен.

Майқанова тесірөйе қарап тұрып қалды.

– Біз екеуіміз таныс шығармыз деймін?

Мен еріксіз жымып күлдім.

– Мүмкін.

«Мен сенімен әлі сөйлесемін» дегендей, Майқанова:

– Отыр, – деді зілді дауыспен.

Міне, осыдан кейін Майқанова маған қымс етсе, қаһарын тігіп тұратын болды. Қанша рет қыс бойы директордың алдына сүйреп алып барды. Ақыры, жыл аяғында тәртібіме де «төрттік» баға қойып отыр.

Осының бәрі мені, әрине, ашуландырады.

Оқу жылы басталатын мезгіл жақындап қалды. Биыл алтыншыға барамын. Орта мектепті бітіргенге дейін әлі де болса төрт, төрт емес-ау, сойылдай бес жыл бар. Ой, қандай ұзақ. Адам болып шығу деген, ойлап отырсаң, машақат нәрсе екен ғой.

Оқулықтарымның бәрін дайындап қойдым. Мамам Қайыпжан шоферге ақша беріп жіберген екен, Алматыдан ол су жаңа форма әкеліп берді. Амандық болса, бірінші сентябрь күні Қожекен жарқ етіп көшеге шығады сонымен.



Енді оқу жылының басталуын шыдамсыздана күтемін. Адам деген қызық қой. Оқып жүргенде демалысты аңсайсың. Енді, міне, демалыста жүріп, оқуды сағына бастадым. Жаздыгүні қыс болса екен дейсің, қыста жазды көксейсің. Бұл неліктен, а? Адам баласының бабын қалай табуға болады?

Дегенмен, менің оқуды аңсауымда сап-салмақты себеп бар. Оқу басталды деген сөз – Жанармен бірге боламын деген сөз. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін ғой. Бүгін лагерьдің жабылатын күні деген. Олай болса, Жанар келеді. Ура, Жанар келеді! Жанар!

– Қожатай, үйдемісің?

Көңілді кезімде әжеммен де болса әзілдесіп қоюға жаным құмар.

– Мүмкін, үйде шығармын. Қарап көріңіз, – деймін қыздардай сызылған үнмен.

– Үйде болсаң, әлгі қызыл бұзауды тауып әкеп, қораға кіргізіп қойшы. Мына ыстықта енді ол жайылар деймісің.

– Егер үйде болмасам қайтем?

– Үйде болмасаң да бар, – деп әжем шорт кеседі. Мен оның қитығына тие түсуге құмармын:

– Үйде болмасам, қалай барам? Сіздің жұмсағаныңызды естіген жоқпын ғой?

– Әй, қылжақтамай, бар деймін, бар деген соң.

– Айталық, бармадым, әже. Онда не болады?

– Бармасаң, тоқмаш жейсің.

– Піскен тоқмаш па, шикі тоқмаш па?



Қожаның әзіліне әжесі неге ұрыспайды?
Оның бұл әрекеті дұрыс па?

Менің қылжағым тойғыза бастағандықтан, әжем енді үндемейді.

Бұзаулар жайылатын жаққа қарай жайлап басып келе жатырмын. Лып еткен леп жоқ, қапырық. Күннің бір шоқ ыстығы менің шекеме жабысып қалғандай күйдіріп, тесіп барады. Қызған жерді сипалап, басып-басып қоямын. Шошқаның жалындай сояу қайратты шашым алақаныма ып-ыстық болып басылады.

Селоның шетіне шығып қалып едім. Сол кезде қарсы алдымнан шаңы бұрқыратып зырлап келе жатқан жүк машинасы көрінді. Кузовы толған бала. Галстуктері желбіреп, шулап өлеңдетіп келеді. Машина жақындап келгенде таныдым – лагерьден қайтып келе жатқан өзіміздің балалар екен. Өне, анау Жанар. Маңдай шашы желбіреп, маған қарап жайлап күлімсірейді. Екі қолымды бірдей жебелеп, мез-мәйрам болдым да қалдым.

– Сәлем, Қожа!

– Қара Көже!



– Қожа! – деген бірнеше дауыс қатарынан жамырап, ағызып өте шықты.

Жанардың төбесін бір көргенім өлшеусіз бақытқа кенелгенмен пара-пар болды. Машина соңынан далбақтап тура жүгіруден өзімді өзім әзер ұстап қалдым.

Осы кезде қабақтан маңқиып шығып келе жатқан өзіміздің қызыл бұзауды көрдім. Іс-міс жоқ, тырағайлатып әлгіні қуып ала жөнелдім. Қолды-аяққа тұрмайтын бейне бір құйын тәріздімін, бұзауды басып озып, жосылтып, о жағынан бір шығам, бұл жағынан бір шығам. Не боп қалғанын түсіне алмай сасқалақтаған қызыл бұзау тасырлатып шеткі бір үйдің қорасына қойып кетті.

Қызыл бұзауды одан жетелеп алып шықтым. Сол арада сап етіп басыма бір ой келе қалды. Егерде қызыл бұзау адам тілін түсінетін болса, мен оның мойнынан аймалап, алдына тізерлеп отыра қалып, өтініш жасаған болар едім: «Сүйкімді қызыл бұзауым, мен қазір сені тағы да тұра қуған болайын. Сен ұстатпай қашқан бойда Жанар үйінің қорасына кіріп кет. Соңыңнан мен жетейін қиқулап. Сонан соң абалап ит үреді, үйден Жанар жүгіріп шығады. Мен оны бір айдан бері көрген жоқпын ғой. Мен оған бірдеңе айтармын, ол да маған бірдеңе айтар. Жанармен сол арада біраз сөйлесіп, сұқбаттасып қалайын...».

Қызыл бұзау бұны қайдан ұқсын. Қоя берсем болды, үйге қарай безгелі тұр. Жоқ, үйді қоя тұр. Сен маған әуелі қызмет істе. Мен бұзауды ноқтасынан жетелеп, Жанар үйінің алдына әкелдім. Ешкім қарап тұрған жоқ па деп, төңірегіме көз саламын, тым-тырыс. Ашық тұрған қақпадан бұзауды қораға қарай айдасам, бөтен аулаға жолағысы келмейді. Сол арадан жіңішке бір шыбық тауып алдым да, сауырға аямастан осып-осып жібердім. Шіркінге жан керек екен, төргі бұрышқа бір-ақ барып жетті. Сүйеулі тұрған легенді құлатып, итті абалатып, ауланың әлек-шөлегін шығарды. Ойлағаным болып, сол кезде үйден Жанар жүгіріп шықты. Адам сасқанда не айтарын білмей қалады екен ғой.

– Жанар, ана бұзауды бері қуып жіберші, – деппін. Бұдан басқа ештеңе де айта алмадым. Иттен үркіп, тырағайлап шыққан бұзаудың соңынан қуып кете бардым.

...«Бір айналдырғанды Құдай шыр айналдырады» деген сөз бар. Соңғы екі-үш күннің ішінде басымнан кешкен оқиғалар мені есімнен тандырды. Майқанованы талдырып түсірген бақаның шуына Әбдібайдың шатағы ұласты. Біз жеген қаз дүкенші Әбдібайдікі екен. Оның көкбет қатыны келіп, біздің үйдің әлегін аспанға шығарды. Шіркіннің айтпаған сөзі, атпаған оғы қалсайшы: «Ұрысың! Қарақшысың! Баскесерсің! Қаршадайыңнан осыны істеп жүрсің, жүре бара кім болам ғой дейсің. Әлі біреудің басын кесіп, сотталасың. Итжеккенге айдаласың».





Мен өзімді өзім онша біліңкіремей жүреді екем, Әбдібайдың қатынының айтқандарына қарап, төбе шашым тік тұрып кетті. «Япыр-ай, шынымен-ақ осындаймын ба?» деген ойға қалдым.

Әйелінің соңынан түтігіп Әбдібайдың өзі келіпті. Жұрт оны «Жұмыртқадан жүн қырыққан Әбдібай», «Қу бастан қуырдақтық ет алған Әбдібай», «Шық татырмас Шығайбай Әбдібай» деп бекер айтады деймісің. «Қазым қаз емес еді. Асыл тұқымды қаз еді. Ондай қазды бұл аудан түгіл, облыс көлемінен таппайсың» деп, оның төлемі үшін біздің бағлан қара қозыны алып кетті. Бұнымен де тынбады, мені желкелеп директорға алып барды.

Ахметов қатал адам. Шынымды айтсам, мен оның алдына барған сайын қалтырап тұрам. Сусылдаған қызыл күрең шашы желп-желп етіп, қабаты түксиіп, шүйлігіп қарағанда, сұп-суық көздері адамның өңменінен өтеді. Майқанованы талдырып түсірген бақаның кесірінен мен кеше осы кабинетте бір сағаттан артық болып, жарты өмірімді беріп шығып едім. Енді, міне, түн айналмай тағы бір шұрқан арқалап және мөлмиіп келіп тұрмын.

Әбдібай қайдағы жоқ пәлені көкітіп, қаздың оқиғасын есірте баяндап берді. Ахметов сызданған қалпы, үнсіз отырып тыңдады. Оқта-текте көзін ғана бұрып, маған қарап қояды. Мен еріксізден жерге қараймын.

Әбдібайды тыңдап боп, Ахметов стол үстіндегі телефонның тұтқасын бұрай бастады. Жайлауды сұрады. Одан сатылап сүт фермасы, бірінші бригадамен жалғасты. Телефонмен менің мамамды шақырып алды.

– Бұл кім? Саламат боларсыз, Миллат апай. Шаруаңыз күйлі ме? Бұл Ахметов қой, мектептен. Аманшылық, түгел аман. Миллат апай, сізге айтайын дегенім мынау еді: сіз ертең қалайда ауылға келіп кетсеңіз. Маңызды бір шаруа болып тұр. Қожа жайында. Біз ол жөнінде өзіңізді қатыстыра отырып, педсоветте арнаулы мәселе қарамақшымыз. Балаңыз нағыз бір оңбаған жолға түсіп алған...

Менің өзегіме шыжылдап қайнап тұрған ыстық майды қотарып құйып жібергендей болды. Арқа-басым шымырлап, терлеп кетті. Тап қазір алдымдағы жер тесік болса, көзімді шарт жұмып, күмп берген болар едім...

Ахметов ұзақ сөйлесті мамаммен. Сонан кейін трубканы орнына қойды да:

– Жайлаудан шешең келеді, сонан соң сөйлесеміз, бар, – деді маған.

Мектептен құр сүлдерімді сүйретіп шыққандай болдым. Байғұс мамам, әлгі әңгімеден кейін қандай күйге түспекші. Ішкені ірің, жегені желім болады ғой. Онсыз да көңілі жарым адамды азапқа салып өлтіретін болдым-ау.

«Қожа өйтіп қойды, Қожа бүйтіп қойды. Қожа бүлдірді» деп, былтыр да жыл бойына Майқанова оның құлағын талай сарсы-





тып еді. Енді, міне, оқу басталғанына бір ай болмай жатып, тағы басталды...



Ахметов Қожаның мамасын неге мектепке шақырды?

Біздің қораның төбесінде жуырда ғана үйілген жас жоңышқа бар еді. Келген бойда, үйге кірместен, соның үстіне шықтым да, иттің ұясындай шұқырлап алып, етпетімнен жатып қалдым. Ешкімді көргім, ешкімге көрінгім келмейді. Сан-сапалақ ойлар басыма бірі кіріп, бірі шығады: «Педсоветте қарағанда, не айтпақшы? О, Тәңірім, менің де тыныштық табатын күнім бола ма, жоқ па? «Осы аурудан жаным қалса, ендігі аурудың алдымен кетер едім» деген екен біреу. Сол айтпақшы, осы жолы бір жайлы болсам, бұдан былай қой аузынан шөп алмайтын момақан болып жүрер едім-ау».

Осындайда сүйеу болудың орнына, Сұлтан досым қарасын көрсетпестен, тағы да зым-зия жоғалды. «Оңбаған өтірікші, диірменші Иванның торын әкеліп берем деп алып еді, апарып берген де жоқ, тор, әне, біздің үйдің төбесінде жатыр. Адамшылық дегеннен жұрдайсың-ау, Сұлтан. Енді сенің маңыңа жолай қоймаспын...». Әр қилы мазасыз ой тепкісінде қалжырап жатып ұйықтап кеткен екенмін. Тұмсығымның дәл астынан трт-трт-трт-трт деген дауыстан селк етіп ояндым. Көзімді ашып алсам, төңірек ала көлеңке, кеш батып қалыпты. Мен жатқан кез бесін шені еді. Қалай көп ұйықтағанмын.

Есіктің дәл алдына босағаны тірей келіп тоқтаған үш дөңгелекті мотоциклді көрдім. Одан екі адам түсіп жатыр. Бірі еркек, бірі әйел. Мотоциклдің иесін танып, әлгіден бетер селк ете қалдым – Қаратай еді. Қасындағы менің мамам.

Көше жақтан қолына ошақ ұстап әжем келе жатыр:

– Миллатпысың? Ат-көлігің аман ба?

Мотоциклге мініп келген адамға әжемнің «ат-көлігің аман ба» деуі маған сөкеттеу көрініп кетті.

– Мына ошағыңыз не? – деп сұрады мамам.

– Балалар тиіскен бе, бір сирағын түсіріп тастапты. Соны бағана ұстаға апарып тастап едім.

– Әй, жарықтық-ай, не керегі бар мұның. Пайдаланып жатпаған соң, тастамайсыз ба лақтырып.

– Неге тастаймын. Мүлік емес пе. Әкем марқұмнан қалған бір көз ғой. Жайша келдің бе?

– Жұмысты тастап, жайша адам келуші ме еді. Өлгі жер-өлемді шулатып, өрт қойып жүрген бұзақы балаңның әлегі.

– Бұзақы боп, ол не істепті? Ел тонап, кісі өлтіріп пе? – деді әжем.



– Біреудің қазын ұрлап сойып жеу – ел тонаған емес пе екен? Сабақ үстінде мұғалімді шошытып талдырып жыққан адам тура бара кісі өлтіруден тайынбас.

– Бақа әкел деген өздері көрінеді ғой. Бір Қожа емес, осында өзге балалар да мұғалім әкел деді, соямыз деп, көлшіктен бақа ұстап алып жүрген. Енді соның бәріне баяғы аты шулы Қожа кінәлі.

– Сонда әкелген бақаны оған мұғалімнің сумкасына салып қой деп пе?

– Әдейі салды деймісің, тарбаңдаған неме өзі кіріп кетті де. Оңбай кетейін, әжемнің сөзі мені елжіретіп жіберді.

Балапанын қорыған мекиендей шыр-шыр етіп, сотқар немесін қамқорына алуын қарашы. Әй, жаным әжем, қайырымды әжем, менің кінәлі екенімді біле тұрып өстесің-ау.

– Балаға қорышы болғанның жөні осы деп, оның терісін де дұрыс, дұрысын да дұрыс деп, сіз бүлдіріп жүрсіз. Бір мезгіл жазғырып, қатал ұстасаңыз, ол мұндай жолға түспеген болар еді, – деді мамам.

– Менің Қожашым тірі болса, ешкімнен кем болмайды. Өсе келе өзі-ақ түзеліп кетеді. Сабырбек нағашысына тартқан. Ол да жас кезінде осы секілді шығаннан шыққан сотанақ еді. Бұл қайта оқу оқып, мұғалімдерінің айтқанын орындап, кейде әтіншік боп жүр ғой. Ал Сабырбек нағашысы осындай күнінде молданы қақ басқа таяқпен бір салып қашқан болатын. Кейін есейіп, балалы-шағалы бола бастағанда, өзі-ақ түзеліп кетті. Қожатай да сөйтеді. Бала күнінде баланың бәрі тентек, – деп әжем шұбатып ала жөнелді.

– И-и-и-и, жарықтық-ай, – деп мамам қолын бір-ақ сілтеді. – Сіздің мына өсиетіңізді тыңдап өскен бала қалай оңсын.



Хикаят дегеніміз не? Басқа жанрлардан қандай ерекшелігі бар екендігін жазыңдар. А. Байтұрсынұлы хикаятты қалай атаған? Бердібек Соқпақбаевтың қандай шығармалары бар?



ТАЛДАЙМЫЗ, ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. Ізденіп, тапсырмаларды орындаңдар.

Бердібек Соқпақбаевтың белгілі шығармасының ізімен түсірілген кинофильм туралы ақпарат дайындап, сыныптас достарыңмен бөлісіңдер.

Ә) «Менің атым Қожа» хикаятты қай жылы жазылды?

Б) Хикаяттағы бас кейіпкердің портретін жазыңдар.

В) Қожа мен оның есімі туралы ойларыңды ортаға салыңдар





2-тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

А) Хикаятта берілген «Менің атым...» бөлімі бойынша өз есіміңнің мағынасын баяндап жазыңдар.

Ә) Есіміңнің қойылу тарихын достарыңа айтып бер.

3-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

«Жолдама жайында» бөліміне жоспар құрыңдар.

Ә) Аталған бөлімді осы жоспар арқылы баяндап беріңдер.

Б) Қожа мен Майқанова арасында болған кикілжіңді хрестоматиядан тауып оқыңдар.

Қожа мен Майқанованың алғашқы кездесуіне сыныптастарыңмен біріге отырып, сценарий жазыңдар.

Г) Құрылған сценарийге сүйеніп, Қожа, Майқанова, ауыл адамдары, сатушы рөлдеріне арнап диалогтер құрастырыңдар.

АҒАТТЫҚТЫҢ АЗАБЫ

– Келесі сабақта қайсың бақа ұстап әкелесіңдер? – деп сұрады зоология пәнінің мұғалімі Оспанов.

– Мен әкелем, – дедім.

– Қадыров, сен әкелесің. Ұмытып кетпе бірақ.

– Ағай, неше бақа әкелейін?

– Бір... екеу әкелсең жетеді.

Мен бір, екеудің орнына тіс порошогінен босаған қаңылтыр қобдишаға толтырып, бес бақа әкелдім. Оның біреуі ғана үлкендеу еді де, басқалары кішкентай ұсақ бақалар болатын.

Бірінші сабақ – қазақ тілі. Сыныпқа Майқанова кірді де, сынып журналы мен сумкасын менің алдыма үстел үстіне қалдырып, өзі





тысқа шығып кетті. Қоңырау әлі бола қоймаған. Сол кезде сап етіп, басыма бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сумкасына сүңгіттім де жібердім. Не болар екен?

Қоңырау соғылды, сабақ басталды. Тізім шақырып болғаннан кейін, Майқанова сумкасын ашып, қол орамалын суырып алды. Сол кезде кішкентай қара сұр бақа қол орамалмен қоса секіріп шығып, секемшіл мұғалімнің қолының дәл үстіне қонбасы бар ма?! Майқанованың шаңқ еткен дауысы бір-ақ шығып үлгерді. Өңі құп-қу болып, сылқ етіп құлап бара жатыр...

Майқанова содан сабаққа екі күн бойына келмеді. Шошынып ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр. Бүкіл мектепті даңғаза қылған бақа оқиғасының мән-жайы, міне, осындай.

...Көз байланып кетті. Жоңышқаның төбесінде дөңбекшіп әлі жатырмын. Не істеймін? Қалай көрінемін мамама...

Әр нәрсенің шегі бар, мен қашанғы жата берейін. Тәуекел деп, үйге кірмекші болдым. Қораның арт жағынан түсіп, үстімнің шөбін қағып, бойымды тәртіпке келтіріп алдым. Жүрегім лүп-лүп етіп, алқымыма тығылады.

Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің, соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірдеңеге ұқсар деймін. Ауызүйден әжем ұшырасып:

Сен қайда қаңғып жүрсің? Шешең келді, – деп төрүйді нұсқады. Сонан соң құлағымға сыбырлап: – Байқа, шешең саған ашулы, – деді.

Төрүйге кірдім. Мамам киімшең күйі өз төсегінде бір уыс болып, әрі қарап, бүк түсіп жатыр.

– Мама.

Мамам жауап қатпады. Мен жақындай түсіп, оның уысында көзіне басып алған қол орамалы бар екенін көрдім. Жүрегімді біреу ұстарамең тіліп жібергендей болды.

– Мама, сен жылап жатырмысың?

Мамам басын жайлап көтерді де, маған қарай бұрылды. Жасқа шыланған қоңыр көздері біртүрлі бөтен, суық.

– Иә, жылап жатырмын, – деді ол. Дауысы қарлығып, бітіп шықты. – Қайтейін жыламай. Құдай бағын ашпаған мен сорға жылаудан өзге не бұйырған. Қу жалғыз, сенің-ақ күйіңді тартып өлетін болдым ғой. Осы сен не боп барасың күннен-күнге? Бұл не сұмдық? Жүрген жеріңе шөп шықпағыр боп барасың ғой. Ұялмайсың ба, бір мезгіл елден-жұрттан. Қу жалғыз-ау, айтшы, не болды мұнша саған бұзылып? Өлтірдің ғой мына сорлы аңанды. Неге тыныш жүрмейсің?! Осы саған не жетпейді?

– Маматай, қойшы. Ендігәрі...

Мамам менің жалбарына созған қолымды қағып жіберді:

– Жолама. Мама деуші болма мені. Құдайдың сендей бала беріп, азапқа сап қойғанынан да, қу бас тастағаны артық еді ғой.





– Қойшы, маматай... Ең соңғы рет кешірші. Ант етемін...
Мамамның тізесін құшақтай жығылған қалпым еңіреп жылап жібердім.



ТОПТА БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕҢДЕР

1. «Ағаттықтың азабы» бөліміндегі оқиғаның сюжетімен таныстырыңдар.
2. Сюжеттің өрбу кезеңдері бойынша оқиғаны әңгімелеңдер.
3. Қожа біз ойлағандай бұзық бала ма? Қожаның анасына берген антынан оның қандай адамгершілік болмысын байқағандарыңды өз сөздеріңмен айтыңдар.

«ТҮБІНДЕ АДАМ БОЛАТЫН БАЛА»

Жұмыр жер күндегі дағдысы бойынша, тынбастан зырлап, кіндігін және бір айналып шықты. Тарих тағы бір тәулікке ұзарды. Осы бір тәуліктің, яғни жиырма төрт сағаттың ішінде мынау ығыжығы күнәһар дүниеде кімнің басынан не көшіп үлгермеді дейсің? Қанша адам өмірге жаңадан келіп қосылды, қанша адам оларға орын босатып, о дүниедегі мәңгілік мекендеріне сапар шекті. Осы бір тәуліктің ішінде қаншама бақытты кеудеде қуаныштың оты маздап жанбады, қатал тағдыр қаншама басы жұмыр пендесін қайғының қара суығында бүрсеңдетпеді. Осы соңғы топқа мен де қосыламын.

Мен өзімнің он үш жыл өмірімнің ішіндегі ең бір қатыгез күнді бастан кештім.

Тыста қараңғы, ауыл үсті тыныштық. Ақымақ иттер ғана әр жерден әуп-әуп үріп басылады. Көшенің басынан бір ит шәу ете қалса, соңынан оған басқа бір ит үн қосады. Сонан соң үшінші, төртінші иттер әупілдесіп, «о не, не боп қалды?» дегендей ауылдың бүкіл иті улап-шулап кететін сәт те болады. Оның ішінде айбарынан да айғағы көп, шіңкілдек күшік үндері, маң төбеттердің қарлыққан қалың дауыстары... бәрі аралас... Бейберекет үргенді, тақымнан үндемей келіп ала түскенді қашан қояр екенсіңдер?!

Мамам екеуіміз мектепке педсоветке келе жатырмыз. Күздің салқын кеші тоңазыта ма, жоқ әлде үрейленуден бе, іші-бауырым қалтырап келеді.

Мектептің алдында біреу шылым шегіп тұр. Мен оны көкшіл аспан айнасындағы келбетінен анадайдан таныдым – Ахметов. Галифе шалбар киген жіңішке аяқтары сидиып, шашы қақ жарыла желбіреп, қаздиып тұр. Сізді күтіп отырмыз деп, мамамды қолтықтап дереу ішке әкетті. Маған, «Өзіміз шақырамыз, осы арада күте тұр», – деді.





Саябанға көтерілдім де, сол арадағы тақтай орындықта тосып отырдым.

Осы кезде үй пұшпағынан біреудің келе жатқан тысыры естілді. Тырп-тырп басқан аяқ дыбысына тық-тық қадалған таяқ үні қабаттасады. Көп ұзамай аяқ пен таяқтың қожасы да көрінді. Мектеп күзетшісі – Сәйбек қарт. Сәйбек кілт тоқтай қалып, шегарадағы сақшыдай қатал үн қатты:

- Бұл кім?
- Мен ғой, ата.
- Менің кім?
- Мен, Қожамын.
- Мұнда неғып отырсың?
- Педсоветке келдім.
- Онда сенің не шаруаң бар?
- Мен жөнінде мәселе қарап жатыр.
- Мәселе? Қандай мәселе? Сені мұғалім етеміз дей ме?
- Директор етеміз дейді.

– Онда тіптен жақсы. Жалақың көп болады, – Сәйбек менің қасыма келіп отырды. – Әй, Қожа. Сенің әкең марқұм азамат еді ғой. Оған тартсаң, директор түгіл, одан үлкені боласың. Бірақ оған тартпағансың.

Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Менің мойнымда оның тиын емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. Қалай дейсің ғой. Міне былай, алғаш колхоздасқан жылдың күзінде мен, оның келіскен бір жорға күрең аты бар еді, ол кезде жұрттың көбі қара жаяу, соны диірменге мініп барып, сазға батырып, өлтіріп қойдым. Суып, қаңсып тұрған атты суармай отқа қоям деп, өзімнен болды. Аяғы шідерлеулі еді. Су ішем деп барып, оппаға түсіп кетіпті. Ертесінде қарасам, суға сүңгіген үйректей арт жағы ғана көрініп, тоңқайып жатыр. Он шақты жігіт жабылып, арқан сап әрең суырып алдық. Міне, басқа біреу болса, соны қыңқ еткізбестен төлетіп алар еді ғой. Ал Қадыр марқұмның кеңпейілдігі соншалық, сіз қас қып өлтірген жоқсыз ғой, ажалы солай тура келген шығар деп, үнсіз қоя салды. Міне, әкең осындай парасатты, ақылды жігіт еді. – Сәйбек осыны айтты да, сәл ойланып барып: – Ал, сен... сен ғана емес-ау, қазіргі осы оқып жүрген балалар, көбің ақымақсың, – деді. – Неге дейсің ғой. Ақымақ емей немене, тәртіпті жүр, оқуыңды жақсы оқы, адам бол десе, сендер соның бәрін керісінше істейсіңдер.



Сәйбек қарт Қожаға әкесі туралы не деді?

Осы кезде іштен Оспанов шығып:

- Қадыров, қайдасың? – деп дауыстады.
- Бар, әне шақырып жатыр. Әй, сотанағым...



Директор кабинетіне осы мектепте бір оқушы ең көп бас сұқса, сол мен болармын деймін.

– Берірек кел, – деді ол қолындағы автоқаламымен бөлменің ортасын нұсқап. Алдымда қақпан құрулы тұрғандай, жыбырлап бір-екі аттадым. Екі жақ қабырғада тізіліп отырған мұғалімдердің барлық көзі жан-жағымнан найзадай түйреп, қадалып барады. Әсіресе, оң жақта, директорға таман отырған Майқанованың сұсы қатал да сұрапыл көрініп кетті.

– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе? – деді Ахметов.

– Білемін, – дедім.

– Не үшін шақырып отырмыз?

– Тәртіпсіздігім үшін шақырып отырсыздар.

Екі-үш жерден мырс етіп күлген үндер естілді.

– Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Бұдан былай оқығың келмей ме? – деп сұрады Ахметов.

– Жоқ, оқығым келеді.

– Ендеше неге қоймайсың тәртіпсіздікті?!

Ахметов «неге» деген сөзді бар дауысымен шегелей айтып, үстелді үлкен ауыр алақанымен сарт ұрып, ұшып түрегелгенде, мен ғана емес, бүкіл отырғандар түгел селк ете қалды.

– Қоямын енді... кешіріңіздер...

– Бұл нешінші... Жүзінші рет уәде беруің бе? – деп кейіп кетті Майқанова.

Бұдан былай ешқашан да тәртіп бұзбаймын.

Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымның қай-қайсының да себебі бар еді. Қазды атқан мен емеспін, Сұлтан. Ал бақаны мен сумқаға Майқанова талып жығылып қалсын деп, оның соншалық шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Тіпті бұның ақыры не болады деп, ойлап та жатпадым, салғым келді – салдым. Осындай бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып, соңынан бармағыңды тістейсің.

Терезенің тұсында мектептің бағы бар. Осыдан бес-алты жыл бұрын өз қолымызбен отырғызылған қайың-теректер бұл күнде қолдың саласындай тізіліп, асқақтап тұр. Шарбақтың көп кетігінің бірінен зып беріп осы баққа кірдім де, бір теректің басына маймылша өрмелеп, шығып алдым. О, бұл арадан мұғалімдер үйінде не болып жатқаны сайрап көрінеді.

...Ахметов сөзін бітіріп отырды. Мамам түрегелді. Балажан, байғұс анам, мен үшін отқа да, суға да түседі шырылдап.

...Мен мамамды ғажап аяймын. Ойпыр-ай, неге мұндай тынымсыз, сотанақ болып тудым! Темір секілді жер қозғалса да қозғалмайтын, маңқиып жайына жүретін момын болып неге тумадым?

...Педсовет аяқталды, жұрт тарай бастады. Мен ағаштан тезірек түсіп кетпекші болып едім, бір бәтеңкем екі бұтақтың ара-



сына кептеліл қалып, шыға қойсыншы. Жұлқи тартып қалғанымда, мәссаған, табаны дыр етіп, қақырап түсті...

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрған теректің тура түбінен өтіп бара жатыр.

– Қадыров түбінде адам болатын бала, – дейді Майқанова.

– Оты бар, – деп, қостады Ахметов. Екеуі былай ұзай беріп, мен жөнінде тағы бірдеңелерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Өлгі естігенімнің өзі қолқа-жүрегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дұшпаным санап жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала» деп, директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ...

ҚҰПИЯ КЕҢЕС

Кешкі астан кейін төрүйге кіріп, үстел шамды жақтым да, сырттан ештеңе көрінбестей етіп, терезе перделерін түсірдім. Бұрышта кісі бойы үлкен айна тұр. Үстелімді соның дәл алдына тақап қойдым да, дүниені шулатып, сойқандап жүрген қылмыскер Қожамен бетпе-бет келіп отырдым.

– Қадыров Қожаның жеке бас құпия кеңесі ашық деп жариялаймын. Күн тәртібінде бір-ақ мәселе – тәртіпті, үлгілі оқушы болу үшін мен бұдан былай не істеуім керек?



Қожа не үшін құпия кеңес өткізуге бел буды?
Сендер не істер едіңдер?

Күн тәртібін протоколға мәнерлеп жаздым да, қылмыскердің жүзіне қарадым.

...Құпия кеңес бір сағаттай уақытқа созылды. Ақыры төмендегідей тұжырымға кеп, бірауыздан қаулы қабылданды.

Қаулы. Қадыров Қожаның жекебас тәртібіне байланысты мәселені талқылай келіп, құпия кеңес мынадай қаулы алады:

Ескерту! Егер тиісуші мен болмай, басқа болса, оған: «Аулақ жүр, жақсылық көрмейсің» деген тәрізді ескертпелер жасауым керек. Онда да тыңдамай баса-көктеп келе жатса, мұндай жағдайда, қажет деп тапсам, қол да жұмсау арқылы қорғануға еріктімін деп санаймын.

ә) Осыдан былай ешқандай тәртіпсіз, тұрпайы сөзді аузыма алмаймын. Үлкенді аға, кішіні іні деп тұрам.

Екінші. Өрбір тәртіпсіздік қылығым үшін дер кезінде аяусыз жазаланып тұруым тиіс. Жазаның түрі төмендегіше болады:



Протокол – хаттама, жиналыстың барысы туралы құжат.





а) Егер біреуге өзім тиісіп, шатақтассам, ол күні бір мезгіл ас ішпеймін.

ә) Біреуді жазықсыз тілдейтін болсам, кезекті демалысымда ешқайда қия басып шықпаймын, үйде отырам... Өзімді үйге қаймаймын деген сөз.

б) Сабақ үстінде тыныш отырмағандықтан, мұғалімнен ескерту еститін болсам, ол жолғы үзілісте тысқа шықпай, орнымда отырамын.

в) Егер біреу-міреудің лақ-қозысы, тауық, қазы, иті біздің үйдің маңына жолап кетсе, аямай таспен ұрып қуалайтын жыным бар. Алмастың қызыл қоразын сөйтіп өлтіріп қойдым. Бұным да жармайды, жай айдап жіберуіме де болушы еді ғой. Ендігәрі бұндай қылықтарым қайталанса, жоғарғы тауық базаға демалмастан екі рет жүгіріп барып келем.

Үшінші. Сұлтанмен жолдастық қарым-қатынасым бұдан былай үзіледі. Ол екеуіміздің сертіміз бүгіннен бастап күшін жояды. О дүниедегі қызыл ошақ жайына келетін болсақ, ... мені тозақ оты сескендіре алмайды.

Төртінші. Сабақты жақсы оқу – үлгілі оқушының бірінші белгісі. Мен осы тоқсанның ішінде қалай еткенде де озат оқушылардың қатарына қосылуым керек. Ол үшін:

а) Сабақтан бір сағат та себепсіз қалмаймын.

ә) Үйге берілген тапсырманы мезгілінде орындап отырам.

Бесінші. Жоғарыда қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету үшін күн сайын ұйықтар алдында өзіме-өзім есеп беріп, жақсы-жаман қылықтарымды осы дәптерге тізіп жазып отырамын.

Осы айтылғандарды жүзеге асыру – мен үшін ұлы сын. «Бірінші. Тәртіпсіздік кісіні жексұрын көрсетіп бітеді екен. Оған көзім әбден жетті. Әрі бұл адамның келешегі үшін зиян... Сондықтан қалай еткенде де тәртіпті болуым керек. Ол үшін:

а) Бұдан былай ешкімге тиіспей жайыма жүремін. Досым болсын, қасым болсын, бейбіт қатар өмір сүруге тырысамын.

Егер осы сыннан өте алмайтын болсам, онда маған бұдан былай оқу оқып қажеті жоқ. Анам байғұсқа күйігімді тартқыза бермей адам болатын басқа бір жолды іздеп жоғалуым керек».

Қаулы бірауыздан қабылданды.

...Әжемнің әжімді маңдайынан шөп еткізіп, бір сүйдім де, жүгіріп тысқа шығып кеттім. Шіркін, бүгінгі кеш қандай әсем еді! Ай жарық. Аспанның түп-тұнық көк жібек шатыры бар жиһазын тағынып мөлдіреп тұр. Клуб жақтан гармонь үні, балалардың шуылдап ойнаған дауыстары естіледі. Бойымда керемет бір жігер оты лапылдап, солай қарай бет алдым. Ай нұрынан орнаған күміс көпір белдеулеп бет алдымда, ауылдың дәл іргесінде өзен жатыр жарқырап. Мөп-мөлдір мына ғажап дүние... «Ұш! Самға!» деп, қолтығымнан қанат бітіретін, арман нысанасына қарай алын



ўшатын тәрізді. Лаула! Лаула, жігер оты! Самға, қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да – ертеңгі болашағым.



ТАЛДАЙМИЗ, ТАЛҚЫЛАЙМИЗ

- А) Сәйбек қарттың әңгімесі Қожаға қалай әсер етті? Неліктен?
 Ә) Сәйбек пен Қожа арасындағы әзілді тауып, кезектесіп рөлге еніп оқыңдар.
 Б) Қожаны не үшін жиналысқа салды? Оқиғаның шиеленісу тұсы бар ма? Бар болса, қай жерде деп ойлайсыңдар? Мәтіннен тауып оқыңдар,
 В) «Түбінде адам болатын бала» деген пікірді айтқан кейіпкерге портрет жасаңдар.

МӘНЕРЛЕП ОҚЫҢДАР

Мәтіннен Қожаның тәртіпсіздіктен бас тартып, адам болуға бет бұрған қадамын көрсететін әрекетін тауып алыңдар.



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

«Қожаның қаулысын» талқылай отырып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

- А) «XXI ғасырдағы Қожа» – бүгінгі заманның баласы тәртіпсіз қылықтар жасаса, қандай әрекеттерге бой алдыруы мүмкін?
 Ә) Сыныптастарыңмен «Қожа – ақылды» және «Қожа – тентек» тақырыптарында екі топқа бөлініп, пікірталас ұйымдастырыңдар.
 Б) «Құпия кеңестегі» Қожаның монологінен үзіндіні жатқа айтып беріңдер. «Сенің адамгершілігің бар бала екендігіңе сенгенмін, Қожа!» деген тақырыпта шығармадағы тентек Қожаға хат жазыңдар.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Көркем бейне – әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған бейнесі. Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктеп алып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді.

Зәки Ахметов



ӨТКІР ХАШИМОВ «СОҒЫСТЫҢ СОҒЫ ҚҰРБАНЫ»



Бұл тақырыпта біз:

- әңгіменің идеясы және одан алған қорытындыларымызды талдау жасаймыз;
- көркем әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктерін үйренеміз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ



Өткір Хашимов (1941–2013) – өзбек халқының сүйікті жазушыларының бірі. Бірнеше хикаялар, қиссалар, романдардың авторы. Ол әсіресе, аналар туралы әдемі шығармалар жазған жазушы ретінде әйгілі.

Өткір Хашимов Ташкент қаласының Домбырабад махалласында қарапайым қызметші отбасында дүниеге келген. Жазушы өз анасы туралы мынадай деп еске алады: «Әкемнен қатты қорқатын едік. Әкем бір рет те ұрған емес. Әкемді қатты құрмет етуді анам үйреткен. Ал анам өте мейірімді, көшеде бірер бала жылап отырған болса, әлбетте, жанына барып

басынан сипалайтын, бірер себеппен біз – балаларды қарғаса, өзі де жылап жіберетін, сол кезде-ақ көңілімізді аударуға әрекет жасайды. Ол өте періштелі, адал әйел болғаны үшін махаллада оны жас-кәрі бірдей құрмет етеді. Адамдар арасында бұл тамаша адам «Пошша ойи» деген атпен әйгілі болған еді».

Жазушы қарапайым мектептердің бірінде оқыған. Балалығы екінші дүние жүзі соғысынан кейінгі ашаршылық, мемлекеттегі ауыр жағдайға тура келгендіктен оқуымен бірге үй жұмыстарында ата-анасына көмектескен. Өткір Хашимов мектепте оқып жүрген кездерінде әдебиетке мейір қойған және онда жазушы болуға құлшыныс ояңған. Тынымсыз оқып ізденуі, кітапқа болған мейір-шапағатынан Өткір Хашимов өзбек әдебиеті тарихында өзінің қайталанбас шығармаларымен өшпес із қалдырып кетті.

ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Соғыстың соңғы құрбаны шығармасы туралы автор былай жазады: «Бұл қисса үлкен-кіші әңгімелерден тұрады. Бірақ олардың баршасында ең ғазиз адам – анам бейнесі бар. Мұндағы адамдардың баршасын өз көзіммен көргенмін. Тек кейбіреу-





лердің есімі өзгерді. Бұл адамдардың тағдыры да кейбір тұрғыдан анама байланысқан».

Жұлдыздар толы аспанға қадаламын. Бәлкім, аспандағы ең жарық жұлдыздар аналардың жаны болса керек. Бәлкім, аналардың сөнген жұлдыздары бірігіп нұрға айналған болу керек. Бәлкім, нұрды ана деп айтулары да осыдан шығар.

Өткір Хашимов

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ ҚҰРБАНЫ

Сандал ағашының түбінде отырған Шоикрамның көңіл-күйі жоқ, қабағы түсінікті. Көктем туғалы қашан, күн ысып кеткен, ал сандал ағашы әлі тазаланбаған. Ол ешкімнің ойына да келмейді. Ескі бөз көрпеге жайылған, үсті тамақ қалдықтарынан сатал-сатал болған дастарқан, көжеден жаңа ғана босаған қыш табақ, сабы жартылай күйіп қалған ағаш қасық – бәрі оның көзіне сұрықсыз, қораш көрініп кетті. Күрсінді де, шарасыздықтан қолын бір сілтеп, тақиясын сандалдың бұтағына іле салып, жантая кетті.

Кеш түсіп қалған уақыт, айнала жымжырт. Тек анда-санда иттің үргені естіледі.

Ұзын шегеге ілініп тұрған электр лампасы айналаға әлсіз жарығын түсіріп тұр. Жарыққа шыбын-шіркей үймелеуде. Бақтағы арықтарда су жылтырап ағып жатыр. Жидектердің арасынан қызара бастаған құлпынай көрінеді. Қазір нағыз бойына шырын жинайтын сәті, пісіп те қалды. Ерте піскен құлпынай...

Жаңғақ ағашы самал желмен шайқалды. Шоикрамның назары тағы да қыш ыдыс пен күйген қасыққа түсті. Көңілі қайта бұзылып, бетін тыржитты.

«Осындай сараң болғанша, жердің тесігіне неге кіріп кетпейді!... – деп әйеліне жыны келді.

– Жаратылысынан қолы қатты еді мына қиын заманда мүлдем ақылынан адасты...

Үйден баланың жылаған дауысы шығып, тербетілген бесіктің сықыры естілді. Баланың жылауы одан сайын үдеп кетті. Оған қосылып, оянып кеткен болар, екіншісі де жылай бастады.

– Ана екеуінің үнін өшіресің бе сен, әлде жоқ па!.. – деді Шоикрам басын сәл көтеріп.

Әйелі бесікті ары қарай тербете берді.

– Бала емес, бәле ғой бұлар..., – деді жылағандарын қойдыра алмай.





Шоикрам мырс етіп күлді.

Шоикрамды майданға алмады.

Ол сияқты жоғары санаттағы электрші монтер маман комбинатқа керек болған көрінеді. Шоикрам соғыстың алдында ғана үйленген еді. Соғыс басталды да заман күрт өзгерді. Сонда да қиыншылыққа қарамастан әйелі үш қыз тауып берді. Байлық емес пе?! Шынымен де сұм соғыстың жалыны оның шаңырағын айналып өтті. Сондықтан өмірге, баланың мынадай жылауына оның ренжитін орны жоқ.

Есіктің ашылған даусы есітілді. Жарықтан көзін көлегейлеп, қараңғыға көз тікті.

Үйленіп, жеке отау болып бөлініп шыққан соң, екі үйдін арасы дуалмен бөлінді. «Өзіміз жеке болайық... Бауырына кедергі болмайық», – деп әйелі Хадишаның шығарғаны. Анасы бұны өзінше түсінді. Бөлінген екенсің, енді бәрі де бөлек болуы керек, дастарқанды да бөлек деп есептеп, бұларға тамақ ішуге де келмей, кіші ұлымен бірге ауланың екінші жартысында тұрып жатты.

Әбден тозығы жеткен шыт көйлектің сыртынан қамзол киген анасының қараңғыда аулаға кіргені байқалмады.

– Ұйықтап қалып па ең? – деді ұлына.

– Өзіңіз де естіп жатырсыз ғой... – деп дүңк етті. – Баланың шегі қататын болды... Жұмыстан иттей шаршап келесің, ал мұнда...

– Бала емес пе, бала болғаннан соң жылайды... Ал сен ұлым жата бер, демал..., – деді де үйге кіріп кетті.

Анасының үйге кіргені сол, балалардың жылағаны басыла қалды. Хадиша шәйнек пен кеселерді алып, қолына тағы да, жүгері ұнынан пісірілген зағара нан ұстап шықты.

– Шай суып қалыпты..., – деді ақталғандай болып. Зағара нанды екіге бөліп, енесін дастарқанға шақырды:

– Келіңіз, отырыңыз.

Анасы ұлының бас жағын ала жайғасты.

– Өзің де отыр, қарағым, – деді де келініне, қолын дастарқанға қарай созды.

Шоикрам анасының қолы ісіп, терілері жарылып, күстеніп кеткенін байқады. Бұрын қалай байқамаған?

– Жейтін ештеңең қалмады ма? – деді әйеліне сұраулы жүзбен. Хадишаның түрі өзгеріп кетті.

– Жоқ... ештеңе қалмады Хадишаның алдап отырғанын білді. Анасы тіпті нанды да жемей, дастарқандағы нан ұсақтарын жинап аузына салды.

– Ештеңенің қажеті жоқ, қарақтарым. Жай кіргенім ғой... Ұйқым қашып кетті. Жатып, жатып...

Қалған нан ұсақтарын тағы да аузына салып, өзімен-өзі сөйлескендей әңгімесін жалғастыра берді.





– Бейсенбиде тәуипке бардым. Егер науқас күнде қойдың сүтін ішсе, дертінен айығып кетеді дейді. Бір кеседен.

– Қойдың сүтін қазір қайдан табасың, – деді Хадиша күрсініп.

– Ол түгілі сиырдың сүті қат болып кетті... Біздің сиыр бұзаулайтын еді...

Шоикрам әйелінің сөзін ары қарай тыңдамады. Тула бойын ашу билеп кетті. Жұдырығын түйіп алды. «Қолыма түсер ме еді оңбағандар.... Бауырын ойлады. Кірмегелі де он шакты күн болып қалыпты. Азып кетіпті. Саудырап сүйегі қалған. «Көпке бармайды ол... – деп ішінен Шоикрам. – Көпке бармайды».

– Денсаулығы қалай? – деді анасына ақырын.

– Аллаға шүкір. Жаңа ғана ұйықтады.

– Ертең таңертең кіремін..., – деді Шоикрам ақталғандай болып. Анасы бәрін түсінді.

– Саған оның өкпесі жоқ. Неге ренжиді? Біледі ғой. Сенің жұмысқа ерте кетіп, кеш оралатыныңды...Қой, мен қайтайын...

Шоикрамның бір жағынан ұйқысы қашты, екінші жағынан ашу қысты.

– Өмірі құрысын бүйткен!.. – деді ашуын кімнен аларын білмей. Былжыраған сені қарғыс атсын! – Тұмсығыңның астынан алып кетті сиырды...

– Маған неге айғайлайсыз? – деді әйелі жыламсырап. Иә, енді соның жылағаны қалып еді.

Сіз болған жоқсыз. Мен үш кішкене баламен отырдым. Мен не істей алар едім?

Шоикрам ашу үстінде әйелін ұрып жібермейін деп, теріс айналды. Тісін қышырлатты, бірақ үндемеді. Суды шайқасаң тұнбасы көтеріледі дегендей, соңғы кезде ұрлық көбейді. Ерте көктемде бұлардың бұзаулайын деп тұрған сиырын ұрлап кетті. Шоикрам жұмыста, түнгі ауысымда еді. Түні бойы жаңбыр



жауған. Таңертең жүрегі бір нәрсені сезгендей жұмыстан келсе, үйдегілердің бәрі жылап отыр. Түнде қатты ұйықтап кеткен Хадиша ештеңе сезбеген, ертемен далаға шықса ауланын есігі ашық жатыр, жаңғақ ағашына байлаулы тұрған сиыр жоқ «Қазір сиыр бұзаулап ауырып жатқан бауырымның ауызы аққа тиер еді. Қолыма түсер ме еді? Ол оңбаған ұрылар» – деп Шоикрам жұдырығын түйді.

– Тағы да ұрлықтарын жалғастыруда екен олар, – деді әйелі, екі ай бұрын ұрылардың Илхам ұстаның әйелін өлтіріп кеткені туралы оқиғаны еске түсіріп. Жалғыз ешкісі болған екен, соны ұрлауға келгендерді байқап қалған байғұс әйел айқайлап ұрылардың қолындағы малының мойын жібіне жармасқан ғой. Оңбаған ұрылар пышақ салған.

– Илхам ұстаның үйіне ұрылар қайта түсіпті... Піспеген құлпынайларын көк бойында бірін қалдырмай сыпырып кетіпті. Бізге де келулері мүмкін... Өне құлпынай...

– Дүрліктірмей отыршы! Балалар болар. Ұрылар құлпынайға түсе қоймас!

– Неге түспейді, – деді әйелі жұлқынып. – Бір уыс құлпынайды бір кесе жүгері ұнына айырбастауға болады. Одан да барып тексеріп қайтыңыз... Дуалдың бір шеті құлап жатыр, содан өтіп жүрген болар.

Бос сөзді кайтесің... – деді Шоикрам күбірлеп. Бірақ, бойын бір белгісіз сезім билеп алды. Оның құлпынайына біреу қол созып жатқанын көз алдына келтіргені сол еді, бүкіл денесі дірілдеп кетті. Орнынан нық көтеріліп, басына тақиясын киді де, бауға қарай өтті.

«Бір уыс құлпынайды бір кесе жүгері ұнына айырбастауға болады...», – деп Шоикрам ойланып. – Хадиша дұрыс айтады негізі. Қазір құлпынай сирек, таптырмайды... Әрине, бұл өз балалары емес. Қыздарын Хадиша бау жаққа жақындатпайды... Бөтен балалар келе қоймас. Құлпынай – таңсық ас. Ол үшін қалаған затыңды алуға болады. Хадиша бір нәрсені біледі».

Былтыр осы құлпынайға бола Хадиша оның шешесін қатты ренжіткені есіне түсіп кетті. Анасы бір уыс құлпынай алған екен, «балаларға нан – пұл болсын деп екенбіз, нәрестелердің несі-бесіне тимеңіз», – деп айқай-шу шығарыпты.

Сонда да Шоикрам құлпынай туралы көп ойлағысы келмеді. Қолын бір сілтеп, жатқан орнына қайтып оралғысы келді. Ұйқы қысып барады. Ертең жұмыс, ерте тұру керек.

Бірақ, бір күш оны баққа қарай тартты да тұрды. Бұрын мұндай күйге түспеген еді. Сол күш оған жидектерді санап шығуға итермеледі. Бүгін де, ертең де арғы күні де.

Оның қолы жапырақтарға еріксіз бара береді. Өйткені Шоикрамның жидектердің бәрі орнында болғаны көзі жетуі керек. Дуалды шынымен де жөндеу қажет екен. Тағы да... Оған бір





жаман ой келді. Ол ойдан тіпті маңдайынан тер бұрқ етті. Шоикрам ағаштан ұстап тұрып қалды. Жоқ... Бірден шешім қабылдауға болмас. Ойлану керек. Бірақ Шоикрам емес, оның кеудесіне кіріп алған басқа біреу қораға қарай жүгірді. Онда екі орам сым шегеде ілініп тұр. Соғыстың алдында алып келген еді. Орамдар өте қажет болған. Жарқылдаған жарықсыз той өтетін бе еді? Шоикрам өзінің үйлену тойында ауласында мерекелік жарықтандыру жасаған.

«Көрсетемін сендерге, ұрлағанды!... – деді Шоикрам сеніммен. – Көрсетемін сендерге!...». Қолы жылдам қимылдап, жалаңаш сымды оқшауланған сымға бекітті. «Көрсетемін сендерге!...».

Ағаштардың бұтақтары арқылы сымды баққа тартып алып келді. «Көрсетемін сендерге!...»

Жалғыз электр лампасының күңгірт жарығы тек арықтағы суды ғана көрсетіп тұрды. Бірақ, қолы епті электрші-монтер Шоикрамға қараңғылық кедергі бола алмады. Жалаңаш сымды құлпынай арасына жымың білдірмей жатқызды. Өз жұмысының нәтижесіне қарап, маңдайының терін сұрткен сайын «Көрсетемін сендерге!...» деп қайталай берді.

Жидек қатарында жатқан сымды тағы бір тексерді де, үйге келіп Хадишаны оятты.

– Саған не болды? – деді әйелі ұйқылы-ояу көзін әрең ашып.

– Түнде бау жаққа барма. Балаларды да жіберме...

– Балалар ол жаққа бармайды ғой.

– Жіберме деймін..., – деді Шоикрам кайталап. Онда барса өледі.

Ұйқысы ашылып кеткен Хадиша күйеуіне бажайлап қарады да, шошып кетті:

– Сіз..., сіз...

Әйелінің не айтқысы келгеніне Шоикрам құлақ аспады.

– Аяғыңды баспа!... – деп тағы да ескертті де, бөлмеден шығып кетті.

Ұйқысы келмеді. Жалғыз электр лампасы ешқашан кедергі болмаушы еді, бүгін тіпті шақырайып кеткендей. Амалсыздан тұрып, жарықты өшіріп тастады. Әйелі түсінбей қалды ма дегендей ой келіп, орнынан қайта тұрды. Үйден ешкімнің шықпайтынына сенімді болу үшін. Сөйтті де ағаш тауып алып, есікті сыртынан тіреп қойды. Ал таңертең бойына шырын жинап жатқан құлпынай арасымен созылып жатқан сымдағы электр қуатын өшіріп тастайды. Дәл қазір Шоикрам балаларын да емес, әйелін де емес, інісі туралы ойлап жатты. Бауыры бала кезінен өте әлсіз, аурушаң болып өсті. Оны мектепке Шоикрам өзі апарып, сабағы біткенше күтіп отырып, алып қайтатын. Әкелері қайтыс болғанда, Шоикрам алтыншы, ал інісі екінші сыныпта оқитын. Денсаулығы



Суды шайқасаң тұнбасы көтеріледі





нашар інісін анасы екеуі жандары қалмай бағып-қағушы еді. Ал енді, қазір қарсы тұрған үйге барып көңілін сұрауға уақыт таппай жүргені.

Жаңғақ ағашының жапырақтарын сыбдырлайды, анда-санда мазасыз баланың жылағаны естіледі – кенет, қатты айғай...

Шоикрам бірден ояна алмады... Орнынан тұрмай, тыңдады. Дауыс түсіне кірді ме, әлде?.. Таң қылаңдап келеді екен. Жапырақтар арасынан бозғылт аспан көрінеді.

Тұруға қорықты. Сәкіден түсіп, бауға қарай баруға көңілі дауламай біраз тұрды. Құрып кеткір құлпынай. Шынымен де біреу тоққа түсіп қалмады ма екен?

Шоикрам біреуді үркітіп алмайын деген кісідей аяғының ұшымен ақырын баққа қарай жақындады. Түнде қызулықпен өзінің ақымақтық жасағанын түсінді. Қазір болса ондай шешім қабылдамас па еді? Мүмкін қабылдар ма еді? Бірнеше қадам жерде құлап жатқан адамды көрді. Шоикрам тағы бір жасады, одан келесі қадам...

– Анашы-ы-м!

Жан түршігерлік айқайдан үй шайқалып кетті. Шешесі оңып кеткен көйлегінің етегін түйіп бір қолымен ұстап алыпты, оның ішінде піскені бар, піспегені бар құлпынай көрінеді. Екінші қолымен жалаңаш сымды ұстапты. Анадая жерде аяғынан шешіліп қалған галошы жатыр. Дүние айналып жерге түсіп, есінен адасқандай күй кешті. Анасының өлі денесін құшақтап, басын жоғары ұстап, сілкілеп, бетінен сүйе берді...

– Анашым, тұрыңызшы... Көзіңізді ашыңызшы.

Сәл өзіне келіп басын көтергенде, жылап тұрған Хадиша мен қыздарын көрді. Шетте шоңқиып отырған інісін де байқады. Қаншама айдан бері орнынан тұрмаған бауыры, әбден азып сарғайып кеткен.

– Мен не бүлдірдім, інім-ау! деп Шоикрам лай-лай қолымен бетін басты. Қайтадан анасын құшақтап жылады. Көтергісі келіп еді, екі бүктеліп сіресіп қалған дене икемге келмеді.

– Сүт ішкенше у ішуім керек еді ғой, – деді інісі дауысы дірілдеп.

Бауырының мына дәрменсіз дауысынан Шоикрам шошып кетті.

– У ішуім керек еді, у! – деді тағы қайталап. – Тәуіптің айтқаны ғой... Құлпынайға сүт ауыстырып алуға болады деп.

Шоикрам одан кейін ештеңе естігісі келмеді. Құлағын тарс жауып алды.

* * *

Аналарын бесін намазынан соң жерледі. Зираттан қайтып келе жатқанда Шоикрам кісілердің өзара сөйлесіп бара жатқандарынан естіп қалды.



- Соғыс бітіпті дей ме?
- Жеңіс!



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1. «Соғыстың соңғы құрбаны» әңгімесінде қандай мәселе көтерілген?
2. Соғыс кезіндегі ауыл адамдарының тұрмысы қалай суреттелген?
3. Шоикрам неге ашуланды және не істеді, нәтижеде қандай оқиға болды?
4. Шоикрамның анасы мен әйелінің арасындағы қатынасқа баға бер.
5. Автор соғыстың зардабын қалай суреттеген?
6. Шоикрамның анасы құлпынайдан шипа тапты ма?



ТОПАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

Аналарды ренжіту мүмкін болған қандай күнәлар бар? Бұл күнәларды жасамау үшін қандай ұсыныстар бересің? Кестені толтыр.

Шоикрам	Хадиша	Анасы



ҚОСЫМША ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУ ҮШІН

Өткір Хашимовтың аналарға арналған тағы бір шығармасы – «Дүниенің істері» әңгімесін оқуды ұсынамыз.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Көркем шығарманы талдау негіздерін үйренеміз: көркем шығарманың өзіне тән ерекшеліктері

Көркем шығармалар (әңгімелер, қиссалар, ертегілер, өлеңдер және тағы басқалар) басқа түрдегі шығармалардан бірнеше ерекшеліктерімен ажыралып тұрады. Сондай ерекшеліктердің бірі – көркем мәтіндерде автордың бейнелеп жатқан адамдары, заттар немесе оқиғаларға қатынасы суреттеледі.



II БӨЛІМ. СӨЗДЕ СИҚЫР БАР



ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН



Бұл тақырыпта біз:

- халық ауыз әдебиеті үлгілерінен ертегі туралы мәліметке ие боламыз;
- «Аяз би» ертегісінде көтерілген идеяны талқылаймыз;
- қаһармандардың характері мен әлеуметтік жағдайын суреттейтін жерлерін табуды үйренеміз.

Ауыз әдебиеті – халықтың ғасырлар бойы ауызша шығарып, сақтап келген әдебиеті, рухани асыл қазынасы.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті өзінің көркемдік-идеялық нәрімен, эстетикалық қуат тегеурінімен, түрі мен жанрларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік құрамының алуан сипатымен, қоғамдық-әлеуметтік және тәрбиелік терең мән мазмұнымен ерекшеленеді.

Бұл рухани мұра бізге байырғы ата-бабаларымыздың наным-сенімдерінен, тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, жақсы мен жаман туралы түсініктерінен, асыл армандарынан, биік аңсарынан жан-жақты мағлұмат береді.

ЕРТЕГІЛЕР

Ертегілер – адам баласының жазу өнері болмаған кезде ауызша шығарған көркем әңгімесі. Оның қызметі кең әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық рөл атқарады. Сондықтан ертегі оқиганы барынша ғажайып етіп, көркемдеп, әсерлеп баяндайды. Шындықты шынайы суреттеуді емес, керісінше, әсірелеуді міндет тұтады.


Ертегілер қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, жануарлар жайындағы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Тұрмыс-салт ертегілері халықтың көне замандағы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салтын баяндаса, шыншыл ертегілері өткен ғасырдағы қоғамның, халықтың өмірін, тұрмысын шындық тұрғыда суреттеген. Шыншыл ертегілерде басқа ертегілердегідей қиялдан,





ойдан туған ғажайып кейіпкерлер (жеті басты дәу, мыстан, тау-соғар, саққұлақ т.б.) болмайды.

Шыншыл ертегілердің басты кейіпкерлері – қарапайым адамдар. Мұндай ертегілерде кейбір атқамінерлердің жағымсыз іс-әрекеттері әшкереленеді. Оларды халық өкілі – қарапайым адам жеңіп отырады.



ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ



Ойлап көріңдерші «жаман» сөзінің мағынасы неде? Ханның жарлығы бойынша дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын ертегіде қалай талқылағанын түсініп оқыңдар. Өз пікірлеріңді де ортаға салыңдар.


АЯЗ БИ



Аяз би – халық арманынан туған кейіпкер. Шешен, қара қылды қақ жарған би, абыз. Кейбір деректерде Аяз би Майқы бидің кеңесшісі, XII–XIII ғасырларда өмір сүрген, тарихта болған адам деп те айтылады.

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Оның ақылы, тапқырлығы өзінің заманындағы көп хандардан артық екен. Ханның қырық уәзірі бар екен. Бір күні хан уәзірлерімен мәжілісте болып отырып:

– Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып тұрған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жа-





манын тауып әкеліңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып әкелмесендер, жазалы боласыңдар, – депті.

Хан бұйырған соң амал жоқ, уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып:

«Өзі – тікен, арасынан жүрсе киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой», – деп шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, ұсқынсыз бір адам бес–он қойды бағып жүр екен. Уәзірлер таңырқап: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», – деп тұрғанда, әлгі адам:

– Уа, мырзалар, неге таңырқайсыңдар? – депті. Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, енді адамның жаманын таба алмай, ол адамның ұсқынын көріп таңданып, «Адам жаманы осы болар», – деп таңырқап тұрғандарын айтыпты.

Жаман тұрып:

– Болды, адамның жаманы керек болса, мен боламын. Ханға мені алып барсаңыз, сіздердің жұмысыңыз бітеді, – дейді.

Уәзірлер:

– Олай болса, жарайды, – деп Жаманды аттың артына мінгестіріп алып, Ханға жөнеледі. Ханға келе жатып, Жаман:

– Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің, құстың жаманын таба алмаған екенсіздер. Шөптің жаманы – қара қоға,



құстың жаманы сауысқан еді, – деп уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына қара қоға мен сауысқанды алдырады. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді ол:

– Хан алдында айтам, – деп сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамның ұсқынына қарап:

– Әкелген адамың жарайды. мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар. Қазір аспазшыға апарыңдар, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып тамаша етеміз, – деп Жаманды ас үйге жіберді.

– Бірақ, құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел еді. Осыны көре, бұларды әкелулеріңнің не мәні бар еді? – деп хан уәзірлеріне қатулана бастады.

Сонда уәзірлер:

– Тақсыр, айтқаныңыз дұрыс. Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі Жаман: «шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы – сауысқан», деп, бізге оларды тастатып, қара қоға мен сауысқанды алдырды, – деп жауап берді.

Хан аз кідіріп:

– Е, Жаманның не білгені бар екен?! шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білді? Алып кел, сұралық! – деп бұйрық етті. Жаманды Ханға алып келді.


Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы – шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? – деді.

– Тақсыр хан, елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірімде отын су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шеңгелді әкеліп, отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта: «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау», – деп ойлаған едім. Ал енді қара қоғаны алып отқа жақсам, отқа жанбайтын еді, үрсем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, мал жаманы сиыр екеш, сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң қара қоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой деп ойлаушы едім. Қара қоғаның жамандығын содан білдім, – деді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Қырғауылдың жүні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс еді. Біреудің сиықсыз болуы – Тәңірдің ісі. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп





ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

– Хош, сауысқан мен қара қоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? – деді Хан.

– Уа, тақсыр! менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді, келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп Жаман ханға қарады.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

«Аяз би» ертегісінде айтылатын құстар мен өсімдік түрлеріне қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, түсінік беріңдер.

1-топ. Қырғауыл 2-топ. Сауысқан 3-топ. Шеңгел 4-топ. Қарақоға

Жақсы. Неге?				
Жаман. Себебі...				

Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, сен жаман болсаң жарар еді... Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңа дәлел айттың, жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – деді.

– Жақсы, сынап берейін.

Тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатына мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, – деп ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

– Тақсыр! Тұлпарыңыздан басқа мін таба алмадым.

Тұлпарыңыз тек сиырға шатыс екен, – деді.

Хан таңданып:

– Апыр-ай, залым, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір буаз биесін қалап алдырған едім. Бие күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе, құлын қалсын», – деп биенің ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді. Әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатысы бар екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тұлпардың одан басқа мінін таба алмадым. Бірақ тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиырды күніне қырық суарсам да, судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін содан білдім, – деді.



Отырған жұрт таң калып, бір-біріне қарасты. Хан біраз ойла-нып отырып:

– Енді менің бір гауһар тасым бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, – деп қазынасындағы тасты алдырып берді.

Жаман тасты қолына алып салмақтап, шайқап қарап отырды да:

– Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен, бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тасыңыз көзіккен екен. «Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар» деген. Тастың ішінде көз тиіп түскен екі қара бас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады. Тесіп шыққан соң тасыңыз пайдаға аспайды», – деді.

Бірсыпыра жұрт не дерін білмей: «Бәрібір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық», – десті. Бірсыпырасы: «Жаманның сөзіне бола тастан айрылмалық», – десті. Ақырында, тасты жармақшы болды. Тасты жарып қараса, ішін екі ақ қара бас құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

– Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? – деді Хан.

– Тастың өз қасиетіндей салмағы болуы керек. Тас жеңіл-деген екен. Құрт бар екенін содан білдім, – деп Жаман жауап берді.

– Апырым-ай, сен жаман болмадың ғой, Тіпті бір данышпан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы? Мен неше атамнан бері хан екенмін? – деді хан. Жаман:

– Жақсы, – деп таққа отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

– Жоқ, тақсыр, сіздің басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ екен, хандық қара басыңда екен. Қарадан туып хан болғансың, атаңда хандық жоқ екен! – деді. Жаманның сөзін бітірмей, хан оның сөзін бөліп:

– Жоқ, қате айтасың, мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің? – деп Жаманға жекірді. Жаман саспады.

– Жоқ, тақсыр, сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ сіз, нағыз наубайдың баласысыз, – деді.

Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

– Апырым-ау, мына Жаман не дейді? Халқым, мен Хан баласымын деп жүр едім, шақырыңдар анамды! – деді. – Ақыретке біреудің қанын жүктеп барып, Тәңірі алдында қара бет болмасын, не де болса шынын айтсын. Әйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесермін, – деді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтты, шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

– Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын. Бір сыр бар еді, оны Тәңірдің өзі ғана білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын:





– Атаң сенің Зэрлі хан еді. Менен бұрын 19 әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің ішін жарып өлтірген екен: Соның үшін де «Зэрлі хан» деп, халық ат қойып еді. Жиырманшы әйелге мені алды. Мен де екі қабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуіптерге қаралып едім: «Сенің ішіндегі қыз», – деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой» – деп көп қайғы жедім. Сол күндерде бас аспазшы-наубайдың әйелі де екі қабат екен. Оның да тамырын ұстатып қаратып едім: «Мұның ішіндегі ұл», – деді. Жалғыз жаным үшін маған сол жерде ой келді. Әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айттым, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақыреттік дос болайық, ұл тапсаң, ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» – деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зэрлі хан аңда еді, екеуіміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта босандық. Сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен сені алған едім, шырағым!.. Енді бұл күнде мына Жаманың соны біліпті. Сыр ашылуға Тәңірі жазса, не шарам бар? – деп сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жіберді.

– Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, – деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

Жаман:

– Жоқ, тақсыр, кешегі күні, «Жаман кісі керек», – дегенде ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды.

Хан таққа отырып:

– Апырмай-ай, тақсыр, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді.

Сонда Жаман: Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан көже түсіп, келісіммен аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым, – деді.

Жиылған жұрт таң қалды.

Сол күйінше хан тағы да хандық құрды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Содан былай қарай уәзір елеусіз боп шетте қалды...



Ойлап көріңдерші «жаман» сөзінің мағынасы неде? Ханның жарлығы бойынша дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын ертегіде қалай талқылағанын түсініп оқыңдар. Өз пікірлеріңді де ортаға салыңдар.



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Ертегідегі тұспал, жұмбақ, ишара сөздерге назар аударып, идеясын түсіндіріңдер.

2-тапсырма. «Аяз би» ертегісінің сюжетін топта талдап, оқиғаның шиеленісуі мен аяқталуы туралы пікір білдіріңдер. Ханның бейнесіне сипаттама жасаңдар.

3-тапсырма. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақалды негіз етіп, уәзірлердің қылығын өз көзқарастарың бойынша талдап, сыни хабарлама жазыңдар.

ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

Берілген үзіндіні мәнерлеп жатқа оқып, диалог түрінде айтып беріңдер.

«Жаман: – Жоқ, тақсыр, кешегі күні «Жаман кісі керек», – дегенде, ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды.

Хан таққа отырып:

Сонда Жаман:

– Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, келісімен аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым, – деді.



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

1-тапсырма. Шығармадағы көріктеу-айшықтау (көркемдегіш) құралдарын, мақал-мәтелдерді, ауыспалы сөздерді тауып, дәптерге жазыңдар.

Ауыспалы сөздер	Мақал-мәтелдер	Теңеулер	Эпитеттер	Метафора

2-тапсырма. Жаман мен Мадан ханға мінездеме беріңдер. Екі кейіпкердің ерекшелігін нақты мысалдармен дәлелдендер.

Кейіпкер	Мінезі	Ертегіден үзінді
Жаман		
Жақсы		



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Кейіптеу – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл. Абай «Қыс» атты өлеңінде жылдың осы мезгілін мейірімсіз, түсі суық, қатал кәрі құданың кейпінде бейнелейді. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. Дем алысы – үскірік, аяз бен қар Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды.

Градация (біртіндеп көтеру), яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу. Поэзияда, прозада да қолданылады. Мысалы, «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысы. Градация қолдану сипатына қарай екіге бөлінеді. Бірі – түйдектету: «Қиқу салып құзға ұшқан, Құздан суық мұзға ұшқан, Мұздан биік бұлтқа ұшқан» (Т.Жароков); екіншісі – баяулату: «Әм жабықтым, әм жалықтым» (Абай). Кейде екеуі қосарланып қолданылады: «Безілдет. Сарнат. Зарлат! Үздік тірші! Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт. Қысқарт» (І. Жансүгіров).

Арнау – әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге, қандай оқиғаға байланысты екенін көрсететін, көбінесе өлең түрінде келетін автордың сөзі. Егер шығарманың авторы белгісіз болса, оның мазмұнынан кімге арналғанын аңғаруға болады.





АЛЫП ЕР ТҰҢҒА (Б.З.Б. VII Ғ.)



Бұл тақырыпта біз:

- «Алып Ер Тұңға» жырының негізгі идеясын талқылаймыз;
- қаһармандардың характері мен әлеуметтік жағдайын суреттейтін жерлерін табуды үйренеміз.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Әдебиеттің кезеңдері деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Түркілік дәуір әдебиеті қай уақыт аралығын қамтиды?
3. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге қандай ғалымдар үлес қосты?



ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Тұран әскері қолбасшысының атына қосылып айтылатын «алып» сөзі сол заманда «күшті», «батыр», «қаһарман», «ер-жүрек» деген мағынаны білдірген. «Алып» – сақтар мен ғұндар заманынан бері ел қорғаған батырлардың, қолбасшы ерлердің мәртебелі есімі. Алып Ер Тұңға – Иранның ұлы ақыны Фирдаусидің «Шаһнама» кітабына кейіпкер болған. Онда Афрасиаб, яғни Алып Ер Тұңға Тұран патшасы болып суреттеледі. «Тұран» – Тұр елі – түркілер елі деген сөз. Иран патшалары мен Афрасиабтың соғысы Сейхун (Сырдария) – Жейхун (Әмудария) шегарасында өткен.

Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған мифтерді, жай-күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын сәулетті сыр бар.

Әлкей Марғұлан

Бұл б.з.б. VII–VI ғасырда болған оқиға. Бұл дерек бізге қайдан келді дегенде, ирандықтардың «Авеста» деген кітабы бар. Ирандықтар күнге табынған. Ол кезде түркілер көк тәңіріге табынған. Жырда Иран мен Тұран арасындағы соғыс кезіндегі оқиға суреттеледі...

Мекемтас Мырзахметов



Алып Ер Тұңға – тарихи адам. Ақыл-айласымен, күшімен, айтса сөзін өткізіп, тірессе жеңіп, елді ел қылған батыр. Ол қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау ауыздан-ауызға тарап, одан XI ғасырда түркі ғалымы Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік тілдерінің сөздігі») еңбегі арқылы біздің дәуірімізге жеткен.

Афрасиабтың аңыздағы бейнесі Қорқытқа ұқсас. Ол өмірінің ақырында адам бойынан мың есе ұзын, есік-тесігі түгел бекітілген қорған салып алып, тығылып жатыпты. Алтын мен күмістен бірі – Ай, бірі – Күн, екі шам орнатыпты. Қорғанның іші асыл тастардың жарқылынан күндізгідей жарық болып тұрады екен. Бірақ ажалдан құтыла алмапты. Ажал адам кейпіне еніп келіп, жанын алыпты. Афрасиаб сияқты, Қорқыт ата да ажалдан қашқан. Өздері өлсе де, жасаған жақсы ісі, даналық сөздері қалды. Өлмеудің жолы сол екен.

Алма Қыраубаева



«Алып Ер Тұңға» жырының негізгі идеясы – Тұран елін сыртқы жаудан қорғау, түркі жұртын ішкі ынтымақ-бірлікке үндеу, туған жердің абырой-даңқын арттыру.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1. Жырдағы көк түріктердің адамды ақтық сапарға шығарып салған кездегі жағдайын білдіретін сөздерді дәптерге теріп жазыңдар.
2. Көнеден жеткен ұлттық дәстүрлеріміздің ерекшеліктеріне баға беріп, «Салт-дәстүрін құрметтемегенді ешкім құрметтемейді» тақырыбында сыни хабарлама жазыңдар.

АЛЫП ЕР ТҰҢҒАНЫ ЖОҚТАУ

Шеңгелін ажал салды ма,
Ер Тұңғаны алды ма,
Сұм дүние артта қалды ма...
Қайғылы жүрек жыртылды-ау.

Сұм ажал бүгін жылатты,
Құрығын салып құлатты,
Бектердің бегін сұлатты.
Қыршын да ғұмыр қырқылды-ау.





Өмірдің күні зырлайды,
Адамның күшін ұрлайды,
Ғұмыр да мәңгі тұрмайды,
Құтылмас ешкім ажалдан.

Тәңірім торын құрғанда,
Тұтылмай адам тұрған ба,
Кертілер алып шыңдар да,
Тағдырдың оғы қадалған.

Ажалмен тәңірім сынаған,
Тұра алар қарсы кім оған,
Құздар да одан құлаған,
Құтылып ешкім кетпедің.

Аш арландай аларып,
Қадалғаннан қан алып,
Нұрлы жүздер қабарып,
Тұр қайғыға қамалып
Жауға шабар бектерім.

Ерлікті қаза сынады,
Бектерім жасын бұлады,
Бөрідей ұлып жылады,
Жоқтады жыртып жағасын.

Көңілімді қайғы жандырды,
Жазылмас жара қалдырды,
Кешегі күнге зар қылды,
Кеткенді қайдан табасың?





Жалғанның туып заманы,
Жауыздар қаптап барады,
Ашылды сұмның араны,
Сиреді қайран бектерім.

Біліктілер қалмады,
Заман оны алмады,
Сүрінді бектің тарланы,
Салды жанға жараны.

Ажал жұтып ағаны,
Жауыз жайлап барады,
Жақсының өшіп жанары,
Дүние азып барады.

Аударған Фариза Оңғарсынова



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. «Алып Ер Тұңға» жырында не баяндалады?
2. Тұран әскері қолбасшысының атына қосылып айтылатын «алып» сөзі қандай мағынаны білдірген?
3. Алып Ер Тұңғаға мінездеме беріңдер.
4. Берілген мәліметті негізге ала отырып, бүгінгі күні онда кімдер тұратынын картадан көрсетіңдер.
«Тұран» – Тұр елі – түркілер елі деген сөз. Иран патшалары мен Афрасиабтың соғысы Сейхұн (Сырдария) – Жейхун (Әмудария) шекарасында болған.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. «Алып Ер Тұңғаны жоқтауды» мәнерлеп, үзіндісін жатқа оқыңдар.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Жыр шумақтарының идеясы неде?
Көңілімді қайғы жандырды,
Жазылмас жара қалдырды,
Кешегі күнге зар қылды,
Кеткенді қайдан табасың?

Жоқтау жыры қазақ әдебиетінде қандай шығармаларда кездеседі?



ШЫҒАРМАҒА ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындандар.
Шумақта қандай көркемдік тәсілдер бар?

Шеңгелін ажал салды ма,
Ер Тұңғаны алды ма,



Сұм дүние артта қалды ма...
Қайғылы жүрек жыртылды-а.

Алып Ер Тұңғаға портреттік мінездеме беріңдер.

2-тапсырма. Шығармадан көріктеу-айшықтау құралдарын тауып, дәптерге жазыңдар. Өлең құрылысына талдау жасаңдар.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Сұм дүние, қайғылы жүрек, қыршын ғұмыр, тәңірдің торы, аш арлан сөздерін пайдаланып, Алып Ер Тұңғаның дүниеден өтуі туралы әдеби эссе жазыңдар.



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

«Алып Ер Тұңға» жырының тарихи және көркемдік құндылығы неде? Дәлелдеп, кестені дәптерге толтырыңдар.

«Алып Ер Тұңға» жыры	
Тарихи құндылығы	Көркемдік құндылығы

– Қазақ әдебиетінің тарихы – қазақ халқының ежелгі замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін жасап келе жатқан көркем әдеби туындыларын қамтиды.

– Қазір әдебиет тарихы зерттеліп отыр. Ежелгі дәуір әдебиеті, түркілік дәуір әдебиеті деген ұғымды белгілі ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев қалыптастырды.

– Түркі әдебиеті төмендегідей дәуірлерге бөлінеді:

1. Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлар (сақ, ғұн, үйсін дәуірі: б.з.б. VII ғ. – б.з. IV ғ.).

2. Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет (V–VIII ғғ.).

3. Оғыз дәуіріндегі әдебиет (IX–X ғғ.).

4. Ислам дәуіріндегі әдебиет (X–XII ғғ.):

Сыр бойы әдебиеті;

Қарахан әдебиеті.

5. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII–XIV ғғ.).

– Б. Кенжебаев, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, Х. Сүйіншәлиев және т.б. ғалымдарымыз әдебиетіміздің кезеңдік ерекшеліктерін анықтап, ежелгі төл мұраларымызбен қайта қауыштырды. Бүгін біз «Алып Ер Тұңға» шығармасымен танысатын боламыз.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Жоқтау – дауыс қылу, дауыс шығару деп те аталады, қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылады. Қазаны естіген жанашыр туыстар ауылға «ой, бауырым» деп ат қойып шаба келіп, атынан жығыла түсіп, жақындары жоқтау айтып, қайғылы сарынмен көріседі. Мысалы, «Алып Ер Тұңға» дастанында:

*Ерлікті қаза сынады,
Бектерім жасын бұлады,
Бөрідей ұлып жылады,
Жоқтады жыртып жағасын.*

*Көңілімді қайғы жандырды,
Жазылмас жара қалдырды,
Кешегі күнге зар қылды,
Кеткенді қайдан табасың?,*

– делінген.

Жоқтау айтылып жатқан кезде, – деп жазады этнограф, тілші-ғалым Т. Арынов: «Айтушылардың барлығы жылап, көл-көсір көз жастарын төгу шарт емес. Тек өлген азаматтың жұбайы ерекше сарынмен, терең сезіммен айтқан кезде азаматқа арналған қайғылы сөздер мен ащы өкінішті көтере алмай талып қалатын әйелдер, қыздар болады. Осы бір ауыр сурет тыңдаушыларына қатты әсер етеді, әркімді ел үшін, өз халқы үшін қызмет етуге баулитын үлкен тәрбиелік мәні бар құбылыс болған». Жоқтау өлеңдерінің көнелік сипаты жайлы сөз еткенде ең алдымен тасқа басылған алғашқы үлгілер, көне түркі жазба ескерткіштеріне айырықша тоқталған жөн. Бұл жазулар жалпы түркі тектес халықтардың мол мұрасы, бастау бұлағы екені мәлім.



ӘЛІШЕР НАУАИ «МАХБУЛ УЛ-ҚУЛУБТАН»



Бұл тақырыпта біз:

– ақын жайлы не білеміз?

– топтастыру (кластер бойынша) ақынның шығармаларына талдау жасаймыз.

АҚЫНМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Өзбек халқының ұлы ақыны, данышпаны, мемлекет қайраткері Мір Әлішер Науаи Ғиёсиддин ұлы 1441 жылы 9 ақпанда Хорасанның Қырат қаласында дүниеге келген. Әкесі Ғиёсиддин теурилер сарайының шенді адамы, ал әжесі шаһ бүлдіршіндерінің тәрбиешісі болған. Ол жас кезінен өте зерек, зейінді болып өсті. 4-5 жасынан білім алды. Ал 10-12 жасында-ақ шағын-шағын ғазалдар мен лирикалық шығармалар жазып, халық арасында таныла түседі. Атақты ақын Ә.Науаи 1501 жылы 3 қаңтар күні дүниеден көз жұмды. Жылда 9 ақпанда – ақынның туған күніне арнап Ташкент қаласындағы Ұлттық бақта салтанатты кеш ұйымдастарылып, сондай-ақ ескерткіштеріне гүл қойып еске алады. Неге солай екенін ойлап көрдiңдер ме? Себебі Тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан 20 томдық жинақтарына кірген ғазалдары мен рубаилары, ғылыми тарихи шығармалары, естелік және жазбалары рухани дүниемізді байытатын, сана-сезімімізді дамытатын, еліміз тарихы мен оның ұлы ғұламалары жайында өте құнды мәліметтер беретін шығармалар. Әсіресе «Хамса» бес кітапты ішіне алған шығармасы өте құнды есептеледі.



*Әлішер Науаи кесенесі
(Қырат, Ауғанстан)*



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Өлішер Науаи өмірі жайлы не білдіңдер?
2. Неліктен жылда 9 ақпанда ғұлама ақынды еске аламыз?
3. Өлішер Науаи бабамыз есімі қай жерлерге берілген?
4. «Хамса» неше кітаптан тұрады?
5. Өлішер Науаи ескерткіші дүниенің қай қалаларында орнатылған?



Өлішер Науаидың өмірі мен шығармашылығына тиісті қайсы мәліметтерге таң қалдың? Не үшін? Адам осындай ұлы тұлға болуы үшін нелер істеуі керек деп ойлайсың?

«МАХБУЛ УЛ-ҚУЛУБТАН»



Өлішер Науаи шығармаларының қолжазбасы

Жақсылығым алдымнан шықсын десең, сәтін салған күні аузыңнан жырып, асыңды кісінің алдына қой.

Жаман түйенің киімін шештіріп, тапқаныңды кидіріп жібер. Дер кезінде сыйланған шапан немесе боз тон да – жомарттықтың белгісі. Ал сәтін таппай сыйлағаның сеңсең тон болса да, ол – жексұрындық.

Тамақты обал болмасын десең – жегіз, киімім ескіrmесін десең – киіндір.

Жомарттық жасаудың жолдарын осы айтылған сөздерден-ақ байқап алуға болады, ал бірақ адамгершілік пен мәрттіктің әдеттері бұдан өзгешелеу.

Наданға кез келген сөзді айтпаңыз, ол кісілерді шағыстыратын сөз тасығыш. Айтқан сөздері үйлесімсіз, қып-қызыл өтірік. Аузын қайыстай кергені, өзінше, бейне бір – насихат. Ал мұның сөзін қақпайлау – мәслихат.

Оның мақсаты – адамдардың айыбын бетіне шіркеу етіп басу. Ел сенімін аяқасты етіп ақтамаса, онда ол – өзінің кім екенін әшкерелегені.

*Ел айыбын ашпақ болып сөз ашқаның –
Өз айыбыңды да ашуға қадам басқаның.*

Ілім алып, сөзі мен ісі үйлеспейтіндер – жерді жыртып, дән шашпағандарға немесе дән шашып, өнімінен тоят алмағандарға ұқсайды.





Кім ілімін жүзеге бір асырмаса балалар, ол дән шашып, ешбір өнім алмағанмен барабар.

Бесаспап адамның алдында өнерсіздің қолы дірілдемейді, өйткені бар айыпты шеберге арта салады. Ителгіге дуадақтың күші жетпесе, сандырағымен-ақ оны ит рәсуа етеді.

*Әлсіз адам дұшпаннан жеңілсе,
Оның бетіне түкіреді, меніңше.*

Жамандарға ілтипат жасап, құрмет көрсету – жақсыларды жәбірлеуге жол беретін келеңсіз істің бірі. Мысықты бағып қақсаң, ол – көгершін үшін бақытсыздық. Шиебөрінің жолын болдыру, ол тауықты жұмыртқасынан жұрдай ету.

*Қасқырды зар етпесең де қой етінің түйіріне,
Бәрібір ол шаппай қоймас киіктердің үйіріне.*

Көңіл – жан дүниенің патшасы. Көңілдің амандығы – жан дүниенің де амандығы. Көңілге тиген жамандық – жан дүниеңе де тиген жамандық. Тәннің бұрысы мен дұрысы көңілдің бұрыс немесе дұрыс ниетіне байланысты.

Дүниенің жайқалуы мен шайқалуы патшаның әділетілігі мен қайырымдылығына байланысты. Патша – мүлік дүниесінің жаны, көңіл – жан дүниеңнің сұлтаны.

*Зарлағанмен кісіні, шын ғашық боп оңар ма?
Жалған таңның жарығы таң нұрындай болар ма?*

Жақсы бол немесе жаман бол: екеуі де боламын дегеннің өзі – жаман. Жаман мен жақсының арасындағы айырмашылық көп-ақ. Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетеді. Кіммен бірге болсаң, сен де солардайсың. Олардың жаман аты шықса, сен де жаман аттысың. Жақсы атты болса, сен де жақсы аттысың. Ендеше жақсылардың етегінен ұстағаның жақсырақ және әр қандай қауіп-қатерден де жырақ жүресің... Көптеген дарын иелері жақсылардан көз жазып қалды, өйткені, жамандардың кесір-кесапаты оларды жермен-жексен етті.


Жаманнан жақсылық күту – пайдасыз қиял ғана: қасқыр киікке, мысық кептерге мейір-шапағат жасауы мүмкін емес.

Тілге көңіл бөлмеу, елге көңіл бөлмеу.

Білмегенді сұрап білген – ғалым, арланып сұрамаған өзіне залым.

Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады. Сөз парқына бармай, әйтеуір ойына келгенді былшылдай беретіндер қара кештен таң атқанға дейін үретін итке ұқсайды.

Шайпауыз жан халық көңілін жараласа өз басына да опат келтіреді. Наданның былжырау үшін тамақ қырнауы – есектің орын-





сыз ақырғанымен тең. Тілі бал татитындар сөзін жай және қиыннан қиыстырып айтады. Көңілдің көкжиегінде көрінбек болған жүз қайғыңыз да оның бір ауыз сөзінен ыдырап кетеді.

Мүмкіншілігі бар әрбір жақсылық – сөзден. Қорқынышты хабарды шындық деп дереу дос құлағына «алтын сырға» етіп тақпа және біреудің айыбы көрініп тұрса да, бетіне оны салық етпе.

Жақсыға жамандар да, жақсылар да көз тігеді. Жақсы кісі жамандарға да жақсылық істеуді ұмытпайды. Жақсылық істей алмасаң, жамандық та істеме. Жақсылықты жамандықтан абзал сана, санамасаң, жаман деп те ұқпа. Жақсылықты білмесең, жақсыларға қосыл.

Қанағат – қажетсіздіктің негізі, ізет пен құрмет – оның жемісі. Қанағатшыл кедей – ең дәулетті жан: оның тақ пен жарлығы ісі түспейді.

Дәме – бейшаралық себепшісі: тілемсек бай – сорлы әрі тас төбесінен ұрғыр абыройсыз. Кімде-кім тілемсектікпен бір затты алуға ниеттенсе де, бірақ оны алмаса, онысы дәмеге есептелмейді.

Тілемсектіктің құр аттарын ұмыт та,

Қанағаттан қарын тояр ұмытпа.

Қанағатты адам – елден ерекше данышпан, қанағат – таусылмас қазына.

Пасықтан ар-ұят сұрама, залымнан опа сұрама.



ТАПСЫРМАЛАР

1. Ақын шығармаларын қайталаймыз.
2. «Жақсылық пен жамандықтың арасы бір елі» дегенді түсіндіріңдер, пікір жүргізіңдер.
3. Қанағат дегеніміз не? Ақын ол жайлы не дейді?
4. Ақын рубайларынан, ғазалдарынан жаттап алыңдар.





АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА»



Бұл тақырыпта біз:

– ақын жайлы не білеміз?

– топтастыру (кластер бойынша) – ақынның шығармаларына талдау жасаймыз.



Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбайұлы. Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ даласын – да біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы артына мол мұра қалдырды. Абай атамыздың әрбір сөзі, өлеңі үлгі-өнегеге, ақыл-насихатқа толы, ал қарасөздері – есті адамның шамшырағы.

«Абай жолы» романы – Абай Құнанбайұлының өмір сүрген кезеңі мен қазақ халқының салт-дәстүрін толық қамтыған тарихи шығарма. Авторы – заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Абай атамыздың әр сөзін оқи отырып, тамсанамыз, таңырқаймыз. Ақын дәл осы кезді жырлап отырған, жазып отырған секілді болып көрінеді. Заман шындығы, қоғам көрінісі, алауыздық пен татулық, өнер мен білімге құштарлық, адамзат баласына жол көрсете білу және т.б. көптеген мәселе – Абай Құнанбайұлы шығармаларының негізгі тақырыбы.



Абай – өз заманынан озық туған дара ақын. Абай тұсындағы әрбір сөз зергері, би-шешені, ақыны мен әншісі Абай бойына ақындықтың, шешендіктің дәнін егіп кетті. Абай солардан үлгі алды, үйренді, көбімен сөз жарыстырып жүріп жетілді.

Мұхтар Әуезов

ОЙЛАНАЙЫҚ...

Абай Құнанбайұлы кім? Әкесі, әжесі мен анасы туралы не білесіңдер?



АҚЫНМЕН ТАНЫСАМЫЗ



Абай Құнанбайұлы (1845–1904) бұрынғы Семей уезі Шыңғыс болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында) дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Ибраһим. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округіне аға сұлтан болған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы – шешен, ел ағасы.

Абайдың әжесі Зере аса ақылды, әңгімешіл, балаға мейірімді, ағайынға қамқор, кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді, ортасына сыйлы жан еді.

Анасы Ұлжан өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр адам болған.

Абай әуелде Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Абайды он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді.

Ол бос уақытында Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Науаи, Физули, Фирдауси шығармаларын оқиды.

Абай медреседе небәрі үш жыл жүріп, кейін өз бетімен «Приходская школаға» түсіп, үш айдай орысша да білім алады.



медресе – мұсылманша сабақ беретін мектеп.
молда – діни рәсімдерді меңгерген ұстаз.

Бірақ бұл оқу ұзаққа бармайды. Жасы он үшке келіп, ерте есейіп, ақыл-ойы тола бастаған шақта өткір, зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан елге алып кетеді. Құнанбай қажының басқаруымен Абай ел ішіндегі түрлі істерді шешуге араласады.

Көптеген ескі әңгімелерді, өлең-жырларды халық ішінен үйренеді. Өз бетімен араб, иран, шағатай тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты т.б. әдеби мұралармен танысады.

Аудармалары, шығармашылығы

Абай Пушкин мен Лермонтовты, Крыловты, Батыс және Шығыс ақындарының өлеңдерін аударып, қазақ жазба әдебиетіне зор үлес қосты. Абай аудармалары – еркін аударма. Халықтың ойына, түсінігіне сай.

Поэмалары: «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі». Артына үлгі-насихаттың қайнар көзі саналатын қарасөздерін қалдырған.




Абайдың ақын шәкірттері

Ұлы ақынның ізін қуып, орыс әдебиетін насихаттап, өлең жазған шәкірттері болды. Олар: Көкбай, Кәкітай, балалары Ақылбай, Мағауия, немере інісі атақты Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Зерттелуі

Абай туралы ғұлама жазушы М. Әуезов ғылыми еңбектерін, әйгілі «Абай жолы» эпопеясын, Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласын жазды. Ал ғалым Қайым Мұхамедханов т.б. әдебиетшілер абайтану саласын жан-жақты зерттеп, жаңа қырынан дамытты. Абай шығармашылығы өте терең. Оны көптеген ғалымдар зерттеді. Ғылыми еңбектер жарық көріп, диссертациялар қорғалды. «Абай» атты есімнамалық энциклопедия басылып шықты. Абайдың шығармашылық әлемі әлі де зерттелуде.



Абай – өз халқының ең ардақты, аяулы арманын, ой-пікірін, терең сезім-сырын, ұлттық мінез-құлқын жеріне жеткізе жырлаған, жарқын бағыттағы жаңа жазба әдебиеттің атасы, қазақ көркем әдебиетінің көрікті тілін ұстартқан, құдіретті ақындық өнерімен үлгі-өнеге жайған классик ақын.

Қайым Мұхамеджанов



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Абай қайда оқыды? Шығыстың қай ақындарын оқыған? Шығыс және Батыс ақындары туралы мұғалімнің көмегімен түсінгендеріңді кестеге түсіріп, айтып беріңдер.


2-тапсырма. Абай Құнанбайұлының өздерің білетін шығармасын жатқа айтыңдар.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. «Жас Абай» портреті қай суретшінің туындысы деп ойлайсыңдар? Мұғалімнің көмегімен суретшінің өмірбаяны және көркемсурет туындысы туралы дәптерге жазыңдар.

2-тапсырма. Абай туралы белгілі ғалымдардың ойларын дәптерге жазып, түсінгендеріңді талдап, айтып беріңдер.





ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Бала Абайға, ақын Абайға, ел билеуші Абайға, дана Абайға мінездеме беріңдер.

2-тапсырма. Абай өмірбаянын, шығармашылығын кімдер зерттеді? Зерттеушілер туралы ғылыми дереккөздерге сүйеніп, білгендеріңді кестеге сызып, баяндаңдар.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындаңдар. Мұхтар Әуезов Абай туралы қандай еңбек жазды? Қайым Мұхамедханов кім? Оның абайтануға қосқан үлесі туралы дәптерге жазыңдар.



Өлең буын саны, тармағы, ырғағы арқылы үйлесіп, ұйқасты шумақпен жазылады. Оны **өлеңнің құрылысы** деп атайды.

МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
 Көкірегі сезімді, тілі орамды,
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
 Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
 Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.
 Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
 Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
 Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
 Таңғаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
 Және айта бер дейді жұрт тыным бермей...



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Өлеңнің идеясы мен тақырыбында не туралы айтылған?

2-тапсырма. Абай өмір сүрген орта қандай еді?

3-тапсырма. Өлеңнің бірінші шумағын мәнерлеп, жатқа оқыңдар.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. Абай өз шығармасында қандай ойды қозғайды? Пікірлеріңді ортаға салыңдар.

2-тапсырма. Өлеңдегі көріктеу құралдарын табыңдар. Құрылысына қарай талдаңдар.





ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

*Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...*

Өлеңді өз ойларыңмен толықтырып, сөз өнеріне, поэзияға арнап шығарма (арнау, толғау) жазыңдар.



1-тапсырма. Мұғалім көмегіне сүйеніп, берілген шығарманың жазылу тарихы және көркемдік ерекшелігі жайлы деректер жинақтап, сыныптастарыңмен бөлісіңдер.

2-тапсырма. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген тақырыпта бүгінгі күннің поэзиясы туралы сыни эссе жазыңдар.

ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
– Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
– Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.





ОЙЛАНАЙЫҚ...

- ✓ Рақым
- ✓ қанағат
- ✓ еңбек
- ✓ талап
- ✓ терең ой



Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі.

Міржақып Дулатов



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Өлеңнің идеясы мен тақырыбына талдау жасай отырып, мұғалімнің көмегімен «нәфрәтлі», «ғибрәтлі» сөздеріне түсінік беріп, дәптерге жазыңдар. Өлеңге әдеби талдау жасаңдар.

2-тапсырма. Өлеңді мұқият оқып, кестені дәптерге толтырыңдар. Жазғандарыңнан түсінгендеріңді айтып беріңдер.

Бес асыл іс	Бес дұшпан



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. Өлеңдегі антонимдік қатар құрай алатын сөздерді тауып, дәптерге жазыңдар.

2-тапсырма. Абай айтқан «Бес асыл іс» шыңына жету жолдары туралы не ойлайсыңдар? Абай қандай ойды ұсынады?

3-тапсырма. «Бес дұшпаннан» алыс болу үшін не істеу керек?



1. Өлең жолдарынан түсінгендеріңді айтып беріңдер.



Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз...

2. «Ғылымның пайдасы» тақырыбында өз ойларыңды ортаға салыңдар.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

Бүгінгі күні ұялы телефонды шектен тыс пайдалану немесе компьютер ойындарын үздіксіз ойнау дұрыс па? 2. Өз қатарластарың жайлы «Жақсы мен жаман» тақырыбында сыни эссе жазыңдар.

АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ



– Қарасөздерді Абай өзі «ғақлия» деп атаған. Ғақлия – көркем қарасөз, нақыл сөздің бір түрі, ой саларлық ақыл-кеңес жазылған даналық сөзі. Осы еңбегі туралы ақынның өзі былай дейді: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын...»

– Мұхтар Әуезов: «Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесуде мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізді», – дейді.

«...берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын...»

БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын!





Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмай-тұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған азғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып, шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік...

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын?..

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. «Бірінші сөзде» Абай не туралы айтады? Төменде көрсетілген ұғымдарға түсінік беріңдер

ел бағу	мал бағу	ғылым бағу
---------	----------	------------

2-тапсырма. Қарасөзді мұқият оқи отырып, ел, жер, ғылым туралы мақал-мәтел жазыңдар.

3-тапсырма. Қарасөздің өздеріңе ұнаған үзіндісін жатқа оқыңдар.

4-тапсырма. Үзіндіні оқып, Абайдың жастар жайлы пікірінен түсінгендеріңді айтып беріңдер. «...Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын!..» Жастар қандай болуы керек? Олар не үшін білім алады? Жастардың елге тигізер қандай пайдасы бар?



Берілген қарасөздегі Абайдың ұстанымына өз көзқарастарың бойынша талдау жасаңдар. Пікірлеріңді тұжырымдап, төмендегі кестеге толтырып, дәптерге жазыңдар.

Абай ұстанымы	Өзімнің тұжырымым



Өмірлік ұстаным	
Менің өмірлік ұстанымым...	

1-тапсырма. Жақсы өмір, жаман өмір тіркестеріне өз ойларыңнан мақал-мәтел құрастырыңдар.



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Берілген тапсырманы орындаңдар.

Үзіндіден өз түсінгендеріңді айтып беріңдер: *«...Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын?..»*

Ата-ана тәрбиесі дегенді қалай түсінесіңдер?

2-тапсырма. Мұғалім көмегіне сүйеніп, Абайдың басқа қара-сөздеріне шолу жасаңдар.

3-тапсырма. «Өмірдің мәні» тақырыбында сыни эссе жазыңдар.

ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақүй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде Құдай Тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын та-



уып ізденіп, кісіні тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазы–намызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол!» деген дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1-тапсырма. Қара сөздің негізгі идеясы неде?

2-тапсырма. Ақынның көздеген мақсаты мен көңіл күйін білдіретін жолдарды тауып оқыңдар.

3-тапсырма. «Жетінші сөзден» өздерің қалаған үзіндіні мәнерлеп жатқа айтып беріңдер.

4-тапсырма. Абай қарасөздерінің тарихи құндылығы неде? Ойларыңды дәлелдеп айтып беріңдер.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

Адам мінезіне қатысты ойларды тауып оқып, түсінгендеріңді айтыңдар. Берілген қарасөз мазмұнын негізге ала отырып, Абайға мінездеме беріңдер.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1-тапсырма. Шығармадағы көріктеу құралдарын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.





2-тапсырма. «Адамзаттың Абайы, көңілдің сарайы» сөз тіркестерін пайдаланып, Абайдың қарасөздеріне арнап өлең шығарыңдар.



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

«Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласамыз...» деген ойшыл ақын тағылымына сыни хабарлама жазыңдар.



Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ын-тамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы– күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Адамның әртүрлі мінез-құлқын қарасөз мазмұны арқылы түсіндіріп беріңдер. Берілген қарасөздің идеясын талдап, дәптерге жазыңдар.

2-тапсырма. Мәтіндегі автордың ішкі сырына назар аударыңдар. Абайдың айтпақ ойын өз сөздеріңмен жеткізіңдер.

3-тапсырма. Қарасөз мазмұнын пайдаланып, образдардың эпитеттік қатарын тауып, дәптерге жазыңдар.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

Қарасөзді мәнерлеп жатқа айтыңдар. Берілген қарасөз мазмұнын ашатын мақал-мәтелдерді тауып, айтып беріңдер.



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

1-тапсырма. Қарасөз мазмұнын негізге алып, адам бойындағы жағымды әрі теріс әрекеттерді салыстырып, дәптерге жазыңдар.

Жағымды әрекет		теріс әрекет	
1.		1.	
2.		2.	
3.		3.	



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1-тапсырма. «Қазақтың қамын ойлаған» тақырыбында ақпараттық таныстырылым жасаңдар.

2-тапсырма. Бүгінгі зерттеуші ғалымдар пікірлеріне назар аудара отырып, Абайдың қарасөздері туралы ойларыңды дәлелдеп айтып беріңдер.

3-тапсырма. «Абай және заман» тақырыбына сыни ойтолғау жазыңдар.



ЛЭНГСТОН ХЬЮЗ «РАҚМЕТ СІЗГЕ АНАШЫМ»



Бұл тақырыпта біз:

- «Рақмет сізге, анашым» шығармасында көтерілген идеяны талқылаймыз;
- қаһармандардың характері мен әлеуметтік жағдайын суреттейтін жерлерін табуды үйренеміз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Лэнгстон Хьюз (1901–1960) АҚШ әдебиетінің көзге көрінген өкілі, ақын, жазушы, драматург. Ол 1902 жылы АҚШ-тың Миссури штатында қара тәнділер жанұясында дүниеге келді. Бұл кезде АҚШ-та қара тәнділерге әділетсіздік, оларды «төменгі тап» сияқты көру саясаты басым еді. Көп уақытын әжесінің қарамағында өткізген Лэнгстон одан қара тәнділер де ешкімнен кем еместігін, өз нәсіл-несебімен мақтануды үйренді. Әжесінің тәрбиесі кейіншелік Хьюзге өз шығармаларында «қара тәнді екендігінен ұялмауын яки қорықпастан өздігін көрсетуге» көмек берді.



Мектепте оқып жүрген кезінде Хьюз өлеңдер мен әңгімелер жаза бастады, мектеп газетін шығаруға белсене қатысты. Орта мектепті бітірген соң санатты Колумбия университетіне кірді, бірақ қоғамдағы қара тәнділерге болған қатынасқа қарай бұл оқу орнынан кетуге мәжбүр болды. Кейіннен біраз жерлерде қызмет етті, Линкольн университетін бітірді, басқа мемлекеттерге саяхат жасады.

1930 жылдарда Өзбекстанға да келді. Көп уақытын әдебиетке арнады, қарапайым адамдар жайлы көптеген шығармалар жазды.

ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Сендермен Лэнгстон Хьюздің «Рақмет сізге, анашым» әңгімесін оқимыз.



Ойлап көріңдерші «рақмет» сөзінің қасиеті неде? Соңғы рет кімге, не үшін рақмет айтқандарыңды естейсіңдер ме?



Кассюси Клей (кейіннен Мұхаммет Әлі есімімен әйгілі болған боксшы) Харлем көшелерінде. XX ғасыр орталары

Әңгіме оқиғалары XX ғасыр орталарында Харлемда Нью-Йорк қаласының (АҚШ) негізі қара халықтың тұрмысында болып өтеді. Шығармада бір әйелдің сөмкесін ұрламақшы болған бала жайында әңгімеленеді.



Бірер орынсыз жұмыс істегеніңде айналаңдағылар қандай ескерту жасаған? Дұрыс еместігін түсіндіруде қандай жол ұстанғансың?

РАҚМЕТ СІЗГЕ, АНАШЫМ!

Толадан келген бір әйел жол бойлап ішіне бар заты сиятын үлкен сөмкесімен жұмысқа бара жатыр. Шындығында сөмкенің ішінде жоқ нәрсенің өзі жоқ еді. Әрине, балға мен шегеден басқа. Сөмкесінің бауы ұзын болғандықтан әйел оны желкесінен асыра арқасына тастап алғанша көшеде жалғыз кетіп барады. Сағат түңгі 11 еді. Бір кезде оның қасына зу етіп бір бала келді және әйелдің сөмкесін желкесінен жұлып алды. Әйел өзіне келмей тұрып, бауы бір түймемен қадалған сөмке шарт үзіліп, баланаң қолынан түсіп кетті. Сөмкенің ауырлығынан өзін ұстап тұра алмаған бала сөмкемен бірге құлап түсіп, аяғы жарақаттанды. Әйел баланы желкесінен тартты да ашумен орнынан тұрғызды.





- Қане, менің ақша салған карманымды жайына қойшы, – деді оны ұрыспай. – Қош істеген жұмысыңнан өкініп тұрмысың? Көйлегінен ұялып тұрған бала жауап берді:
- Иә...
- Мұнымен неге жетіспекші едің?
- Еш нәрсеге.
- Алдама.




Әйелдің әрекеттері сенде қандай әсер қалдырды?
Ол туралы алғашқы пікірің қандай?

- Бұл кезде бір-екі жолаушы таңданып өтіп кетті. Кейбіреуі осы арада қалып бақылай бастады.
- Қазір сені ұрыссам, қашып кетесің, сондай ма?
 - Иә, – деді бала.
 - Сондықтан ұрыспаймын да.
- Әйел оны қатты ұстап тұрды.
- Мен өте өкінудемін, ханым. Мені кешіріңіз!.. – сыбырлады бала.
 - Ой, бетің де өте кір болыпты. Жақсысы бетіңді жуып қояйын. Үйіңде ешкім бетіңді жу деп айтпайды ма?
 - Жоқ...
 - Онда бұл кеш жуылар екен, – деді әйел сонымен шошыған баланы желкесінен ұстағанша көше бойымен алып келе бастады.



Қалай ойлайсыңдар, әйелдің мақсаты не?
Ол баланы қайда алып бара жатыр?





Бала 14–15 жастар шамасында, өте әлсіз және жабайы, теннис аяқ киімі мен көк джинси киген еді.

– Ұлыммен тең екенсің. Саған не жақсы, не жаман екенін үйретуім керек екен. Алдымен тәрбиені бетіңді жуудан бастаймыз. Қарның аш па?

– Жоқ, тоқпын, мені қойып жіберсеңіз болды.

– Сені ана жерде кетіп бара жатып мазаладым ба?

– Жоқ.

– Сен өзің мені мазаладың, өзің бастадың, дұрыс па?

Енді мені естеп жүресің, яғни миссис Лиелла Бетес Вашингтон Жонесті.

Әйел үйіне келгеннен соң, баланы ішке кіргізді. Кіреберіс кішкене ғана ас дайындап жейтін жер еді. Әйел шырақты жақты да, есікті ашық қалдырды. Бала көршілердің үйінен естіліп жатқан дауыстар, күлкілерді еркін тыңдай алатын. Кейбір көршілердің есігі олардың есігі сияқты ашық еді, демек әйел жалғыз емесігін де білді. Әйел әлі де баланың желкесінен ұстаған күйінде бөлменің ортасында тұратын.

– Атың кім, балақай?

– Рожер.

– Демек, Рожер қазір жуыну бөлмесіне барып, бетіңді жақсылап жуып кел.

– Әйтеуір, әйел баланы жай қолынан босатты.

Рожер бір ашық есікке, бір жуыну бөлмесіне қарады. Кейін еріксіз жуыну бөлмесіне жол алды.



Рожер не үшін ашық есік – көшеге қарап емес, жуыну бөлмесіне қарай жүрді?

– Су ысығанша біраз күтіп тұр, – дайындады әйел, – ол арада сүлгі де бар.

– Мені түрмеге тапсырасыз ба? – сұрады бала жуыну бөлмесінен тұрып.



Рожер неге «Мені қамаққа тапсырасыз ба?» деп сұрады?
Не үшін оның ойына мұндай ой келді деп ойлайсың?

– Жуынбай тұрып сені еш жерге алып шыға алмаймын, – деді әйел. Мен бұл жерде бірер тамақ дайындау ниетінде жүрсем де сен болсаң, ақшамды ұрламақшы болдың-а? Сен үйіңе кешкі тамаққа кешікпейсің бе?

– Үйімде ешкім жоқ.

– Онда бірге тамақтанар екенбіз ғой, білемін қарның аш қалған. Әйтеуір сонша еңбектеніп, ашықпай болады ма?

– Мен тек жәміш туфли алмақшы едім...

– Сен мұны ақшамды ұрлап емес, өзімнен сұрап алсаң да болатын еді, – деді Лиелла ханым, – өзімнен...

– Ана – бетіндегі су тамшыларымен оған тігіліп тұрған бала бұл сөзді еріксіз айтып жіберді. Олар тыныш болып қалды. Ұзақ сөйлемеді. Әйтеуір, баланың беті кепті, ол не істерін білмей, сүлгіні алып бетін тағы да сүртті. Есік баяғыдай ашық. Бала қазір сонда барса, қашып кетеді.



Рожер еріксіз «ана» дегеннен кейін неге олар тынышталды? Луизелла есікті не мақсатта ашық қалдырды деп ойлайсың?


Әйел орындыққа отырып, бірінші болып сөз бастады:

– Жастығымда қолым жетпейтін заттар менікі болуын өте қалайтын едім. - Бала қасын керіп әйелге қарады.

– Иә, сондай болған еді. Соған ешкімнің ақшасын ұрламағанмын, деп алдауды қаламаймын. Бұны саған айтпақшы емес едім. Сондай жұмыстар істегенмін, оны тек Құдай біледі. Өне, енді әдемі балаға айналдың. Бөлменің арғы шетінде газ плита мен тоңазытқыш бар еді. Әйел орнынан тұрып, сол жаққа қарай кетті. Артына қарамады: әйел орындыққа ақша салынған карманын әдейі тастап кеткен еді. Бала оны әзір алып, есіктен қашып кетуі мүмкін. Бірақ әйел артына қарауды жөн көрмеді. Бала мұны сезді де, әйел оны көре алатын жерге барып тұрды. Ол сенімсіздік етуді қаламады.



Луизелла не мақсатта карманын тастап кетті?
Рожер не үшін дүкенге барып келуді айтты деп ойлайсың?





лима
бұршақтары

– Дүкеннен бірер зат алып келу керек емес пе? – сұрады бала.

– Сүт яки бірер жейтін зат... алып келіп беретін едім.

– Менімше, жоқ. Сүт ішкің келеді ме? Менде құрытылған сүт бар, одан какаолы ішімдік дайындап беремін.

– Жақсы болар еді.

Әйел тоңазытқыштан лима ловиялары мен сан етін алды. Какао дайындады, барлығын столға қойды. Әйел баладан қай жерде жасуын, өткенін жалпы қызықтырған заттары жайлы сұрамады. Тамақтан соң әйел өз кәсібі – қонақ үйдің сұлулық дүкенінде жұмыс істейтінін, жұмысының кеш аяқталатынын, бірақ өз кәсібін өте ұнататынын айтып берді. Кейін бұл жерге келуші әр түрлі клиенттер – жирен, қызыл шашты испан әйелдері жайында сөйледі. Ол балаға тіскебасар тәтті берді.

– Тағы да біраз же.

Дастарқан айналасынан тұрғанда, әйел баланың қолына он доллар ұстатты.

– Бұған жәміш аяқ киім сатып ал. Бірақ кейін қателік жіберме – мені яки маған ұқсайтынының бірер-біреуінің қалтасына қолыңды сұқпа. Аяқ киім арманы аяқтарыңды жаман жолға бастамасын. Мен біраз дем алайын. Саған өзіңді осы жерден тауып кетуіңді тілеймін, балам!



«Аяқ киім арманы аяқтарыңды жаман жолға бастамасын». Бұл сөзді қалай түсіндің?

Әйел оны сыртқа күзетіп қойды да есікті жапты.

Бала оған бірдеңе айтқысы келді, бірақ айта алмады. Ол әйелдің үйіне кіріп кетуін күтіп тұрар екен, «Рақмет сізге, анашым» деп сыбырлады. Сонан соң олар басқа кездеспеді.

Салиха Досымбетова аудармасы



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Бірер ұятты жұмыс істеп қойғандарыңда айналандағылар қалай жазалаған?
2. Шығармадағы әйелдің жұмысы сендерге қандай әсер етті? Алғашқы пікірлерің...
3. Әйелдің мақсаты не, ол баланы қайда апарды?
4. Рожер неге қашпады?
5. Рожер неліктен «ана» деп жіберді?





6. Лиелла не мақсатта ақшасын тастап кетті?
7. «Аяқ киім арманы, аяқтарыңды жаман жолға бастамасын» дегенді қалай ұқтыңдар.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Шығармада қандай идея ілгері сүрілген? Пікір білдіріңдер.
2. Луэлла не үшін Рожерді үйіне алып келді? Тек тамақтандырып ақша беру үшін бе?
3. Луэлла жайлы пікірлерің шығарма барысында қалай өзгерді? Рожер жайында ше?
4. Шығармадағы суреттелген оқиға Рожердің кейінгі өміріне қалай әсер етеді деп ойлайсыңдар? Ол және ұрлыққа қол ұрады ма?



ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

Кейіпкер	Қандай адам?	Қалай білдік?
Луэлла	Салмақты	Сөмкесін ұрлағанда ашуланбайды.
Рожер	Өлсіз, жүдеу	Сөмкенің ауырлығынан құлап қалды





III БӨЛІМ. ҚЫЗЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ФАНТАЗИЯ ӘЛЕМІ



ОРАЛХАН БӨКЕЙ «ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ»



Бұл тақырыпта біз:

- көркем шығармаларға тән ерекшеліктерді үйренеміз;
- әңгімедегі оқиғалардың дамуына баға береміз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ



Оралхан Бөкей (1943–1993) 28-қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында туған. 1963 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне сырттай оқуға түседі де, оны 1969 жылы тамамдайды. 1970 жылы Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қамшыгер» атты алғашқы жинағы қаламгер ретінде танытты. Осы баспадан оның «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1975) әңгімелері мен повестері шығарылды.

Оралхан Бөкейдің «Ән салады шағылдар» (1978), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984) әңгімелері мен повестері «Жалын» баспасынан жарық көрді. 1986 жылы оның «Құлыным менің» драмалық шығармасы «Өнер», ал 1987 жылы «Ұйқым келмейді» деп аталатын әңгімелері «Жазушы» баспасынан шықты.

«Құлыным менің» (1974), «Текетірес» (1976), «Қар қызы» (1982), «Зымырайды поездар» (1984), «Жау тылындағы бала» (1985), «Мен сізден қорқамын» (1987) пьесалары қазақ және орыс тілдерінде республикалық, облыстық, сондай-ақ бұрынғы одақтас республикалар театрларында қойылған.

Оралхан Бөкей – есімі дүниежүзіне танымал жазушы. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне (орыс, ағылшын, фран-



цуз, неміс, жапон, араб, қытай) аударылған. Оралхан Бөкейдің туындыларынан «Кісікиік» (1985, режиссері М. Смағұлов), «Сайтан көпір» (1986, режиссері Д. Манабаев) көркем фильмдері қойылды.



Көркем шығармада адамның өмірі, олардың өзара қарым-қатынасы, наным-сенімі, ой-сезімі, мінез-құлқы жинақтала суреттеледі.

Осындай жинақталған адам образын **типтік образ** деп айтамыз.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығы туралы шағын хабарлама дайындаңдар. Хабарламада жазушының өзін білетін басқа да шығармалары туралы айтып беріңдер.


2-тапсырма. Әңгіменің толық мәтінін хрестоматиядан оқыңдар.

ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ

Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңыр салқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді. Не ыстық емес, не суық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде, төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып ойнайсың. Қанша құласаң ауырсынбайтын, қанша құласаң жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тиюші еді-ау. Теңіз бетінен қаншама биік болғанмен, осы Салықсалғанның кез келген жеріне жерошақ қазсаң, көлкілдеген су шыға келетін. Әсіресе, жаңбырлы күндері қырдан құлаған лайсаңға айналып, шошайтып-шошайтып қарағай бөренеден қиып салған үйлердің мазасын кетіретін. Кеште, тіпті түні бойы сеператорға сүт тартып, май шайқайтын. Шаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сызылта ән салатын. Тау арасында жылтылдатып от жағып, ән шырқағанда, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып күй шертіп, тау-тасты күңіретіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. Біздер – балалар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ сиыр сауғызамыз. Ымырт үйіріле, алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып ұлардай шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Өке-ше-шеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының



Мүкісі бар –
құлағы есті-
мейтін





есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын, жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқытып Тортай ортамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тыңдар абызымыз сықылды.



абыз –
ақылды,
ойшыл, дана.

Тортай, әсіресе, мені жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан бір, жолынан екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта:

«Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», – деп ұрсатын-ды. Өз бейілі мен көңіл хошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы хақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.

Бір күні мен Тортайды көп іздеп әрең таптым. Тұрған үйі аузына келгенін айтып, ұрсып қуып жіберіпті. Салық-салғанның ұшар басындағы қалың тас қорымның үңгіріне кіріп, от жағып отыр екен. Мені көрген соң, қуанып қалды. Орнынан атып тұрып: – Мені қалай таптың, ей? – деді. – Сенің үйің – осы тас күрке емес пе? Тортай тас күркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге сан рет келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қиып нар жасап, үстіне шөп төсеген.

Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдына ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шәркесінен стол жасап,






май шам қойыпты. Тастан қаланған жерошақта маздап жанған от. Сіркіреп жаңбыр жауды. Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым.

Нардың шетінде жалаң аяғын салбыратып үнсіз отырған Тортай: «Рақмет», – деді. Үні бір түрлі көңілсіз, қарлығыңқырап шықты. Ешкім жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді. – Әке-шешең іздеп жүрер, үйіңе қайт, қорықсаң, мен шығарып салайын, – деді Тортай. «Әке-шешең» деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал әке-шешемнің тірі, жер басып жүргеніне мен кінәлі емес едім. – Сенің жаныңа жата кетсем қайтеді, – дедім оттың шаласын ысырып. – Қайтасың! – деді ол міз бақпай. Мен бүгін оны мүлдем танымай отырмын. – Қайтасың, әке-шешең менің басымды жарады. – Жармайды. Сен мені қума, дос емес пе едік. – «Ораза-намаз – тоқтықта ғана» деген. «Тоқ бала аш баламен ойнамайды» деген. Мен жауап бере алмадым, үндемеген қалпы, мыңқиып отыра бердім. Тортай меңзең. Лаулаған отқа тесілген күйі күрсінді. Содан кейін нардан қарғып түсті де, тас үңгірдің тесігінен сыртқа үңілді. – Жауын ұзақ жауатын түрі бар. Төңірек тұтасып алыпты. Қонғың келсе, қона ғой, – деді маған. Өзі тізесіне салып қу бұтақты сындырды да, отқа тастады. Мен әкелген ірімшікті бір асап нарға қайта мінді. Содан соң «Аласталған Алитет» деген кітапты қолына алып әрі-бері аударыстырды да, ірге жаққа лақтырып жіберді. Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыбдыр-сыбдыр үн естіледі. Күркіреп, сарқырамай ұрлана жауған нөсер, қайдағы-жайдағыны еске түсіріп, қиял дүниесіне жетелейді, немесе маужыратып ұйқыны келтіреді екен. – Босағада отырғаның не? – деді Тортай. Бағанадағыдай емес, көңілденейін депті. – Кел жаныма, мен сені тым жақсы көремін. Бастықтың баласымын, – деп мұрныңды көкке көтермейсің, қарапайымсың. Тас ошақтағы оттың сәулесі қабырғаларға түсіп, қоңырқай тартады. Төбеде тесік бар-ау деймін, тырс-тырс тамшы тамады бір жерден. Біз ертекті ескі дүниеде отырғандай едік. Менің кеңсірігім ашып, бір түрлі жылағым келді. – Тортай, – дедім. – Ау, – деді. – Әңгіме, не ертек айтшы. – Баяғыда бір жетім бала болыпты, – деп бастады... – Баяғыда бір жетім бала болыпты... ары қарай күңгір-күңгір, күбір-сыбыр ертекке айналды.

Бүгінде менің есімде Тортай айтқан ертектің көбі қалмаған, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек, «баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталушы еді, ал, қалай аяқталатынын білмеймін, мүлдем есімде жоқ, қалай аяқталушы еді? Менің жадымда тамаша сақталғаны, ол тас үңгірде шөп төселген нардың үстінде жатып, оқыған кітаптары мен өзінің арман-қиялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әңгімесінің еміс-еміс елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алып,





ағалық ақылын айтатын тым зеректігі еді. – Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, – дейтін. – Әкем де, шешем де сол – кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің, бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Өттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді. Ақжауын сіркіреп тұр. Тас ошақтағы от қоламталанып, үңгірдің ішіне қорқыныш ұялап, қараңғылана бастаған. Тортай әлі сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр... Арманы таусылар емес. Демі құлағымның түбіне жып-жылы болып сезіледі, ептеп қытықтайды. Мен үнсіз тындай беремін. Әлде тоңазығаннан, әлде қорқыныштан, Тортайдың бауырына тығыла түсемін. Жайлаудың жадыраған ашық күндерінің бірінде Тортайға еріп бұзау бағуға шықтым. Менікі еріккеннің ермегі сықылды еді. Тас шоқының ұшар басына дейін бұзауларды өргізіп бардық та, еркіне қоя бердік. Өйткені төрт аяқты мал бұл жерден ұзап ешқайда кете алмайтын. Биіктеген сайын қалың барағы орман таусылып, таудың таз төбесі басталатын. Заңғар таудың төбесінде үнемі суық жел соғып тұратындықтан, ағаш болмайды және шөп те бойлап қалың өспейтін тақыр. Жазды күндері үнемі сезімді сергітер майда леп есіп тұрар еді. Ал шоқылар өркеш-өркеш болып, көк күмбезіне найзадай кіріп ұшпалана қол бұлғайтын. Қыздың жиған жүгіндей тай-тай, тең-тең жақпар тастың ара-арасына тас сарымсақ өседі. Тортай екеуміз тыртысып, қол-аяғымызды жаралай сол биікке шығып, сарымсақ жұлып жегенбіз. Бұл тұстан таудың балағы алақандағыдай көрінеді. Сонау шатқалда Алтайдың шолпысындай мың бұралып, ағараң қағып Бұқтырма өзені күмістене ағады. Ал біздің ауылымыз көкжалқақ мұнар пердесіне тұмшаланып, тек нобайы ғана сұлделенеді. Қына басқан тасқа құлап кетердей болып атша мініп отырған Тортай анау көк мұнар дүниеге бірдеңесін жоғалтып алғандай көзін сығырайтып ұзақ қарады-ай. Содан соң шығыс жақты нұсқап, ереуілдеп сөйлей жөнелетін. – Ей, – дейтін маған, танауы делдиіп, – егер осы тұрған жерімізден тұп-тура шығысқа тартып кетсек, қайда барар едік? Білемісің? (мен иығымды көтеремін) Ә, білмейсің. Монғолиядан бір-ақ шығар едік. Сен болмасаң, мен жүре беруден әсте шаршамас та, қорықпас та едім. Рас айтамын, Монғолияға барар едік. Бізді «о, қазақтар келді» деп құшақ жая қарсы алар еді. Аппақ киіз үйге кіргізіп, тай сойып қонақ қылар еді. Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астау-астау қазы-қарта қояр еді. Ішеріміз – алдымыз-да, ішпесіміз – артымызда, қымызға қызыңқырап шәнтиіп жатқанда, ақ отаудың есігін ептеп ашып, ай мен күндей қос ару кірсе... өттең, дүние-ай, армансыз күліп ойнасақ, содан соң... содан соң екеумізге екі ақ боз ат мінгізіп, әлгі екі сұлу қызды алдымызға өңгеріп елге қайтсақ. Алдымыздан






ферманың бүкіл сиыры, бұзауы, түйесі, барлық адамдары қақ жарылып қарсы алып, шулап соңымыздан ерсе... әттең, дүние-е-ай, мұндай рақаттан кейін өліп-ақ кетсең, не арман... Тортай көзі жайнап, астындағы жақпар тасты тебініп-тебініп қалғанда, ар жағындағы шатқалға құлап кетеді екен деп, зәре-құтым қалмайды. – Ақ боз ат демекші, түнде түсімде көк өгізім арғымақ болып, жер тарпып кісінеп тұр. О несі екен? – деп, бұзауларымен бірге кәперсіз оттап жүрген өгізіне күн сап қарады. – Тортай, сен түбі сол ақ боз атқа мінесің, – дедім мен шын көңілімнен. – Қайдан? – деді ол тастан-тасқа секіріп, төменге түсіп бара жатып. – Қайдан білейін... Әкем марқұмның тақымы қотыр тайға тимей кетіп еді, қайдан білейін. Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде, ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің». – Сенің өз ақ боз атың бар емес пе? – Жоқ, менің маңдайыма көк өгіз жазылған. – Онда мен ақ боз атымды саған сыйға тартамын.

Содан бері көп жылдар өтті. Мен «Тортайды да, ақ боз атты да әлдеқашан ұмытқанмын. Бір рет ауылға барғанымда, азаматтар сөз қылып отыр екен. Тортай үйленбек болып ішкері жақтан жуастау бір қызға сөйлеседі. Сонда қыз: «Жеке басыңды қорламаймын, мен көндім, бірақ жаман-жақсы болса да әке-шешем бар, солардың ықыласынсыз кете алмаймын, өзің алдарынан өтіп қайт», – деген екен. Содан Тортай атына міне шауып, қыздың үйіне барады. Сәлем алысқан соң, қалыңдықтың әкесі: «Кімнің баласысың, шырақ?» – деп жөн сұрағанда, құлағының мүкісі бар Тортай ұқпай қалып: «Малдан келдім, ата», – деп қойып қалса керек. Ха-ха-ха... Шал: «Саңырауға қызымды бермеймін», – деп, ит қосып қуып салыпты.

Елге енді бір рет барғанымда естідім. Тортай үйленген. Екі-үш баласы бар. Қой бағады екен. Былтыр жазда демалыс алып ауылға тағы бардым. Әкемнің төрт бөлмелі, бау-бақшалы үйінде еркін сайрандап, тойып жеп, тасыраңдап жүрмін. Шешем бәйек болып: «Не ішесің, не жейсің, құлыным», – дейді зыр жүгіріп. Түске жақын жұп-жұмсақ диван үстінде шалқамнан түсіп серейіп, газет оқып жатыр едім. Алдыңғы бөлменің есігі әндетіп ашылды да, әлдекім кіргендей болды. Көрші-қолаңның бірі шығар деп, аса мән бере қойғаным жоқ. Әйтеуір, шешеммен сөйлесіп отырды. Өңгіме күңгірлеп еміс-еміс естіле берген соң, есіме баяғы бір қоңыр үн түсіп, еріксіз құлағымды түрдім. Келген – Тортай екен... – Тәте, айып етпеңіз, әншейін. Орашқа амандасайын деп, өзімсініп келіп едім... – Ол ұйықтап жатыр, – деді шешем. – Оятпай-ақ қоялық. Төрге шық, отыр. – Жо-жоқ, о не дегеніңіз, тәте, маған осы босаға да жетеді, әншейін Ораш келді деген





соң, амандасайын деп, баяғыда... бала кезде бірге өстік... талай рет бұзау жайып едік, енді, міне, ел таныған азамат болды... айып етпеңіз, мен қазір кетемін, тәте... Ораш келді деген соң... жалғыз ұлың ғой, құдай қуат берсін... бізді қойшы... біз ондай үлкен кісілердің садағасымыз ғой... рақмет, тәте, тамақ ауыз тиейін; осы құрғырды жақпаса да баз-базында ішіп қоятыным бар... ал, тәте, Орашың аман жүрсін... атағы аспандай берсін... қол қойдырып алайын деп, мына бір кітабын қойныма тыға келіп едім, тағы да соғармын... малдан қол тие бермейді... қыстай жемдеген торы атты управляющий алып қойған, тәте, мың салса баспайтын тағы бір тырақысын берді, «саған осы да жетеді, торы атты озат шопан мінеді» дейді... ал, кеттім, рақмет, тәте... келді-кетті деп сөге жамандамаңыз; әншейін Ораш келді деген соң, үлкен кісі ғой... бірге өскен, сәлем берейін деп... мен келді деп, тіпті айтпаңызшы, тәте, ұят болар, ал сау болыңыз, рақмет... итіндеп баяғы өзіңіз білетін Салықсалғанға жеткенше, түн ортасы болар... өзіңіз білесіз, Салықсалған алыс, өте алыс... Монғолияның бер жағында... Мен сұлап жатқан орнымнан белім кеткендей тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұялдым – Тортайдан ұялдым. Батылым бармады. Бет-жүзім шыдамады. Сонда ғана менің есіме «баяғыда бір жетім бала болыпты...» деп басталатын ертектің қалай аяқталары оралды. Е-е, осылай аяқталады екен ғой, осылай... Тортай мінер ақ боз ат... менің тақымымда кеткендей еді... Иесіне қайтаруға кеш еді...



СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢДЕР

1. Тортайдың таудағы үңгірде жалғыз қалуының себебі не?
2. Тортай қандай кітаптарды оқыды? Ол кітаптар туралы не айтты?
3. Тортай кім болғысы келді? Арманына жете алды ма?
4. Ораш неге ұялды? Ол Тортайды көруге неге шыға алмады?



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. Не себепті әңгіме «Тортай мінер ақ боз ат» деп аталған? Әңгімені басқаша қалай атауға болады?

2-тапсырма. Автор бейнесін білдіретін сөздерді табыңдар. Автор нешінші жақтан сөйлейді? Не себепті?

3-тапсырма. Шығармадағы табиғат көрінісіне назар аударыңдар. Автор суреттеулерде қандай сөздерді қолданған?



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Шығарманың сюжеті бойынша жоспар құрыңдар.





2-тапсырма. Тортай мен Орашқа мінездеме беріңдер. Мәтіннен үзінді алып, үлгі бойынша кестені дәптерге толтырыңдар.

Мәтіннен үзінді	Бір сөзбен айтқанда...	Себебі...
Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді.	Момын бала	Қой аузынан шөп алмас деген тіркес момын, жуас деген мағынаны білдіреді.



ТОПТАРДА ІСТЕЙМІЗ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қойған сөздеріңнің мағынасын түсіндіріңдер.

Тау арасында жылтылдатып от жағып, ән шырқағанда, лаулаған жалын ... тілін жалаңдатып күй шертіп, тау-тасты күңіретіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. Біздер, балалар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақыт сиыр сауғызамыз. Үйіріле алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп қашып, ... шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас ..., құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын ... еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы ..., аузымызды ашып тыңдар ... сықылды.

2-тапсырма. Әңгімеден ауыспалы мағынадағы тіркестерді теріп жазыңдар. Олардың мағынасын түсіндіріп, кестені дәптерге толтырыңдар.

Ауыспалы мағыналы тіркес	мағынасы



3-тапсырма. С. Мұратбековтың «Жусан иісі» повесін өз беттеріңше оқып, «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін салыстырыңдар. Аян мен Тортайдың тағдырларының ауыр болуына қандай жағдай себеп болды? Екі бала армандарына жете алды ма? Олардың ертегісі «Баяғыда бір жетім бала болыпты...» деген сөздермен басталады?

Оқырманың атауы	Ұқсастығы	Айырмашылығы



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1-тапсырма. «Арман болған ақ боз ат» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе өз армандарың туралы айтуды ұмытпаңдар.

2-тапсырма. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде көтерілген тақырыптың мәнін ашып, сыни хабарлама дайындаңдар.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Пейзаж – әдеби шығармадағы жаратылыстың яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі. Жазушы әдеби шығармада көркем бейнесі. Жазушы әдеби шығармада көркем ойлаудың ажары ретінде, жаны есебінде, образдық-метафоралық жүйесінің арқауы сипатында табиғат келбетін ұсталықпен пайдаланады. Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде мынандай табиғат суреттері бар:

1. «Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңыр салқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді».

2. «Ыстық емес, не суық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып ойнайсың».

Жазушы табиғаттың алуан-алуан кескін-келбетін кейіпкер басындағы қуанышты, шаттықты я болмаса шерлі, мұңды күйлерге ыңғайлап отырады. Мәселен, «Тортай мең-зең. Лаулаған отқа тесілген күйі күрсінді. Содан кейін нардан қарғып түсті де, тас үңгірдің тесігінен сыртқа қарады».



ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ «ҚАЖЫМҰҚАН»



Бұл тақырыпта біз:

- көркем шығармаларға тән ерекшеліктерді үйренеміз;
- әңгімедегі оқиғалардың дамуына баға береміз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Жазушы, ақын, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров (1903–1964) Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. Алғашқы өлеңдер жинағы «Жалшы» деген атпен 1928 жылы жарық көрді. Осыдан бастап оның өлең-жырлары, әңгімелері республикалық газет-журнал беттерінде басылып тұрды.

Қ. Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі 1954–1959 жылдары қайта басылып, 1970 жылы орыс тілінде жарияланды. «Алатаудың бауыры» (1935), «Амантай» (1936), «Тапқыш» (1937), «Тәтті қауын» кітаптары бар.

Қ. Әбдіқадыров аударма саласында да жемісті еңбек етті. Ол Шығыс әдебиетінің классиктері Фирдауси, Науаи өлеңдерін (1948), қырғыз А. Тоқомбаев, орыс жазушысы А. М. Кожевников шығармаларын аударған. Оның аудармасымен «Мың бір түннің» 4 кітабы үш рет басылды. Қ. Әбдіқадыровтың осы еңбегі әлемдік әдебиеттің алтын қазынасына жататын туындының ең үздік аударма нұсқасының бірі.

Жазушы жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Шиелі ауданындағы қазақ орта мектебі Қалмақан Әбдіқадыровтың есімімен аталады.



Көркем бейне – әдеби шығармада жинақталған түрде суреттелетін өмір құбылысының нақтылы көрініс-қалпы, кейіпкердің ой елегінен өткізіліп, қорытындылап жасалған бейнесі.

Жазушы көптеген адамдарға тән қасиет-сипаттарды жинастырып, екшеп, іріктеп алып, бір адамның бойына сыйғызып бейнелейді.

Зәки Ахметов

1-тапсырма. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша дереккөздерді пайдаланып, шағын хабарлама дайындаңдар.



2-тапсырма. «Қажымұқан» повесінің кейіпкері белгілі қазақ балуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың өмірі мен ерлік істері туралы зерттеу жүргізіңдер.

ҚАЖЫМҰҚАН

(Повестен үзінді)

ҚАР КҮРЕГЕН БАЛА

Ақпан-қаңтардың сақылдаған сары аязы. Қыламықтап қырау ұшқындап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кигізіп тұрды. Қызылжар қаласының орталық бір көшесіндегі қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «ауппалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат-шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алып еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс солардың үні.

Қораны басқан қарды күреуге жалданған он алтыдағы жас бала сарайға қайта-қайта қарай берді.

– Ей, сенің әкеңнің аты кім? деді бүрме қара тонды қойманың басқарушысы.

– Оны қайтесің?

– Сұраймын.

– Құда түсейін деп пе едің?.. Айтатыныңды айта бер, – деді кішкене қара көзін жымитты қараған бала.

– Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тиын-тебеніңді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылып қараудың саған қанша керегі бар? Соншалық сарайдың есігіне қарай бересің...

– Сен маған сонда не істеп жатқандарыңды түсіндірші.

– Тау көтеріп жатыр.

– Сонда сарайға кірген тау көтерілмей жатыр ма? Шуылдап, басымды ауыртты. Өздері адам ба, шөпті «сырғауыл көтеріп келдік» деген бақсының жыны ма?

– О-хо-хо! Мынаның сөзі отыз пұттан гөрі ауыр жатыр екен. Жібер сарайға, көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, – деді тұлыпты көмілтіп киіп, қақпа аузында тұрған саудагер.

– Ей, бар енді. Әне, мырза көріп тұр.

– Көрсен немене... – деп қар күреген бала есік алдында тұрғандарды қаңбақтай қақтырып, сеңдей соқтырып, қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бөрліктірген аяз оған шыбынсыз жаз сияқты. Үстінде мақталы жыртық шапан, биялайын беліне қыстырып, баскиімін қолына ұстап, қимылдап жүрген кісілерге аңырая қарады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана жерге әрең



жылжыған кеспектің қасына жақындап, иығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сықыр еткізді.

– Көтерілмейтін тауларың осы ма?

– Саған жеп-жеңіл көрініп тұр ма?

– Әй, тәйірі-ай... Соны да сөз деп айтып тұрсыңдар-ау. Тау дегенге таңырқансам, бұл шелектей-ақ ыдыс қой. Он кісі жабылып, қаланы «ауппалап» бастарыңа көтеріп жүргендерің осы ма? Өздерің шетке ысырылып, тиейтін шанаңды есік алдына әкеле беріңдер. Әй, әдемі тұлыптылар, қалбалақтап жүріп, бір жерлеріңді қақтырып аларсыңдар, кейін қаш!

– Мынаның сөзі қандай дөрекі! Қожайындарға қалай түйеден түскендей сөйлейді, – десті, мұртына мұз қатқан жұмысшылар.

– Оны қоя тұр. Алдымен ауылдың алаңғасарының күшін көрейік! – деді іргеге қарай ысырылған екі мырза.

– Бала еңкейе беріп, кеспекті иығымен нығырақ тіреп қағып жіберді. Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір етіп, біріне-бірі қағылып, бастары шошаңдасты да, отыз пұт тоңмай құйған кеспек екі-үш қаққанда желге ұшқан ебелектей домаланып, сарайдың есігіне барып та қалды. Шой табан екі зауыт атын жеккен жүк шанаға кеспектің қалай барып түсіп қалғанын тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенін көрмей тұрмысың? Оның орнынан қозғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды.

– Айтайын дегенім ол емес-ау, қожайын, тегі осы кәдімгі адам ба?..

– Енді кім?

– Бір жақтан келген дию ма, пері ме, бірдеңе шығар өзі.

– Не де болса, оның көтере алмағанды бір өзі көтере салды, жарайды. Міне, саған елу тиын, – деді май салған кеспектің қожасы.

– Жиырма тиынды мен берейін, – деді Масликов кең, барқыт шалбарының қалтасына баржиған семіз қолын сұғып жатып.

– Майлы бай, қанша қорбаңдасаң да, қолына бір сомдық сары шұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі әзілмен қағытып.

– Сен енді байыдың. Қар күрегеніңе тиын алма, – деді қораны күретіп жатқан қамбашы.

– Үәделескен он бес тиынды әкел. Мен бай кісі емеспін, ол маған тамақ болады. Жетпіс тиынды ауылдағы тарығып отырған әжеме жіберем, – деді жалпақ қайың күрекпен шөмелеген қарды биік қорадан асыра атып жатқан, беті бұрқыраған термен буланған бала.

– Орлий, сен мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кірекешіңе мұндай адам керек қой. Ол реті келгенде жиырма кісінің жұмысын істейді. Жотасына қарашы, буыны қатпаған бала, шойыннан құйған алыптардың ескерткіші сияқты...





✓ **Кез – бір метр.**

– Өзім де соны ойлап, жиырма тиын сыйлап тұрмын. Бірақ ол жиырма кісінің тамағын да ішеді ғой. Өзің айтқандай, буыны қатпаған бала, созыла беретін резеңке қанар сияқты болады.

– Немене, саған үсіген картоп пен Есілдің сасыған шабағы жетпей ме? Бере бер астырып...

– Иә, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырсқадай шұбыртып, жүргізіп отырған кіреге мұндай күш керек. Әсіресе ұзақ сапарға таптырмайды.

Бала қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойындәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті.

– Бала, сен қайдан келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі?

– Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.

– Әкеңнің аты кім?

– Мұңайтпас Ернақов.

– Өз атың кім?

– Мұқан. Оны қайтесің?

– Сенімен тамыр болғым келіп тұр...

– Тамыр болып ат мінгізесің бе?

– Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласың, дұрыс па?

– Болайын, айына не бересің?

– Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем, сондай айлық берем, айына бір сом сексен тиын.

– Ей, тамыр, оның аз ғой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Әжем, әке-шешем бар, кедей кісіміз. Ең болмаса, менің тапқаным солардың қант, шай, нанына жететін болсын, аздап қосыңқыра.

– Менен басқа кісі саған сексен тиыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне мына алпамсадай денеңе, оны киіммен жабдықтауға, ішетін тамағыңа екі-үш жігітке беретін қаржым артық шығатынын білесің бе?!

Бала ойланып тұрып-тұрып, келісімін берді.

Келешектегі әлемдік балуан Қажымұқан Масликовқа осылай келіп жалшылыққа тұрды.

* * *

Мұқан Масликовтың үйіне келген күні жалпы кіреші жалшылар жататын жатақханаға орналасты. Сабан төселіп, пеш қойған сарайдың бір бұрышы тиді. Сонда түнеп шықты. Ертеңіне қожасы Мұқанды өз үйінің ауызбөлмесіне шақырып, отыз пұт кеспекті доп қылып домалатқан дәуді өзінің қатын-балаларына, қонақтарына көрсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті баланы айнала қарасып, бойын аршындап, салмағын өлшеп, Масликовтың кереметтей етіп айтқанына сенбеді.



Бұл қалай отыз пұт көтереді? Бойы жиырма кез, салмағы 200 қадақ. Рас, мойны, қол-аяғы жуандау. Бірақ отыз пұт жүкті көтеруі мүмкін емес, – деп, есепшісі өзінің өгіз өлшейтін есебін айтты. Өз сөзін қостамағанына Масликов та ренжіп:

– Жарайды, ендеше, Мұңайтпасовтың кереметін кейін көрерсіңдер, – деді.

– Ал, бала, қалай ұйықтадың? Жатақхана жылы ма екен? Жігіттердің арасы көңілді болар? Олар домбыра тартады, өлең айтады, карта ойнайды. Шынында да, біздің үйден сендердің жатақханаларың қызық...

Қажымұқан біртүрлі көңілсіздік кейпін көрсетіп:

– Қожайын, мен оншалығын білмеймін, түнімен ұйықтағаным жоқ, – деді.

– Неге? Ішінде ұрыс, жанжал көп пе екен? Жанжалдасса, төртеу-бесеуі жиылып отыз пұт болмайды, лақтырмайсың ба, шетінен...

– Жоқ, айта көрмеңіз... әжем ұрысқан, жаман болады деген. Менің төбелес, жанжалға жаным қас.

– Енді неге ұйықтай алмадың?

– Ұйықтай алмағаным, төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Олардың шиқылдаған дауысын естісем, зәрем кетеді.

Масликовтың үй іші, өзі қосылып қарқылдап, көздерінен жас аққанша күлді. Оның қорқатыны жататын жердегі тышқан екенін енді ұққан қожайын ойлана қарап, сөздің соңында күлген жоқ.

– Міне, отыз пұт көтерген палуан... Тышқаннан басқа неден қорқасың?

– Онан басқа еш нәрседен қорықпаймын.

– Қасқырдан ше?

– Ой, тәйірі, қасқыр, аю, қабан дегендер – ит емес пе, иттен кісі қорқа ма? Тек мына адам жататын жерде тышқанның шиқылдағаны жаман...

Мұқанды асүйінің ауызбөлмесіне жататын етті де, өзіне екі ат, бір шана беріп, отын әкеліп тұру жұмысын тапсырды.

ЖАЯУ СҮЙРЕГЕН ШАНА

Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен тартып құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аңыз болып айтылып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып та қайтты. Бойы өсіп, буыны қатая түсіп, он сегіздегі жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, ақпанның ішінде үсті-үстіне төлеп қар жауып, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды.

Айдың аяғына таман ішкі Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.





Масликовтың үй ішіне Мұқанның ауыр мінез, тілалғыш, тәртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да орындап келуіне әбден сенді. Сондықтан:

– Митька (оны Масликовтың үй іші «Мұқан» деуді қиын көріп, «Митька» деп атап кетті), мүмкіндігің болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбіңді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш тұр, – деді қожасы.

– Жарайды, – деді тілалғыш Мұқан.

Түн ортасы ауа жүріп кеткен шөпшілер қар басқан соқпақпен жүру ауыр болып аттарын болдыртып, әрең деп, түсте шөпке жетті. Мұқан жақсы деген екі атты таңдап жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер төбе болып қар басқан шөпті көріп, үрейлері ұшты. Оның қарын аршу үшін бір күн айналу керек сияқты. Жолдастары қарды қай жағынан аршып, шөпті қалай тиеу керегін кеңесіп, әртүрлі тәсілдерін айтып, көп тұруға айналды.

– Сүлдеміз сүйретіліп шөбіне әзер жетіп едік, енді мұны аршып алу азабы шөппен бірге сүйегімізді шанаға салар, – деді тоңып, жақ жүні үрпиген біреуі.

– Масликовтың бір сом сексен тиыны сол сүйегің үшін берілгенін шөптің басына келгенде білдің бе?.. – деді шақ денелі сары жігіт.

– Мұның өзін мына бір жерден ашу оңай болар: үйінді қардың ойпаттау жері екен. Шөптің түбіне шейін шана сыйғандай етіп, қарын алсақ, төбесін басқан қарды кейін көреміз, – деп, тағы біреуі үйілген шөпті айнала басып, төбе болып кеткен қарды төбесіне шығып көріп жүрді.

Оған дәті шыдамаған Мұқан боран үріп, шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, жігінің арасына бастырықты ырғап-ырғап сүңгітіп жіберіп, иығымен көтеріп тастады. Шөпмөбімен үйілген қар жел аударған түндіктей төңкеріліп түсті.

– Ой, мынау не істеді өзі?.. – десті, қалай ашып алудың амалын таппай, есі шығып тұрған жолдастары. Оған Мұқан жауап қайырмады. Бастырықты тағы бір сұғып, екінші көтеріп тастағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, шанасын доғарып сүйреткен бойы жақындатып әкеп, шөпті тией берді.

– Ей, сен не істеп жатырсың? Көмбе қарда атты қалай жекпексің, батып кетеді ғой, – десті жолдастары.

– Менің оны өлшеп, ой тауысуға уақытым жоқ. Қожайын айтты, бітті, менің шөпті тез жеткізуім керек. Осыдан басқа маған түктің керегі жоқ.

– Мына күртік қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

– Атты көтермесе, мені көтереді. Менің атқа шейін сүйреп баруға мұршам келеді ғой деп тұрмын.

– Соны қойшы, нан жеп, әл жинайық та, сонан кейін қалай тиеп алуды ойласармыз, әйтеуір, бала төбесін ашып, азапты





жеңілдетті ғой, – десті, суынған бойларын жылытқалы, беттерін уқалап, қолын қолына соғып, жүгіріп жүрген жігіттер.

Жолдастары нандарын жеп болғанша, Мұқан шөпті таудай қып тиеп болып, бастырығын тартып, жетегінен ұстап, ит шанадай сүйретіп, аттарының қастарына апарып қойды да, ол да нанын жеді.

* * *

Мұқан атын жегіп, жеті-сегіз шақырымдай шыққанда, қарсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиелген шөпке қарсы соққан қарлы жел шөп арасын көтеріп, өңменінен итергендей тіреп, аттың аяғын қия басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, дүлей қараңғы түн басталды. Мұқан шананы сүйрелеп, атқа көмектесті. Айыр шаншып, артынан да итеріп көрді. Шекеден аққан тері өңіріне тамып, түйір-түйір мұз болып қатып жатты. Қалаға жеті шақырым қалғанда, бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төртаяқтап тұрып алды. Ыза кернеген шөпші айырын шананың артына көмейлете шаншып қойды да, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп кеп жібергенде, жүре алмай тұрған ортаға жеккен ат, жетек сынып, бүктелген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеккен ат қайырылып, сыртқа шығып кетті. Мұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатқанша, ол өліп кеткен еді. Шөпші біраз демін алып отырды да, өлген аттың қолдауынан божыны екі қабаттап өткізіп алып, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығынан байлады да, басы көтеріліп салбырап тұрған бөксесін иығына салып тұрып, шананың үстіне лақтырып жіберді. Өзі бел көтергіш қайысты шанаға байлап, қалған атқа пар болып шөпті сүйреп, қаланың шетіне шейін алып келді. Қалаға кірген соң, ол ат та аяғын басудан



тұлып – мал немесе аң терісінен тігілген ішік.
кіре – жалдамалы күш көлігі.
кірекеш – жүк тасушы.

қалды. Оны шананың артына байлай салып, өзі жүкті сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының айналасын күрей бастағанда, адам сүйреткен дәу шана шөп бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді. Бұл алып күштің кім екенін білу үшін, Масликовтың қорасына келгенше топ-тобымен қала адамы шананың артынан ерген еді.

Төбедей болып шөп үйілген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй іші, жалшы жігіттері үрейлене далаға шығысты.

– Ойбай, ат қайда?.. Иттің баласы, – деп жан дауысы шықты байдың.

– Жоқ деген атың шананың үстінде, бір атың шөптің артында байлаулы, қожайын, далада қалған еш нәрсең жоқ, – деді бала. Қожайын өлген атты көріп:

– Шақырыңдар городовойды, мына шошқаға акт жасасын, – деді.

Екі городовой келіп:

– Сүйрет шананы, шөп, атымен. Полицмейстерге алып барамыз, – деді.

Үсті-басы термен буланып, аппақ қырау басқан Мұқан үстіндегі өлген атымен шананы сүйретіп, полицмейстердің қорасына кетті.



ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1-тапсырма. «Қар күреген бала» және «Жаяу сүйреген шана» бөлімдерінің сюжеті бойынша жазушы көтерген негізгі идеяны анықтаңдар.

2-тапсырма. «Жаяу сүйреген шана» бөлімінің шарықтау шегі мен оқиғаның шиеленіскен тұсын тауып, мәнерлеп оқып беріңдер.

3-тапсырма. Автор әңгімені нешінші жақтан баяндайды? Автордың кейіпкерлеріне деген көзқарасын білдіретін эпизодтарды тауып, мәнерлеп оқыңдар.

4-тапсырма. «Көптің көмегі» бөлімін қосымша кітаптардан оқыңдар. Не себепті бөлімді автор «Көптің көмегі» деп атаған?

5-тапсырма. Өз беттеріңше «Халықтың ескертулері», «Парижде» бөлімдерін оқып, Мұқанның дүниеге келуі мен балалық шағы, Париждегі сан қырлы өнері туралы айтып беріңдер.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына түсіп қалған сөздерді қойып, мағынасын түсіндіріңдер.



Баланың мінезі ауыл адамдарына біртүрлі қызық көрінетін еді, өзге баладай ... ол білмейді, ауыр жүк арқалағандай жайлап жүріп, балалар жиналған жерге баратын. Өзге бала ... ойнаса, ол сиыр, жылқының ... жинап, өз алдына ойнай береді, жанындағы балалардың еш нәрсесіне тимейді. Өзіне соқтыққанды аямайды да. Кейбір балалардың әке-шешесі келіп, Мұқанды қорқытайын десе, ... қаша да алмайды. Оның жүгірдім дегеніне аяғы ұзындар аяңдап жүріп-ақ жетіп алады. Біреудің жекіп айтқан сөзіне оның қайтаратын жауабы жоқ, бетінен қорыққан белгі де білінбей, қысық көзінің қиығымен қарайды да тұрады. Оны кейбіреулер ұрады да, бірақ бала болып ... білмейді. Ол адамдар ауылдың анасындай болған Айсарыдан кешірім сұрап:

Мұқаның біздің Сарманды сабап тастапты. Мен қорықсын деп құйрығына бірер тартып жіберіп едім, оған ренжіген жоқсыз ба? – десе:

Бірер шапалақты маған шақса, оның атын Мұқан қояр ма едім. Ондайды ол айтпайды, – дейді Айсары. Сөйтіп, Мұқан ... да, біреудің ... да кісіге айтпайтын болды.

2-тапсырма. «Жаяу сүйреген шана» бөлімінде суреттелетін оқиғаның орнын анықтай отырып, кейіпкерлердің бейнесін сипаттап, дәптерге жазыңдар.

3-тапсырма. «Күш атасын танымас» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе кейіпкерлердің қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдаңдар.

КӨПТИҢ КӨМЕГІ

Мұқан полицмейстердің кеңсесіне қарай шананы сүйрей жөнелгенде, оның соңынан қаланың үлкен-кішілі жүздеген адамы шұбап бірге кетті. Городовойлар оларды серпілту үшін қанша түсін суытса да, жұрт оны елемеді. Балалар күртік қарды қайыстай тіліп келе жатқан шананың артынан итерісіп, Мұқанның ауыр жүгін жеңілдете түсті. Қораға жақындаған соң, городовойлар шананың жанындағыларды қуып, енді бірі кеңседегі бастығына кірді. Бастық маңызданып есік алдына шыққанша, шана сүйреген Мұқан полицмейстердің қорасының қасына тақалып қалды. Үйе тиелген шөптен сүйреген адам көрінбейді. Боран үрлеп, ақ қарды тықпалап тастаған шөптің үстінде аяғы серейіп ат жатыр. Шананың айналасында ор қояндай ойнақ салып балалар жүгіріп жүр. Қолдарына шелегін, күрегін ұстаған әйел, еркектер шананы сүйреткенді көріп қалуға ұмтылып, аяқтарын жүгіре басып, мойындарын созады. Бастық көше толған кісілерді көріп шошып кетіп:

– Бұл не үшін қаптап жүрген адамдар? – деп, жанында тұрған городовойға қарады.

– Ұлы мәртебелі мырза, өзіңіз білмейтін не бар... Еріккен ел жаяу шана сүйреткенді қызық көріп жиналғаны ғой.

– Неге қумайсыңдар бұларды?





– Қууын қудық, мырза. Бірақ қусақ қораларға кіреді де қасына кісілерді қосып алып, қайта жүгіріп шығады

– Қуындар. Қазір тарасын. Шананы сүйреткен қазақ та қызық бұлар үшін. Тарт. Шананы қораға кіргіз, – деп, бастық кеңсеге кірді. Мұқан шанасын сүйретіп полицмейстердің қорасына кіріп кетті. Қораның есігі жабылған сон, городской жиналған адамдарға:

– Жауырындарыңды мына дойыр тілсін демесеңдер, тараңдар, – деп қолындағы қамшысын көпке көрсетті.

– Оныңды бізге неге көрсетесің? – деді біреу.

– Неге кетпейсіңдер? – деп, городской мұртын тікірейтті.

– Қызық көреміз.

– Қандай қызық? – Біздің Петроград, Москвадағыдай театр, клубымыз, циркіміз жоқ... Жаяу шана сүйреткенді көрсек те қызық. Көшеге жиналған елге сендердің бастықтарыңның өкпесі қысылып тұр ма? – деді бір тігінші.

– Ей, мұртыңды сыламай, жаңағы шана сүйреткенді бері шығаршы, көптің дүбірі өкпелеріңді қысса, өзіміз үйімізге алып кетейік. Мұртыңды несіне тікірейтесің. Оныңды күнде көріп жүрміз ғой, – деді базардың орнын сыпыратын қарауылшы, городскойға жақындай түсіп.

– Енді тараңдар. Ол бұл қорадан шықпайды.

– Неге?

– Ни ішлеп?

– За что? – деген дауыстар жамырай шықты.

– Ол қазынаға пайдасы тиіп тұрған Масликовтың атын өлтіріп, шанасын сындырып отыр. – Е, Масликовтың байи түсейін деп, дамыл тапқызбай айдатып титығына жегкізген аттары жылда қырылып жатады ғой. Өлген аттарын малшыларына төлеткізеді. Оларды ұрып, ұрсып жәбірлейді. Боранға ұшып өліп, жарымжан болған жалшысы аз ба? Сендер соны қораларыңа неге қамамайсыңдар. Кеше шөкпе кеткен бес көліктен шөпті жаяу сүйретіп біреуі ғана келді қалаға. Төртеуін қар басып, далада қалды. Аты түгіл, адамы да қырылып қалған шығар. Городовойлар, оны неге іздемейсіңдер? – деп, біреу дүрсе қоя берді.

– Кетпеңдер, босаған соң дәуді алып барып, тамашасын береміз... Отыз пұттық кеспекті қақпақыл ғып ойнатады, – дейді. Үйдей қарағайды аяғымен теуіп сындырады, – дейді. Сонысын көреміз, – деп даурықты біреулер.

– Бастық қайда? Бай, ат қырылатын болды, шөпті қайтарсын деп жатыр, – деп екі ат жетелеп Масликовтың бір жігіті келді. Тарамай тұрған көпке қабағын шытып бастық тағы шықты.

– Азаматтар, түсіну керек қой. Сіздерге тарқа деген тәртіп берілді. Неге тыңдамайсыңдар? Кеңіл қалдыратын қылық осындайдан шығады енді!





– Полицмейстер мырза, көңіл қалдыратындай көпшілік не істеп тұр. Өз аяғымызбен қар басып тұрмыз. Оның салмағы кімге түскендей...

– Бұларға ұқтырудың өзі бір жұмыс, – деп суыққа шыдамаған бастық даурығып әлденеме айтып, ішке кіре бергенде Масликовтың қамбашысы келіп:

– Тақсыр, шөпті шанасымен қайтарсын деп бай ат жіберіп еді, соған рұқсат етсеңіз.

Көпшілікке құрсанған ашудың шарпуы оған да тиді.

– Мен тергеп, тексеріп, акт жасамай ешнәрсені қорадан шығармаймын.

– Тақсыр-ау, аттар аштан өлуге айналды... – Масликовтың өзі өлсе де, айтқаным айтқан. Атымды өлтірді, тексер деген өзі. Тергеймін енді, ат өлген жерге барып көрем, – деп бастық ашумен есікті тарс жауып, ішке кіріп кетті. Балалар полицмейстердің қорасының жан-жағынан асылып қарап:

– Өне, шанасы қораның дәл ортасында тұр. Өзі қардың үстінде жалаңбас отыр... Өне, тұрды... Кеңсеге кіріп барады, – десіп шулады. Городовойдың біреуі елді тарата алмаған соң солардың «дәу» туралы әңгімесіне өзі де араласты. Өзгелердін өлшеусіз мақтауына бұл есепті дәлелімен араласты.

– Бұл шынында дәу... мына шөп кемінде қырық пұт. Арасына кірген қары бес пұттан қалай кем болар екен... Ал анау ат он бес пұт қайтсе де болады. Сонда 60 пұт жүкті жеті шақырым жерге жаяу сүйрегені ғой. Тегі жай бала емес, – деді. Бастық кеңсесіне кіріп, ат өлтірушіден жауап алды.

– Сенің Масликовқа жұмыс істегеніңе қанша болды?

– Үш жыл.

– Жасың нешеде?

– Оны білмеймін, әйтеуір, жылым түйе...

– Түйе деген немене?

– Түйе – түйе. Малдың ең үлкені.

– Оның жаспен қандай байланысы бар?..

– Қазақта сондай жас болады. Сиыр, қой, жылқы – бәрі бар.

Ешнәрсеге түсінбеген полицмейстер:

– Далада тұрғандардың ішінде қазақ бар ма екен, шақырындаршы бермен, – деп есік алдында тұрған городовойға бұйырды. Ол таяқты ақсақалды ертіп кірді. Полицмейстер қартқа қарап: – Мынау «жылым түйе» дейді. Осының жасы сонда нешеде болады? – деді. Қарт жалшы балаға қарап:

– Түйе жылға ілінбеген. Жылың тышқан шығар? – деді.

– Айта көрмеңіз, ақсақал. Тышқаны құрсын. Әжем «жылың мақұлықтың ең үлкені» деген. Түйеден үлкен мақұлық бола ма, соны айта салып едім.

– Ендеше, жылың ұлу екен. Ұлу деген – балық. Балықтан үлкен мақұлқ болмайды, – деді шал есептеп:



- Мұның жасы он сегізде.
- Жарайды, бара бер, – деді бастық.
- Ал жұмыс істегеніне үш жыл болыпты. Масликовтың содан бері неше атын өлтірдің? – Осы шөптің үстінде жатқан ат. Мен еш уақытта ат өлтіргім келмейді.
- Енді қалай өлді? – Масликов шөпті көп тие деді. Көп шөпті тарта алмай ат тұрып қалды. Мен шананы итеріп жібердім. Шананың астына түсіп, өліп қалды.
- Қалай астына ат түседі?
- Атыңды ана шананың алдына қой, мен шананы итеріп, қалай түскенін көрсетейін. – Ә... ә. Сен менің атымды өлтіргің келген екен, ә? Мен саған көрсетемін атты.
- Есіктен сөйлей, тұлыпқа оранып кеңсеге Масликов кірді. – Аттарымның ішіндегі асыл тұқымды ең жақсы атым еді. Россиядан әкеліп, Шарафитдин мырза сатып еді. Биыл жасы он алтыда болатын. Баланстағы құны бір жүз сексен сом екен. Жалшылықпен өтеуге бұл иттің өмірі жетпейді Қалай болатынын енді өзім де түсінбей отырмын, – деді. Байдың бетіне тесіле бір қарап, тергеуші ат өлтірушіге:
- Көрдің бе, байлар атының жасына шейін біледі, ә сен өз жасыңды білмейсің. Қай жасыңда қандай жұмыс істегеніңді біреу сұраса қалай айтасың?..
- Оны білем ғой. Өне бір жылы өрісте өлген өгізді үйге көтеріп әкелдім. Сонан бір жыл кейін құдыққа түскен Құтпанның түйесін шығарып бердім. Биыл байдың шөбін өлген атын үстіне салып сүйреп үйіне, онан осы кеңсеге әкелдім. Бұған жас санаудың не керегі бар?
- Қой, ол былшылыңды. Полицмейстер, мұнан атты өндіріп бересің, – дейді бай.
- Жалақысынан ұста.
- Айлығы бір сом сексен тиын, оған мұның өмірі жете ме? Мен пәлен жыл бойына күтіп отырамын ба? Оған шейін бұл шайтан барлық атымды қырып бітіреді ғой. Үйінде малы болса, әкеліп беретін болсын.
- Үйінде мал бар ма?
- Малым көп...
- Кепілге алатын адамың бар ма?
- Кепілдің керегі жоқ. Өзім өтірік айтпаймын. – Далаға шығып, мына тұрған кісілердің ішінен тауып беретінің бар ма? Кепілсіз болмайды.
- Даладағының бәрі кепіл болады.
- Қалай бәрі, танымайтын кісілер саған қалай кепіл болмақ? – деп сұраушы танданды. – Далаға шығарып көрейік. Даладағы қазақтың біреуі танитын шығар.
- Мұны тануын таниды. Маған ат төлейтін адам керек қой. Бәрін табамын. Тек далаға шығайықшы, – деді Мұқан. Шана





сүйреген бала далаға, шығуы-ақ мұң екен, күтіп тұрған ел неше түрлі тілде айқай салысты:

– Актысын жазып бітті ме? Бері кел, ортамызға. Көрейікші өзіңді, – десіп қолынан ұстаған бойымен көпшілік ортасына алып кетті. Кеңседен алып шыққандардың әкімгершілігі мен байлығы аяққа басылып, елең қылған жан болмады.

– Ей-ей... кепіл керек оған, Масликовтын атын төлеу керек, – деді полицмейстер. – Ненің кепілі?! – деп күжілдесті, даурыққан көпшілік.

– Бері, бері. Мына ықтасынға алып келіңдер. Тер қатып, ауырып қалар өзі, – десіп айналасын қоршалай көшенің арғы бетіне шығып кетті. Полицмейстердің айқайы, городскойдың ысқырығы шырылдап, азан-қазаны шықты.

– Уә, сендерге не болды? Мұнша дегбірлеріңнен неге айрыласыңдар? – деп, ұзын мұртты біреу артына одырая қарады.

– Қайда апарасыңдар қылмыстыны?

– Қайдағы қылмыс? Ұрлық қылып па бұл?

– Ат өлтірген, соны төлейді.

– Ай, Масликов, сенде ар бар ма? Осы бала шанадағы шөпті жаяу сүйретіп келмесе қорадағы барлық атың қырылады. Сенің орнында мен болсам, осыған жүз сом берер едім, – деді жуан жұдырығын түйе сөйлеген мал союшы Петька.

– Шуылдамаңдар, атты төлейді, – деді полицмейстер, – оған шейін ат өлтірушіге кепіл керек!

– Оған кепілдің керегі не... Күнімен соған бола баланы ұстап отырсың, әлгіде айтсаңыз еді. Тарыдан – тау, тамшыдан – теңіз тұрғызған көп емес пе бұл, – деді біреу.

– Аты қанша тұрады екен? – Бір жүз сексен сом...


– Шығарыңдар бір сомнан. Аты түгіл, Масликовтың әкесінің құнына жеткендей ақша жиналсын! Жүздеген қол қойын-қонышына сұғынып, мә, мә десті. Бір уыс ақша Масликовқа ұсыныла берді.

– Осындай мейірімдерің болмаса, ел деп кім айтар еді.. – деді бір қарт. Ақшаны қолына ұстаған біреу Масликовтың қолына санап беріп, аттың төленгеніне тілхат алды.

– Ой, тоқтаңдар, құны төленді, өлген атты ала кетейік, болмаса Масликов консерв заводына сол аттың етін тағы сатады. Онан да, өзіміз терісін алып, етін итке берейік... Қалған ақшаны қолына ұстап шөпші бала көше толған көпшіліктің ортасында кете барды.

ХАЛЫҚТЫҢ ЕСКЕРТУЛЕРІ

Көшенің жалаң аяғы деп аталатын қаланың алуан түрлі кәсіп иелері бастарын қосқанда көңіл көтеретіндей ермексіз де емес еді. Орталарында жас балуан Мұқан, әңгімешіл қарты да, би билеп, сырнай тартушысы да, алуан кейіпке түсіп күлдірушісі де, домбыра тартып, ән салатын ақыны да бар еді. Сапарбайдың екі бөлмелі үйі алуан түрлі кәсіп иелеріне толды. Қарт кісілердің





көпшілігі мұндай бас құраған жерде әңгімесін өздерін жинаған себепке бейімдеп айтатын ежелгі әдетімен, естіген, есте қалғандарын, көргендерін балуандарға байланыстырып айтты. Оны кейбіреуі тігісін жатқызып, өңдей айтып берсе, біреу-лері терең судан басын шалып орған қамыстай, шашыратып, әлдекімнен есіткен бірдеңесін кебірден илеген балшықтай, берекесін қашырып айтты.

– Ұмытпасам, осы отырған Құлекең де болды-ау деймін, баяғы бір Сарытораңғыл деген жерде, тарақтының асы деген, ас болды-ау.

– Айғақтамай-ақ айта берсеңші, орашолақ неме... Барымтаның дауында отырған жоқсың ғой. Менің тарақтының асына барғаным, рас, бірақ Сарытораңғыл емес, Сарытерек деген жерде болған. Әңгімені божыратпай, жинақтап айт, – деді Құлымбет қарт тыңдаушыларды бір күлдіріп.

– Бәрібір емес пе, Тораңғылы не. Терегі не, сондағы әне бір дәуді айтайын деймін-ау... Сендерге өтірік, маған шын, құдай салмасын, басы мен мойны Андрейдің тап асыл тұқымды бұқасыныкіндей екен. Ортаға келіп отыра қалғанда, ішегін тартып, таңырқамаған кісі қалмады. Беліне екі кісінің құшағы жетер емес. Білегіне алақұрт моншақтап өткізіп, жіп байлап, оған баланың жұдырығындай қоңырау тағып қойыпты. Төбедей болып шөкелей отырып, есіней түсіп, қолын уқалағанда, қоңырау шылдыр-шылдыр етеді. Ойпырм-ай, емшегі тап Құрымбайдың шайлап қалған бәйбішесінің емше-гіндей... Көзі...– Ей, көр-жерін былжырақтата бермей, жыққанын айтсайшы!

– Е, сонысын айт, дене деген әркімде де бола береді ғой.

– Жыққанын көргенім жоқ. «Сен шық, сен шық» деп жатқанда әкем маған «атқа бар»... деп құды да жіберді, тегі оны ешкім жықпау керек. – Айтып болғаның осы ма?

– Иә, тегі үлкенін айтамын-ау, сол балуанның...

– Жықты ма енді?

– Оны білмеймін.

– Құлеке, соны былжырақтатпай, өзіңіз айтыңызшы, кімді айтып отыр осы?

– Мұның айтып отырғаны Сарытеректегі тарақты Өтемістің асы. Онда бұл он үш, он төрттегі бала болатын. Сонда сонан қара таудың теріскейінен қожа балуан деген келген. Оны: «жауырыны жерге тимеген, жанды көзіне ілмеген балуан» деп, дәріптеп, алғашқыда ешкім бата алмай, жұрттың бөгелгені рас. Бірақ инеге шаншар еті жоқ, ап-арық біреу көз ілестірмей жығып кеткен.

– Мынаның айтқан суреті қайда қалды?

– Ей, сурет деген суға түссе еріп кететін қағаз емес пе. Осының былдырақтап айтқанының бәрі рас: есінеп, көзін ашып-жұмып, әлдене арқасын құрыстырғандай қолын уқалап, денесі мұздаған





аттай сілкініп отырды. Бай-балпаңдар бәйгемен әуреленіп кетіп, сырлық, қырлық болып бөлініп, палуанға түскен екі топтың қырлығын Үдербай ақсақал басқарды. Сырлық жағын Жызақ-Созақтан келген Мәукен деген біреу басқарды. Қожа балуанның әлпетінен шошынып, балуандар бөгелгенде, Үдекеңді ашу кернеп кетіп, ұзын қасы көзін жапты да, кеудесіне түскен сақалы селеудей шайқалып, күжілдеген мығым үнімен:

– Ұл тудым деп шешелерің бөкпен жеген біреуің бармысың? – деп иегін артына қарай бір көтерді. Топтың сыртын ала тұрған Қазылхан атты біреу, қалың топты қайыстай тіліп, алға шықты да:

– Бар, Үдеке! Нағыз ұлдың өзі болмаса, ұлшығы бар, Үдеке... – деп атынан түсе берді. Ол киімін шешіп те әуреленбеді, түйе жүн шекпенінің оң жеңін шешіп, қыл шылбырды алып беліне байлай, бос жеңін соған қыстыра салды. Қожа балуанның сәулетіне қайран қалған жұрт оны күреске түседі деп те ойламады. Беліне баланың құшағы жеткендей жіңішке, жауырыны кергіш қойғандай жалпақ, жаратқан арғымақтай қатып қалған жас жігіт екен. Ол отырған алып дененің алдына барғанда:

– Мына біреуді қандай сор қысып келді? – десіп жұрт гу ете қалды. Жігіт оны елең қылған жоқ. Дәу ауыр жүкпен әзер тұрған түйедей орнынан тұрды да, артына қарай қолын жайды. Оның қасына ертіп жүрген сәлдесі шаңырақтай, семіз қожасы бар екен. Сол ат үстінде тұрып:

– Бабаң Әлі-Шыри-хұда жар болсын, – деп бата берді. Әлгі шыққан белгісіз балуан оған қараған да жоқ, бата да сұраған жоқ. Қожа баламен ойнаған кісідей, белін ұстамай, жауырынынан бүргелі қолын арбаңдата бергенде, жігіт бөріге түскен бүркіттей, күдері белбеуге қолы сарт ете түсіп, жел құлатқан дөңбектей жерге гүрс еткізді. Ауыр дене мәңгірген басын жерден көтере алмай жатқанда, жігіт жеңін киіп, атына мінді де, бәйге күткен топқа қарай жортып жүре берді...

– Япырмай, атын білмедіңіз бе, Құлеке? – десіп, тыңдаушылар ынтыға түсті.

– Ондай кісі білінбей тұра ма, түбі түрікпеннен келіп қазаққа сіңген Мұғалбек деген біреу болып шықты.


– Аңғырт қожаны әдіспен жығып кетті ме екен?.. – деді біреу.

– Күшсіз әдіс не бітіреді. Онда күш те, жылдамдық та бар. «Қапы кетті, қайта күрестіреміз» деп Сырлық тобы шу көтергенде, балуан:

– Қапылық жоқ. Артық күшпен арсыз балуан қайта күреседі. Мен енді күресті қойдым, – депті.

– Мұғалбектің қайтып күрескенін көрген, есіткеніңіз жоқ па? Ол әлі бар да болар.

– Бар. Мен қатарлы жасы бар. Алтайдың төрт дуан бас қосқан тойында бас балуанды жыққан біреуді жықты да, қайтып күре-





спей қойды. Өзі мақтануды сүймейтін, салмақты кісі. «Балуан» деп сөз қатқанға:

– Менің атым ол емес, өз атымды айта беріңдер, – дейді. Екі баласы екі үй болып, Есілдің бас жағын мекендеп жүр.

– Біздің Мұқан да сондай жауырыны жерге тимеген балуан болып шықса, абыройына ортақ болып, үйде отырып біз де мақтанамыз, – деп Сапарбай қарт балаға қарады.

– Ерекше біткен күш – өрт сияқты. Ол орынды тұтанса тасты балқытып, темірге айналдырады. Орынсыз тұтанса елді өртейді. Денеге біткен қуатты игеру үшін – ақыл керек... – деді Құлекең.

* * *

Қаңтар-ақпанның сықырлаған аязды күндері Айсарыны кеудіретіп тастады. Адамның кәрілікке мойығысы келмейтін ежелгі әдетімен: «Осы бір желі құрғыр жауырынымнан бүркіттей бүрді де қозғалтпай қойды. Оның үстіне шаншуы келіп, бүйірімнен тікендей қадалды да қалды... Жердің шоң қайысын тілгілеп, үй істеді дегенді кім көрген! Осы бір тірілей кірген моладай, жер үй деген бәле шықты да, еңсені көтертпей, түнерген қардың бұлтындай басады да тұрады. Меш дей ме, пеш дей ме... Жуа қазған баладай, жалтыраған аузына үңілтті де қойды. Ойқой, жабуы бүтін болса, киіз үйге не жет-сін... Іргесін қармен көміп, талай зымыстан қысты өткізіп едік. Шаншу, жел деген бәле болып көрген бе онда. «Өскен ағаштай, заманның бұл да бір шығарған жаңа тікені-дағы», – деп күрсінеді. Онысын есіткен жастар күледі:

– Әже-ау, кесек пешті жер үйдің ішінде екі мезгіл от жақпаса тоңып жатамыз, шатынаған аязда киіз үйде қалай жатады, жас бала қырылып қалмай ма?.. – Қырылмай-ақ, сендерді өрбіткен бабаларың сол үйдің ішінде туып-өскен. Үй ықтап үйренген жетім танадай далаға шықпай, қосаяқ тышқандай інге үйреніп алған немесіңдер де! Болмаса, ақсүйек қылған жұт Қоянды да сол үйде-ақ қарсы алғанбыз... Сондай суық түннің бірінде, кешкі асқа тәбеті болмағал Айсары киімін шешпей, отырған жеріне қисайып, көз іліндіріп алды да, жаңа жатқан келінін тұрғызып, шырақ жаққан-ды.

– Мұңайтпас, ұйықтап қалдың ба?

– Немене, апа?

– Е... жылы үй, жылы төсек, жат балам, жат. Сол бір жетім баланың халін біліп кел дегенім қашан. Өз шешесі тірі болса ол осы үйден кетер ме еді. Жас кезінде торғайдай паналаған бұтасы мен болып едім. Кем-кетігіне соның шешесін тығын еткен ку құдай, жетімекті жеті қарынды етіп, жеті кісінің асын ішпесе бүйірі шықпайтын етті. Жетім қозымды жетелеп аттатқандай, ертіп жүріп асыраған – мен, еңсеме сүйеу белім бүгіліп, басатын аяқтың табаны сөгілген соң қаңғырып кетіп еді. Күзде барып, жинап-тергенін әкеліп, қылғып алдың да, сондай жан бар еді, деп





есіңе де алмайсың. Есіңе түсіргендей дыбыс шығаратын перне үзілген, есіңе қайдан түссін ол?

– Апажан-ау, не болды? – деп, Мұңайтпас төсегінен тұрып, тонын жамылып, анасының алдына келіп отырды.

– Не болсын, жетімім тарығып жүр. Бір жеті болды, түсімнен шықпайды. Тоғайдың топты көкжал қасқыры қамап жүр. Сырғауылды сындырып алып, айғай салған үнімен ояндым. Қияндағы қиын жұмысына соны жұмсайды деп едің, тоғайдың топты қасқыры соны жеп-ақ қойған шығар...

– Апажан, тәңірдің таңы атса, жаяу кетсем де барып келейін. Өзің тымауратып жүріп, қинала бермеші, шешініп төсегіңе жатшы.

– Қасқыр жеп қойса бардың не, бармадың не? Сол жетімнің хабарын есітпей, мен төсекке жатпаймын! – деп, Айсары шартта жүгініп, жасаураған көзін жұмып алды. Жер төңкеріліп жатса да бөгде сөз аузынан шықпайтын ананың бетіне қадалып, Мұңайтпас та отыра берді. Көзін жұмған ана, Мұқанның туып-өскен күндерін суырған жіптей ой жасуынан өткізді.

* * *

Қазақтың ежелгі әдетімен Лук пен Ернақтың көп жылғы достығын есте қалдыру үшін қартайып келгенде, сүйек жаңғырту жолымен құдалық болды. Баласы ер жете бергенде Ернақ өлді. Кеудіреп қалған Лук батыр Айсарыға көңіл айта отырып:– Ернақ пен екеуміз, ханның қанды жорығынан қайтып келе жатып, жүйесіз істеген желікке пұшайман болып, қайтып хан тағына жуымасқа серт еткен едік. Үлкен көлдің жиегінде біріне-бірі жабыса шыққан зәулім ағаштың түбінде, жалаңаш төсімізді басып тұрып: «Осы жабыса біткен қос ағаштай, құшақтасқан достығымызды қара жер айырсын», – деп едік, сол сертімізге қаяу түсірмей жеттік. Міне, қара жер айырып отыр. Қос таспадан өрген арқамшыдай¹ достықтың бірі үзіліп, бірі қалды. Балалардың арасында бізде болған көңілдей жылу бола ма, жоқ па, оны өрбіген өмір өзі шеше жатар. Менің де алатын дәмім санаулы. Айсары, сенің де күздің өсері тоқтаған шөбіндей сарғыш тартқан мезгілің келіп қалып еді. Саған көмекші керек. Қазақтың қызын атасаң иегін қораға қарай көтеретін әдеті. Мал бар болғыр екі үйде де құмнан қазған құдықтың шалшығындай жартымсыз. Досым үшін істеген ақырғы дәрменім болсын, үлкен балам Қалидың қызын, бірер жасы жетпесе де көмекшіңе берейін. Қазақтың «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» дегені бар. Қолдағы бармен той-томалағын істеп ауылдың батасын алып, келер айдың басында сені қолқанатты еткім кеп отыр, – деді. – Мейіріміңе құлдық. Бұтақтарыңа өмір, бақыт, өзіңе абырой, иман берсін. Айтуға тілім жетпей жүрген тілегім еді, – деп, Айсары көзіндегі іркілген жасты кимешегінің шалғайымен сүртті. Сөйтіп Лук






батырдың немересі Кәбира Мұңайтпаспен қосылды. – Жас Кәбираның қайраттылығы ауылға аңыз болды. Отынды тоғайдан басқа әйелдер арқалап әкелсе, ол құлап қалған қу ағашты бұтарламай түгелдей иығына салып көтеріп әкелді. Бір әкелгені айлық отын болғандай ағашты көріп: «Бұл Кәбира аман болса, үйіне тоғайды жерімен көтеріп әкеледі», – десіп, ауыл кісілері күлісті. Бала айғайласа да құлағын тосып, сөз терме әдеті жоқ Кәбира, мақтаса тасып, жаман айтса жасымады. Ер мінезді келіншек ауыл-үйдің шамасы келмей жатқан ісіне қайырымды болды. Көтере алмай жатқан қабы, сындыра алмай жатқан ағашы, тарта алмай жатқан диірмені болса күлімсірей келіп, тіл қатпай қолына ала салатын еді. Осындай мейірімділігі үшін оған алғыс айтпайтын ауылдасы жоқ болатын. Үйірсек Айсары Кәбира келгеннен өзіне ермек болғандай бір бөбек болуын аңсады. Ауыл адамдары да Кәбираға айтқан алғысын: «Ұл тап, үбірлі-шүбірлі бол», – деуші еді. Көңіліндегі тілегін айтқан кісілерге: «Ылайым айтқандарың келсін» деп, Айсары да қол жаюмен болды. Бірақ Айсары қанша асықса да жаратылыс асықпады. Кәбираның салтаңдығы үш-төрт жылға созылды. Жылдан жылға кәрілік жеңіп бара жатқая қарт ананың үһлеуі көбейе берді. Бесінші жылға аяқ басып, «сараң тәңірім, тандырымды шын кептіргелі жүрмісің,...» – еген сөзді көбірек айтып жүргенде, Кәбира екіқабат болды да, мезгілді күнін өткізіп барып егіз ұл тапты. – Асаным мен Үсенім, бере салған қос қозым! – деп Айсары қуанды. Сөйтіп, қуаныш қойнын екі жақты бірдей ашты. Жас ұрпағын иіскеп, жасаурай бастаған қарт анаға қайғының көшпелі қара бұлты көлеңкесін түсіре қалды. Дәрігерлік ғылымның дариясы бөгеулі жатқан елге қорасан кеселінің індеті келіп қаптады. Оның алдымен ұратын жапырағы жас сәбилер болды, екіні толтырып, үшке аяқ басқан Асан мен Үсенді жұлды да кетті. Қайратты ана жұлыны үзілген аруанадай шөкті де қалды. Ол келелі кеңесін айтып, кісімен сөйлесуді де қойып, сал ауруға айналды. «Бір гүлің солса, екінші гүлің бүртік жарды» деп, жедел көтерген Кәбира да болмады. Тағы екі жыл өтті. Айсарының бурыл тартқан шашы түгелдей ағарып, емендей ілікпейтін денесі әбден еңкіш тартайын деді. Қос немересі қойнынан шыққанына үш жыл толып, жаздың шуағы жер бетіне жайыла бастағанда, шөгіп қалған ананы бір ғажайып күш килігіп, орнынан көтерді. Жердің түгі түгел жер бетіне шыққанда, үй тіршілігімен Мұңайтпас пен Кәбира ертелеп кетіп қалған еді. Кәбира сауын сиырдың бұзауын жайғастырып, отынын ала келетін әдетімен үйге келгенде, тек дәретін алып, намазын оқығанда болмаса төсегінен қозғалмайтын ана үйде жоқ болып шықты. Көшпелі елдің әдетіне иін тіресіп үй қонып көрген бе, оқшаулау отырған қасындағы үйлерден сұрастырып, ешкімнің көзіне түспегенін білді. Жарлы ауылдың белдеуде тұрған аттары да жоқ еді. Жаяулап ауыл айналасын жабыла іздесе де, кешке





шейін Айсары ананы таба алмады. Шаңдатып жатқан жолы жоқ, көгал басқан даладан із де шықпады. Анықтағандары жеңіл киімін киіп еңдей істеген бес кездік тік белбеуін буынып кетіпті. Ертеңіне екі-үш адам атқа мініп, Есіл жағасындағы ауылдардан, жоғарылы-төменді, «сонда соғар» деген жерді түгел ақтарып шықты. Бәрінде де болмады. Сасқан ауыл: «суға түсіп кетпесін» деген болжалымен өзен бойын төмен жағалады. Сөйтіп, үлкен абыржуда жатқанда, төрт күннен кейін, бір буда шөптің ақ тамырын қолтығына қысып Айсары да келді. Оның Есілдің аржағында күншілік жердегі «Дәрілі қобы» деген шоқылардан келе жатқанын көрші ауылдың малшысы көріп, атымен ауылға әкеліп салды. Қарт ана өзі әбден шаршаса да, жолы болып қайтқан кісідей, көңілді сияқты. Келген күні бұрынғы тұйық мінезімен отырып демалды да, келер күні жадырай сөйлеп, Мұңайтпасқа: – Балам, қыстан күйлі шыққан боз тоқтыңды әкеліп сой, – деді. Орынсыз айтпайтын, айтқанынан қайтпайтын ананың сөзін баласы тіл қатпай орындады. Оның жарты етін астырып, ауылдың қарт кісілерін шақырды. Оның тіл қатқанын аңсап жүрген ауыл кісілері, көңілдене келіп, қайда кетіп қалғанын сұрасты. – Кәбирам келіп, жалқы Мұңайтпасым жұп болып қуанып едім. Асан, Үсенім туып, қос қозымды құшақтап. Қап тауының шоқысына шыққандай сүйінген едім. Егіз қозымнан айрылған соң Қаратаудың қатпар тасындай қайғы басып еді мені. Жатқанымда жарқ ете қалған сәулеге кездесем бе деп едім, оның жолы да ұзап кетіп барады. Құр қайғы, құрғақ тілек дегеніміз жеткізбейтін болған соң, сәуленің жолын іздедім. Біздің ертегінің данасы, тұңғыық теңіздің түбінен асыл тас тергендей жұмбақ сырдың шешуін айтып, ақ кітабын аударып, жапырақты дәрі етіп жазылмас кеселдің емін тапқан әкім Лұқпандай емшіміз бар ма? Мына бір екі иығын жұлып жеп, аузы көпіріп, көзін алақтатқан бақсы-балгер, демші-құшынаш дегендердің өкпемен сабағанынан басқа емі жоқ. Менің Кәбирам еркек мінездес, ыстық, суықта жастық жалыны лапылдап жүріп, бойын суық алып қалды. Соны емдеу үшін әкем айта беретін жерден тамыр дәрі қазып алып келдім. Бүгін баталарыңызды алып, ертеңнен бастап соны емдегелі отырмын. – Уа, ақылды ана, тілегіңе жет! – десіп үйдегілер гу ете түсті. Әкелген шөп тамырын тазалап, сүтке қайнатып, он бес күн ішкізді. Кәбира жаз ортасы ауа екікабат болды. Бұл қуаныш Айсарыны түгелдей айықтырып жіберді. Айсары бармағын басып, өткен айларды санап, қалжасына соятын малын, белбайлар бөкпеніне жармасын дайындады. Мөлшерлі тоғыз ай, тоғыз күн өтті. Кәбираның құрсағы шеңберлей түскенін көріп, ауыл адамдары: «тағы егіз болар» десетін еді. Ондай сөзді құлағы шалған Айсары «тіпә» деп қоятын. Санаулы күн өтсе де бала туа қоймады. Сүйініш күткен қарт ананың қуанышына уайым араласа бастады. Егіз баласы ішінде жүргенде бөрене иықтап келетін қайратты Кәбира, аяғы ауырлап, үйден





ұзап шыға алмайтын болды. Енді жыл көтере ме дегенде Кәбираға ауыр толғақ келді де безектетті. Екі күн, екі түн бақанға асылып тұрды. Жаны қысылып, сасқан қарт ана боз қасқа айтқызып, мал шалды. Ақырында арыстай ұл туды. Бала жалқы болса да, тұңғыш тапқан егізінен әрі салмақты, әрі үлкен еді. Мөлшерден артық толғақ Кәбираны талдырып тастады. Аянбай қолданған анайы шаралар екі күн өмірін сақтап, ақыры уыз сүтін ұлына сорғызып отырып, жан тәсілім еткен болатын. Өліп жазылған құшақтан немересін алған қарт анаға қараған Кәбираның жанары бейнебір жүрегінде басқан таңба сияқты еді. Ұйқысыз өткізген түн сол көріністерді түгел иіріп әкеліп, ми қапшығына тығып еді. Бір қолтығына қайғы, бір қолтығына қуаныш құшақтап туған баланың атын мығым, мықты болсын деген тілекпен Мұқан қойды. Денелі баланың асырауы да қартайған Айсарыға оңай соқпады. Үш адамға бөлінетін жалғыз сиырдың сүті сәбиді жарыта алмады. Бес-алты ай өткен соң бір сиырдың сүтін түгел берсе де бала тоймады. Егін екпейтін үйдің сүтке қосып беретін дәні де болмады. Дағдарған Айсары Мұңайтпасты өзінің төркініне жіберіп, бір сауын сиыр сұратып алды. Сөйтіп жүріп, немересін аяқтандырып, ауыл қыдырып, ірімшік, құрт сұрап асыраған еді. Осындай мейірбанды анасының қадірін немересі білмей қалған жоқ. «Менің өмірімді жазғанда анам Айсарыны қалдырма. Менің өрбіген өмірімді, тасыған қайратымды берген сол анам. Мен оның Кавказдың алып тауындай, биік күннің шуағындай жылы, мейірбандық еңбегінің тозаңын да өтегенім жоқ. Мені білген кісі – менен бұрын соны білсін. Онан басқа кісі мені асырап, кемеліме келтіре алмас еді», – дейтін марқұм. Әкесі Қызылжарға келгенде, Мұқанның босанғанына айдан асып қалды. Кезекпен қонаққа шақырып жүріп: баланың бетіне қан жүгіріп, бірі көйлек, бірі шапан тіктіріп кигізіп, киімін де бүтіндеді. Бұрын келгенде айлап алған тиын-тебенін алып қайтатын Мұңайтпас бұл жолы ондай талғаудан үмітін үзіп келіп еді, – онысы бекер болды. Петька өлген аттың терісін далаға тастамай, сыпырып алып, ишіге беріп, былғары етіп шығарды да, жиырма бес сом ақшаны Мұқан үйіне барған күні қалтасына салып: – Сен бұл ақшадан үйіңе аздап қарас та, қалғанын қалтаңа сақта. Күн жылыған соң сені үйрететін бір жерге жіберуге кеңесіп жүрміз. Біздің фабриканың механигі Василийдің туысы Оренбург циркінің балуаны екен. Сол май айында осында келем депті, соған ертіп жібереміз. Бала, бойыңа біткен бұл күшті арба-шанаға әуре етіп қайтесің, алдыңда үміт сәулесі бар бір жерге апарып жұмса. Көпшіліктің сенен күткен үмітін сонда ғана ақтайсың, – деді. Үндемей отырып сөзін тыңдаған Мұқанға Петька айтқан «сәуле» көзіне айқын көрініп, қол бұлғап шақырғандай болды. Бірақ оған апаратын жолдың қайда жатқаны белгісіз. Мұңайтпас қалаға жақын елге келіп қонғанда Мұқан туралы уайымы еріген мұздай тарап кетті. Қонған





үйіндегі сөзуар қарт, келе жатқан жұмысының бағдарын сұрап, жөн-жоспарын біліп алып: – Е, Ернақ батырдың Мұңайтпасы болсаң түсінікті. Әкең Ернақты да, шешең Айсарыны да білем. Анаңның әкесі Лук балуанмен бір кезде құда-жекжаттығымыз да болған екен. Қатынасымыз сиресе де, сырттан сұрап, жағдайларыңа қанықпын. Немересі туралы қайғырған қартты қуантып, алғысын алғандай жағдай келіп-ақ тұр екен, амал қанша, ара қонып баратын жерге жеткізетін көлік те, бойда баяғыдай қуат та жоқ. Қартайғанда қарға адым жер мұң болды деген уақыт... Ол баланың хабарын біз есіткелі айдан асып кетті. Уайымдап келсең, қуан. Шүйіншім үшін Айсарыға сәлемімді жеткіз. Ол менен бірер жасы кіші, замандас едік. Бағаналы Ердәулет десең өзі біледі, – деп Мұқанның жайын анықтап айтты. Мұңайтпас қарттың үйінен қуанышпен аттанды.

* * *

Баланың мінезі ауыл адамдарына бүр түрлі қызық көрінетін еді, өзге баладай айғайлап жүгіруді ол білмейді, ауыр жүк арқалағандай жайлап жүріп, балалар жиналған жерге баратын. Өзге бала асық ойнаса, ол сиыр, жылқының топайын жинап, өз алдына ойнай береді, жанындағы балалардың ешнәрсесіне тимейді. Өзіне соқтыққанды аямайды да. Кейбір балалардың әкешесі келіп Мұқанды қорқытайын десе, балпаңдап қаша да алмайды. Оның жүгірдім дегеніне аяғы ұзындар аяңдап жүріп-ақ жетіп алады. Біреудің жекіп айтқан сөзіне оның қайтаратын жауабы жоқ, бетінен қорыққан белгі де білінбей, қысық көзінің қиығымен қарайды да тұрады. Оны кейбіреулер ұрады да, бірақ бала болып жылауды білмейді. Ол адамдар, ауылдың анасындай болған Айсарыдан кешірім сұрап: – Мұқаның біздің Сарманды сабап тастапты. Мен қорықсын деп құйрығына бірер тартып жіберіп едім, оған ренжіген жоқсыз ба? – десе: – Бірер шапалақты маған шақса, оның атын Мұқан қояр ма едім. Ондайды ол айтпайды, – дейді Айсары. Сөйтіп Мұқан біреуді ұрғанын да, біреудің өзін ұрғанын да кісіге айтпайтын болды. Қалақ ағашқа жазып берген жеті әріпті қолына ұстатып сақалды молда: – Ағузы, – десе, қайталап айтқан Мұқан: – ақ өгіз, – дейді, – һа, батшағар, тілің тура айтуға бір келмей-ақ қойды. Енді бісмылда де! – десе: – Пісті мұнда, – дейді. Сонымен бір жыл оқып «А» деген әріптің түсін танымай-ақ қойды. Молданы әбден ашу кернеп, Мұқанды етпетінен жатқызып қойып, көк шыбықпен көк ала торғайдай етіп сабап-сабап қоя берді. Ол әкесіне келіп оны да айтпады. Жарасы жазылғанша мектепке бармай жүреді де, бір күні ертемен келіп, оқитын үйге кірмей есік алдына тұра қалады. Балалар түгел үйге кіріп олардың соңынан шапанын желбегей киген молда кіре бергенде қолындағы жуан таяқпен желкеден періп жіберіп Мұқан молданы етпетінен түсіреді. Мұқанның молдадан алған





білімінің бас-аяғы осы болып, «ағузы» «бісмылдаға» қош айтады. Молданың таяққа жығылғанын естігендер: – Өзіңе де сол керек! Балалардың айтуына қарағанда, молданың ұрған таяғын бала түгіл өгіз көтеретін емес. Арқасынан қан жосып аққанда Мұқан мыңқ деп дыбыс шығармапты. Оны шешесіне де айтпапты. Есі түгел кіріп болмаған баланы сонша жәбірлемесе қайтеді. Бала біткеннің молданың шыбығы тілмеген жон терісі жоқ, – деседі. Соққы көрген Молда Айсарыға келіп: – Бәйбіше, мына балаң менен бір жыл оқып, әліп-биімді ұқпаса да, мені ұрып жығуды үйренген екен. Қапыда ұрып, бір жұма сірестіріп салды. Бас көтеруге бүгін ғана жарап, өзіңе айтқалы келіп отырмын. Баладан таяқ жедім деп басқа кісіге айту да қиын екен... Бұған мұндай қылықты үйретіп жүрген кім? – деді, ыңқылдай отырып. Кемпір бармағын бір жалап, «тіп» деп тілін жалақ еткізіп, иіріп отырған жібінің түйіршігін жазды да – «у» деп далада ойнап жүрген Мұқанға қарады. – Шырағым молда, қай балам ұрды деп шағып отырсың? Мұңайтпасымның ондай мінезі жоқ еді. Ол өмір бойы – бір кісінің бетіне «сен» деп қараған жан емес еді ғой... Мұқаным болса ақыл тоқтатпаған жас емес пе?.. – Мұңайтпас ұрса оның жөні басқа болар еді ғой, мені соққыға жыққан ана оқуын ұқпай жүрген жас немерең Мұқаның... Молдаға баласын берген кісі: «Еті сіздікі, сүйегі біздікі» деп береді. «Аюға намаз үйреткен таяқ», деген ғой бұрынғылар. Мен ұрсам сабағын ұқсын деп ұрып едім, соны кек көріп сойылға жығып кетті. Кемпір бажырайған көзін молдаға қадап біраз отырды да, орнынан бір қозғалып: – Онда өзіңде де бар екен! Мен баламды бергенде «еті сенікі» деп айтқаным жоқ. Етін ит талағандай етіп оқыған сабақтың керегі қанша! Ол жанына батпаса ешкімге тимейді. Оны маған несін айтып отырсың?.. – «Баланы бастан» деген, ұрып қоймайсыз ба?.. – Оны ұруға менің шамам келе ме? Әне анау жайылып жүрген өгіз. Тайынша деген аты болмаса құнан өгіздей сүйекті емес те. Соны мініп ойнап жүреді де ол шаршап жатып қалса, лақтай көтеріп иығына салып, үйге алып келеді. Өгіз көтеріп ойнайтын бала менің ұрғанымды елең қыла ма... Шырағым молда, ит пен баланың қылығын сөз қылмас болар. Мектепке апарып, міндетімнен құтылдым. Өзіңнен оқып төбелесуді үйренді. Өзіңнен оқып молда боп шыққан ешкімді көргеніміз де жоқ. Оқымаса қайтейін... Жылап-еңіреп жүріп, сұрап алғандай болған немерем еді. Анасының уыз сүтіне ерні тимей қалған жетімегім. – Кемпірдің ерні кемсең қағып, даусы дірілдеп: – Ондай балаға қол тигізуге обал болады. Жетімге тиген жеті дозақтың отына күйеді. Өзің молда басыңмен оны неге ұрдың? – деп молдаға үкідей қызарған көзін бажырайта қарап, далаға шығып кетті. Молда үн қатпай отырған жерінде қатып қалды. Баланың бірбеткей тік мінезі қайтып молданы маңына жолатпай, Мұқан оқи алмай қалды. Өзі қатарлы балалар молдаға кеткен соң, ұсақ балалармен





ойнай алмай, Мұқан мал баққан естияр балалармен далаға кететін болды. Малшы балаларға үйір болуы оның еңбекке қатынасуына себепші болды да, он екі жасынан жалшылықпен табыс табатын кәсіпке айналып кетті. Мұқан жазда шанышқақтап шапқылап кететін сиырды жек көріп, момақан жай жүретін қозыны бағуды ұнатты. Қозысын сиыршыларға жапсарлата жайып, Есілдің құзар жарларының көлеңкесінде отырып, түскі ыстықта дем алатын еді. Ол он үштен он төртке шыққанда, ауыл адамын таң қалдырып, күштілігін көрсетті. Ауылдың бойдақ малын бағатын жиырмаға келіп қалған жігіт еді, Мұқан жасынан соған серіктескен, момақан болатын. Шілденің ыстығында жар астына көлеңкелеген өгізшелер мүйіздесіп ойнап жүріп, сүзіскен бойы жар басына шығып кетті. Жасы кіші Мұқан балпаң басып, қайырып келем дегенше, бірін-бірі жерге құлатып жіберді. Биіктен тақиядай ұшқан құнан өгіз мойын омыртқасы үзіліп, өлді де қалды. Естияр бала өгізшені бауыздап, бес-алты шақырым ауылға барып хабарлағанша малынан айрылып қалатын түрі бар. Мұқан қозы мен сиырды қосып бағып тұра алмайды, шанышқақтап қашқан сиырға қуып жету оған қиын. Өлген өгізшені далаға тастап кетсе ит-құс жеп қояды. Ауылдағы үлкен кісілердің ұрсып, ұруынан қорыққан бала-жігіт торығып жылап жіберді. – Сен неге жылайсың? – деді, сабырлы мінезді Мұқан. – Көрмейсің бе, бұл жайрағырдың өліп қалғанын?.. Ауылға барып хабарлағанша екі түлік малды қосып сен баға алмайсың. Өзіңді хабар айтуға жіберсем балпаңдап кешке шейін жүріп аласың, сен барып келгенше мұнысы сасып кетеді. Ең болмаса ет қолына тимеген соң иесі маған төлеттіреді. Ол үшін тағы бір жыл біреудің малын бағуым керек. Кісі есігінде көзі ашылған кедейге сор мінгеседі деген осы. Жыламай қайтейін... – Сен жылама, менің қозымды қосып айдап, ауылға жеткіз. Мен өгізшені көтеріп, иесіне апарып берейін. – Қалай көтересің? – Ол біздің талпақ қоңырдан ауыр емес, мен оны бұдан да кішкене күнімде көтердім. Бұл саған қиын көрінгенмен маған қиын емес, былай мойныма салам да кете берем, – деп, өліп жатқан өгізді көтеріп мойнына салып жардың басына шығарды. – Қозымды сиырыңа қосып айдап келе бер, мынаны апарып тастап алдыңнан шығамын, – деп, адымдай басып кете берді. Он төрт жасар баланың өгіз арқалап келгені, ауыл адамдарын сондайлық таңырқатты. Баланың күшіне сүйсінген мал иесі өлген малдың етін жұртқа таратып жіберді. Оның полицмейстерге «өгіз көтерген жылы» дегені сол еді. Сөйтіп жасынан бала балуан атанды.



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1-тапсырма. Мұқанның күштілігі мен аңқаулығын білдіретін сөздерді дәптерге теріп жазыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.





Үлгі:

Шығармадан үзінді	мағынасы	менің ойымша...
...отыз пұт тоңмай	Пұт – салмағы 16 ки-	Баланың алып күш
құйған кеспек...	лограмға тең ауыр-	иесі екенін білдіре-
	лық өлшемі. Кеспек-	ді. Көп кісі жабы-
	те 480 кг тоңмай	лып көтере алмай
	болған.	жатқанда Мұқан өзі
		жалғыз көтерді.

2-тапсырма. Мұқанның мінезін сипаттап айтыңдар.

Мұқанның мінезі мен күшінің ерекшелігін білдіретін сөздерді дәптерге теріп жазыңдар.

3-тапсырма. Шығарма тақырыбын ашатын сыни хабарлама жасаңдар.

4-тапсырма. Шығарманың толық үлгісінен «Балуан Шолақпен кездесу» атты бөліммен танысыңдар. Мәтіннен троп түрлерін тауып, талдаңдар.

Үлгі:

«Япыр-ай, бұлар тұншығып қалған шығар» деп тұрғанда, үйіріп соғып, үйіліп қалған төбе қар қарс-қарс айырылып, қазанның қақпағындай төңкеріліп түсіпті. ...Сол Алатаудай үйілген қарды алақанымен ысыра салыпты дейді...	Градация: үйіріп соғып, үйіліп қалған төбе қар... <i>Қардың көп екенін дамыту арқылы көрсеткен.</i> Теңеу: қазанның қақпағындай... <i>Қақпаққа ұқсатады.</i> Алатаудай үйілген... <i>Алатау дай биік деп тауға теңеп тұр.</i> Гипербола: алақанымен ысыра салыпты... <i>Ұлғайтып айту се– бәбі, адам биік болып үйілген қарды алақанымен ысыра салуы мүмкін емес.</i>
--	---

ҚАБАНКӨЛДЕГІ КҮРЕС

Қазан қаласының үлкен мерекесі Сабан той жыл сайын Қабан көлде өтетін. Бұл мерекеге Қазан төңірегіндегі селолар, ауылдар, Самар, Екатерина, Уфа, Залатавис қалаларынан да кісілер келіп, жәрмеңкеге айналатын еді.

Алыпсатарлар, ас пісіретіндер, ағаш шауып, аяқ-табақ сататындар, дұғалық жазатын молдалар, бақсы-балгерлер, дүкен ашатын купецтер, жауырыны жерге тимеген балуандар, бәйге құмар атпаздар, ең ақыры адам алдайтын көз байлаушыларға дейін аяқ жетер жердегілері жиналатын. Жылдағы әдетімен со-





лар түгел жиналды. Сонда сатылатын малдың бір түрі болып Омбыдан айдаған саудагер Пресняковтың мыңдаған қойы да келді.

* * *

Омбыдан кәсіп іздеп келген бір топ адам, қолдан келетін жұмыс қарап, әр жерге орналасқанда, екі кісі бірыңғай кетті.

Оның бірі абсиған зор денелі, ұйыса шыққан сақалы самайымен тұтасып, ширатылған жирен мұрты дөдегеге жапсырған оюдай, бетіне жабысып, қошқар тұмсықтанып тұр.

Темір жолдың май басқан шытырмақ тараулары мұнартып жатты. Жұмыс іздеген әлгі екеу әр конторға барып, десятник, старшиналарды жағалап келе жатып, шеткі тығырықта тұрған елу-алпыс қызыл вагон тізбегін көрді. Ашық дала жағында қора-қора қой. Арбалап шөп әкеліп, бұрқыратып түсіріп жатыр. Бір вагонның жанында жатқан темір жиекті тақтайдың шотояғын вагонның жиек теміріне іле алмай, бір топ адамдар көтере беріп, түсіріп алып, қол-аяқтары жараланып, әбігерленіп жатыр. Бұйра бөрікті қожайын темір таяғын шошаңдатып, жұмысшыларды балағаттап, жер-жебіріне жетуде.

– Мына жатқан қойлар бес сағаттың ішінде вагонға тиеліп болуы керек, екі сағаттан бері бір вагонның көпір тақтайын қоя алмайсыңдар. Адам емес – көлеңкесіңдер! Фуйт, – деп жан-жағына түкірігін шашады.

– Әй, жұмысшылар, ана тақтайды көтерісіп жіберіңдер!

– Не деп жатырсың қожайын? Біз саған әзірге жалданғанымыз жоқ! Ақша туатын малды ақша беріп қана вагонға отырғызыңыз. Болмаса мынау адамдарың жер қайысқан қойыңды күзге шейін бір тиеп болар, – дейді жұмысшылардың ішіндегі сақалдысы.


Бір жағы шала ілініп тұрған ауыр тақтай, екінші жағын қозғай бергенде, жерге гүрс ете қалды. Қимылы ұшқалақтау біреу «ойбай, өлдім!» деп безек қақты. Тақтайдың екпіні етпетінен түсіріп, екі аяғын тізесіне шейін басып қалыпты.

Жұрт лом қайдаласып, топырлап жүргенде, жас жұмысшы бір қолымен тақтайды көтеріп, бір қолымен безілдеп жатқанды суырып алды да:

– Мен тұтасымен темір екен десем, ағаш екен ғой құрығыр. Өттеген-ай... оннан артық адам тақтайдың бір жағын көтере алмайды, ә?.. Павел аға, аржағын сүйеп жіберші, осынысын қойып берейін...

– Таста әрі! Ақша бермесе қолыңды әуре қып керегі қанша? Тастай алмай жүрген жаның бар ма!.. Анау май қарын өзі қойып алсын!

Жолдасының қатыгездігін ұнатпаған бала-жігіт тіл қатпастан тақтайдың вагон жақ шетін көтеріп, астына кірді де, жауырынымен лықсытып, жарты кездей тақтайды вагонның ішіне кіргізіп жіберді.





– Әй, ендігісін өздерің жөндеп алыңдар! Жүр кеттік! – деді жолдасына.

Бетін келген жағына қарай бұра берген екеуіне:

– Сен тоқташы, сөйлесейік, – деді шылымын үсті-үстіне бұрқыратып тұрған қожайын. – Сендер мына қой түгел тиеліп болғанша вагонға тақтай қойып бергендерің үшін не сұрайсыңдар?

– Қойып беруі бір сом, түсіріп беруі бір сом, вагон сайын екі сом ақша бер. Байлардың: «Артынан бір-ақ беремініне» сенбеймін, әр он вагон тиелгенде жиырма сом ақшаны қолыма саласың!

– О-х-о! Сен бабаңнан қалған кедейлікке бір күнде қош айттайын деген екенсің! Балтай-шалтайды қойып, вагон басы елу тиыннан ақша ал. Оны да сен үшін емес, мына бір қазақтың алып баласы үшін берем...

– Ол елу тиыныңды жексенбі күні бай боп еткен бабаларыңның моласына апарып арақ іш! Боржойлар қандай мейірімді.. Орыстан артып барып қазақты да жарылқағысы келеді! Жүр кеттік...

Бұлар екеуі әй дейтін жерге барғанда артынан кісі жіберіп, вагон басы бір сомнан келісіп қой тиесті.

Сөйтіп, осы қой тиеген вагонмен Қазан қаласының маңына Мұқан да келді. Үш сағат ішінде тапқан отыз сом ақшаны екеуі бөліп алып, Павел Омбыда қалып қойды.

* * *

Қазан қаласына жақындап барып, кішкене станциядан түскен қойлар Қабанкөліне таянып барып, орманның алаңына қос тігіп, жетіге жақын аялдап қалды. Мұқан түсетін жерге жеткенше екі вагондағы қойға күтуші болып күн тәулігіне бір сомнан жалданып еді, мерзімді жерге жетіп түскен соң босап, қос бағушы болып қалды.

Қазанның қонақ үйінің бірінде жатқан қожайынға жолыққалы кеткен шаруа бөлімін басқарушы екі күннен кейін келіп, түнгі күзетке кісілерін қойып, таулы жердің түнгі салқыны бой тоңазытқан соң, маздата от жағылды. Аспалы қазан, дәу шәйнек мосыға асылып, отты айнала отырған кісілер әңгімеге кірісті.

– Немене, осы жерден үй салғыларың келген бе? Мұншалық жуан қарағайды қалай жеткіздіңдер бұл жерге? – деді басқарушы.

– Миша барда ағаш жеткізу қиын ба, құраған ағаштарды тамырымен, жерімен қопарып, жұлып әкеле берді. Мен қой демегенде, бұл жердің қу ағашын осы араға түгел үйіп алатын түрі бар еді.

– Әй, мұнша ағашты үйіп, Қазаннан там салып алғалы жүрсің бе? Мұнда тегін жатқан ағаш жоқ, бұл күнде қоянның құлағындай да жер бос қалмаған! Бәрінің қожасы бар. Егер орманшы көрсе айып салып, қалтаңдағы барыңды қағып алар.

– Ондайын бай төлемей ме?



– Бай қайдан төлесін; шығыны көбейіп кетті, – деп қойдың жайылымына билет алатын ақша берген жоқ. Сен жойқын күшінді бойыңа сыйғыза алмай, Қазанның ағашымен ойнап жүрсің.

– Осыны бай Орынборға жеткізіп салам деген уәдесін орындар ма екен?

– Мәссаған... бөгде шығынға бай жуи ма? Көбіңнің вагон есігін ашуға құдіреттерің жоқ. Келгенше ауыр жұмыстың бәрін осы атқарды. Қой вагоннан түскеннен бастап, мұның күндік ақысына ақша төлеме деді. Онан бері бес күн өтті. Мұның еңбегін жеген кісі оңа ма. Жолдағысына қосымша, үш күнге ақша төлеуге әзер көндірдім.

– Сен Орынборға апаруды айтасың, қожайын қонақ үйде жатқан татар саудагеріне мақтап, жол шығынын алып, мұны сатып жібергісі бар. Бірақ Қазан саудагері Пресняковқа құйрығын оңай ұстататын емес.

– Сенің малайың Хазрет Сали болса көрейік. Егер айтқаның рас болса, онымен де пайда табатын іс бар. Қабанкөл мейрамында ақша тігіп күресетін күрес болады. Егер кішкенелерін жықса, үлкен ұтысы бар Добрый-Рабий Гафритке саламыз. Оны жықса, ресторанда екі-үш күн отыратын ақша алуға болады, – деді.

– Е... мен олардың «Гафрит» деп отырғанын білемін бір кезде көргем, – деді арбакеш қарт қисайып жатқан басын жерден көтеріп алып. – Ол Еділ бойы мен Сібір елі түгел білетін аңшы – Добрый-Рабий. Мен ұмытпасам, оның жасы осы күнде алпыстан асып кетті. Жасынан байларға жалданып, солардың аңын аулаған кісі. Оның аулайтын аңы – адамды екінің бірінде апатқа ұшырататын: аю, жолбарыс, онан қалса қодас сиыр болыпты. Өмірінде мылтық ұстаған жан емес, оның ұстауын да білмейді екен. Солай бола тұрып, сан жыртқыш аңның терісін сыпырған балуанның денесіне бір жыртқыш дақ салмапты.

– Ой, қой әрі... Мылтықты кісінің өзін жарып тастайтын аңдар, оған сиқырмен ұстата ма! Ондай сиқыршыны бұл заманда көрген кісі жоқ.

– Тоқта, сен. Күшті кісіге күмән келтірме. Мына баланың иығына салып әкелген астыңдағы қарағайды біз төрт кісі әзер көтереміз. Ол мұнан күшті. Онда балтадан басқа құрал болмапты. Аюды ол таспен, ағашпен соғып ала берген. Мен оның қодас сиырды қалай ұстағанын айтайын.

Сен қодас сиыр дегенге – әукесін қасыса бауырын керіп, сүтін беретін сауын сиыр деме. Олар күштілік жағынан пілден бір де кем емес. Әсіресе күші кеудесінде болады. Оның басындағы мүйізінің үшкірлігі Иван Грозныйдың баласын өлтірген асасынан да өткір. Оларға жақындаудың ең қауіпті уақыты бұзаулаған кезінде болады.

Еріккен байлардың істемегені қалған ба... Лондондағы бір бай арнаулы кемемен адам жіберіп, Ресейдің бір князына хат жа-





зыпты: – «Құрметті досым, сіздің отандарыңызды құдай тағала жаратылыс қазынасының әр түрінен кенде қылған жері бар ма? Асыл тас, алтын күмістен мен де кенде емеспін. Қатынымның әкесі аң асырауға құмар адам еді.

Ресейдің қодас сиырының бір бұзауын асырасам деп арман етеді де отырады. Сол үшін арнаулы кеме жібердім. Ұлы дәрежелі марқабатыңыздан осы мұқтажым орындалады деп сенем, – депті. Батыстың тауығы шақырса, басын сәждеге қоятын князь Сібір, Оралдағы достарына телеграмма, хат жазып әбігерленіпті. Қодас сиырдың қай жерде барын, қай мезгілде бұзаулайтынын сұрап, оны тауып ұстайтын кісі іздепті. Сондағы тапқан осы Добрый-Рабый болыпты. Ол сол кезде отызға жаңа жеткен жігіт екен.

Князьдің айтқанын орындап, күрделі сыйлықтан үміт еткен Оралдың ба, Омбының ба бір саудагері, жар құлағы жастыққа тимей, айға-қырға шауып жүріп, Добрый Рабыйды тауып алып, оны екі айға жалдапты.

– Ә, өзі де ақшаны өкіртіп-ақ алған шығар?..

– Өзің де бір аузыңа келгеніңді оттай беретін неме екенсің, саудагер есептемей ақша бергенін көргенің бар ма? Қайратына ғана сенген ондай аңғал адам алдауға баладан да оңай көнгіш болады ғой. Онан да: «Жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүретін» сенімен мен қумыз. Алды-артын ойлап, егжей-тегжейін тексеріп жатқан ол жоқ, – «Сенен басқа кісінің қолынан келмейді. Патшаның сүбелі тұқымының біреуінің бұйрығы еді, сен білмейтін жан бар ма, арыстанның азуын қолыңмен суырған батырым, маған қодастың бір бұзауын ұстап берсін», – деп сәлем айтты деген саудагердің түлкі жалпаңын естіген ол:

– Жарайды, – депті, «не бересің» деп сұрамаған да көрінеді.

Март, апрельдің ішінде саудагер балуанды ертіп, сататын затын ала-мала Алтай тауларына барады. Ондағы аңшылармен сөйлескенде:

– Қодастың бұзаулайтын мезгілі болды. Жанынан безген біреу болмаса, жабайысының бұзауын аламын деп әуре болмай-ақ қой. Тіпті қолға үйреткендерінің өзі, жайылып тауға кеткенде болмаса, бұзауының маңына жан жуытпайды. Оның бұзауын жабық қораға еш уақытта қоймайды, ашық албарда тұрады. Егер жуан бөренеден салынған сарайдың ішінен бұзауының «мө» деген үнін естісе, олар мүйізімен тау да болса төңкеріп тастайды. Ал жабайысына жақындауды, топты мерген болып мылтығымыз қолымызда жүргенде де ойлап көрген емеспіз, – деді.

– Сендер бұл қорқыныштарыңды менің дәуіме айтпай-ақ қойыңдар. Ол сотасымен жолбарысты қоянның көжегіндей соққан балуан, жабайы қодастың бұзауын іздетіп жатқан Романовтардың тұқымының бірі, ол бұйрықты орындамай болмайды, тек бұзаулап жатқан жерін сілтесеңдер болғаны, – деді саудагер.





Добрий-Рабийды көріп, алтайдың аңшылары таң қалысты: «Бұл бөлекше жаратылған тұлға екен, жолбарыс, аюлардың адуыны күшті жауы болса болар. Бірақ қодастың күдіреттілігін бұл көрмеген кісі. Сондықтан мұны ертіп барып, мылтықсыз қалай айқасқанын көрейік. Мылтығымызды «егіз оқпен» оқтап (кең ұңғылы мылтыққа салатын үлкен оқ) арашашы болуға әзір тұрайық, – десіпті, бір топ аңшылар.

Балуан бұзаулап жатқан қодасқа жақындап келіп, ашасына қодастың кеудесі сиятындай жуан ағашты кеседі де, иықтап таудың шатқалында бұзаулап, табынынан бөлініп қалған қодасқа келеді. Қарлы тауларда өсіп-өнген жалбыр жүнді жануарлар, соншалық ауыр денесімен, қия тастарда ор текедей ойнайды. Ес білгелі орман, таудың күшті аңдарымен алысып үйренген алып қодаспен айқасқанда аңғырттық істемейді, жеңетін әдісін ойлайды. Ол шатқалдың қиясымен келіп көзіне түскенде, бұзауын айнала оттап жүрген жануар, оқтай атылып бұған тап береді. Түйдектелген қара бұлттай, шудалы кеуде бас салғанда, шыңның тастай қатты аша шынары кеудесіне кептеліп тұра қалды. Алдыңғы аяғы жерден кісі бойы көтерілген күдіретті қодас, жер тірегінен айрылып, дәрменсізденген соң, жуан мүйізге іліккен күшті қол, құзға қарай серпіп тастағанда, жартастан домалап ала жөнеліпті. Ауыр дене тиіп, көшкен тас, қопарылған ағаштар шыңның ішін гүрілдетіп жібергенде:

– Япырау, мынау тауды көшіріп жіберді ме! – десіпті мергендер. Сөйтіп, тәлтіректеп, аяғын жаңа басып, құлағы қалқиып тұрған жабайы қодастың бұзауын арқалап қайтыпты.

– Саудагерін қойшы, осындай күш иесіне князь не берді екен?

– Князь о жар мінезді балуанды он жылға итжеккенге айда тыпты.


– Сұмдық-ау, онысы қалай?

– Онысын айтайын, ол азаптың ыңғайы былай келіпті... Үлкен олжаның түйіні болған бұзау қолға түскен соң, саудагер темір жол бойындағы қалаға келіп, Петроградта жабайы бұзауға ынтызар болып отырғандарға телеграмманы жаудырады. Оған бабасы Роман тіріліп келіп, тағына қайта отырғандай қуанған князь Лондондағы досына хабарлап, саудагерге – бұзауды арнаулы вагонмен Архангельскіге жеткізуге, оны ұстаушыны ала келуге, күтімі, жол шығынына мың сом ақша жіберіпті.

– Саудагер оның, құдай біледі, жүз сомын да шығармай алып барған шығар-ау, ә...

– Оны өзіміздің қожайыннан сұрарсың, мен қызығын айтайын. Архангельскіге барғанда, князь үй ішімен ағылшындық кемеге мініп, портта күтіп жатыр екен. Бұзауды ұстаушыға құшақтатып қойып суретке түсірмек болады, оны түсіруші кеменің капитаны екен. Капитанның киім ұсқыны жат екенін көріп:

– Бұл қандай елдің адамы? – деп сұрапты балуан.





– Е, мұжығым, сен ұстаған бұзау сэр Холместің сарайында тұрады. Сенің атың соның күнделік дәптеріне жазылатын болды, – деп мақтандырмақ болады князь. – Сонда бұл бұзауым Ресейден кете ме?

– Лондонға барады, сол үшін ұстатып отырмын мұны!..

– Ресейдің жабайы қодасының бұзауын жатқа беру үшін ұстағаным жоқ. Жат жерге кететін болса онда мұның көз жасына қалады екем. Анасының сүйегі Алтайда қалып еді, енді мұның сүйегі Ақ теңізде қалсын! – деп, көлкіген теңізге бұзауды лақтырып жіберіпті.

Он жыл жер аударылғаны сол қылығының сыйлығы. Сонан қайтып келе жатқанда, біздің селоға соғып, он шақты күн жібермей қонақ еткенбіз. Оған да он жылдан аса уақыт өтті. Оның мекені Қазан қаласына жақын дейтін. Базарларда жүріп, күшін көрсетіп, көйлек-көншегін табатын болды деген. Біздің баланы саудагерлердің күрестіргелі ойлағаны сол, – жауырыны жерге тимеген – Добрый-Рабый. Егер Қабанкөл жәрмеңкесіне келетін болса, мен оны көрмей кетпеймін. Ол болса балам, байлардың қызығы үшін белдесіп қалып жүрме.

– Сіздің сөзіңізден кейін ол кісіні менің көргім келіп кетті.

– Көрсең болды, еріккен байлар саған күрес деп айтады.

– Күрес десе «қорқам» деп айта алмаймын ғой, – деді бала. Ертеңіне ерте тұрып, Мұқан Қабанкөлге кетіп қалды.



1-тапсырма. Добрый-Рабый, Лебедев дегендер кімдер?.

2-тапсырма. Лебедев мектебі Мұқанға нелерді үйретті?



СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

Түсініксіз сөз	Мағынасы
Қыламық	Өлшем бірлігі. 16 килограмға тең
Кеспек	Талдың қабығынан тоқылған аяқ киім
Кіреші	Сұйық зат құйып сақтайтын ағаш ыдыс, бөшке
Бастырық	Жел үріп әкеп, бір жерге үйіп кеткен, бекіп үлгермеген қар
Күртік қар	Шөпті ауып кетпеу үшін басып тұратын ұзын сырық
Пұт	Жұқалаң түскен қар
Шабата	Жүк тасушы

СУРЕТТЕҢІЗ

Мұқанның сыртқы түрі, мінез құлқын суреттейтін тұстарды шығарманың әр тұсынан іріктеп алып, балуанның өсу жолына мінездеме бер.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Метафораның күнделікті сөйлеу тілінде кездесетін қарапайым түрлері: іші күйіп, бойы мұздап, орақ ауызды, от тілді деген секілді болып келеді. Сондай-ақ, метафораның кейбір түрлері теңеуге жақын, мысалы: Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармасындағы: сағаттың тілі, қарағайды қамыстай, шөпті таудай, төбедей болды.

Троп – немесе құбылту – атаудың немесе мағынаның ауыспалы түрде қолдану тәсілі. Сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп жеткізу тәсілі болып табылады. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлігі үшін де орасан қажет.

Заттар мен құбылыстардың алуан түрлі өзгеріс-күйлері, қимыл қозғалыстары, реңктері болады. Троп солардың бәрін біршама дәл бейнелеуге қызмет етеді. А. Байтұрсынов троп түрлері туралы: «Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі сөз ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді:

1. Көріктеу
2. Меңзеу
3. Әсерлеу дейді.

Троп түрлеріне көріктеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу, т.б. жатқызылады. Троп сөздің нәзік иірімінің күш-қуатын ажарландырып, эмоционалды-экспрессивті мәнін бейнелі жеткізеді. Сөз бір мезгілде тура және астарлы мағынада қолданылады, бұлардың бірбірімен байланысының өзі заттар мен құбылыстардың ұқсастығына қатысты келеді. Тілде троп түрлері өте көп, ол екі нәрсенің, не құбылыстың бір-бірімен сабақтастығы мен арақатынасын ашу негізінде жасалады (метонимия, синекдоха), не сипатталатын құбылыстың белгілерін екінші бір құбылыс ерекшеліктеріне ұқсату, ауыстыру тәсілі негізінде туындайды (метафора, теңеу), сондай-ақ троп бір нәрсені үлкейту не кішірейту, не сықақтау яки қарсы мағынада сипаттаумен, әсірелеу сарынымен де шендеседі (гипербола, литота, кейіптеу, ирония). Троп көркем әдебиет стилінде, публицистика мен ауызекі сөйлеуде жиі қолданыс тапқанымен, ғылыми-техникалық мәтіндерде, ресми іс қағаздарында қолданылмайды. Көркем мәтінде троптың бірнеше түрі бір мезгілде қатар қолданыла береді. Мысалы, Жарқ етпес қара көңілім не қылса да, Аспанда ай менен күн шағылса да (Абай).



ХОЖИАКБАР ШАЙХОВ «БІРІНШІ СЫНАҚ»



Бұл тақырыпта біз:

- сынақтардан сәтті өтуге көмектесетін қасиеттерді талқылаймыз;
- ғылыми-фантастикалық шығармаларға тән жақтарына талдау жасаймыз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ



Хожиакбар Шайхов (1945–2002) өзбек әдебиетінде ғылыми-фантастиканың негізін салушылардан бірі. Өзінің кәсібі – энергетик. Бірнеше ғылыми-фантастикалық шығармалар жазған. Шығармалары шет елдерде де басылып шыққан.

ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА НЕ?

Әлем дүниесіндегі яки алыс планетадағы басынан кешіргендер, келешекке яки өткенге саяхат, өзге планеталықтармен ұшырасу жайындағы кітаптарда оқыдыңдар ма, көркем фильм, мультфильм тамашаладыңдар ма? Мұндай шығармалар **ғылыми-фантастикалық шығармалар** деп аталады.

«Фантастика» сөзі грек тілінде «Елестету өнері» дегенді білдіреді. Ғылыми-фантастикалық шығармаларда жазушы қаһармандарды шындықтан тыс жағдайларда (мәселен, өзге планетада яки алыс келешекте) елестетеді. Бұндай жағдайлар арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастар, жақсылық пен жамандық, міндет, әділет сияқты мәселелер шешіледі.

Ғылыми-фантастикалық шығармаларда қаһармандар ғылым-пәндегі жаңалықтар, жетістіктер, жаңалық ашып шығудан пайдаланады. Мұндай шығармаларда авторлар пәннің түрлі салаларында ғылыми сөздерді көп жұмсайды, әсіресе әлі ойлап табылмаған зат-бұйымдар үшін де жаңа сөздер ойлап табады. Өзіргі өмірімізде қарапайым нәрселерге айналған телевидение, ұялы телефон, су асты кемесі, яки аспан әлеміне ұшатын ракета сияқты нәрселер әлі олар ойлап табылмасын біраз алдын ғылыми-фантастик шығармаларда суреттеледі.





Қандай ғылыми-фантастикалық шығармаларды оқығансың немесе фильм тамашалағансың? Бұл шығармаларда қандай ғылыми-фантастикалық ойлар суреттелген?



Атақты ағылшын жазушысы Герберт Уэлстің «Әлемдер соғысы» ғылыми-фантастикалық романында Жерге марстықтар шабуыл жасайды. Орыс жазушысы Евгений Велтистовтың «Электронды чемоданнан шыққан бала» шығармасында робот адамға айналуы қалайды.



Біз оқитын әңгіме «Бірінші сынақ» деп аталады. «Сынақ» не? Қандай жағдайларды «сынақ» деп атаймыз?



ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Топпен жұмыс.

Ойлап көріңдер: сынақтардан сәтті өту үшін адам қандай қасиеттерге ие болуы керек? Бұл қасиеттерге ие болу үшін не істеу қажет?





Кестені толтырыңдар.

Қасиет	Қасиет	Қасиет
Не істеу керек?	Не істеу керек?	Не істеу керек?

БІРІНШІ СЫНАҚ

Біз әңгімелемекші болған бұл оқиға ұзақ келешекте пайда болған. Ие, келешекте болса, әлі пайда болмапты-да, деп сұрайтын шығарсыңдар. Жоқ, біз шындығында да келешекте болып өткен оқиғалар жайында әңгіме етпекшіміз. Неге десеңіз, көпшілік ғылыми-фантастикалық шығармаларда келешектегі оқиғалар дәл өткенде болып өткендей суреттеле береді.



экипаж – кемені басқаратындар
ғарышкер – ғарышты ғаламға ұшатын адам

Солай етіп, 2279 жылдың ерте көктем күндерінің бірінде Жерден Қара кит жұлдызында «Камалак» космик кемесі жолға шықты. Кеме экипажы бар-жоғы екі адам – ол кезде әлі дүниеге келмеген әңгімеміз қаһарманы кішкентай Шахнозаның әкесі мен анасынан тұрады және олардың әр екеуі енді отыз жасқа қадам қойған. Олар көздеген тұрағы алыс,

сондай-ақ сапар да ұзаққа созылуы көзделген. Бұл дәуірде ғарышкерлер жолда перзент көруі, оларды оқытып тәрбиелеулері және кейіншелік оларға кемені басқаруды тапсыруы керек еді.

Әлі күн системасынан шықпай тұрып, ғарышкерлер перзент көрді. Қызға Шахноза деген ат қойды. Бүкіл балалық пен жастығы аспан кеңістігінде өтуі анық болған бұл қыз өте тез өсе бастады. Ол жарым жасында жүрді, бір жарым жасында сөйлесуді үйренді. Екі жасында кішігірім жұмыстарда ата-ансына жәрдем беретін де болды.





Бирге ойнайтын достары болмаса да, ол еш зерікпейтін. Таңертең тұрып ата-анасымен дене шынықтыру жұмыстарын атқарды, тамақтанған соң залға қойылған көгілдір аквариумдағы алтын балықтарға қатқан нан ұсақтарын береді, түбектердегі сан алуан гүлдерге: раушан гүл, лала қызғалдақ, қалампыргүлдерге өзінің ыдысынан су құяды. Бұл жұмыстарын бітірген соң анасымен бірге әліппені үйренуге кіріседі. Әкесімен есеп ілімін үйренген кезде бүткіл жанданып кетеді, кіп-кішкентай саусақтарын кезекпе-кезек бүгіп, әкесінің өзгеше сұрақтары бойынша өте ойланатын.



Ғарышта ғарыш кемесінде жасауды сен қалай көз алдыңа елестетесің?

Дем алыс кездерінде анасы оған алыста қалған көгілдір планета – Жер-Ана туралы әңгіме айтар еді, ол жерде көп адамдар дәл солар сияқты отбасы болып жасайтындары, Шахнозаға ұқсаған өте көп қыздар мен ұл балалардың бар екендігі туралы айтып беретін. Шахнозаны дүниедегі барша зат қызықтыратын еді, ол қайта-қайта сұрақ беретін еді. Кейін атасы оған Жердегі тіршілікті көрсететін кинофильмдерді қойып беретін.

Осы ретте күндер өте беретін. Бір күні қыз атасынан:

– Жерде адамдар өте көп екен, не үшін біз өте азшылықпыз? – деп сұрап қалды.

– Қызым, білесің бе, – аздап ойлап тұрып атасы жауап берді, – біздің мақсатымыз Қара Кит жұлдызына жетіп барып, адам жасап кете алатын бірер планетаны іздеп табу. Ал бұл біршама қауіпті міндет. Оны орындауда сол мақсат үшін өз өмірлерін құрбан етуге дайын риясыз адамдар ғана лайық. Мұндайларды көне заманда біріншілер деп атаған. Біріншілер тарихта ешқашан көпшілікті құрамаған. Мәселен, ғарышқа алғаш рет Гагарин, Титов сияқты алғашқы ғарышкерлер бір-біреуден ұшқан. Күн жұлдызы планеталары меңгеріліп жатқанда да бұл жұмысқа екі-үштен артық ғарышкер жұмылдырылмаған болып, түйілген нәрселердің керісі сол білместіктен адамды пәлекетке душар етуі мүмкін. Міне, сол пәлекетке ұшырауы мүмкін болған адамдардың саны барынша аз болуы үшін біріншілер әрдайым азшылықты құрайды.

– Түсіндім, әке. Демек, біз ілгері ешқашан ешкім бармаған планетаға кетіп жатырмыз, солай ма?

– Өте дұрыс, қызым. Ақылыңа сөз жоқ.


– Сол планетаға жетіп барғанда мен үлкен қыз боламын ба?

– Иә, әлбетте!

– Өте дұрыс қызым. Ақылыңа береке.

– Сол планетаға барғанда мен үлкен қыз боламын ба?

– Иә.





Қыздың бетіне күлкі үйіріп, көздері жалт-жалт жанды.

– Ех, тез жетіп барсақ болар еді!

Шахноза алты жасқа толғанда, әкесі оны Бас Пульт жайласқан бөлмеге алып кірді. Бұл – төбесі күмбез түрінде арнайы қалың шишамен жабылған және айнала түріндегі бөлме болып, ортасында түрлі электрон мен кибернетик аспаптарға тола стол тұр, айналасы гравиометр, дозиметр, барометр, ради-

ация счетчигі сияқты түрлі көріністегі сан-санақсыз құрал-жабдықтар бекітілген адам бойымен тең шиттерден тұратын. Шахноза ішке кірді де, еріксіз:

– Ой, әдемілігін! – деп жіберді. Ол шиша күмбез арқылы өмірінде бірінші рет ашық әлем кеңістігін көрді, тыныш және үлкен аспан кеңістігі, онда жымыңдасып жатқан үлкен-кіші жұлдыздарға балалық көзі бірінші рет қадалған еді.

Әкесі әлдеқандай кит тәрізді жұлдыздар түрінің төменгі жағына жайласқан үлкендеу жұлдызға қолымен қарата:

– Біз бара жатқан Қара Кит жұлдызы осы – деп түсіндірді. – Оның айналасында жеті планета айналады. Солардың екеуінде өмір бар болуы мүмкін деген тұжырым бар.

Шахноза жұлдызға сүйіспеншілікпен рахаттанып, толқынданып қарап қалды:

– Онда оларда да адамдар бар екен де?

– Иә, қызым, адамдар да болуы мүмкін. Бірақ олар бізге ұқсауы шарт емес. Жұлдыздарға алғашқы ұшқан алғашқы заманда да адамдар аспан әлемінен дәл бізге ұқсайтын – еркек пен әйелдерден тұратын, екі аяқта жүретін, екі көзді, қас, құлақ, бір ауыз бен мұрынға не жоғары ақыл иелерін табуға өте көп күш сарыптаған. Бірақ алғашқы ізденулердің өзінде-ақ аспан әлемінде жоғары басқышта дамыған өмір таң қалдыратын дәрежеде түрлі-түсті құрылыста болу мүмкіндігін көрсетті.

– Мысалы, қандай?

– Мысалы, жерліктер бір планетада мыңаяққа ұқсайтын ақыл иелеріне кез келген. Мәлім болуынша, олар өзара ауыз бен дыбыс арқалы емес, көздерінің төменгі жағында түрлі-түсті реңге кіргізу арқылы сөйлесер екен. Әрбір рең бір пікірді түсіндірер екен. Сондай-ақ мұхит суына ұқсас



Юрий Гагарин – ғарышқа бірінші болып ұшқан ғарышкер





көріністегі жоғары гардоштарымызбен де қатынас жасауға тура келген.

– Өте қызық!

– Иә, аспан әлемінде өмір өте қызық екен. Дәл қазір оның сырлары есепсіз, өте көп.

Бірақ адамдағы көп жұмбақтар, адамзаттың өлшеусіз ерлігі бұл жолда берілген көптен құрбандар есебіне берілген...

Қыз он жасқа толғанда кеме экипажының бір мүшесіне айналған-ды. Енді ол жер өздері ұшып бара жатқан алыс жұлдыз, адамдар мен жалпы өмір жайында үлкендердей байыпты пікірлей алатын-ды. Бірақ әлі де ата-анасына сұрау беруді қоймайтын.

Күндердің бірінде ол жердегі балалардың өміріне бағытталған кинофильмді көріп болған соң әкесіне кезектегі сұрағын берді

– Әке мен жерге қайтқанымда неше жаста боламын?

– Кеме уақытымен есептегенде, жиырма бесте, қызым.

– Демек, мен үп-үлкен қыз болып қалар екенмін де?!

– Иә, қызым, – Шахноза әкесінің көздерінде мұңды бір көрініс балқығанын байқады, бірақ сұрақ беруден өзін тия алмады:

– Бірақ мен бұны қаламасам ше?

Әкесі бір күн емес, бір күні Шахнозаның сондай дейтінін білетін еді. Бірақ мұны қазір емес, біраз үлкен болғанда айтады, деп ойлаған еді. Оның салмақты жүзі одан да мұңды түске енді.

– Ана қызым, – деді ол Шахнозаның кішкентай желкесінен жай сүйіп, – сен анаң екеуіміздің жүрек бөлігімізсің. Сондықтан да сені ауыр да алыс сапарымызға сені серік етер екенбіз, аз болса да, бұған ақымыз бар деп есептедік.


Бұл жауап Шахнозаны қанықтырмаған сияқты, ол енді қызу сөйледі:

– Мен не үшін жиырма бес жыл өмірімді мына кіші, тынысы тарылатын кемеде өткізуім керек екен? Не үшін жердегі балалар, достарыммен ойнауға, теңіздерде шомылуға, құрдастарым сияқты оқуға ақым жоқ!



Не деп ойлайсың, Шахнозаның ата-анасына мұндай сұрақ беруі дұрыс па?

Әкесі төмен қарады. Иә, Шахноза есейіпті! Сондай сұрақтар беріп жатыр, не деп жауап қайтаруды да білмейсің. Бірақ айтқандарынан эгоистік иісі келгендей ме? Әлде олар қызды тәрбиелеуде бірер бір затты назардан тыс қалдырды ма екен? Дұрыс, ол кемеде қалаған жұмысын атқара алуы мүмкін. Қаласа сағат-





экспедиция – ғылыми мақсатта ұйымдастырылған сапар

тап кітап оқиды, фильмотекада кинофильмдер көреді, қаласа аквариумдағы алтын балықтарын бағады... Бірақ бұлардың бәрі қызға эгоистік сезімін тудыру әдісі болуынан ұзақта ғой?

Бірақ әкесі қызын өзімшілдікте айыптап қателескен еді. Шахноза еркіндікке болған табиғи талабын айтудымен бірге бұл жауапкершілігі көп сапардағы өз орнын, өзіне ажыратылған рөлді тек анық дәл біліп алмақшы болған еді.

– Егер білсең, қызым, – деді әкесі солғын дауыста, – жердегі құрдастарыңның әрбірі сенің орныңда болуды өте арман етеді!

– Көңіліңізді ауыртқан болсам кешіресіз, әкешім. Пікірімді анық жеткізе алмай жатқанға ұқсаймын. Алдымен соны айтпақшымын, бұл алыс сапарға мен өз еркімнен тыс қосылып қалған екенмін, мұнан кейін өзімді қалай ұстауым керек? Өзім ғарышкер сияқты бір анық міндетті атқаруым керек, яки роботтардай әрдайым сіздердің жігерлеріңізге мойынсынып жұмыс істейін бе? Егер мен де сіздер қатары бір ғарышкер болсам, бір жұмыс орындауым керек қой! Ойымда қазір өте көп уақытым бос өтіп жатқандай. Атқарып жатқан жұмысым негізінен оқу мен үйренуден ары өтпей жатыр. Қашан мен де экспедицияға бірер пайда келтіремін?

Әкесі енді қызына алғаш рет сүйсініп қарады. Өте тез ұлғайып қалыпты Шахноза!

Заңды еңбекке болған өз құқығын талап етіп отыр ғой! Жарайсың, қызым!

Содан соң ол қызға жерде жастар оқумен үйренуге он-он бес жылдап уақыт жұмсайтынын, содан кейін ғана өз бетінше еңбек жолына кіріседі, Шахноза болса, жақын келешекте мүмкін бүкіл әлем білетін маңызға ие болатын жұмыстар істеді, өте байыпты сынақтардан өтетінін түсінтіріп берді.

Айтпақшы, алдында өте байыпты сынақтар тұрғанын әлі Шахноза елестете де алмайтын еді...

Осы әңгімеден соң арадан жарты жыл өтер-өтпес «Кама-лак» экипажы сабан жолында аспан кеңістігінің алғашқы аяусыз сынағына тап келді.



Кемедегілер қандай сынаққа кез болады деп ойлайсың?

Кеме әдетте тыныш ұшып бара жатқанда артықша энергия жұмсамау үшін оның айналасындағы қорғаушы күш майданы өшіріліп қойылатын, бірер қауіп-қатер сезілгенде іске қосылатын еді.





Бірақ бұл қатер кездейсоқ келді. Бұл сондай күтілмеген қатер еді, әсіресе, кемеде күзетуші мен навигатор қызметін орындаушы позитрон мильы робот та білмей қалды.

Шахноза бұл кезде кеме залында гүлдерге су құюмен шұғылданып жатқан. Кенеттен кемеңің типі өте қатты сілкіне бастады. Кемеңің артық бөлімдеріңің бірінде шаруашылық жұмыстарын жасап жүрген анасының бірден қорқып айқайлап жібергенін есітті. Қыз жанын әлдеқандай бір қорқынышты үрей қаптап алды. Осы уақытта өз бөлмесінде дем алып жатқан әкесі атылып шықты да, микрофон арқылы роботқа:

– Лезде қорғаныс алаңын іске сал! – деп бұйырды да, өзі жүгіргенше Шахнозаның қасына жетіп келді. Қызға еш нәрсе болмағанын көріп, теңселгенінше талмаусырап әліге дейін бірнәрсе деп айқайлап жатқан анасына көмекке жүгірді. Анасы бұл уақытта жүкті, әкесіңің сөзіне қарағанда, қызына әдемі іні туып беруге дайындалып жүрген еді.

Шахноза басы айналып, отырып қалды. Осы кезде коридорда робот-навигатор пайда болды. Апырай, ол мас адамдай шайқалар, талмаусырап еді. Осыған қарамастан ол командирдің бұйрығын орындау мақсатында зор беріп, Бас Пультаке қарай ұмтылатын. Бірден қабырғаға күшпен ұрылды да, гүрс етіп жығылды. Кейін жатқан жайында бас жағынан көгілдір түтін көтеріліп, денесі кемеге қосылып білінер-білінбес, дәл безгек тұтқан адамдай дірілдей бастады.

Қыз көңіліндегі қорқыныш тағы да күшейгенін сезді де, бірден өзіңің кешікпей Бас Пультаке бару керектігін сезді. Әкесі қорғаныс алаңын іске қос деп босқа бұйрық бермеді ғой. Иә, кешіктірмей қорғаныс алаңын іске қосу керек! Анасының жағдайы ауырға ұқсайды, әкесі онымен әуре. Қазір тек Шахноза ғана пәлекеттің алдын алуы мүмкін.





Қыз орнынан тұруға ұрынды, бірақ шайқалып тағы да отырып қалды. Көңілінде мазасыздық сезімі ұлғайып барады, бүкіл денесі тоқтаусыз дірілдейді. Ол енді жол бойлап еңбектей бастады. Роботтың алдынан өтіп жатқанда, тағы да көз алды қараңғыласып, басы айналды. Қиялында қарсы алдында жатқан робот бірден бүкіл денесін ұзын және қап-қара жүн басқан, төрт мүйізді байғыз көзді, өзгеше бір мақлұққа айналды да, қызға әлденелерді айтып ымдай бастады. Шахноза дірілдеп-қақсап тағы алға қарай Бас Пульт жаққа қарай еңбектеп кетті. Қыз кейде еденге жалп етіп құлар, кейде теңселіп желкесімен қабырғаға ұрылады. Соған қарамай қорғаныс алаңын тез іске қосу мақсаты ма яки арт жағынан жүнді мақлұқ қуып келе жатыр деген үрейлі сезім бе қысқасы қызды барған сайын асықтырды.

Шахноза Бас Пульт жайғасқан бөлменің табалдырығына жеткенде артына көз қырын тастап, әлгі мүйізді және жүнді мақлұқ та ізінен оған ілесіп келе жатқанын байқады. Өне, ол тіпті ұсқынсыз тісті аузын да кең ашып жабуда. Ол қыздан не қалайды өзі?

Қыздың денесіндегі діріл барған сайын үдеп, көңіліндегі қорқыныш үрейге айналып кетті де, оны ішке бастады. Шахноза бөлмеге кіріп, қалай есікті бекіткенін өзі де сезбей қалды. Бірақ, басын күшпен қабырғаға ұрып алды. Маңдайы бірден темірдей қызып болғанын да сезді, оның жарылған жайынан қан сызып шыға бастаған еді.

Шахноза Басқару Пультине тірелгенінше әрең орнынан тұрды. Ол енді пульттен қорғаныс алаңын іске қосушы қондырғы – күш алаңы тумблерді табуы керек еді.

Ойбұй! Бұл жерде түрлі-түрлі өшіріп-жағушы құрылма мен қондырғылар соншалық көп болғанынан, қыздың көздері бұлдырап кетті. Олар түрлі құрылыста: кейбірі пианино клавиштерін ойға салады, басқалары электор шырағын жағатын қосқышқа ұқсайды, кейбіреулері түймелерге ұқсатып жасалағн еді. Олардың кейбірі көк, кейбірі қара, қызыл, қысқасы түрлі-түсті реңді еді.

Тезде қорғаныс алаңы қондырғысын табу керек! Әлбетте табуы керек! Болмаса олар өледі.

Бүкіл экипаж мүшелері өледі. Шахноза әрбір құрылма мен қондырғылардың астындағы кіші ақ рамкадағы жазуларға ынтамен көз жүгіртті. Пультиң шеттеріне қолдарымен асылғанша аяғында әрең тұратын, бүкіл денесі қалтырар, мұның үстіне жарылған маңдайы қатты ашитын еді. Жазуларға айрықша мән беріп қарағанынан көздері жасаурап кетті. Бірақ көз жастарын жеңімен сүртіп, қайсарлықпен бақылауды жалғастырды.

Қорғаныс алаңы тимблері қызыл реңде болуы керек-ау деп ойлайтын ол. Әкесі бір ретте бірер қауіп болғанда іске қосылу керек болған барлық түйме мен қондырғылар қызыл реңге боялған деп айтқан болатын. Қыз қызыл реңдегі қондырғыларды көзден кешіретп екен, әлгі жүнді мақұлық ойын барған сай-





ын көбірек басып алып жатқанын сезді, осыған орай көңіліндегі қорқыныш пен үрей артып барады. Бірден қыз оң көзі жастанып қатты аши бастағанын сезді. Оң қолын босатып, көзін сүртпекші болғанда, кездейсоқ екінші қолы тайып кетті де ол еденге домалап түсті. Маңдайынан сызып шықан қан көзіне түскен болатын. Қыз жатқан жерінде жеңімен көзін сүртті де, дірілдеп-қақсап орнынан тұрды. Пульттің шеттеріне қолдарымен асылып және аспап құрылмаларға қарағанда, артында есікке бір нәрсе тарс етіп ұрылғанын, кейін есік күшпен ашылғанын байқады. Бұл әлбетте, жүнді мақұлық деп ойлады қыз.

Ол өзін денесіне құмырсқа жүргендей, денесі тітіркенгендей сезінді, басын ішіне тартып домаланып жатып алды да артына қарауға да жүрегі беттемеді. Дәл осы уақытта үлкен қызыл түйме астындағы «қорғаныс алаңы» деген жазуға көзі түскен Шахноза құсы басынан ұшып кеткеніне қарамастан, бар жігерін топтады, бірақ... Қазір жүнді мақұлықтың өткір тістері арқасынан мойнына қол салатындай, яки анасы айтып берген ертегідегі жалмауыз кемпірдей мұны жалмап тұтуын күтіп, тақтайдай қатып қалды.

Ол әкесінен қашан экипажға пайда келтіремін деп сұраған-ды. Осы уақыт міне жетіп келді. Бүкіл экипаждың тағдыры Шахнозаның қолында. Қазір ол сондай іс істеуі керек, ол жылдар бойы істелінетін іске татиды! Иә, тарихи кинофильмдерде көрсетілгендей, қазір Шахноза үшін қаһармандық, ерлік көрсету мезгілі жеткен-ді. Қаһармандық жолында құрбан болу... Күтілмегенде артынан әкесінің:

– Батыл бол, қызым! – деген қырылдаған даусын есітті де, бұл мейірлі дауыс қыздың желкесіндегі тауды аударғандай болды. Осы мезетте күшке кіріп, әлгі үлкен қызыл түймеге көрсеткіш бармағын басты, кейін әлсізденіп, арқасына еденге аударылып түсті. Бір минутта барлық жақ су сепкендей тып-тыныш болып қалды. Қыз есінен танып қалады.

...Шахноза өзіне келгенде, жатын бөлмеде төсекте жатқанын төбесінде анасы оның басын сипап отырғанын көрді. Ол орнынан тұрмақшы еді, анасы тұрғызбады.

– Ой, анашым, мені сондай қорқынышты мақұлық құды! – деді сасып қалып қыз.

– Тыныштал, қызым, ол енді жоқ.

– Өзі не болды, апа? – сұрады Шахноза.

– Біз кеңістікте инфра дауыс толқындары, яғни ұзындығы өте қысқа болғандығы үшін біз ести алмайтын дауыс толқындарына кез келдік, – деп түсіндіре бастады анасы, – олар адамның миына, психологиясына қатты әсер етуі, оны есінен тандыруы, күштірек частотаға ие болғандары өлтіруі де мүмкін.

– Қызық, ол қай жерден пайда болды?

– Меніңше осы айналадағы бірер беймәлім планетадан келіп жатыр. Ол жерден келе жатқан және жоғары частоталы радио-





пароход –
бумен жүретін
кеме

толқындар кемеміз сыртына келіп ұрылды. Нәтижеде кеме ішінде ультрадауыстар пайда болуда.

– Ол қазір де кемеге келіп ұрылып жатырма?

– Иә, қазір де. Бірақ сен бізді оның үрейлі әсерінен құтқардың. Сен үлкен ерлік көрсеттің, қызым!

– Не, қазір қорғаныс алаңы істеп тұрма?

– Сен түймені басқаннан кейін ол жұмыс істеп кетті, бір мезетте-ақ сол қорқынышты дауыс толқындарының кемеге жолын қырқып қойды. Сол мезетте біз де жеңіл тыныс алдық.

– Мұндай толқындар жерде де бар ма?

– Иә, қызым. Жерде инфрадауыс толқындары, негізінен мұхиттарда боран болған кездерде жүзеге келеді. Құлақпен есітіп болмайтын бұл сырлы дауыстар пороход және кемелердің экипаждарын қаншама абыржу мен қатерге қоймайды десеңші.

– Әкем қайда?

– Бас Пулькте. Әкеңнің сенен қаншалықты қуанғанын білсең еді!

Қыз бұл сөзден ыңғайсызданып, басын бұрар екен келіскен беті шынайы күлкімен жанды. Ол өмірде бірінші рет өзінен көңілі тоқ болды.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Аспан кеңістігінде, космик кемеді өмір сүруді қалай көз алдыларыңа елестетесіңдер?
2. Шахнозаның әкесіне жоғарыдағыдай сұрақ беруі дұрыс па?
3. Кемедегілер қандай сынаққа тап болды?
4. Фантастикалық шығарма ұнады ма?



СӨЗДІКТЕРМЕН ЖҰМЫС

Экипаж – кемені басқарушылар.

Ғарышкер – аспан кеңістігінде ұшушы.

Гравитометр – өлшегіш аспап.

Дозиметр – өлшегіш аспап.

Барометр – өлшегіш аспап.

Счетчик – есептеуіш аспап.

Щит – аспаптар орнатылған құты.

Экспедиция – ғылыми мақсатта ұйымдастырылған сапар.

Параход – бумен жүретін кеме.





ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Шахноза қандай қыз? Ол сендерге қандай әсер қалдырды?
2. Шығарма неліктен «Бірінші сынақ» деп аталған? Сендер қалай атаған болар едіңдер?



КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫ ҮЙРЕНЕМІЗ

1. «Бірінші сынақ» әңгімесі ғылыми-фантастикалық шығарма екенін дәлелдеңдер. Бұл үшін төмендегі кестені толтырыңдар.

Ғылыми-фантастикалық шығармаларға тән	
Қасиеттер	Әңгімеден мысалдар
1.	1.
2.	2.

2. Әңгіме мәтінінде қандай ғылыми сөздер қолданылған? Бұл сөздерді автор не мақсатта жазған?
3. Жоба.

Елестетіңдер, әңгіме негізінде көркемфильм, яки мультфильм жаратпақшысыз. Топқа бөлініңдер.

1-топ	Суретшілер	Фильм үшін (табиғат, айнала төңіректі көрсететін) сурет сызыңдар.
2-топ.	Киім ұсталары	Қаһармандар үшін көйлек сызыңдар.
3-топ.	Музыканттар	Фильм үшін музыка таңдаңдар.





МҰХТАР МАҒАУИН «БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ»



Бұл тақырыпта біз:

- бұл шығарма ұлтқа, нәсілге бөлінудің дұрыс еместігін, адамзатқа ауызбіршілік, бауырмалдық, достықтың қажет екенін үйренеміз;
- әңгімедегі оқиғалардың дамуына баға береміз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ



«Менің бойымда Елтеріс, Естемилер, Күл-Тегіндер заманындағы көшпенділердің қаны бар!»

«Көк мұнар», «Жазушы», 1972, 103-бет.



Мен кішкентай кезімде оң аяғым қайсы, сол аяғым қайсы – ажырата алмаушы едім. Оң аяқтың, сол аяқтың өздерін емес. Етікті. Етіктің қай сыңары қай аяққа келетінін айыра білмеймін. Алдымен бір аяғымды кием. Ойланып отырып, екіншісін кием. Екі аяқты қатар қойып, салыстырып қараймын. Теріс сияқты. Ауыстырып қайта кием. Дұрыс. Жоқ, теріс. Қайта ауыстырам. Екі етіктің басын түйістіріп, соғыстырып, салғастырып көріп, тағы біраз ойланып тұрам. Ауыстырсам ба екен, ауыстырмасам ба екен? Ақыры далаға шығам. Басқа балалар ойынға кіріскелі қашан. Ал мен... Мен әзір емеспін. Әуелі оң мен солды анықтау керек...

Мұхтар Мұқанұлы Мағауин (2.02.1940, Баршатас ауылы, Аягөз ауданы, Шығыс Қазақстан (қазіргі Семей) облысы) – тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеушісі ғалым. Филология ғылымдарының докторы, Мемлекет сыйлығының лауреаты (1984), Қазақстанның халық жазушысы.

Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық лауреаты, Түркияның Халықаралық «Түрік дүниесіне қызмет» сыйлығының иегері, Улан-батордағы Халықаралық Шыңғыс хан Академиясының құрметті академигі.

Жазушы, әдебиет зерттеушісі, әрі тарихшы Мұхтар Мағауиннің қаламгерлік қызметі жиырма жасынан басталады. Алғашқы әңгімелерінен-ақ үлкен көркемдік биікке жетеді. Алайда, көп



ўзамай, жиырма бес жасында әдебиет тарихшысы ретінде атаққа шығады: Мұхтар Мағауин Қазақ Ордасы – XV–XVIII ғасырларда жасаған, бұл кезде мүлде дерлік ұмытылған ескілікті қазақ поэзиясын қайыра ашып, ресми әдебиет тарихына енгізген еді. Бұдан соңғы кезеңде ғылымнан қол үзбесе де, көркем прозаға біржола бет қойыпты. Көптеген әңгіме, хикаяттар, тың тақырып, өзгеше құрылымды романдар жазады. Бұл шығармаларда қазақ халқының өткеннен бүгінге дейінгі өмірі мен тарихындағы елеулі кезеңдер қамтылған.



Ой қозғау. Өткен тарих деп санамыздан алып тастау мүмкін емес, жүрегімізде өшпестей із қалдырған бұл сұрапыл, отты жылдар оқиғасы жайлы естігенде, не көргенде қандай сезімде боласың?

ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасы – тәрбиелік маңызы зор шығарма. Шығармада бар баласын соғысқа аттандырып, қара қағаз алып, «шаңырағым шайқалып, отым өшеді» деп отырған Ахмет шал неміс баласы Зигфридті бауырына басып алады. Оған қазақшалап Зекен Ахметұлы деген атау береді. Зекенді өгейсітпей, бар мейірімін төгіп, оның жақсы адам болып шығуына барлық жағдайын жасайды. Жолында кездескен әділетсіздіктер мен қиындықтарды жеңіп шығады. Бұл шығарма ұлтқа, нәсілге бөлінудің дұрыс еместігін, адамзатқа ауызбіршілік, бауырмалдық, достықтың қажет екенін насихаттайды.

БІР АТАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Он сегізден тірі қалған үшеу туралы орыс әні көпке мәлім. Тарихын естіген жұрттың бәрі көзіне жас алады.

Мен жалғыз баласынан соғыста айрылған кемпір-шалдың үйінен 1942 жылы көктемде түсірілген сурет көрдім. Әскерге жаңа алынған ауыл жастары. Қасап қырғыннан алпыс жетінің үшеуі ғана аман қайтыпты...

Мен оларды көргем жоқ, олармен бірге жүргем жоқ. Олар туралы жаза алмаймын. Бірақ мен сол қыршын ерлердің панасыз қалған кәрі ата-аналарын білем, жетім қалған жас балаларын білем. Туып үлгермеген нәрестелерінің қазір неше жасқа келетінін, қандай азамат болатынын білем...





Осы шағын дүниені фашизм құрбандарының туып жетім қалған, тумай жарығы өшкен сәбилерінің рухына арнаймын. Өлгендеріне тастаған бір уыс топырағым, тірілеріне жанын жұбатар бір шумақ жырым.

Автор

БАСТАУ

– Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал, – деді басқарма. – Өздерің білесіңдер, мен жұмысшы әкелем деп кеттім. Ақыры былай болды. Үкімет біздің Бұлғыртау ауданының тоғыз колхозына елу төрт бала жіберген екен. Жер аяғы шалғай, мен барғанша ересектерін бөлісіп әкетіпті. Соның өзі жақсы болды. Жетісіп отырған ешкім жоқ, түгел кем-кетікпіз. Төрт-бес жұмысшы қосылғаннан азаматтың орны толмас деп, ең ұсағынан таңдап алдым.

Жұрт дабырлап кетті. Басқарма мен есепші екеуі шүпірлеген бір арба бала әкелді дегенді мана, жұмыс басында естіген. Рас боп шықты.

– Сабыр, ағайын, сабыр, – деді басқарма қолын көтеріп.

– Менің әкелгенім алты-ақ бала. Бәріңе жетпейді. Және, қазір баурыма салдым деп алып, ертең өгейсітіп жүрсек тағы қазақшылыққа жатпайды. Мүмкін, үкімет әлі де жіберер, сонда қалғаныңа тиеді. Әзір қолда барын құдай жолымен бөлем. Ай, бәйбіше, – деді содан соң дауыстап.

– Тамағын ішіп болса балаларды алып шық.

– Қазір, ақсақал, – деген дауыс естілді киіз үй ішінен,

– Ал, былайырақ тұрындар, балаларға орын беріңдер, – деді басқарма.

Жұрт жапырыла шегініп, есік алдың қоралай тұрды. Орталарын ашқанмен, кимелесіп, мүмкіндігінше алға шығуға тырысады. Бірі қызық көрмек, бірі үміт жетегінде.

Ақыры басқарма әйелінің ақ шаршысы көрінді. Бірақ сыртқа шықпай, көтерме киіз есікті жамылған күйі бөгеле берді.

– Жүріңдер, айналайындар, бері жүріңдер.

Аппақ қаздың бауырынан тұрған сары үрпек балапандай, сап-сары шашты сап-сары бала көрінді. Жұрттың дабыры пышақ кескендей тыйылды. Артынша бірінің соңынан бірі тізіліп, қара шашты, қоңыр шашты, жирен шашты балалар өріп шыға бастады. Күнге көздері шағылысты ма, әлде жадау киінген жат топтан именді ме, бәрі есік алдыңда ұйлығып қалды.

– Өй, қалқабастар, қорықпаңдар, бері жүріңдер, – деді басқарма. Қолынан бір-бірлеп жетектеп әкеп, киіз үйдің күнес жақ қабырғасына қатарлап тұрғызды.

Жаңа сілтідей тына қалған жұрт балалардың ішінде қоңырқай өңді, қара көзділері барын аңдаған соң, қайтадан күбір-күбір сөйлесіп, гуілдеп кеткен.





– Ал, Дәуренбек, – деді басқарма, екі қолын кеудесіне айқастырып, алдыңғы қатарда сіресіп тұрған қара галифе шалбар, әскери гимнастеркалы жігітке қарап. – Дүкіметіңді оқы, балалардың мән–жайын айт.

Дәуренбек салдат етігімен сарт-сұрт басып, екі-үш қадам алға шықты да, бас бармағы мен жарты шынашағы ғана бар сол қолымен қармалап, төс қалтасынан төрт бүктелген бір жапырақ қағаз алды. Бес саусағы да бүтін оң қолымен қағаздың бүктемесін жазып, ернін жыбырлатып, ішінен оқып аз бөгелді. Содан соң молақ қолының кеміс шынашағымен балаларды санап шықты. Қағазына тағы бір қарады да балаларды орнын алмастырып, қайта тұрғызды. Тамағын кенеп екі-үш мәрте жеткірініп алып, қағазды мұқият бүктеді де қайтадан қалтасына салды.

– Басекең дұрыс айтады, баланың саны алтау, – деді содан соң. – Смирна тұрып, внимательна тыңдаңдар. Мен ретімен таныстырып шығайын. Тылдағы еңбекшілерге көмекке жіберілген жолдастар төмендегіше. Стройдың басында тұрған екеу – қазақ балалары, үлкені сегізде, кішісі алтыда, мынауы – Нартай, анаусы – Ертай, екеуі ағайынды. Бұлардан соңғы – татар баласы, аты Рәшит, жетіде. Көзі сығырайған жалпақ бет, тақырбас қара – әйел бала, қалмақ, я дүңген, жасы алтыда. Қасындағысының аты – Яков, тоғызда, қолағаштай мұрнына қарағанда жойыт тәрізді, бірақ документте орыс деп жазылған; қайдан кеп, қайдан тұрғаны белгісіз, әрі мылқау. Ең соңындағы – жаңа алдымен шыққан қасқа, жетіде. Сіздерден жасыратын не бар, тегі жаман – неміс. Бұл баланың орны детдом емес еді, әке-шешеден бірдей айрылып, панасыз қалған соң алынған екен. Өкіметтің кеңшілігі көп. Енді осы араға келіп тұрған жайы бар.

– Сонда қалай? – деді біреу.

– Не қалай?..

– Мына бала...

– Қай бала?

– Мына балалар... не... алған адам... алам деген адам... не-тіп...

– Мен бәрін де айттым, – деді Дәуренбек. – Тағы қандай сұрақ бар? Ешқандай сұрақ болмады.

– Түсінікті, – деді Дәуренбек. – Мен болдым. Басеке, сөз өзіңіздікі.

– Сөз дейтін не сөз бар... Осы ауылдан соғысқа сайдың тасындай қырық үш азамат кетіп еді. Өзірге оралғаны екеу-ақ. Дәуренбек қолдан, Берден аяқтан айрылып қайтты. Жиырма төртіне қара қағаз алдық. Хабарсызы қаншама. Тегіс жетімбіз. Жетім болмасақ, әліпті таяқ деп білмейтін Тоқажан колхоз басқарма? Жетім болмасақ, жетпіске келген Ахмет күндіз мал қарап, түнде күшкөлік баға ма? Әйтеуір артының қайырын берсін... – Көзі жасаурап сол бөгелді де қайта жалғастырды. – Сөз дейтін





не сөз бар, біз баладан айрылсақ, мына алдарында тұрған – атадан айрылған жетімдер. Екі жарты – бір бүтін... – Даусы жарықшақтанып, мұрты селтендеп, бұдан ары сөйлей алмады.

– Тоқа! – деді сол аяғына көнетоз саптама етік, он аяғына былғары тысты жаңа протез киген сырма күртелі қарамұрт. Бұл – бригадир Берден еді. – Тоқа, осы тұрған жұрттың көбі бала алғысы келеді. Мен де, ана Ақан да, мына Тілеубай да. Өзіңіз де құр қалмассыз. Тегіс сәби жасындағы кішкентай балалар көрінеді. Шыққан жерін ұмытып, ертең-ақ ет-бауырымыз боп кетеді. Өз қолыңызбен үлестіріп беріңіз.

– Ләббай, – деді қайтадан қатайып алған басқарма, – мен бөлмеймін, өздерің таңдаңдар. Тек ретін айтайын. Реніш-өкпе болмасын. Ақа! Жол сіздікі.

Тысы тозған сеңсең тымағын құлағын қайырып бір жақ шекесіне қисайта киіп, жұрттың бәрінің басынан аса қарап, ат үстінде тұрған Ахмет шал қарына қыстырған құрығын лақтырып тастап, жерге ырғып түсті. Қимылы ширақ.

– Таңдаған балаңызды алыңыз.

Ахмет ысырыла жол берген жұртты киіп-жарып балалардың алдына барды да қалт бөгелді. Қайсысын алсам екен деп ойланғандай. Жетімдерді жағалай шолып шықты да, ең баста тұрған ағайынды қазақ балаларының қасына келді. Екеуі біріне-бірі тығыла құшақтасып тұрған. Қолдарынан тартып еді, айрылмады. Ахаң тізесін бүгіп, екеуін бірдей бауырына басты. Кезек-кезек маңдайларынан сүйді. Содан соң орнынан көтеріліп, балаларды жағалай бастарынан сипап өтті де, ең шетте тұрған неміс баласының қолынан ұстады.

– Мен осы мықтының өзін қаладым.

Жұрт ду ете түсті.

– Еркіңіз білсін, – деді басқарма.

– Баланың аты кім? – деді Ахаң Дәуренбекке қарап.

– «Жауды аяған жаралы» дегенді білмеуші ме едіңіз, – деді Дәуренбек ызбармен.

– Әй, не шатып тұрсың, мен сенен ақыл сұрадым ба! – деді Ахаң да морт кетіп.

– Сақалыңыздың ағымда жаңсақ іске аяқ бастыңыз, – деді Дәуренбек. Ақсақалға емес, әлдеқайда, алыстағы егін-жайға қарайды.

– Құйысқанға қыстырылмай, қой, шырағым, – деді Ахмет. – Өкең атшабар Бәкібайды да көргем, ол да маған қоқандай алмаған. – Екі бүктеп, білеулей ұстаған қамшысының сабымен тымағын түзеп киді. – Неміске сен үш саусағыңды берсең, мен үш ұлымды бергем. Мына жұртты бөгемей баламның атын айт.

– Зигфрид Вольфганг Вагнер. Қарық болдыңыз, – деді Дәуренбек мырс етіп.

– Зекпри Болыпкен... Қалай, қалай?..



– Зигфрид Вольфганг Вагнер.

– Е, жөн-ақ, – деді Ахмет ақсақал. – Келісті, жақсы ат екен. Айналайын, жүр, үйге кеттік. Апаң күтіп отыр. Жұрттың сөзін ұрғаның бар ма, жүр үйге.

Қызыққа жиылған балалардың ересектеу біреуі шылбырынан ұстап тұрған атына барды да, Зигфридті аяғын тарбита көтеріп алып ерге отырғызды. Еңкейіп, жерден құрығын алып, сол жақ қарына қыстырды. Үзеңгіге аяғы тиер тиместен лып етіп өзі де ат үстіне қона кетті. Күміс қасты қазақы ер кең екен, екеуі де сыйды: алдыңда – жалбыраған ұзын сары шашты көккөз сары бала, артында – ширатылған ұзын бозғыл мұрт, шоқша сақалды, өңі жел мен күнге тотыққан ақсұр шал.

Иесінің жүріс бағдарларын жатқа білетін жиренқасқа ат оңға, колхоздың соқаға, тырмаға жегер, егін шабуға, қырман айдауға пайдаланар күшкөлігі жайылып жүрген қыр жаққа қарай беттемек еді, шал тізгінді тартып, солға қарай бұрды да, қатты тебініп қап, бұрын өзінде жоқ, тіпті, қазақта болмаған әдетпен ауылды қақ жарып шаба жөнелді. Абалай қосылған иттерден арылып, шетке шыққан соң ғана аяңға көшті. Оңашарақ тігілгені болмаса, Ахметтің өз үйі де осы ауылдың шегінде еді. Төбесі көрініп тұрған.

– Ұзағынан сүйіндірсін, – деді үйіне жетіп, атынан түскенге дейін Ахметтің артынан қарап тұрған Тоқажан.


– Шоғырлы жердің шоқысы болған аруақты атадан қалған қара шаңырақ еді. Ал, жұмысқа шығу керек, тездетейік, – деді содан соң. – Бокс, Ахаңнан соңғы жол да, жөн де сіздікі.

– Рақмет, Тоқажан шырағым, – деді Бөкең аталған кішкентай қара шал таяғының ұшын шошаң еткізіп. Тілеп алған жалғызды маңдайыма сыйғызбаған құдай басқаның зәузатынан опа бермес. Рақмет пейіліңе. Көр аузына тақап отырмыз, бір рет ата-анасынан айрылып аңыраған баланы екінші қайтара жетім қалдырып күнә арқалағым келмейді.

Осыдан соң жұрттың көңлі басылып қалды. Абыр-дұбырсыз, у-шусыз келісті. Басқарманың өзі әдеппен кезек күткен соң ешкім кеуделемеді. Бала алғандар да, құр қалғандар да риза болысты. Тек бөлінер кезде ағайынды Нартай мен Ертайдың шырылдап жылап, айрылмай қойғаны ғана жанға батты. Ертерек ойламаған екем, өкпе, аразға қарамайтын ем деп басқарма өкінді. Әйелдер көзіне жас алып, еркектер үнсіз тұнжырап, үйді-үйлеріне тараспай көп тұрды. Бірақ Ертайды алған бригадир Берден де, Нартайды алған орақшы Тілеубай да баладан айрылғысы келмеді. Қатты-қатты сөздерге барып, төбелесерменге тақады. Ақыры үлкендер басу айтып қойғызды. Балаларыңның бауы берік болсын, бүгін жылайды, ертең қояды, бәрін ұмытады десті. Сол сөзді медеу қып қалғаны да тарқасты.



Зәузатынан
– баласынан
деген мағынада.





БІРІНШІ ТАРМАҚ. ЗИГФРИД АХМЕТҰЛЫ

Ертеңіне Ахмет көрші ауылдан Жақан молданы шақыртып, неміс баласының тілін кәлимаға келтіріпті деген сөз тарады. Молда сыйға лақ сұраған екен, Ахан шарт етіп ашуланып, ішіп отырған шайының да аяғын күтпестен, үйден қуып шығыпты. Хазіреті Ғали мың сан көпірді діңге кіргізгенде кімнен лақ алып еді, азған атаңның аузы деп боқтап, алды-артына қаратпай атына мінгізіпті де, ауылдың шетінен асырып, айдап тастапты. Араға күн салмай кеңес басына барып, көптен бері сыртқа шығудан қалған Сейітбек қожаны алып кеп, баласын сүндетке отырғызған көрінеді. Жұрт тағы бір сойқанды күтіп еді, ондай шетін хабар естілмеді. Қайта керісінше, Ахаңның үйіне қатысы бар әйелдер қожа қозылы қой алып кетіпті десті.



«Семіз ет пен нәрлі сорпаға лықа тойған жұрт» – дегенде қандай әдебиет теориясына мысал бола алады?

Кешіне Ахаң бүкіл ауылды баласының асық жілік ұстар тойына шақырды. Көптен қызылсырап жүрген жұрт үлкен-кіші, кәрі-жас демей, тайлы-таяғы қалмай тегіс жиналды. Ахаң жалғыз ісегін сойған екен, бас-сирақ, ішек-қарнына дейін асыпты. Молынан жетті. Семіз ет пен нәрлі сорпаға лықа тойған жұрт шай келгенде дастарқанға төгілген ірімшік, құртқа қарай алмады. Тек шөлдерін басу үшін бір-бір шыны ақсу ішісті.

Астан соң бригадир Берден ертең жұмыс барын еске салып еді, басқарма тоқтау айтты. Жаміғат той көрмегелі екі-үш жыл болды, отырып, көңілдерін көтерсін деген.

Әйелдер жағы қосылып өлең айтты. «Бір баладан» басталған ән әуені көп ұзамай мұңға ауысты. «... Қай жерімнен келеді ойын, күлкі – Жеті арал жерім-ай, – Сауықшыл елім-ай...» Осыдан соң ақ кім шығарғаны, қайдан тарағаны белгісіз, сөзі де қораш, әуені де олақ, бірақ жұрттың дәл қазіргі көңіл күйіне сәйкес жаңа әндер айтыла бастады.



«Бір баладан» әнін кімдер жырлады?

Еркектер жағы шыдай алмай сыртқа шығысты. Не істерлерін білмей, ананы-мынаны әңгімелеп, күңкілдесіп тұр. Көзге түртсе көргісіз қараңғы түн. Биікте сансыз жұлдыздар жымыңдайды. Бұдан бес, он, жиырма жыл бұрынғыдай. Жас. Қайғы-мұңсыз.

Іште әйелдер жамырай сұңқылдайды. «Ахау айдай ақыным – Армияда жақыным, – Қолдан келер қайран жоқ, – Алла білсін ақырын...» Ән емес, дауыс айтып жатқандай.





– Ау, не тұрыс, күреспеймісіндер, – деді Тоқажан.

Белсенуші болмады. Өңшең кәрі-құртаң. Ақыры бірін итеріп, бірін сүйреп, қаумалап, ортаға екі шалды шығарды. Өуелде амалсыздан жай ғана ұстасып жүр еді, көтермелеген айғаймен қыза-қыза шын күресіп кетті. Бірі іштен шалып тастағысы келді, бірі жамбасқа салмақ болды, әйткенмен ештеңе өнбеді, ырсылдап, күрсілдеп, ұзақ жүрді, ақыры екеуі де шаршап, тұрған орындарында құлай кетісті. Қалғандары қарқылдап күліп, дабырласып барып тоқтады. Сол кезде ғана аңдады, үйдегі әйелдер әлі зар айтып жатыр екен. Дауыстары манағыдай жамырап шықпайды. Бәрінің қайғысы, бәрінің тілегі бір арнаға құйылған.

– Балаларды күрестірейік, – деді біреу.

Балалар әйелдердің әнінде де, шалдардың күресінде де шаруасы жоқ, үй сыртында асыр сап жүрген. Үлкендердің кейбірі солай қарай ойысып еді.

– Көкпар тартайық, – деді әлдекім. Орақшы Тілеубай екен.

– Ойбай, жетіқараңғы түнде...

– Жер жағдайы белгілі ғой, бірақ, серкеқайда, – деді екінші біреу.

– Ақа, сектің терісін әкеліңіз, – деді Тілеубай.

«Бүгін тартылмаған көкпар сірәда тартылмайды» деп ешкімге ырық бермеді. Белдеуде қаңтарулы тұрған аттардың біріне мінді де, жас теріні тақымына басып алып, қырға қарай қиқулап, тасыр-тұсыр шаба жөнелді.

– Қап, мына жүгірмектің істегені-ай... – Бұл – бригадир Берден еді. – Өзі өлсе ештеңе етпес, атты жазым қылатын болды-ау. Қайт-ей, қайт кейін! – деді айғайлап.

Тілеубай әудем жердегі белеске шыға бере көлденеңдеп тұра қалды. Жұлдызды аспанның аясында сұлбасы ғана қарауытады.

– Қайтпаймын-ау! – деді ол да айғайлап, – Бәріңді жерге қаратып осы бетімде ауылға тартам. Тез енді. Ұзатып аласыңдар!

– Шыдап көр қорлығына, – деді Берден. – Астына мінгені қай ат?

– Көкдомбақ.

– Құртқан екен ғой. Оған бұл арада Ахаңның жирен қасқасынан басқа ат жетпейді. Әкел бермен, қарасын үзбей тұрғанда.

Біреу белдеуден жиренқасқаны шешіп әкелді.

– Тез мінгізіп жіберіңдер.

Екі-үш адам сүйемелдеп, атқа мінгізісті. Бұл кезде Тілеубай да жөнеле берген еді.

– Не екі аяқты бірдей ағаш қылам, не көкпарды алып қайтам, – деді Берден. – Айт шүү, жануар.

Келесі сәтте қырқадан асып жоғалды.



Кенет жұрт жау шапқандай абыр-сабыр болды да қалды. Бірі белдеуде тұрған аттарға, бірі ертемен жұмысқа жегілмек, қазір таяу маңда жусап жатуға тиіс жылқыға қарай жүгірді.

Кейде өр жақтан, кейде ой жақтан шыққан топырлаған тұяқ даусы, қиқулаған үзік-үзік айғай түннің бір уағына дейін басылмады.

Жылы қымтаулы төсекте жатқан, ет желініп бітпей-ақ ұйқыға кеткен Зигфрид Вагнер ертеңіне таңертең Зекен Ахметұлы Бегімбетов болып оянды.

* * *

Есім деп, орыс, қазақ деп бөлу пайғамбарға шет, құдайға күнә, – деді Ахаң. Өр үйде өткен той ырымы тарқап, әбігер басылған соң, бірде қырманда, жаңа ғана құйып өткен соқыр жауыннан кейінгі рақат тыныс үстінде отырған жұрт:



Мән бер! Қалайша? «Зигфрид Вагнер ертеңіне таңертең Зекен Ахметұлы Бегімбетов болып оянды».

– Әйткенмен де, дәл осы баланы таңдауыңызға не себеп? – деп сұрар еді көңілі жақын замандастары.

– Рас, – дейтін Ахаң. – Ойым қазақ балаларында еді. Айыруға қимадым. Әрі үлкені тым есті көрінді. Ұмыттырмас, түбі өзін табар дедім.

– Ал одан басқалары ше?

– Ең тәуірі осы Зекен боп көрінді көзіме.

– Сонда да...

– Маған бәрі бірдей еді, – дейтін Ахаң. – Әйтсе де көп жетімнің ішіндегі шын жетім осы екен. Обалынан қорықтым...

Көп ұзамай Ахаң тұрғыластарымен бас қосқан жерде бөтен сөзді қойып, үнемі баласының жайын әңгімелейтін болды.

– Өзі ұғымтал, – дейтін мақтанып. – Аса зирек. Бірақ биыл мектептен қалады. Тілі бастықсын. Оған да қарамай беріп жіберер едім, келмей жатып кісі үйінде тұрған соң тасбауыр боп кете ме деп қауіптенем.

– Осы атаңның аузын ұрайынның қазаққа бір шатысы болса керек, – дейді тағы бірде насыбайын апшысынан атып отырып. – Жылқыға жаны құмар. Ноқай неме, алды, арты демейді, кеше жиренқасқаның бауырынан өтіп ойнап жүр.

– Тіпті, бөтендігі жоқ, – дейді келесіде басын шайқай масаттанып. – Алғашқы күндері үркек еді. Қазір мені мен шешесін қойшы, осы бәріңе, бүкіл ауылға бойы үйреніп қалды.

Үлкендер Ахаңның әр сөзін бәрекелділеп қостап, бас изеп мақұлдағанымен, бала-шаға жағы Зигфридті бірден мойындама-





ды. Маңына көп жолай қоймайды. Әкесінің қасында жүрген кезде ғана дұшпандық ниет танытпайды. Онда да беріліп ойнамайды. Үлкендердің көзі тайған сәтте қазақ боп бөліне кетуге, реті келсе зорлық жасауға, бірдеңесін тартып алуға бейім тұрады.

Бірақ Зигфрид кекшілдігі жоқ, жайдары бала боп шықты. Көбіне жалғыз ойнайды. Әкесінің тымағын айналдырып киіп, көк шыбықты ат қып мініп, күнұзақ үйінің қасында асыр салады. Таяу маңда бала көрінсе болды, қол бұлғап шақырады. Қарамаса соңынан жүгіреді. Тек алысқа ұзамайды.



Ауыл балалары мен Зигфрид арасындағы қатынас қандай болды? Зигфрид қандай бала болып тәрбиеленді?

Ептеп қазақша сөйлей бастағаннан бері ауыл балаларымен арадағы алалық азайды. Бірлі-жарым балалар өзі іздеп келетін болды. Оларды тартқан Зекен бе, Зекеннің апасы алдарына қоятын тостаған толы май бидай ма, әлде тұлпар даңқы бар жиренқасқа ат па – тек осы арасын ажырату қиын еді.

Зигфрид кім келсе де жақсы қарсы алады. Бар-жоқтыны адал бөлісіп жеген соң, беті сүйекпен зерленген қазақы ағаш төсектің басына ілулі тұрған, ала ешкінің бітеу сойылған, жүні сыртына қараған мойын терісінен жасалған ұзыншақ дорбаны алып, түбінен көтеріп, ішіндегісін сау еткізіп жерге төгеді. Әкесі атпен үй-үйге арнайы шығып, бір-ақ күнде жинап, өз қолымен тамыр дәріге, қою қынаға бояп берген сары ала, қызыл күрең асықтар. Неше жыл жатқан сандық түбінен апасы әперген, атыла-атыла әбден мүжілген, бірақ әлі де қолда ойнап тұрған үлкен қоңыр құлжа.

– Менде де асық бар, – дейді көзі жайнап кеткен қонақ бала.

– Жахсы, – дейді Зигфрид. «Қ» ға әзір тілі келмейді, «қ» мен айтудан қашады. Үйреніп үлгерген сөздерінің ішінде «қ» әрпі кездесіп қалса үнемі «х» етіп жібереді. Басқа қазақы дыбыстардың бәрін де айта алады. «Ғ» ны да, «ү» ні де, «ә» ні де. Ал «н» ды орынды, орынсыз, мөлшерден тыс көп қолданады: – Ханша асх сеңкі?

Қонақ бала қанша асығы барын білмейді.

– Көп, – дейді біраз ойланып барып.

– Жахсы, – дейді Зигфрид салмақпен. – Меңкі көп-көп. Меңкі хырх... хырх... апа, ханша?

– Қырық тоғыз, жарығым, – дейді жүн түтіп отырған апасы.

– Меңкі хырх тоғз асх.

– Менің де қырық тоғыз асығым бар, – дейді сан білмейтін қонақ бала әйтеуір көптік мағынадағы сөз болар деген шамамен.





- Жахсы... жахсы... – дейді Зигфрид қонағын арқасынан қағып.
- Сеңкі хұльжа бар?
- Бала өтірік айта алмайды. Үндемей қалады.
- Хұльжа... архар... блесң?..
- Осындай құлжаны мен де тауып алам, – дейді жеңілгісі келмеген қонақ бала.
- Бұль хұльжа Нарым... бет ағамдікі! Маған тастаған. Соғыста өлген. Меңкі үш аға соғыста өлген. Сеңкі неше аға өлген?
- Менің ағам әлі тірі, – дейді қонақ бала.
- Трі... не? Апа, не трі?
- Өлген жоқ, айналайын. Бір жерде жүр.
- О-о! – дейді Зигфрид қуанып. – Меңкі өлген.
- Қонақ бала біржола жеңіліп, айтарға сөз таба алмайды.
- Меңкі үш аға өлген... Кіммен соғыста, апа?
- Кәрманмен, күнім.
- Кәрманмен соғыста меңкі үш аға өлген.
- Менің ағам да өледі, – дейді ағасының тірілігі зиянға шыққан қонақ бала. – Ертең өледі.
- Сеңкі аға трі, – дейді әбден жеңіп алған Зигфрид. – Меңкі үш аға өлген. – Үш саусағын көрсетеді. – Келім... бет... Жолым... бет... Нарым... бет... – Әр ағасының атын атаған сайын бір саусағын бүгеді. Алдымен басбармақ, содан соң сұқсаусақ, ең соңында ортанқол. – Енді мен біреу, – дейді жұмылған үш саусағының орнына жалғыз шынашағын шошайтып. Мен мынау... – Содан соң бас бармағын көрсетеді. – Мынау болады. Көкем айтхан.

Ауыл балаларымен кездесу үнемі дәл осындай түсініскен достық жағдайда өте бермейтін. Әсіресе ересектерімен. Алғашында өзенді бойлай тығылып кеп, сыртта ойнап жүрген Зигфридті жылқының кепкен тезегімен атқыласты. Сиыр сауып отырған апасы орнынан тұрғанша, талдың арасына еніп, зым-зия болды. Келесі жолы үй маңынан ұзаққырап кеткенінде айтақтап күшік қосты. Енді бірде шомылып жатқан үстіне бара қалса, ұстап ап, бет-аузына қан-қара етіп батпақ жағын қоя беріпті. Зигфрид екі көзі ғана жылтырап, бақырып үйге келгенде Ахаң қатты ашуланды. Атына мінді де, Зигфридті сол балшық-балшық күйі алдыңа еңгеріп ап, су басына шауып жетіп келді. Неміс баласы біреуді ертіп әкеледі деп ойламаған, ойласа да атпен, әрі мұнша тез келеді деп күтпеген ауыл балалары тегіс тыр жалаңаш таяз суды шалпылдатып, мәре-сәре боп жатыр екен, тым-тырақай қашты. Бірақ киімдері жағада қалған, ұзай алмай, арғы қабақтағы талдардың арасына тығылды. Ашулы ақсақал өзеннен өтсе, одан да әрі қашуға ыңғайланып, су-су шаштары үрпиіп, жылт-жылт сығаласып тұр.

– Әй, өңшең қара сирақ! – деді Ахан айқайлап. – Сендер кім деп жүрсіңдер! Мынау – менің балам. Нарымбеттің інісі. – Ере-





сектеу екі-үш баланың атын атап шақырды. – Мына Зекеннің бетінің балшығын жуындар. Суға малтытып үйретіңдер. – Сөзіне жауап күтпестен Зигфридті жерге түсірді. – Бар, ойна. – Атының басын бұрды да, артына қарайламастан аяндап жүре берді.

Сол күннен бастап Зигфридті ешкім сыртқа теппейтін болды. Өзі де ойынға тоймайтын бала екен. Таңертеңнен кешке дейін өзен бойында жүреді. Балалармен бірге у-шу боп суға түседі. Құмнан қорған соғады, балшықтан үй қалайды. Жапырақ желкен керіп, қамыстан қайық жасайды. Тас лақтырып қаймақ жалатады. Өтірік малтып қақ ойнайды. Ақыры кешке үлкен жұмыс басынан келгендей, шаршап жығылады. Таң ата тағы кетеді.

Үш-төрт аптаның ішінде аяғын күс басқан қара сирақ қара торы бала болды да шықты. Шашы ұстарамен алынған тақыр басы да қарақұйқа. Бірақ түр-тұлғасы әлі де бөлек. Тұнық көкпеңбек көзі, ақшыл сары кірпігі мен қасының өзінен бұл баланың бөтен нәсіл екені айқын танылатын. Әйткенмен, бұған жұрттың көзі үйреніп қалған еді. Көп ішінде бұрынғыдай аңдағайлап тұрмайтын сияқты. Тілі де біршама бастыққан. Балалардың арасынан жақын достар ғана емес, алты атадан, жеті атадан табысатын қандас туысқандар да табылды. Ес білетін ересектері, тіпті, Нарымбет ағаға тартқан десетін. Аханның үлкен ұлы Келімбет соғыста неміс әйелін алыпты, содан қалған бала екен деп те соғушылар болды. Әйтеуір көп ұзамай Зигфрид балалар мемлекетінің тең мәртебелі, хан сайлауға, «Айгөлек» ойнауға, алысуға, күресуге толық хақысы бар қатардағы азаматы боп шықты. Басқа балалармен қол ұстаса тұрып: «... Қанжығадан қан керек. – Тебінгіден тер керек, – Маған анау тұрған пәленнің қу басы керек» – деп қыза айғайлайтын, иық тірестіре отырып «Хан жаман» деп еркін сөйлейтін дәрежеге жетті.



«Айгөлек» қандай ойын? Сендер де ойнағансыңдар ма?

Ойын ұзаққа созылмады. Сентябрь туа мектеп жасындағы, егіс жұмысына жарамайтын балалардың да мойнына құрық түсті. Ойын балаларының ересегі Зигфридтің өзі боп қалды. Ұйымдастырушылары жоқ өңкей шиборбай. Әрі күн салқындай бастаған. Асық ойнаудың да, суға шомылудың да қызығы азайды. Оның есесіне Зигфрид жаңа ермек тапқан.

Алғашқы күндерден бастап әкесінің алдына мініп үйренген еді, ойын сұйылған соң мүлде атқұмар боп алды. Ахаңның өзі де Зигфридті жанынан тастамайды. Үнемі алдына алып жүреді. Мал қайырғанда да, қырман басына барғанда да. Тіпті үй арасында да. Ахаң түскенде Зигфрид ат үстінде қалады. Әуелде ердің қасына жабысып отыратын. Көп ұзамай, тізгін ұстап өз бетімен жүріп-тұратын дәрежеге жетті. Екі-үш жасынан аша-



майға мініп, ертоқым үстінде жеткен өзі құралпас балалардай ат құлағында ойнамағанымен, тумысында жуас жиренқасқаны суарып келіп, қырға шығып, арлы-берлі аяңдап, тіпті, қопандап желіп, әжептәуір боп жүрді. Кемпірінің қарсылық білдіргеніне қарамастан Ахаң Зигфридті егінді қарауылдап келуге, бірлі-жарымды малды қайырып тастауға жұмсай бастады. Ата жолы солай, ат үстінде жүріп үйренсін деген. Көп болса жығылар. Аттан жығылмаған қазақ жоқ. Аттан жығылып өлген қазақ тағы жоқ. Әйткенмен, жиренқасқаның айылын берік тартатын да, таралғыға аяқ салмауын қатты тапсыратын. Көп ұзап шықпауын, мезгілінде қайтуын қадағалайтын. Кешігіп бара жатса жаяулап соңынан іздеп кететін. Онсыз да мазасыз жұмысының үстіне жұмыс қосып, ай бойы тыным таппады. Ақыры мақсатына жеткендей болды. Зигфрид салт жүруге әбден үйренді. Әкесі құсап ат үстінде еркін, оң жақ жамбасына қарай қисая, немқұрайды отырады. Желгенде онша қопақтамайды. Тіпті, ой-қырға қарамай, ағыза шапқаннан да қорықпайды.

Түнде күшкөлік бағатын Ахаң күндіз жөндеп тыныға да алмайтын. Егін қору керек. Жегінге ілінбеген немесе көбең тартсын деп екі-үш күнге арқасын босатқан ат, айғыр өз алдына. Ауылда үй басы дерлік сиыр бар. Жаңа астыққа жеткенге дейін, тіпті, жеткеннен кейін де қоректерін айыруы соның арқасы. Молшылық кезде сиырды мал деп білмеген қазақ қазір анық кедейдің қолы осы екеніне көзі жеткен. Бірақ Ахаң үшін бар пәле сиырдан басталады. Күнұзақ күзететіні осы он бес сиыр.

Күн шығар-шықпаста күшкөлікті ауылға әкелген бетінде, жаңа сауылған сиырларды жиып алып, қырдан асыра айдап тастайды. Үйге кеп, бел шешіп отырып, шайын ішіп бітер-бітпесе: «Ойбай, Нәкеннің... Зекеннің әкесі, сиыр егінге кетіп барады», – дейді, шай құя отырып, ара-тұра сыртқа шығып, қарауылдап кеп жүрген кемпірі. «Әп-п, мұрны пысылдаған атаңның аузы...» – деп бір сыпап алып, Ахаң атқа қонады. Сиырдың алды өзенге жетіп қалған. Сол қабақ – төгіліп тұрған егін. Ахаң барғанша сиырлардың алды ауыз салып үлгерері сөзсіз. «Қайт!» дейді Ахаң ақырып. – «Қайт кейін!» Сиырлар алыстан шыққан жарлықты естиді. Тыңдамаса шатақ боларын біледі. Амалсыз қарсы алдыңда тұрған тәтті тағамнан бас тартады. Аз-маз ақылы барлары өзі бұрылып, кейін қарай аяндайды. Ақылсыздары кейін бұрыла қоймайды. Алға да баспайды. Қашан Ахаң өзі барып айдағанша не егінді қимай, не кері кете алмай, сілекейі шұбырып, бір орында теңселіп тұрады.



Ахаңның атқа мінген жері қалай суреттелген?





Ахаң қамшы үйіріп, бар сиырды жайымен айдап, – ұрса, қуса сүті қашады, – тағы қырдан асырады. Бұл жолы манағыдан ұзатыңқырап тастайды. Мейлі. Арада бірер сағат өтпей, бар сиыр өңкілдеп, тағы да егін жаққа қарай беттейді. Соқа тартатын өгіз, лобогрейкаға жегілетін ат, қырман айдайтын құнан, тай, астық артатын түйе – үш-төрт түліктен құралған елу қаралы күшкөлікті түні бойы қалт еткізбей бағатын, ара-арасында ердің қасына сүйеніп ат үстінде, кейде, тіпті, жерге түсіп, тонына оранып жатып та ұйықтап, тынығып алатын Ахаң күнұзаққы мынадай өнімсіз тірліктен әбден қажып бітетін.

Зигфрид атқа үйренгеннен бастап Ахаңның арқасы кеңіді.

Таңертең ұлын атқа мінгізіп жібереді де, рахаттанып отырып, шайын ішеді. Тіпті, бірер сағат мызғып та алады. Күндіз кеп қалды деген қауіппен қайта-қайта атқа қонбайды. Зигфрид шоқытып барып, сиырлардың қай шамада жүргенін байқап қайтады. Ахан төбесі көкке жеткендей мәз болады. Кемпірінің баланы пәлеге ұшыратасың деген сөзін тыңдамады. Қырық шақырымдық бәйгеге шабатын кезі деді. Мен дәл мұндай күнімде Қояндыға мал айдасып барғам деді. Өз бетімен осылай еркін жүрсе тез есейеді деді. Әйтеуір өз айтқанын істеді. Өстіп тайрандап жүргенде Зигфрид шынында да пәлеге ұшырады. Тек Зигфрид қана емес.

Әкесінің тапсыруы бойынша, Зекен малды алыстан ғана қарауылдауға тиіс еді. Егінге қарай беттесе тез үйге жетуі қажет. Атқа Ахаң ауысып мінеді.

Әлде тапсырманы ұмытты ма, әлде балалықпен өзімнің де қолымнан келер деп ойлады ма, бірде Зигфрид егінге тақап қалған малды өзі қайырмақ болды. Қолына шолақ қамшы ұстаған кішкене баладан, оның шіңкілдеген айғайынан сиырлар ыққан жоқ, алға қарай баса берген. Желе шауып жүріп бірін қайырса, екіншісі қашып, екіншісіне беттесе үшіншісі бой бермей, ақыры бар сиыр дүркірей шауып, шарасы таусылған Зигфридпен бірге егінге кеп түскен. Осы кезде лобогрейкашылар мен орақшылардан келе жатқан есепші Дәуренбек те жетті. Жапырылған егінге де, жас бидайды құныға асаған сиырларға да қараған жоқ, жиренқасқаны қамшымен сауырынан тартып-тартып жіберіп, Зигфридті алдына салып айдай жөнелді. Қос аттың дүбірі мен «Аттан, аттан! Жау шапты! Неміс шапты!» деген ащы айғайдан үркіп далаға шыққан Ахмет қамшы үйіріп, Зигфридті тықсыра қуып келе жатқан Дәуренбекті көргенде абдырамай, аял да қылмай қарсы айғай сап, сойылға жармасқан. Жиренқасқа белдеуге кеп, тұмсық тіреп тұра қалғанда, ақ сойылды көрген Дәуренбек астындағы атын жерошақтан қарғыта жалт бұрылды. Әйтпесе ашулы шалдың қағып түсіруі кәдік еді. Сол бұрылған күйі қайтадан егінге қарай шапқан. Өксіп жылап, жиренқасқадан домалап түскен Зигфридке де қарамастан, сойылын сүйреткен күйі атқа міне сала жаудың соңынан қумақ болған Ахаңды кемпірі жібермеді.





Кешке екеуі басқарма алдыңда табысты. Дәуренбек: «Қызметімді сыйламай, сойыл ала жүгірдің, қандай хақың бар? Кімге қоқан-лоқы жасамақсың? Маған ба, әлде үкіметке ме?» – деді. Ахмет: «Қаршадай баламды қамшының астына алмақ болдың. Жетім көрдің бе, жесір көрдің бе? Неге басынасың?» – деді. «Зигфрид Вагнер егінге малды қастандықпен түсірді, – деді Дәуренбек. – Айдап әкелгенін өзім көрдім». Ахаң «Астапыралда!» деп жағасын ұстап отырып қалды. Сөз таба алмай, таңдайын қағып, басып шайқай берді. «Немістің аты неміс, – деді бел ала бастаған Дәуренбек. – Осыны ұмытпауымыз керек. Соғысты шығарған кім? Сенің үш ұлыңды бірдей жалмаған кім?» «Балаларымның атын арам аузыңмен былғама», – деді Ахаң. Даусын көтермесе де ызбармен айтты. Бірақ бұл кезде Дәуренбек күшейіп алған еді. «Немістің аты неміс, – деді бастапқы сөздерін қайталап. – Сен оларды білмейсің. Мен білем. Мына көзіммен көрдім. Екі жыл от кешіп, соғысқа кіргенде, қатерге бас тігіп қан төккенде ауылда алдымнан неміс шықсын деп жүрді деймісің. Жоқ, көнбеймін бұған. Көнбеймін! Және жол бермеймін! Апарып қайта өткіз. Көзін құрт. Әйтпесе сен де жаусың. Халық жауысың!..» Ахаң қалшылдап кетті. Араға басқарма түспегенде Дәуренбектің басына қамшы оратылары сөзсіз еді. Сабасына түскеннен соң да ыза буып сөйлей алмады. «Нағыз халық жауы сенсің, – деді бар болғаны. – Сен немістен де жамансың. Сен нағыз пәшиссің». Енді Дәуренбек кеуделеді. Бірақ басқарма оқыс ақырып қап оны тез басты. Содан соң Ахаңа кейіді. Бірде ұрса отырып, бірде ақыл айтып, екеуін де кінәлі қылды. Дәуренбек қолма-қол ғафу өтінді. «Қателік өтті, қызулық жасадым, неміспен соғыста қаным бұзылыпты, өзімді-өзім ұстай алмаймын», – деді. «Айтқан сөз – атылған оқ, қайтпайды; бауырыма салған балама тіл тигізді», – деп, Ахаң өз кезегінде кешірім сұрамай қойды. Әйткенмен, екеуінің де жүзі жылып, татуласқан кейіпте айрылысты.



Лобогрейка деген не?

Бес-алты күннен соң ауылға қызыл ала жағалы бір топ адам сау ете түсті. Әлдекім Ахмет шалды сыртынан көрсетіпті. Ата тегі қалмақ деп басқарманы, тағы сол сияқты біраз адал совет адамдарын ғайбаттады, ұлттар достығына қайшы келетін сөздер айтып, үгіт таратып, тылдағы еңбекшілердің арасына іріткі сап жүр депті. Бұл түк емес-ау, үйіне бір фрицті паналатып отыр, шашын алғызып, киімін өзгертіп, жұртшылықты алдамақ, тіпті, есіміне дейін жаңадан қойды, бірақ ол адамның аты-жөні Зекен емес, Зигфрид Вагнер, не орысша, не қазақша білмейтін таза неміс депті. Қару асынып, сайланып шыққан кісілер Зигфрид Вагнердің кім екенін көрді. Басқарма да, өзге жұрт та Ахмет шалдың теріс





үгіт жүргізгенін растамады. Кісілердің қаһары қайтып, ашулары біраз басылды. Зигфридке тиген жоқ, әйтсе де Ахаңды өздерімен бірге әкетті.

Ахан бес-алты күннен соң оралды. Аудандағы дөкейлердің бірі үлкен ұлы Келімбетпен бірге оқыған, кезінде шалдың өз үйінен де дәм татқан адам екен. Сол шығарып алыпты. Аузыңа ие боп жүр деп ұрысса керек. Пәлелі баладан да құтыл деген кеңес беріпті. Ахаң аузына ие болуға уәде бергенмен, баладан өз еркімен айрылуға көнбепті. Кемпірі де, ауыл-аймақта кәрі шалдың ақталып шыққанына қуанысты. Әйткенмен де, сөз Зигфридке келгенде, бәрі де тығырыққа тірелген. Ахаңның айтқанындай, заңның шешуін күтті.

Келер аптада ауданнан арнайы уәкіл келді. Зигфридтің әкесі советке қарсы күреспеген көрінеді. Оны аз десеңіз, қызыл әскерде үлкен кәмәндір бопты. Қайдан барғанын кім білсін, Ыспан деген елде қаза тауыпты. Пәшистермен соғыста. Қырық екінші жылы шешесі де өлген соң детдомға алыныпты. Балада кінә жоқ депті уәкіл.

«Апыр-ай, – десті фашист атаулының бәрін неміске балайтын жұрт. – Неміс пен неміс те соғысады екен ғой. Әлде Зекпірейдің әкесі неміс емес пе?..»

Жоқ, неміс көрінеді. Сондықтан Зигфрид Вагнердің бұл ауылда тұруына болмайды. Ойдағы «Қызыл ту» колхозына немістер көшіп келмек. Зигфрид те сол араға орын аударуы қажет. Ахмет Бегімбетов қоса көшем десе қарсылық жоқ.



«Айтқан сөз – атылған оқ, қайтпайды; бауырыма салған балама тіл тигізді», деп айтқан кейіпкерді тап.

ЕКІНШІ ТАРМАҚ. НАРТАЙ МЕН ЕРТАЙ

Нартай әу бастан осының бәріне күмәнмен қараған. Сенбеген. Әйтсе де көңілі түйткілді еді. Үмітті түйткіл. Өзін танып алған Тілеубай деген кісі кейде қолынан жетелеп, кейде еркіне қоймай көтеріп, қыр астындағы аулына апарғанша көп әңгіме айтты. Қайда екенін білмей жүреді екен. Әйтпесе іздеп бармай ма? Ақыры қайыр болды. Баласының өзі келді. Көрген бетте мынау менің Нартайым деп жылап жібере жаздадым дейді. Ол жерде жылаған жоқ, енді ғана жылап келеді. Менің көкемнің сақалы жоқ, мұрты ғана бар болатын. Сақал кейін шықты дейді. Әуелде ештеңе болмайды. Содан соң мұрт шығады. Содан кейін сақал. Рас айтады. Бұрын мұртпен ғана жүретін. Сақал кейін өсті. Сенбесе қазір үйге барған соң қырып тастайды. Сонда біледі өзінің көкесі екенін. Менің көкем жас болатын. Мен де жас болғам дейді. Осы



ауылда жүріп қартайдым. Бейнеттен, қайғыдан. Маңдайға басқан жалғыз ұлдан айрылған оңай дейсің бе? Сол ұлды қайта тапты. Енді жасарады. Сөзі дәлелді еді. Нартай сеніп қалды. Қосылып аңырағысы келді. Мойнынан құшақтады. Тер сасиды екен. Қайта құшақтамады. Бетінен сүйгізді. Сақал, мұрты жыбыр-жыбыр еткізіп, қытығын келтірді. Бірақ күлмеді. Күле алмады. Есіне Ертай түсті. Оның жылағаны. Өзінің жылағаны. Оның ағасының, яғни мұның, мойнынан тарс құшақтап ап айрылмай қойғаны. Өзінің оның, яғни інісінің, соңынан жүгіргені. Оның қара мұрты ширатылған ағаш аяқ адамның мойнында кетіп бара жатып артына қайрылып боздағаны. Өзін әлдекімдердің ұстап ап, мына сақалды шалға әкеп бергені.

– Ертай менің бауырым, – деді.

– Иә, айналайын, – деді. Өзі сақалынан тарам-тарам жас ағып әлі жылап келеді.

– Ертай кішкентай, мен жоқта оны балалар ұрып тастайды.

– Ешкім ұрмайды, – деді сақалды.

– Неге сен оны да алмадың?

– Өз әкесі табылды, – деді сақалды. Нартайдың көңіліндегі күмән қайта тірілді.

– Ол менің туысқаным, екеуміздің әкеміз бір, – деді. Жыламай айтты.

– Мен қайтейін, – деді сақалды. Ол да жылағанын қойды.

– Мен қайтейін. Жаңа көрдің ғой. Алайын дедім. Бермеді. Өзімді сабап тастай жаздады. Қамшысына қарадың ба?

– Қос өрім дырау қамшы. Сонымен бір салса нем қалады? Қорықтым. Әлім келмейді. Әйтпесе Ертайды тартып алатын ем. Нартай үндемеді. Осыған да тәуба деді сақалды. Сені тағы біреуі алып кеткенде қайтетін ем. Рас, деп ойланды Нартай. Мені басқа біреу алып кеткенде қайтетін ем.? Көкемнің... кімнің... осы сақалдының... кімнің... көкесінің алғаны жақсы болды.

– Міне, ауылға келдік, – деді сақалды көкесі.

Ауыл – сай етегіне тігілген жалғыз киіз үй екен. Үй алдында құлын байлаулы тұр. Анадайда сиырдың баласы мен бес-алты қозы-лақ жүр. Тура суреттегідей. Мә-ө-ө!.. Мә-ө-ө!.. Сиырдың баласы да, қозы да, құлын да мә-ө-ө, мә-ө-ө демеді. Ешқайсысы бұған мойын бұрмады. Бері жүрмеді. Оның есесіне үйден бір кемпір шықты. Басына аппақ ораған. Аппақ боп арқасын да жауып тұр. Тура бағанағы апаныкіндей. Сонда сұраған. Кимешек-шаршы дейді. Кимешек-шаршы. Кимешек-шаршы тартқан кемпір қолымен көзін көлегейлей қарап сәл тұрды да, бері жүрді. Бейтаныс кемпір. Ол да мұны танымайтын сияқты. «Әкем-ау, мынау мұсылман ғой» деді. «Жарығым-ау, қазақ қой» деді содан соң. Сүйдеді де Нартайды бас сап құшақтап, аңырап қоя берді. Өлең айтып жатыр. Жылап айтып жатыр. Ара-тұра: «Арманда кеткен жалғызым-ау, аһ...» деп қайырады.





Мұның жалғызы кім екен деп ойлады Нартай. Кемпірдің көз жасымен бет-аузы түгел су боп қалды. Тамағы мен мойнына дейін шыланды. Тіпті, аузына да тиіп кетті. Ащы, кермек екен. Нартай түкіріп тастады.

Көкесі бұл жолы жыламапты. Нартайды көтеріп, кемпірді сүйемелдеп, киіз үйдің ішіне кірді. Кемпір мойны ұзын сары құман әкеп көкесінің қолына су құйды. Үшеуі де беттерін жуды. Содан соң кемпір ортаға дөңгелек стол қойды. Дастарқан жайды. Ыдыс-аяқты салдыратып, босаға жақтағы ши ішіне енді.

– Әже неге жылады, жалғызы кім? – деп сұрады Нартай сонда ғана көкесіне сыбырлап.

– Жалғызы сенсің. Сенің табылғаныңа қуанғаннан жылады, – деді көкесі. Нартай ұға қоймады.

– Бұл кім? Біздің туысқанымыз ба?

– Иә, – деді көкесі. – Сенің апаң осы кісі.

– Менің апам өліп қалған, – деді Нартай.

– Апаң өлген жоқ, – деді көкесі. – Өлген адам тірі жүрмейді.

Міне, көріп тұрсың ғой. Тірі ме?

– Тірі... – деді Нартай.

– Міне, осы – сенін анаң, – деді көкесі.

– Бұл тірі апа – менің апам емес. Менің апам өлген апа. Жерге көмгенін де көргем, – деді Нартай.

– Сонда өлмей қапты, – деді көкесі. – Өзім қазып алдым. Содан бері тірі. Қарашы өзің. Тірі болмаса өстіп жүре ала ма.

Рас. Тірі емес, яғни өлген адам қозғалмай жатады. Өлген адамға қозғалуға, жүруге болмайды. Апасы қозғалмай жатқан. Өлі ұмытқан жоқ. Одан бері екі рет қыс болды.

– Өзің сұрап көрші, тірі ме екен? – деді көкесі.

– Апа, сен тірісің бе? – деді Нартай.

– Не дейді?

– Тірімісің, денің сау ма дейді.

– Тірімін, шырағым, тірімін. Денім сау. Ірімшік же, айналайын.

Қаймаққа қосып же.

– Енді өлмейсің бе?

– Өлмеймін, құлыным, өлмеймін. Сен барсың, неге өлейін. Енді өлмеймін.

Нартай сенер, сенбесін білмей, ойланып аз отырды.

– Бидай жоқ, айналайын. Енді мына әкең тауып әкеледі ғой. Қырманға астық түссін. Сосын бәрі де болады. Же, – айналайын, құрт же.

Нартай құрт та, ірімшік те жемеді. Нан болса да жемес еді. Іші алай-түлей.

– Алматыдан қашан келдің? – деді бір кезде.

– Ойбұу, жарығым, Алматы менің не теңім. Мына тұрған Нарынды да көргем жоқ.

– Оттапсың, – деді Тілеубай.



– Сен менің апам емессің, – деді Нартай. – Сен тірі апасың. Әжесің. Менің апам өлген. Ол әлі Алматыда тұрады. Таудың басында. Сол жерге апарып, шықпайтындай етіп, топырақтың астына көмген. Менің апам өлген апа.

Сақалды көке шай аяғын күтпей жұмысына кетті. Нартай да орнынан тұрды. Кимешекті кемпірдің өзін белінен орай құшақтаған қолын жазып, сілкіп тастап, сыртқа шықты. Үй іргесіне, көлеңкеге кеп біраз отырды. Дәл қасында жатқан, тілі салақтаған ала төбетке де қараған жоқ. Содан соң төбе басына шықты. Көк ала таудан бері, бөктерде бытырап мал жайылып жүр. Көп емес. Тегіс ірі қара. Бірақ көзге әрең ілінеді. Алыстан қарағанда бәрі солай. Үлкен нәрсе кішірейіп көрінеді. Ал кішкентай нәрсе мүлде көрінбейді. Сол арада тұрса Ертай да көрінбес еді. Бәрібір тауып алады. Көрінбесе де. Тек қайда кеткенін білу керек. Жаңағы көп ауылда болса табу оңай. Рас, ауыл да көрінбейді. Өйткені қырқаның астында. Ана көлденең қоңыр белден ары. Жап-жақын. Көкке ширатылған түтіндерін қарашы. Сол ауылда жүрсе табу оңай. Ертай барған үйдің апасы қандай екен? Біздің апамыз сол жақтан табылмас па екен? Жоқ. Табылмайды. Біздің апамыз өлген. Өлген адамды тұра алмайтындай етіп жер астына көмеді. Үстіне көп топырақ үйеді. Қайтіп шықпайды өлген адам. Шығуға болмайды. Ертай әлі жылап отыр. Жылап отыр. Барған үйінде қозы-лақ болса ғой. Ойнар еді. Жыламас еді. Қайтадан етекке түсті. Есік алдында жайылып жүрген бұзауға мінді. Мөңкіп-мөңкіп жығып кетті. Әжесі қорқып қалды. Бірақ еш жері ауырған жоқты. Ұстап ап қайта мінді. Тағы жығылды. Шынтағы сыдырылып, қызылшақаланып қалды. Сонда да жылаған жоқ. Күлді. Өтірік күлді. Қозыға мінді. Көтере алмайды екен. Лаққа мінді. Ол да. Құлынға мінуге бойы жетпеді. Әрі батылы бармады. Әжесі айран әкеп берді. Ағаш тостағанмен. Ағаштан ойылған сырлы қызыл тостаған. Ішті. Тостағанның айраны тәтті екен.



Кебеже сөзіне түсінік бер.

Әжесімен бірге үйге кірді. Жан-жағына бажайлап қарады. Отты ортаға жағады. Жаңа көрген. Төбедегі түтін шығатын дөңгелек ағаштың аты шаңырақ екен. Уық. Кереге. Ши. Алматыда мұның ешқайсысы да жоқ болатын. Киіз үй де жоқ-тұғын. Жүкаяқ. Беті қаңылтыр өрнекті үлкен сандық. Қайқыбас сүйек төсек. Ағашы оюланған қара кебеже. Бәрі басқаша. Ал кітаптың ізі де, исі де жоқ. Бір де бір кітап жоқ. Сандық түбінде бір кітап жатыр деді әжесі. Құран. Көргісі келмеді. Екі кітап емес. Үш кітап емес. Жүз, жүз, жүз, тағы неше жүз кітап емес. Бір кітап. Оның өзі ескі кітап. Жоқ! Бұл – басқа үй. Басқа кісі. Басқа кісілер. Басқа көке.





Мен сенің көкеңмін деп өтірік айтқан сақалды ата кешке жұмыстан шаршап келді. Не қағазы, не қаламы жоқ. Жалғыз кітаптың өзін қолына алмады. Келесі күні де. Арғы күндерде де. Таң бозынан кетеді. Қас қарая шалдығып әрең оралады. Нартайды бауырына басып, бет-аузынан, мойнынан сүйе береді. Қуырылмаған бидай сасиды. Ата. Жақсы ата.

Өзімен бірге қырманға, тағы бір үйлерге ерте бармақ еді, әжесі жібермеді. Шөлдейді деді. Ұйықтап қалады деді. Үйге үйренсін деді. Нартайдың өзінің де шыққысы келмеді. Ойлануы керек еді.

Неше бөлме екені есінде жоқ. Үй кең еді. Барлық бөлмелердің еденіне кілем төселген. Сәнді. Отыратын, жататын – сәкіме, төсек пе, атын білмейді, – толып жатқан жұмсақ нәрселер. Өлденеше құлақты шам жарығына шағылыса жарқыраған неше түрлі ағаш – шкафтар, кебежелер. Шамға ілінген шыны қаншам; кебеже, шкафтардың үстіне қойылған құман ба, не ме... әлекей-шәлекей дүние қандай көп. Бірақ бәрінен көбі кітап еді. Бір үй толы кітап. Бұл – көкесінің кабинеті. Кіруге рұқсат жоқ. Үнемі берік. Көке жұмыста жүргенде кейде апа ашады. Қағаз, не кітап алады. Қолма-қол қайта жабады. Көке үйде барда да бұл бөлме ашық тұрмайды. Көке іштен бекітіп алып отырады. Кіру қайда. Маңынан жүруге болмайды. Тіпті, алыстан шулауға да. Бірақ Ертай ештеңені тыңдамайтын. Ақымақ. Өзі құралпас балалардан есті дейтін апасы. Тек әлі кішкентай. Айтқанды ұқпайды. Сондықтан да ақылы аз. Қалтақтап кабинеттің алдына жетіп келеді. Тұра қап сығалай бастайды. Не көрсін? Ештеңе көрмейді. Ол түгілі Нартай да ештеңе көріп тұрған жоқ. Есіктің шынылы көзіне көкшіл перде тартылған. Бір жақ бұрышындағы саңылаудан жазу столының бір сирағы, көкесінің кебіс киген екі аяғы көрінеді. Столдың сирағы қозғалмай бір орында тұрады. Ал көкесінің аяғы кейде қимылсыз қалады, кейде өзара айқасып, тербеле бастайды, ал кейде мүлде жоғалып кетеді. Яғни көке орнынан тұрды. Бірақ сыртқа шықпайды. Кабинет ішінде ерсілі-қарсылы жүрген дыбысы естіледі. Осы кезде ақымақ Ертай аңырап қоя береді. Көке өзі қояр деп бір сәт үнсіз қалады. Ертай қоймайды. Жылауын үдете түседі. Көке сонда ғана дауыстайды. «Апасы-ай, әкет мына бандиттеріңді». Апа естімейді. Ас үйде. Шыж-ж... Быж-ж... Тамақ пісіріп жатыр. Көке амалсыз есік ашады. Бұларды бәрібір ішке кіргізбейді. Есік саңылауын аяғымен көлегейлеп тұрып, қаттырақ дауыстап апаны шақырады. Алжапқышына қолын жүре сүртіп, асығыс басып апасы келеді. Жылап, көкесінің жұмысына бөгет жасаған Ертайды да, ешқандай жазығы жоқ Нартайды да жетектеп басқа бөлмеге апарады. Алдарына көп етіп ойыншық үйіп береді. Өзі тағы да кухняға кетеді. Апасының көзі тайса болды Нартай аяғының ұшымен басып, кабинеттің есігіне келеді. Ұзамай қалтақтап, аюын құшақтаған, не машинасын сүйреткен Ертай да жетеді. Тағы да сығаласып жатқаны.





Көкесінің жеке бөлмеде іші пыспай ұзақты күн өз еркімен қамалып отырғанда не шаруамен айналысатынын ұқпаған. Сол ұқпаған күйі қалды. Кабинеттің ішінде нақты не барын да білген емес-ті. Ақыры білді. Көкесі жоғалып кеткен соң. Ашық қалған сәтін аңдып жүріп, жалғыз өзі армансыз көрді. Төрт қабырға толы кітап екен. Еденнен төбеге дейін. Тегіс шыны астында. Неше түрлі әдемі кітаптар. Алып қарауға батпады. Тіпті, жерде, қызыл ала кілем үстінде шашылып жатқандарын да сыртынан ғана сипады. Стол үстінде, еденде қобырап жатқан қағаздарға да тимеді. Кейбіреулерін ғана ұстап көрді. Суреті жоқ. Ылғи жазу. Шимай-шимай.

Көп ұзамай бұлар басқа үйге көшті. Ертай да үлкейіп қалды. Тілі шықты. Мұнымен күресіп ойнауға жарады. Өзі мықты. Тек ақылы аз. Нартайдан аз. Басқа балалардан ақылды. Түрі көкесіне тартқан дейді апасы. Нартайдың ақылы тартқан. Көкесіне. Апасы да жақсы. Ол да көкеге тартқан. Бірақ өліп қалғаны жаман болды. Машина баспаса өлмейтін еді. Ақылсыз машина. Жауыз машина. Ақылсыз машина түзу көшеде де тура жүре алмайды. Жауыз машина қашанда жақсы адамды басады. Бір тәуірі бұл ауылда машина жоқ екен. Машина жоқ. Ат бар. Арба бар. Соқа, тырма бар дейді. Олар да кісіні баса алады. Бір жерден, тіпті, тоғайдың арасынан машинаның да шыға келуі мүмкін. Ертайды басып кетсе қайтеді. Ертайды... Жалғыз бауырын...

Үш-төрт күн өткен соң әже кешке той жасаймыз деді. Той деген қызық болмайды екен. Он-он бес адам жиналды. Ылғи кемпір-шал, қатын-қалаш. Ойнамайды, күлмейді. Ет жеп алып өлең айтады. Шай ішіп алып өлең айтады. Бұл – әйелдер жағы. Ал еркектер ара-арасында күрсініп қойып, қырман дей ме, қызыл керуен дей ме, күбір-күбір әңгімеден аспайды. Сондай көңілсіз. Бірінің әнін тыңдасаң жылағың келеді, екіншісінің сөзін тыңдасаң ішің пысады. Той деген – түкке керегі жоқ, мазаны алатын артық жұмыс екен.

Бір жақсысы, Нартай еттен соң қонақ балалармен бірге сыртқа шығып, үй артында ақсүйек ойнады. Түгел ауыл балалары. Нартайдың танитыны – Рәшит қана. Оның көкесі колхоздың бастығы көрінеді. Өзі мақтанған жоқ. Басқа балалар айтты. Зигфрид те, Яков та келмеген. Ертай да... Оның есесіне тақырбас дүңген қызы Оля келіпті. Шешесімен бірге. Сақылдап күліп, ұшып-қонып отыр. Шешесі емес, – шешесі – беті үлкен, өзі де үлкен, орта жастағы дәу қара әйел екен, мойнын қисайтып, мықынын таянып, тапжылмай отырған қалпы аңыратып өлең айта береді, – сықылықтаған Оля. Ұлдармен ере шығып еді, Нартай желкесінен алды да, қыздар ақсүйек ойнамайды деп итеріп үйге кіргізіп жіберді. Бірақ бұлар бәрібір жөндеп ойнай алған жоқ. Кішкентайлары ойынға жарамады, ересектерінің саны аз болды. Бірін-бірі қуып, бос шулап, үйді айнала жүгіре берді. Тіпті,





тобымен оты сөнбеген жерошаққа түсіп кете жаздады. Ақыры атасы мен әжесіне бауы берік болсын айтып, Нартайдың бетінен сүйіп, үлкендер үйді-үйіне тарай бастады да, ойын мүлде тыйылды.



Нартай еттен соң қонақ балалармен бірге қандай ойын ойнады?

Түні бойы қайта-қайта шошып оянып, жөнді ұйықтай алмай шыққан Нартай таңертеңгі тамағын апыл-құпыл ішті де, әжесіне анықтап жөн де айтпастан көпауылға тартты. Рәшит сілтеген жобамен Ертай тұратын үйді оңай тапты. Ертай да мұны сағынып қалған екен, анадайдан көріп, алдынан жүгіріп шықты. Келе мойнына асылды.

Үстіне тегіс жаңа киім киіпті. Екі иығына қызыл қадаған ақ көйлек, балағын көкпен әдіптеген қызыл шалбар. Тек аяғындағы ескі сандалы ғана бұрынғы. Екі қолымен бірдей Нартайдың ышқырынан ұстап ап, үйге қарай сүйреді. Есік алдында жатқан қара төбетті: «Кет, былай, атанның аузы...» деп тезекпен ұрып, қуып жіберді. Нартайды артынан итеріп ішке кіргізді.



Шығармада беті үлкен, өзі де үлкен, орта жастағы дәу қара әйел кім еді?


– Мынау менің апам, – деді төсек алдында, тулақ үстінде ұршық иіріп отырған, басына сары екені, қызыл екені белгісіз, түсі оңған көнетоз шәлі тартқан жасамыс әйелді көрсетіп. – Апа, мынау менің ағам. Нартай. – Апасы Нартайға салқын жүзбен, қабағының астынан қарады да, ұршығын иіріп отыра берді.

– Көкем жұмыста, – деді Ертай. – Менің көкем білгәді. Мықты менің көкем.

Екі қамшысы бар екен. Бірін өзі алып кетіпті. Екіншісі – төрде ілулі тұрған. Тобылғы сап, сары ала шырмауықты үш айыр қамшы. Ертай өз бетімен ала алмады. Апасы әпермеді. Енді Ертай басқа қазына-мүліктерін көрсетуге кірісті. Он бес-жиырма асық. Солақай сампай. Ит екені, мысық екені белгісіз, сыры көшкен шиқылдақ рәзеңке қуыршақ. Күнге қарайтын жасыл шынының сынығы. Ағаштың қу бұтағынан жасаған екі айыр аша мен төрт тісті тырмауыш.



Ұршық иіріп отырған әйел кім еді?
Ертай үйге кіргенде қандай қамшыны көреді?





– Апа, бауылсақ бел бізге, – деді Ертай бар байлығын көрсетіп болған соң.

Апасы ұршығын жерге қоя сап, орнынан қозғалмаған күйі төсек астына үңілді де, бірдеңе алып шықты. Үн қатпастан алға қарай емініп, Ертайдың қолына ұстатты. Жалғыз бауырсақ екен. Ертай жалғыз бауырсақты ары-бері айналдырып, не істерін білмей аз бөгелді. Содан соң Нартайға ұсынды.

– Мә. Же. Біздің үйде бауылсақ көп.

Нартай алмады, өзің же деді. Ертай ойланып тағы біраз отырды, әйткенмен жемеді.

– Апа, тағы біл бауылсақ.

Апасы сонда ғана тіл қатты.

– Алдымен анауыңды жеп алсаңшы. Кешегідей ит алып кетеді. – Үні ызбарлы екен.

Ертай бауырсақты аузына сала салды. Апыл-құпыл шайнап, асығыс жұтты. Тамағына тұрып, қақалып қала жаздады. Көзінен бір тамшы жас шықты.

– Апа, тағы біл бауылсақ.

Апасы естіген жоқ. Сұп-сұр қалпы қырын қарап, ұршығын соза тартып отыра берді.

– Апа...

– Ақымақ! – деді Нартай. – Сенің апаң өліп қалған. Мынау – бөтен кісі.

– Әй, не дейсің? – Бөтен кісі ұршығын бұрқ еткізіп ортадағы күлге лақтырып, қолына темір көсеу алды. – Не дейсің ей, жетімек!

Нартай орнынан тұрып, есікке қарай беттеді. Қашқан жоқ. Дәл босағаға барып, кері бұрылды да, жаңағы сөзін толықтырып айтты.

– Екеуміздің шешеміз бірақ адам. Өлген. Алматыда, таудың басында жатыр.

Ашулы апа көсеуін көтеріп қоқақтағанымен, жіберіп ұрмады.

– Жоғал! Батыр қараңды! Енді қайтіп бұл үйдің маңынан жүрсең оңдырмаймын, – деді барылдай айғайлап.

Нартай көзінің алдындағы бір тамшы жас әлі құрғамаған, айран-асыр боп отырып қалған Ертайға тағы бір рет қарады да, бұрылып жүре берді. Көсеулі ападан қорыққан жоқ. Тіпті, іргеде жатқан итті, оның тісін ақсита ырылдап, өзіне ұмтыла жаздап барып тоқтағанын да аңдамады. Жайлап басып, белге шықты. Содан соң ғана артына қарады. Бауыры қалтиып есік алдында тұр екен. Нартай бұдан ары шыдай алмады. Бұрыла сап, ылдиға қарай жүгіре жөнелді. Үйге жеткенше жүгірді. Үйге жеткенше жылады.





* * *


Көп ұзамай оқу уағы болды. Ересек, үшінші, төртінші кластың балалары бұрынғыша қырман басында жұмыста қалды да, бірінші, екінші класта оқитын ұсақ балалар тегіс колхоз орталығына кетті. Тілеубай да Нартайды мектепке берді. Өзімізге бауыр басып әбден үйренсін, биылша қоя тұр деген кемпірінің ырқына көнбеді. Жасы сегізде, онсыз да оқудан қалған бала, тағы бір жыл бөгеу – обал болады деді. Аталас ағайындарының бірінің үйіне тұрғызды.

Баламның азығы деп жарты қарын май, жарты қап құрт пен ірімшік апарып берді. Қысқа қарай бір қой, бір пұт талқан әкелем, тағысы тағы бола жатар деп, үй иелерін риза етіп қайтты.

Колхоз орталығы қырман басына жақын, он шақты шақырымдай ғана жер еді. Тілеубай кейде құлынды биеге мініп, түнделетіп, колға түскен бір қадақ, жарым қадақ бидайын жеткізіп тастайтын, баласының бетінен сүйіп қайтатын. Ал демалыс күндерін Нартай үнемі үйде өткізеді. Тілеубай сенбі күні жұмыстан соң, түнде барып, алдына мінгізіп әкеледі де, дүйсенбіде таң қараңғысымен қайта апарып тастайды. Бала аунап-қунап, көтеріліп қалатын. Қырман жиылып біткен соң ауыл арасы ұзады. Тілеубай бір қора қой алып, тау ішіндегі шалғай қыстауға көшті. Бұрынғы күнара қатынас тоқтады. Тіпті, ай бойы ат ізін салмады. Қысқы он күндік демалыста ғана түн қатып, борандатып жүріп, баласын әрең жеткізіп алды. Ал қар қопсыған, мал төлдей бастаған аласапыран марттағы алты күндікте хабарласуға мұршасы келмеді. Нартай өзінің жаңа ата-анасын оқу жылы бітіп, жер аяғы кеңіп, ел ойға, өзен бойына түскен соң ғана көрді.

Ертаймен де осы кезде әрең табысты.

Қыс бойы сағынып жүрген, қыс бойы көре алмаған. Тіпті, онкүндік кезінде де. Алыста, басқа бір қыстауда болды. Сондықтан бара алмады. Басқа бір бала барды. Үшінші класта оқитын ересек бала. Үйлері Ертайлармен бірге екен. Онкүндікте де, алтыкүндікте де барды. Онкүндікте де, алтыкүндікте де Ертайды көріпті. Кішкене ақ тон киіп алған дейді. Басында қаракөл маалақай, аяғында сырма пимасы бар. Тентек дейді. Боқтампаз дейді. Бірақ Нартай қайшымен жапырақтап қиылған газеттің бетіне салып беріп жіберген аттың, қошқардың, текенің суреттерін алыпты. Қатты қуанған көрінеді. Ағама апарып бер деп екі бауырсақ жіберіпті. Алтыкүндік демалыс кезінде Нартай сәлемдемеге ат үстіне мінген батырдың суретін жіберді. Бір бет ақ қағаз тауып алып, көк қарындаштың тұқылымен әдемілеп салған. Ертай бір бауырсақ беріпті. Шеті кішкене тістелген. Нартай үш бауырсақты көпке дейін жеген жоқ. Тіпті, қарны ашқанда да. Жаңа ақ киізден тігіп жасалған портфелінің түбіне сап қойды. Ертайды қатты сағынған кезде алып көретін. Ақыры жазғасалым, өзегі талып,





көзі қарауытқан ұзақ күндердің бірінде сабақ соңынан жеді. Тас боп қалған екен, тісі өтпей, көп кемірді.

Інісі суреттерді жоғалтпапты. Қырық бүктеліп, қалтасында жүр екен. Жазып көрсетіп еді, ештеңе табылмады. Бүктесіндері қырқылдап әбден тозған, жем-жем боп іріп кетіпті.



Нартай қайшымен жапырақтап қиылған газеттің бетіне қандай жануарлардың суретін салған еді?

Ертайдың бойы өсе қоймапты. Бірақ денесі іріленгені байқалады. Басы үлкен, мойны қысқа, кеудесі зор. Ұрты салбыраған жалпақбет, төртбақ. Тіпті, танауы да тәмпіш. Нартайдай сұңғақ, әрі сұлу емес.

Елден асқан сотқар боп шықты. Үйінің маңынан бала жүргізбейді. Ит қосады. Тас лақтырады. Тек Нартайға ғана оғаш мінез көрсетпейді. Нартайдың өзі де бригадирдің үйі жаққа бармайтын. Ертаймен далада, ойын басында ғана кездеседі. Оны өші кеткен, қарымта қайырғысы келген балалардан қорғаштап жүреді. Бірақ кіп-кішкентай Ертайдың өзі ешкімге есесін жібермейтін. Ештеңеден қорықпайтын. Өзінен әлдеқайда үлкен балалармен де төбелесе кетуге әзір тұрады. Таяқ та жейді. Кейде Нартайға да өзімен бірге таяқ жегізеді. Бірақ қайтпайды. Және бас, көзге қарамайды. Аяушылық дегенді білмейді. Қолына тас түссе де, таяқ түссе де іркілмей жұмсайды. Бүгін жеңілсе, ертең қайта бастайды. Сөйтіп, тентектерді тегіс ықтырып алды. Әлі келетін балалардың өзі онымен байланысудан қашатын.

Күзде оқуға алынды. Берденнің баласы да Тілеубайдың баласындай зирек деп жүрді мұғалім. Ал Нартай баяғыда-ақ білген, Ертайдың үздік оқитынын. «Тілі шықпай тұрғанда қолына қағаз ұстап отырғанды жақсы көретін. Көкесінің кабинетінің есігінен сығалап жүретін, не істеп жатыр екен деп. Солай. Ертай ақылды. Ертай бірінші кластың барлық баласынан артық оқиды. Екінші класта да, үшінші класта да, бесінші класта да... сөйтеді. Ертай көкесіне тартқан. Көкесі сияқты көп оқиды. Нартайдың өзі де. Ертай да. Нартай да. Әсіресе Ертай. Ешкімнің мұндай інісі жоқ. Рас.



«Тілі шықпай тұрғанда қолына қағаз ұстап отырғанды жақсы көретін. Көкесінің кабинетінің есігінен сығалап жүретін, не істеп жатыр екен деп – кім туралы айтылған?»





* * *

Көктемде соғыс бітті.

Жұрт қуанған. Мәре-сәре болған. Көпшіліктің қабағы ашылды. Кейбіреулер, тіпті, той жасады. Бірақ бәрі бұрынғыша қала берді. Мұғалім төрт класты қосып оқытатын сабағын тәмамдап, жылдағы уақытында балаларды таратты. Тілеубай қыс бойы баққан қойын колхозға қайырып беріп, соқаға шықты. Бригадир Берден дырау қамшысын алып, тағы да ақтабан атқа мінді. Қырманға тақау жерге, өзен жағасындағы үйреншікті орнына бастықтың боз үйі бастаған, қоңыры, қарасы аралас он шақты шаңырақ орнады. Жұрт қатарлы егіс жұмысына жегілгенмен, жеке отырғысы келген төрт-бес үй қозы-лақ, бұзау-торпағымен аяқ жетер таяу маңға көшіп қонды. Ересек балалар соқаның басын жетектеп, тоған байласып, үлкендермен бірге жұмысқа кірісті. Ұсақ балалар сирақтары жарылып, табандары дүңкіп, күнұзақ жар жағалап жүгіруге, ертеден қара кешке дейін шалпылдатып суға түсуге, малта тас жинауға, көйлектерінің жаға, жеңін, дамбалдарының балағын буып, шабақ балық сүзуге кірісті.

Бәрі де бұрынғыша. Тек бәрі де өзгеше сияқты.

Неге бұлай екенін Нартай көп ұзамай білді. Ауылға бірлеп, жарымдап бейтаныс кісілер келе бастады. Үстері жыртық, жамау емес. Алба-жұлба, алқам-салқам емес. Тегіс жана киінген. Тегіс жинақы, әдемі киінген. Суреттегідей. Басқа бір жақтың, ырысты, берекелі ауылдың адамдары сияқты. Алыста тұратын бөтен біреулер сияқты. Бірақ бөтен емес. Осы ауылдың кісілері. Біреудің ағасы. Біреудің көкесі. Осындай ағасы бар балалар қандай бақытты. Осындай көкесі бар балаларда не тілек, не арман қалды екен.

Ағалар үздік-создық келіп жатты. Біреу. Екеу. Үшеу. Содан соң төртінші аға. Бесінші боп Рәшиттің ағасы келді. Рәшиттің ағасы. Басқарманың баласы. Алдыңғы жылы өлген еді. Өлді деген хабар келген еді. Рәшит, Рәшиттің басқарма көкесі, бүкіл ауыл өлді деп отырған. Өлмепті. Келді. Бір аяғы жоқ. Бір қолы жоқ. Бір қолының бес саусағы мен алақаны жоқ. Басы бар. Бір аяғы, жарты қолы бар. Аузы, мұрны, көзі тегіс орнында. Тірі. Бір орыс тәте ертіп келді. Аты Сестра. Шашы сары. Көзі көк. Жүзі жылы. Рәшиттің ағасын ертіп келді де, бөгелмей қайтып кетті.

Басқарма той жасады. Өзінің баласының, яғни Рәшиттің ағасының бір бас, бір кеуде, бір аяқ, жарты қолымен аман-есен келгеніне. Бүкіл ауыл жиналды. Колхоздың орталығынан да, фермадан да кісілер келді. Нартай да барды. Ертай да болды.

Рәшиттің ағасы көп әңгіме айтты. Тілі кәдімгі тіл. Снаряд жарылғанда аузына оқ тимепті. Оқ тимеген соң дәрігерлер тілін де, басын да кеспепті. Айтпақшы, басына да оқ тиіпті. Миына жетпей тоқтаса керек. Кішкентай ғана жарықшақ дейді. Дәрігерлер құйқасын сыпырып қаншама іздеп, әрең тауып алыпты.





Құйқаны ғана тілгілеп, бастың өзін орнында қалдырған. Әйтпесе шын өледі екен. Басына тиіспей, аяқ-қолын ғана кескен соң қайта тіріліп кетіпті. Көп жұрт жылады, көп жұрт қуанды. Жаны ашығандар жылады. Мүмкін, біздің де баламыз тіріліп кетер деп үміттенгендер қуанды. Қаралы қағаз алғандардың бәрі жапырлап Рәшиттің ағасының қасынан шықпады. Пәленді көрдің бе дейді. Түген қайда дейді. Көрмеген. Білмейді. Тек Орақтың көкесімен ғана бірге соғысыпты. Қара қағаздың айтқаны рас деді. Менен жарты сағат бұрын өлді. Тура осылай, көз алдымда жатып жан тапсырды деді. Орақтың апасы бетін жыртып, дауыс салып қоя берді. Нартайдың төбе құйқасы шымырлап, зәресі ұшып кетті. Рәшиттің ағасы да сөйтсе керек. Маңдайынан бұршақтап тер шығып, өңі көгере бозарып, сіресіп қалды. Жаман болды.



«...бір бас, бір кеуде, бір аяқ, жарты қолымен аман-есен келгеніне. Бүкіл ауыл жиналды. Колхоздың орталығынан да, фермадан да кісілер келді» – кім туралы айтылған?

Көп ұзамай қайтадан күліп, әңгіме айта бастады. Туған жердің топырағын басып, суын іштім, тағдырға ризамын дейді. Манағыдай дабырламағанмен, әркім өзіне керегін сұрап жатыр. Бірақ Рәшиттің ағасы Орақтың көкесінен басқа жұрттан бейхабар боп шықты. Бригадир Берденнің балаларының, яғни, Ертайдың екі ағасының да хабарын білмеді. Нартай білетін. Ертайдың ағасы өзіне аға болмайтынын. Өзінің ағасынын Ертайға аға болмайтынын да. Өйткені Тілеубай мен Берден бұлардың әкелері емес. Аталары да емес. Жай туысқан. Ол екеуі, яғни, Тілеубай мен Берден өзара араз, бөтен адамдар, ал бұл екеуі, яғни, Нартай мен Ертай бірге туған. Ағайынды. Апалары өлген. Көкелері жоқ. Көкелері... Мүмкін...

Нартай денесі бір қызып, бір суып, бата алмай көп отырды. Сосын сұрады.

- Менің көкемді көрдіңіз бе? – деді
- Кім? – деді Рәшиттің ағасы. – Кім ол?
- Ертай екеуміздің көкеміз.
- Кім? – деді Рәшиттің ағасы жан-жағына мойнын бұрып. Ешкім жауап бермеді. Бәрі көзімен жер сүзіп қалған.
- Кімнің баласы?
- Тілеубайдың баласы, – деді әлдекім. – Детдомнан асырап алған.

– Тәйт! – деді біреу зекіп. – Бұл – Тілеубай ағаңның шаңырақ иесі – азаматы. Аты Нартай. Тілекең көкпарда аттан жығылып, аяғы сынып жатыр, өзі келе алмаған соң баласын жіберген ғой, сізге сәлем берсін деп.





– Е–е... – деді Рәшиттің ағасы. – Е, пәлі, – деді демігіп. – Тілекеңнің кенжесі екен ғой. Менің Рәшитімнің жолдасы екен ғой. Кел, айналайын, бетіңнен сүйейін.


Нартай бармай қойды. Омырайған иықтан, шолтиған жарты қолдан қорықты. Әйтсе де біреулер қолтығынан көтеріп, Рәшиттің ағасынын алдыға отырғызды. Рәшиттің ағасы бетінен сүйді. Ерні мұздай. Білегімен, яғни, жарты қолының ұшымен басынан сипады. Жұп-жұмсақ.

– Жігіт-ақ еді шіркін, – деді күрсініп. – Әй, тамаша жігіт еді... Әуелде бірге ойнадық. Сосын бөліп жіберді. Мен атты әскерге кеттім. Оны снайпірге шығарды. Біздің балалардың көбі не атты әскерге, не снайпірге тіленді. Жаяулағаннан гөрі ат үстінде жүрген тәуір ғой дедік. Көз ашқалы көргеніміз ат. Жаяу соғысады деп кім естіген... Снайпірлер атты әскерлердей қырылған жоқ. Олар да өлді, бірақ біздей тобымен кеткен жоқ. Мерген-ақ еді ғой шіркін... Мақтағанын майдан газетінен де оқыдым... Содан соң... Жылама, айналайын... Тірі... тірі шығар. Мен қайдан білейін. Мың миллион әскер... Өлгенін өз көзіммен көргем жоқ. Бір жерде жүр ме, кім білсін?... Мына мен де кескен ағаштай кеудемді сүйретіп... Не өмір... Не тірлік... Өлгендерде арман бар ма?... – Рәшиттің ағасы қыстығып сөйлей алмай қалды. Жұрт қауқылдасып, жамырап жатты. Нартай көзінен жасы сорғалаған күйі алды-артына қарамай сыртқа бір-ақ атқып шықты. Осы ауылға келгеннен бері екінші рет жылағаны. Бірақ бұл жолғысы – қуаныш жасы еді.

Бірге ойнадық, көрдім дейді. Тірі болуы да мүмкін дейді. Тірі. Бір жерде жүр. Қолы тимей. Әскерден босатпай. Келеді. Ертең-ақ келеді.

Нартай көкесінің келуін күтті. Таң атқаннан кеш батқанға дейін қарауылдап төбе басында жүреді. Ауданға баратын үлкен жолды күзетеді.

Кейде жалғыз салт атты көрінеді. Кейде екі-үш атты көрінеді. Кейде бірінің артынан бірі шұбатылған өгіз арбалар, не қайтқан қаздай тізілген түйелер келе жатады. Нартай жүрегі лүпілдеп, көзі жасаурап төбе басында ұзақ отырады. Сосын жолаушыларды ауылға тақағанда ғана көрген басқа балалармен қоса жүгіреді. Балалардың көбі арбаға міну, атқа мінгесу үшін. Ал бұл көкесі үшін. Бірақ көкесі жоқ боп шығады. Аяңдай басқан жалғыз атты – орталықтан келе жатқан басқарма; жүгіріп шыққан балалардың ең бұрын жеткенін алдына, одан кейінгісін артына мінгізеді, сәлден соң бұларды басқа балалар алмастырады; Рәшитке кезек ең соңынан, әкесі ауылға жетіп, аттан түскен соң ғана тиеді, бірақ ол ешкімге мінгеспей, ешкімді мінгестірмей, атты жалғыз өзі иеленеді. Желе жортқан екеу – ауданнан шыққан уәкіл мен әктеп Дәуренбек; олар ешкімді де алдына мінгізбейді, жамырап жеткен балаларға оқшырая қарап, қара жолдың шаңын бұрқыратып өте шығады. Нағыз қызық – арбалылар





мен түйелілер келгенде болады. Бұл – қоймаға астық өткізіп қайтқан керуен. Кейде арбаға ілесіп, не түйеге мініп әскерден оралғандардың бірі келеді. Ондайда керуен көрінісі әдеттегіден өзгешерек болады. Қанша ымырт келе жатқанымен, дәл ауылға тақағанда суыт жүреді. Өгіздерін үсті-үстіне қамшылап, арбаларын салдыратып, бірер шақырымнан айғайлай бастайды. Немесе біреу жүрдек түйеге міне сала ауылға қарай шабады. Тымағын бұлғап айдаладан сүйіншілейді. Мұндайда балалар тұрмай үлкендердің өзі орындарында отыра алмайды. Тайлы-таяғы қалмай бүкіл ауыл боп қарсы жүгіреді. Үлкендерден шырқап ұзаған балалардың ішінде Нартай да кетіп бара жатады. Ақыры балалар керуенге тақайды. Бұлар жете бергенде арбадан әскери киінген біреу қарғып түседі. Балалар оның кім екенін анық білмейді. Білмесе де қойып кетеді. Шулай жапырлап бірі мойнына асылады, бірі арқасына мінеді, бірі аяғын құшақтайды. Үлкендер де жетеді. Құшақтасып, көрісе бастайды. Біреу жылап, біреу күліп әжептәуір уақыт өтеді. Нартай сонда ғана біледі, келген адамның кім екенін. Басқа бір баланың көкесі. Басқа бір баланың ағасы. Басқа бір баланың жақыны.

Үмітпен келер күнді тосады.

Ертеңіне де, бүрсігүні де, арғы күні де көкесі келмеді. Апта өтті, ай өтті – келмеді. Тіпті ешқандай хабары естілмеді. Күз болды, оқу басталды – жоқ. Күн суытты, қара жаңбыр жауды – жоқ. Қыс түсті – әлі жоқ. Нартай сонда ғана түсінді. Күтуі бекер. Келмейді. Мұнда келмейді. Қайдан келсін, балаларының осында екенін білмейді.

Ертайға айтты. Ол қазір кішкентай кезіндегідей ақымақ емес. Жасы сегізден асты. Екінші кластың озат оқушысы. Миы көп. Бәрін түсінеді. Біздің көкеміз келді деді Нартай. Біздің көкеміз. Алматыда. Екеуіміздің қайда жүргенімізді білмейді. Алматыдағы кең, жарық үйімізде кабинетінің есігін бекітіп алып, көп кітаптың ортасында отыр. Бізді таба алмай отыр. Өзіміз баруымыз керек. Үйді табам деді Нартай. Биік үй, үш қабат. Қасында фонтан бар. Фонтан деген – суы көкке шапшып жататын бұлақ. Иә, көгалы да бар. Сол арада сен де ойнағансың. Алматыға жетсек болды, табам. Ал Алматыға жету үшін поезға отыру керек. Барлық поезд Алматыға барады. Нарыннан мінеміз. Нарын бұл арадан жүз тоқсан шақырым. Есеп кітабында айтылған, жаяу адам сағатына бес километр жер жүреді. Отыз сегіз сағаттық қана жол. Шаршаса дем алады. Түнде қар астына кіріп ұйықтайды. Ана тілі кітабында солай жазылған.

Ертай бәрін де құптады. Тек онкүндікке қашан келеді деп күтіп отырған көкесін қимайды екен. Мен де осындағы атамды сағындым деді Нартай. Бірақ бізді өз көкеміз іздеп жатыр. Осында жүре берсек бізді жоғалып кеткен екен дейді де, өліп қалған апамыздың орнына бөтен апа кіргізіп алады,





басқа бала тауып алады. Содан соң мүлде көкесіз қаламыз. Бұл соңғы сөз Ертайға әсер етті. Онда кеттік деді. Бірақ дайындықсыз кете салуға болмайды. Алматыға барғанша жетерлік азық әзірлеп алу керек. Екеуі бірнеше күн тамақтарынан жырып, құрт, ірімшік, бауырсақ жинады. Енді қарайлайтын ештеңе қалған жоқ.

Келісім бойынша жұрт көзіне түспей, таң қараңғысынан тұрып, суат басында кездесті. Ертай уақытында келгенімен, әлі қобалжып тұр екен. Осындағы апасын қимайды. Осындағы көкесін қимайды. Нартай ұрса алмады. Өзі де атасы мен әжесін қимай тұрған. Бірақ сыр бермеді. Барған соң хат жазамыз деді. Жазда демалысқа келеміз. Тез Алматыға жету керек. Әйтпесе өз көкелерінен айрылады.

Екеуі бұдан ары бөгелмеді. Шана салған жол ирелеңдей созылып, көзкөрім жерге дейін сайрап жатыр. Жүре бересің, жүре бересің, жүре бересің. «Қызыл ту» колхозына жетесің. Аялдамайсың, әрмен асасың. «Азат» колхозына барасың. Одан да өтесің. Жүре бересің, жүре бересің... Нарын... Алматы... Алатау...



Ахмет қай ауылға көшті?

Балалар ауылдан қозыкөш жер ұзағанда оқыс күн суытып, жапалақтап қар түсе бастады. Алда келе жатқан Нартай екі ойлы боп, бөгеліп қалды. Артынан жеткен Ертайға қарады. Танауынан бу бұрқырайды, екі беті қып-қызыл.

Аспан тұтасып, қар қаба жаууға айналды. Нартайдың көңіліне қорқыныш енді.

– Қайтайық, – деді. – Адасып кетеміз.

– Адаспаймыз, – деді Ертай. – Міне, алдымызда жол жатыр.

– Қайтайық, – деді Нартай.

– Оқудан қалып қойдық, мұғалімге не айтамыз?

– Қайтайық, – деді Нартай жалынышты үнмен. – Үсіп өлеміз.

– Үсімейміз, – деді Ертай. – Енді бір сағат жүрсек сиыр фермаға жетеміз.

– Жете алмаймыз.

– Тұмсық астында тұрған фермаға жетпегенде, алыс қалған ауылға қалай барамыз?

– Жел арттан қуалап отырады. Қайтайық.

– Өзің қайта бер, – деді Ертай. – Мен кеттім. Тура Алматыға. Сен бәрін білесің. Апаны да, көкені де көрдің. Мен ештеңе білмеймін. Апаны да, көкені де көргем жоқ. Менің де көргім келеді. Сен айтқан үйді өзім-ақ табам.

Өзін ұстамақ болған Нартайдың қолын сілкіп тастады да, шана табанымен тығыздалған қарды сықыр-сықыр басып, алға қарай



жүре берді. Ілгерінді-кейінді жалтақ- жалтақ қарап сол тұрды да, Нартай інісінің соңынан ерді.

Қар ұйтқи жауып, үйіріліп соға бастады. Жел күшейіп, аяз қатая түсті.

* * *

Жоғалып кеткен балалар боран басылған соң, тоғызыншы күн дегенде әрең табылды. Алдымен Нартай жығылыпты. Сынар пимасы бір жақта, малақайы бір жақта. Тонының омырауы ашық. Суық әбден жеңген кезде жанталасып, үстіндегі киімдерін шешіп, лақтыра бергенге ұқсайды. Ақыры пималы аяғын бүге, шалқалай, ұзынынан сұлап түсіпті. Ертай көкке қарап тізерлеп отыр екен. Ағасының жалаңаш басын тас қып құшақтап алған. Сол құшақтап отырған күйі қатып қапты.

Балалар бораннан құтылып, ықтасын тау ішіне ілінген кезде ғана бағдардан айрылса керек. Сиыр фермасы үш-ақ жүз қадам жерде тұр екен.



1. Көп ұзамай, қараша үйімен, барлық мал-жайымен Ахаң төменгі колхозға көшіп кетті. Шығармада соғыс зардабы, ауыл адамдарының көнбіс тіршілігі кімнің сөзімен қалай берілген?



2. Ахмет пен Дәурен арасындағы түсінбеушілік неден басталды?

3. Ахмет отбасында Зигфридтің бауыр басып кетуіне кімдердің қандай әрекеттері мен қарым-қатынастары себеп болды?

4. Үзіндінің алғашқы («Бастау») бөлімі қалай әсер етті, сендерді қандай сезімге бөледі?

5. «Балалар республикасының тең құқылы азаматы» болудың Зигфрид үшін қандай қиындығы болды? Ол сыннан жаңа отбасы, оның мүшелері қандай іс-әрекет, мінез-құлқымен сүрінбей өтті?



1. Мәтінді оқып, мазмұнына, тақырыбына көңіл аударыңдар.

2. «Сыртқы түр-перде. Ішін айт, пиғылын айт» деген Ахмет сөзіне терең бойлаңдар.

3. Кейіпкерлер сөзінен адамдардың бір-біріне «халық жауы» деп жала жапқан баяғы 1937–1938 жылдардың елес беріп қалатындығына мәтіннен мысал келтіріп, өз бағаларыңды беріңдер.

4. Ахмет пен Зекен бойындағы өнегелі қасиеттерді жинақтап, шағын әңгіме құрастырыңдар.





АРТУР КОНАН ДОЙЛ «ЖИРЕН ШАШТЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ»



Бұл тақырыпта біз:

- детектив шығармаларға тән ерекшеліктерді үйренеміз;
- әңгімедегі оқиғалардың дамуына баға береміз.



АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Артур Конан Дойл (1859–1930) – ағылшын жазушысы, түрлі бағыттардағы (детектив, тарихи, ғылыми фантастикалық, ғажайыптар) көптеген шығармалардың авторы. Әдебиет тарихына ол ең алдымен детектив шығармалар авторы және әлемдегі ең әйгілі детективтердің бірі – Шерлок Холмстың «атасы» ретінде енді.

Артурдың адам ретінде қалыптасуына анасының қызметі үлкен еді. Анасы перзенттеріне жастайынан адалдық, ар-намыс, мұқтаждарға көмек беру сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге әрекет жасады. «Анам біреуіміздің де қисық жұмыс істегенімізді есітуден өлімді абзал көретін», – деп еске алады кейіннен жазушы. Кішкентайынан анасы сіңдірген қасиеттер бір өмірге Конан Дойлдың серігі болды және шығармаларының қаһармандарына да көшіп өтті. Отбасын бағу, інісі мен қарындастарына жәрдем беру және сырқат әкесін емдеу мақсатында Артур тынымсыз еңбек етті, дәрігерлікпен қатар (ол медицина жоғары оқу орнын бітірген еді) шығармалар жазды. Ол бірнеше рет өзі ойлап тапқан қаһарманы сияқты детективтікпен шұғылданып, қылмыстарды ашты және кінәсіз адамдарды негізсіз жазадан құтқарып қалды.



Оқырмандар Артур Конан Дойлды ең алдымен Шерлок Холмс туралы шығармалар авторы ретінде таниды. Бірақ автордың өзі бұл қаһарманынан құтылуға әрекет етіп, хикаяларының бірінде оны «өлтіреді». Кейіннен оқырмандардың қатаң талабы мен оны тірілтуге және ол туралы шығармаларын жалғастыруға мәжбүр болады.



ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР ТУРАЛЫ БІЛІП АЛАМЫЗ

Детектив (ағылшынша «detective» – «детектив» сөзінен) – сырлы қылмыстардың ашылуы туралы шығарма. Мұндай шығармаларда бірер қылмыс орын алады немесе оған дайындық көріледі. Басты кейіпкер – детектив шығарма бұл қылмысты ашады. Шығарма барысында оқушыға түсініксіз яки маңызсыз түйілген барлық деталдар, шағын нәрселер қылмысты ашуда қажетті маңызға ие болады.

Детектив шығарманы оқи отырып, «Бұл істі кім істеді?» деген сұрақ шығарманың соңына дейін бізді уайымдатып тұрады. Сол үшін де ағылшын тілінде мұндай шығармалардың тағы бір аты – «whodunit» (яғни «who has done it?» – «мұны кім істеді?»).



Детектив шығармаларды оқығансың ба? Ойлап көр, оқушының назарын шығарманы соңына дейін ұстап тұру үшін детектив шығармалар қандай қасиеттерге ие болуы керек?

ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Англия астанасы Лондондағы Бейкер стрит көшесінде 221-В санды үй бар. Шерлок Холмс сол үйде «жасаған». Негізінде, Конан Дойл дәуірінде Бейкер стрит көшесінде мұндай санды үй болмаған, бұл үй де онда жасайтын құпия қылмыстарды ашатын және қиын мезеттерде түсіп қалатын адамдарға көмек беретін детектив Шерлок Холмс та, Холмстың досы доктор Ватсон да болмаған – бұлардың бәрі Конан Дойл тарапынан ойлап табылған. Бірақ Шерлок Холмс соншалықты әйгілі болып кеткендігінен көпшілік одан көмек сұрап яки ақыл-кеңес сұрап бұл мекенге хаттар жазуды бастады. Бейкер стрит көшесінде үйлердің біріне 221-В нөмірі беріліп, Шерлок Холмс мұражайы ашылды.



Шерлок Холмс мұражайы, Лондон





Сенің пікіріңше, тоқылған (ойлап табылған) образдың мұншалық әйгілі болу себептері неде болуы мүмкін?

ЖИРЕН ШАШТЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

I

Былыр күзде орайы келіп байырғы досым мистер Шерлок Холмсқа кіре шыққам. Үйінде мосқал тартқан, шамадан тыс толық, жалындай түтеген жирен шашты бір джентльмен отыр екен. Ішке кіргім келгенімен екеуара әңгіменің қызып жатқанын көріп іркіліп, қайтып кетпек болдым. Алайда Холмс мені бөлмеге сүйрегендей боп кіргізіп, соңымнан есікті жауып алды.

– Іздегенге сұраған дегендей, нағыз керек кезде келдіңіз, қадірменді Ватсон, – деді ол жайдарылана езу тартып.

– Сізге бөгет жасағым келмеген. Шұғыл шаруамен айналысып жатқандай көрініп едіңіз маған.

– Шұғыл екені рас. Тіпті айтары жоқ.

– Басқа бөлмеге барып тоса тұрсам қайтеді?

– Жо-жоқ... Мистер Уилсон, – деді ол жуанға қарай бұрылып, – мына джентльмен сәтті аяқталды-ау деген ізденістерімнің бәрінде де маған талай рет достық көмек көрсеткен. Мына біздің ісімізге де пайдасы тиеріне еш күмәнім жоқ.

Орындығынан көтеріле түскен жуантық маған қарап басын изеді, май басып жылтырап қалған көзі тұла бойымды тіміскілей шолып шықты.

– Мына жерге, диванға жайғасыңыз, – деді Холмс.

Өзі креслоға отыра кетті де, ойға шомған кездегі әдетімен екі қолының саусақ ұштарын бір-біріне түйістірді.

– Қадірменді Ватсон, – деді ол, – әдеттен тыс, шетін нәрсе атаулының, бірсарынды тіршілігіміздің шырқын бұзатын нәрсе атаулының бәріне айрықша бейіл беретінімді сөкет көрмейтініңіз маған бек жақсы мәлім. Алабөтен оқиғаларға деген айрықша құштарлығыңыз болмаса бастан кешкен кейбір жайларымды соншалықты ынтызарлықпен қағаз бетіне түсірмес те едіңіз... Дей тұрғанмен, ақ адал шынымды айтсам, кей әңгімелеріңіздің іс-әрекетімді азды-кем боямалап жіберетіні де бар.

– Бастан кешкен оқиғаларыңыз өзіме қашанда кереметтей қызық көрінетіні өтірік емес, – деп қарсылық білдірдім мен.

– Осы жуырда ғана, мисс Сазерленд бізге жеңіл-желпі жұмбағын ұсынар алдында, өзіңізге күнделікті өмірде орын алып жататын елден ерек, оғаш та өрескел жайларды қандай ұшқыр қиялдың да ойлап таба алмайтынын айтқаным есімде.



Джентельмен – жақсы тәрбие алған адам. Англияда ерлер бір-біріне осылай айтатын.



Сюртуг – ер адамдар киетін костюмге ұқсаған киім.

Цилиндр – ерлер киетін ұзын шляпа.

– Сол араның өзінде-ақ пікіріңіздің дұрыстығына шәк келтіргім келетінін айтып жауап қайтарғам.

– Солай бола тұрғанымен, дәрігер, пікірімнің дұрыстығын мойындауыңызға тура келеді, өйтпеген жағдайда адам

айтса нанғысыз алуан-алуан фактіні алдыңызға шаш етектен келтіріп жайып салам да, сізді өзіммен келісуге мәжбүр етем. Басқасын былай қойғанда, жаңа ғана өзіме мистер Джабез Уилсон айтып берген оқиғаны алайық. Шыным сол, мұндай таңғаларлық хикаяны өмірі естіп көрмеппін. Есіңізде ме, ұсақ қылмыстар, соның ішінде тіпті заң бұзушылық орын алған-алмағанына күмән келтіруге болатындары да, аса ірі қылмыстардан гөрі әлдеқайда иістің, ақылға сыймайтындай алабөтен боп шығатыны жайында айтқанмын. Ал мына хикаяда қылмыс деп танырлық жайлардың бар-жоғын әзірше айта алмаймын, бірақ оқиға барысы көңіл аударуға тұрарлық. Мистер Уилсон, рақым етіп, әңгімеңізді қайталап беріңізші. Мұны сізден, досым, дәрігер Ватсон, әңгімеңіздің бас жағын естуі үшін ғана емес, сонымен бірге өзімнің де мән-жайға мүмкіндігінше молырақ қанығуым үшін өтініп отырмын. Әдетте, біреулер маған әлденендей бір оқиға жайында баяндай бастаса болды-ақ, қаперіме осыған ұқсас мыңдаған басқа оқиғаның орала кететіні бар, бірақ бұл жолы бұған ұқсас ештеңе естіп көрмегенімді мойындауға мәжбүр боп отырмын.



Жуантық клиент әлдеқандай болып кеудесін көтеріп қойды, пальтосының қойын қалтасынан ластанып, мыж-мыжы шыққан газетті алып алдына жайды. Ол мойнын созып, хабарландыру жарияланған бағаналарды көзбен шолып жатқан кезде мен де оны қас қақпай қадағалап, Шерлок Холмсқа ұқсап, оның кім екенін киген киімі мен түр-кескініне қарап біліп алмаққа тырысумен болдым.

Өкінішке қарай, менің байқастауым ешқандай нәтиже бермеді деуге болады. Келімсегіміздің қатардағы қарабайыр дүкен иесі, тоқмейіл, марғау, топас біреу екені о дегеннен аңғарылатын. Қолпылдаған кең, шатыраш бедерлі сүр шалбар киіпті, кірлеңкіреген қара сюртугінің ілгегін ағытып қойыпты, ал қара қоңыр жиегінен алтын жалатқан әжептәуір жуан шынжыр көзге ұрады, әлдебір металдың ортасынан тесілген төрт бұрышты кесегі соның әшекей салпыншағы ретінде салбырап тұр. Тозығы жеткен цилиндрі мен барқыт жағасы жымырылып қалған оңып кеткен пальтосын жанындағы орындыққа тастай салыпты. Бір сөзбен айтқанда,





қанша қадала қарағаныммен бұл адамның бойынан алаулаған жирен шашынан басқа ерекше ештеңе байқай алмадым. Әйткенмен, оның әлденендей бір жағымсыз жайдың салдарынан қатты абыржып отырғанын аңдау қиын емес-ті.

Бұл кәсібім Шерлок Холмстың бәрін байқап қоятын назарынан қалыс қала алмады, ол маған күле қарап басын изеді.

– Әрине, қонағымыздың, – деді ол, – кезінде қара жұмыста болғаны, мұрынға насыбай ататыны, франкмасон екені, Қытайда болып қайтқаны және соңғы айларда қағаз жазумен көп шұғылдануына тура келгені айтпай-ақ аңғарылып тұр ғой. Шүбә келтіруге болмайтын осы фактілерден өзге ештеңені жөнді жобалай алмай отырмын.

Мистер Джабез Уилсон креслоға тіктеліп отырды да, сұқ саусағын газеттен айырмаған күйі досыма бағжия қарап қалды.

– Мұны қалай біліп қойдыңыз, мистер Холмс? – деп сұрады ол – Мысалға, менің қара жұмыспен айналысқанымды қайдан білесіз? Иә, рас айтасыз, еңбек жолымды кемеде ағаш ұстасы боп бастағам.

– Мұны маған қолдарыңыз айтып берді, құрметтім. Оң қолыңыз сол қолыңызға қарағанда етженділеу. Жұмысты көбінесе осы қолмен істегенсіз, сондықтан оның бұлшық еті де молырақ.

– Ал мұрынға насыбай атуды ше? Франкмасондықты ше?

– Франкмасондыққа қатысыңыз барын аңғарудың еш қиындығы жоқ, себебі қоғамыңыздың қатаң жарғысына қарамастан доға мен шеңбер бейнеленген галстук түйреуішін тағып жүрсіз.

– Рас-ау! Бұл тіптен есімнен шығып кетіпті... Ал енді қағаз жазумен көп шұғылдануыма тура келетінін қайдан біліп қойдыңыз?

– Оң жақ жеңіңіздің жылтырап тұрғаны және сол жақ жөніңіздің шынтаққа таяу жердегі шұғасының теп-тегіс дөң үйкелгені соны аңғартпағанда нені аңғартады!

– Ал Қытайға барғанымды ше?

– Оң білегіңізден көрініп тұрған әне бір балықтың бейнесі тек Қытайда ғана инемен таңбалануы мүмкін. Инемен әшекей таңба жасау жайын мен жете зер-

✓ **Франкмасон** – (масон) жасырын қоғам мүшесі.



Шерлок Холмс туралы хикаялардың алғашқы баспаларына жасалған сурет.



делегам, тіпті бұл тақырыпта жазған нәрселерім де бар. Балық қабыршағын биязы қызғылтым түспен бояу дәстүрі тек Қытайда ғана тамыр жайған. Сағатыңыздың шынжыр бауына тағылған қытай теңгесін көріп, Қытайда болғаныңызға ақи-тақи көз жеткіздім.



Ойлап көрші, Шерлок Холмс мистер Уилсон туралы бұл мәліметтерді қай жерден анықтап білді?



сэр – Англияда және ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерде ерлер бір-бірін осылай атайды.

Мистер Джабез Уилсон қарқылдап күліп жіберді.

– Әңгіме қайда! – деді ол – Сізді жұмбақтың жауабын әлденендей құпия сыры бар тәсіл арқылы таба ма десем, әншейін-ақ нәрсе екен ғой.

– Жорамал жасау әдістерімді түсіндірем деп қателік жібердім-ау деген ойға келе бастадым, Ватсон, – деді Холмс. – «Omne ignotum pro magnifico» дегенді білесіз ғой,

бұлайша ағымнан жарыла берсем болмашы абыройымның аяқ асты болатын түрі бар... Құлақтандыруды таптыңыз ба, мистер Уилсон?

– Таптым, – деді анау быртиған қызыл саусағын газет бағанасының орта тұсына тіреп тұрған күйі. – Міне, мынау. Бәрі осыдан басталды. Өзіңіз оқып көріңіз, сэр.



Фунт-стерлинг – Англия ақша бірлігі. Сол кезде 4 фунт стерлинг жақсы ақша болған.



Аталмыш үзіндіден Шерлок Холмстың ақыл қабілеттері сенде қандай әсер қалдырды?

Мен газетті алып, мынадай жолдарды оқыдым:

ЖИРЕН ШАШТЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ. *Лебанонда, Пенсильванияда (АҚШ) ғұмыр кешкен марқұм Иезекия Хопкинстің өсиетін орындау мақсатында Қауымдастық мүшелігіне ЖАҢА ВАКАНСИЯ ашылды. Тапсырылған істі орындағаны үшін аптасына төрт фунт стерлинг жалақы ұсынылады. Бұл жұмысқа жасы жиырма бірге толған, ақыл-есі бүтін, қапері бекем кез келген жирен шашты жарамды болуы ықтимал. Дүйсенбі күні, сағат он бірде, Қауымдастық кеңсесіне, Флит-стрит, Попс-корт, 7, Дункан Россқа өзі келіп жолығуы қажет.*





– Құрып кеткір, мұны қалай түсінуге болады өзі? – деп дауыстап жібердім әдеттен тыс құлақтандыруды екі қайтара оқып шыққаннан кейін.

Холмс дыбыссыз мәз бола күліп, креслода отырған күйі біртүрлі бүрісе қалды, ал мұнысы көңіл хошын тауып, жаны рақатқа батқандығының бірден-бір айғағындай нәрсе еді.

– Бұл өзі дәстүрлі хабарландыруға онша ұқсаңқырамайды, ә? Қалай ойлайсыз? – деді ол. – Ал енді, мистер Уилсон, басынан бастаңыз, бізге өзіңіз жайында, үйіңіз жайында және бұл хабарландырудың өміріңізде қандай рөл атқарғаны жөнінде айтып беріңіз. Ал, сіз, дәрігер, рақым етіп, мұның қандай газет екенін және қай күні шыққанын жазып қойыңызшы.

– «Таңғы хроника», мың сегіз жүз тоқсаныншы жылғы жиырма жетінші көкек. Дәлме-дәл екі ай бұрын шыққан.

– Тамаша. Құлағымыз сізде, мистер Уилсон.

– Әлгінде өзіңізге айтқанымдай, мистер Шерлок Холмс, – деді Джабез Уилсон маңдайының терін сүртіп, – Ситиге жуық маңдағы Кобургскверде несие беретін шағын кассам бар.

Шаруамның бұрын да шалқып тұрғаны шамалы еді, ал соңғы екі жылдағы түсім тек жыртық-тесікті жамауға ғана жарайтындай дәрежеде болды. Бұрын екі көмекші ұстайтынмын, ал қазір жалғыз көмекшім бар; оның өзіне де айлық төлеу маған қиынға соға бастаған, бірақ бұл істің ұңғыл-шұңғылын зерттеуге мүмкіндік алуды көздеген ол жарты ақыға жұмыс істеуге ырзашылық білдірді.

– Бұл елгезек бозбаланың аты-жөні кім? – деп сұрады Шерлок Холмс.

– Оның есімі Винсент Спеллинг және ол бозбала жасынан әлдеқашан асқан жігіт. Жасы қаншада екенін кім білсін? Әйтеуір, одан артық тындырымды көмекшіні іздесем таппасым анық. Басқа жерде бұдан екі есе көп айлық аларына күмәнім жоқ. Бірақ маған не көрініпті, тірлігіне разы пейілде жүрген жанды өз мүддеме зиян келтірер іске итермелеп не шаруам бар?


– Шынында да, не шаруаңыз бар? Жолыңыз болғаны көрініп тұр: мұндай жұмысқа басқалар төлейтіннен әлдеқайда аз ақы алатын көмекшіңіз бар. Біздің заманымызда мұндай ақпейіл қызметші жиі ұшыраса бермейді-ақ. Көмекшіңіз таңырқауға тұрарлық адам екен, расын айтқанда, тіпті құлақтандырудан да гөрі таңырқарлық.



Сити – Лондонның орталық бөлігі, негізінен ұйымдар мен мекемелер орналасқан.



пластинка – фотопенкалар және кейіннен цифрлы фотография ойлап табылуынан алдын фотосуреттер басылған материал





– Алайда, адалын айтуым керек, оның да өз кемшіліктері бар! – деп сөзін жалғады мистер Уилсон. – Сурет түсіруге мұншалықты құмар адамды өмірі кездестірген емен. Жұмыстың тоқтап тұрғанына қарамай аппаратын шыртылдатады да жүреді, сосын кеуегіне кірген қоян құсап жер қоймаға сүңгіп кетеді де, пластинкасын шығарумен шұғылданады. Бұл оның ең басты кемшілігі. Ал, жалпы алғанда, ол жақсы қызметші, оған ешқандай кінә таға алмаймын.

– Ол қазір де сізде істей ме?

– Иә, сэр. Оған қоса шикілі-пісілі ас әзірлейтін, еден жуатын он төрт жасар қыз бала бар. Сол екеуі ғана, басқа ешкім жоқ, мен өзі әйелім дүние салған әрі бала сүймеген адаммын. Үшеуіміз өте қарапайым тұрмыс кешіп жатырмыз, сэр. Баспанамыз бар, қарызымызды қайтарып тұрмыз – одан артық не керек бізге? Бірақ мына хабарландыруы түскір шырқымызды бұзып кетті. Содан бері дәлме-дәл сегіз апта өтті. Кеңсеге осы газетті ұстай кірген Спеллинг:

– Құдайдың мені жирен шашты ғып жаратпағаны қандай өкінішті, мистер Уилсон, – дегенді айтты.

– Неге? – деп сұрадым одан.

– Міне, қараңызшы, Жирен шаштылар қауымдастығында жаңа вакансия пайда бопты. Оған ие болған адам әжептәуір ақша таппақ. Онда, шамасы, кандидаттардан гөрі бос орындар көп болса керек, өсиетті орындаушылар ақшаны қайда жіберуді білмей бас қатырып жатса керек. Егер шашым түсін өзгерте алатын болса, мұндай тәуір орыннан текке айрылып қалмас едім, – деді анау.

– Ол неғылған Жирен шаштылар қауымдастығы? – деп сұрадым. – Өйткені, мистер Холмс, мен негізі үйкүшік адаммын, клиент іздеп әуреге түспейтіндіктен, олар маған өздері келеді, кейде апталар бойы сыртқа аттап шықпайтын кезім болады. Міне, дүниеде не болып, не қойып жатқанынан хабарымның аздығы да содан, осы себепті жаңалық атаулыға қуана құлақ түрем...

– Апырай, Жирен шаштылар қауымдастығы туралы ешқашан ештеңе естімегенсіз бе? – деп сұрады Спеллинг маған көзін бажырайтып.

– Ешқашан.

– Мұныңыз қызық екен, вакансияға ие болатын адамның бірі өзіңіз ғой.

– Бұдан бірдеңе түсе ме екен өзі? – деп сұрадым.

– Жылына екі жүз фунт боп қалар, одан арта қоймас, есесіне жұмысы жарытымсыз, басқа шаруамен айналысуға кедергі келтірмейді.

– Әрине, бұған ә дегеннен аңсарым ауа қалды, өйткені айналысып жүрген кәсібімнен түсетін табыс соңғы кезде тым азайып





кеткен-ді, жыл сайын басы артық екі жүз фунт алып тұрғаным артық етпейтін.

– Бұл Қауымдастық жайында білетініңіздің бәрін түгел айтып беріңізші, – дедім.

– Көріп тұрғаныңыздай, – деп жауап қатты Спеллинг маған құлақтандыруды көрсетіп, – Жирен шаштылар қауымдастығында бос орын бар көрінеді, егжей-тегжейін сұрайтын адрес те тұр екен мына арада. Білуімше, бұл Қауымдастықтың негізін Иезекия Хопкинс есімді барып тұрған әпенді американ миллионері қалапты. Өзі де от жалынындай жирен болғандықтан әлемдегі жирен шашты атаулының бәрін қанатының астына алуға тырысыпты. Бақиға аттанарда артына қомақты сома қалдырыпты, енді өсиетін орындаушылар соның өсім пайызына жайнаған жирен шашты адамдарды жылы орынға жайғастыруға тиіс көрінеді. Несін айтасыз, төлейтін ақшасы тәп-тәуір, ал істейтін жұмыс жоқтың қасы.

– Жирен шаштылар мың-мыңдап саналмай ма, – дедім мен бос орынға соның бәрі талап қылса ше?

– Ондайлар анау айтқандай онша көп те емес. Көріп тұрғаныңыздай, хабарландыру лондондықтарға, оның ішінде ересектерге ғана арналған. Әлгі американ Лондонда туыпты, жастық шағын осында өткізіпті, сөйтіп туған қаласын жарылқағысы келіпті. Оның үстіне, естіген әңгімем рас болса, шашы құба жирен немесе қоңырқай жирендердің Жирен шаштылар қауымдастығына баруы бос әурешілік болады екен, – ондағыларға керегі тек айшықты, көз қаритын, от жалынындай жирен шашты адамдар көрінеді. Егер бұл ұсынысты пайдаланып қалғыңыз келсе, мистер Уилсон, онда тек Жирен шаштылар қауымдастығы кеңсесіне ақырын аяңдап баруыңыз ғана керек болады. Бірақ, бірнеше жүз фунтқа бола негізгі қызметіңізді қағажу қалдырудың сізге онша қажеті де жоқ шығар?.. – деп жауап қатты ол өздеріңіз байқап тұрғандай, джентльмендер, шашымның көз тартарлық айшықты реңдегі жайнаған жирен болуы себепті жирен шаштылар бәсекесіне түсе қалар жағдайда басқалардан гөрі менің мүмкіндігім молырақ болар еді. Бұл істен мейлінше мол хабардар адам ретінде Винсент Спеллингтің пайдасы тиюі ықтималды, сондықтан терезе қақпақтарын бір күнге жауып қоюға әмір еттім де, бірге еріп жүруін өтіндім. Бүгін жұмыстан босайтынына ол қуанып қалды, сөйтіп біз кеңсені жауып, құлақтандыруда көрсетілген адреске қарай бет алдық.

Мұндай қызықты, мистер Холмс, енді ешқашан көрмейтін шығармын! Шашында жирен түстің шамалы да болса нышаны бар адамның бәрі түгел солтүстіктен, оңтүстіктен, шығыстан және батыстан Ситиге қарай өңмеңдеп бара жатты. Флит-стрит жирендерге лық толды, ал Попскорт аралап жүріп апельсин сататындардың қол арбасына ұқсап кетті. Хабарландыру бойынша қаншама адам жиналған десеңізші! Англияда осынша жи-





рен шашты бар деп ойласаңшы. Жиреннің – сабан түсті, қызғылт-сары, қызыл-күрең, лимон түсті, ирланд сеттерінің жүні түсіндей, от түсті, саз балшық түсті алуан-алуан реңкі кезігетінін айта кету керек, Спеллинг кәдімгідей көз арбайтын ашық, жалындай түтеген бастардың бұл арада аз екенін құлағдар етті. Солай бола тұрғанымен, мынадай тобырды көріп көңілім қарайып, бұл шаруадан бас тартпаққа бекіндім, алайда Спеллинг сөзіме құлақ аспай-ақ қойды. Қалай ретін тапқанын кім білсін, әйтеуір ол жұрттың әрісін әрі, берісін бері итеріп алға жылжумен болды, сөйтіп ақыры кеңсе есігіне бастайтын баспалдаққа да жеттік. Баспалдақпен адам ағыны қос қатар боп өтіп жатты: бірі үміт толы көңілмен жоғары өрлеп бара жатса, екіншісі жабырқау жүзбен төмен түсіп келе жатыр еді. Біз сығылысып ілгері оздық та, ұзамай кеңсеге кірдік.

– Адам сенгісіз хикаяны бастан кешкен екенсіз! – деді Холмс, қаперін қалпына келтіру үшін клиенті мұрнына насыбай атып жатқан кезде. – Иә, айта беріңіз.

– Кеңседе бір-екі ағаш орындық пен қарабайыр қарағай үстелден басқа ештеңе жоқ екен. Үстел басына шашы менікінен де жирендеу шағын денелі шапаты біреу жайғасыпты. Ол үміткерлердің әрқайсысымен қысқа-қысқа ғана тілдесіп, әрқайсысынан әлденендей бір кемшілік тауып жатты. Бұл вакансияны иелену маған оңай шаруа еместей көрінді. Әйтсе де кезегіміз келгенде шапаты неме бізге әлдеқайда жылы шырай танытты, сөйтіп бізбен оңаша сөйлесу үшін есікті іштен кілттеп алды.

– Бұл кісі – мистер Джабез Уилсон, – деді көмекшім. – Қауымдастықтағы вакансияға ие болсам деген ойы бар.

– Ол бұған әбден лайықты, себебі барлық талапқа сай келіп тұр, – деп жауап қатты шапаты. – Мынадай көркем шашты көрмегелі қай заман!

Ол бір адым кейін шегініп, басын бір жағына қисайтып ұстаған күйі шашыма қадала қарап қалды, ұзақ қарағаны сонша, өзімді ыңғайсыз сезіне бастадым. Сосын оқыстан ілгері ұмтылып қолымнан ұстай алды да, мені қызу құттықтай бастады.



Газеттегі хабарландыру несімен оғаштау еді?

– Енді кешіктіруге болмайды, ол қылмысқа пара-пар нәрсе, – деді ол – Солай бола тұрғанымен, азды-кем сақтық шарасын жасағанымды айыпқа бұйырмассыз деп ойлаймын.

Соны айтып шашыма қос қолымен жармаса кетті де, жұлқып қалды; қатты жұлқығаны сонша, жан даусым шығып бақырып жібердім.





– Көзіңізден жас шықты, – деді ол шашымнан қолын айырып жатып. – Бұл бәрі ойдағыдай екенін білдіреді. Кешіре көріңіз, сақ болмасаң болмайды, себебі бізді жасанды шаштың көмегімен екі рет, бояудың көмегімен бір рет алдап кеткендер болды. Адамдарға деген жиреніш сезіміңізді оятатын не қилы алаяқтық жайында айтып бере алам сізге.



Одақ өкілі не мақсатта мистер Уилсонның шашынан тартты деп ойлайсың?

Содан соң ол терезеге барып, бар дауысымен айқайлап вакансияға адам табылғанын айтты. Төменгі жақтан өкініш білдірген күңіреніс естілді, жиналған жұрт түрлі бағытпен бет-бетіне бытырай бастады, ұзамай өзіммен келіссөз жүргізіп жатқан шапаты екеуімізден басқа бірде-бір жирен шашты қалған жоқ.

– Есімім – мистер Дункан Росс, – деді ол, – мен де ақжүрек жарылқаушымыз өзімізге қалдырған қордан зейнетақы алам. Сіз үйленген адамбысыз, мистер Уилсон? Отбасыңыз бар ма?

Мен әйелімнің қайтыс болғанын, балаларымның да жоқтығын айттым. Оның түсі бұзылып сала берді.

– Иә, бұл – керемет үлкен кедергі! Әттеген-ай, әйеліңіздің жоқтығы қандай өкінішті. Бұл қор жирен шаштыларды қолдау үшін ғана құрылмаған, сонымен бірге олардың қатарын көбейтуге де септік жасауға тиіс. Бойдақ боп шыққаныңызды қарашы!

Несін жасырайын, мистер Холмс, бұл сөзді естігенде қатты қайғырып қалдым, өйткені алмайтын болды-ау деп қауіптенгем; алайда бірнеше минут ойланғаннан кейін Росс «оқасы жоқ» дегенді айтты.

– Басқа біреу үшін ережемізге қиғаш келетін іске ешқашан бармас едік, бірақ мынадай шашы бар адамға қарайласқан жөн болады. Қызметіңізді атқаруға қашан кірісе аласыз?

– Соны білмей тұрмын, күнделікті айналысатын кәсібім бартын... – деп жауап қаттым мен.

– Оған алаң болмаңыз, мистер Уилсон! – деді Винсент Спеллинг. – Жұмысты өзім – ақ тындыра берем.

– Қызметті қай уақытта атқаруым керек болады?

– Сағат оннан екіге дейін.

Несие кассаларындағы негізгі жұмыс кешкілік уақытта, әсіресе бейсенбі және жұма күндері, жалақы алар алдында, қыза-





тындықтан, мен, мистер Холмс, таңертеңгілік мезгілде азын-аулақ табыс тапқан жаман болмас деп шештім. Көмекшім сенімді адамды, орнымды жоқтатпайтын.

– Бұл маған оңтайлы уақыт екен, – дедім. – Ал төлейтін ақыңыз қандай?

– Аптасына төрт фунт.

– Қандай жұмыс атқармақпын сонда?

– Тапсырылған істі ғана орындайсыз.

– Тапсырылған іс дегенді қалай түсінуге болады?

– Кеңседе, тым құрығанда әйтеуір, кеңсеміз орналасқан ғимаратта тапжылмай отыруға тиіссіз. Сыртқа шығуға болмайды – орыннан айрылып қаласыз. Өсиет қалдырған адам осы шарттың мүлтіксіз орындалуын қатаң қадағалауды ескерткен. Егер жұмыс уақытында кеңседен бір-ақ рет болса да кетіп қалсаңыз, талабымызды орындамаған боп саналасыз.

– Тәулігіне төрт-ақ сағат жұмыс істесем, кеңседен кетіп қалатындай маған не көрініпті сонша, – дедім мен.


– Осыны ұмытпаңыз, – деп нықтады Дункан Росс. Бұған ешқандай кешірім жасалмайды. Ауырып қалдым, анау-мынау шаруам болды деп ақтала алмайсыз. Кеңседе табан аудармай отыруыңыз қажет, әйтпесе қызметпен қош айтысасыз.

– Сонда нендей іспен айналыспақпын?

– «Британия энциклопедиясын» көшіріп жазуыңызға тура келеді. Бірінші томы мына шкафта тұр. Қалам сияны, қағазды және сорғышты өзіңіз әкелесіз; біз үстел мен орындық береміз. Жұмысқа ертеңнен бастап кірісе алмас па екенсіз?

– Әрине, кірісе алам, – деп жауап қаттым мен.

– Ендеше, сау болыңыз, мистер Джабез Уилсон. Мынадай жақсы қызмет тауып алуыңызбен тағы да құттықтап қоюға рұқсат етіңіз.

 **соверен** –
алтын
тиын

Ол басын иіп ізет білдірді. Мен бөлмеден шықтым да, ойламаған жерден жолым болып кеткеніне іштей мәз күйде көмекшіммен бірге үйге қайттым. Бұл хикмет күні бойы ойымнан шықпай қойды, алайда кешке қарай көңілім бәсейіңкіреп қалды, мұның бәрі әншейін алаяқтық деген ойға біржола дерлік ден қойдым, сөйте тұра, бұл шаруаны қолға алғандардың қандай мақсатты көздегеніне қалай қиялдансам да ақылым жетпеді. Әлдекімнің осындай өсиет қалдыруы, «Британия энциклопедиясын» көшіріп жазу үшін әлдекімдердің осындай мөлшерде ақша төлеуге ынталы болуы адам сенбестей нәрсе боп көрінді.

Винсент Спеллинг көңілімді аулауға барын салып-ақ бақты, дегенмен, төсекке жатар алдында бұл істен бас тарту жөнінде нық шешімге келдім. Әйтсе де, таңертең тұрған соң, кешегі жерге барып шыққаным жөн болар деген ойға бейіл бердім. Пенниге сия сатып алып, қауырсын қалам мен қағаздың жеті үлкен та-



бағын алып, Попскортке тарттым. Таңырқауға тұрарлық нәрсе бөлмені тап-тұйнақтай ғып қойыпты. Қуанып кеттім. Үстел жұмысқа дайын етіліп, мистер Дункан Росс мені тосып отыр екен. Ол маған «А» әрпінен бастауым керегін айтты да, кетіп қалды. Бірақ жұмыс істеп жатқан жатпағанымды білу үшін араға уақыт салып кіріп-шығып тұрды. Сағат екіде менімен қоштасып, соншама көп көшіріп үлгергенім үшін мақтап, кеңсенің есігін кілттеді.

Осылайша күн артынан күн жалғасып жатты, мистер Холмс. Сенбі күні мистер Росс үстел үстіне төрт алтын соверен қойды: апталық жалақым еді бұл. Екінші апта өтті, одан соң үшіншісі. Күн сайын сағат онда барып, сағат екіде кетіп жүрдім. Кейін мистер Дункан Росс кеңсеге келуін бірте-бірте сирете бастады, сосын мүлдем төбе көрсетуді қойды. Әйтсе де, мен бөлмеден сыртқа бір минутқа болса да аттап шықпадым, өйткені оның кез келген сәтте кіріп келуі мүмкін еді, ал менің мынадай пайдалы қызметтен айрылғым жоқ-ты.



«Жирен Шаштылар қауымдастығының» мақсаты анықталды ма? Мистер Уилсонды жұмысқа алып, оған кітапты көшіртіруде қандай логика болуы мүмкін?

Осылайша сегіз апта өтті; мен Аббаттар жайындағы, Артиллерия жайындағы, Архитектура жайындағы, Аттика жайындағы мақалаларды көшіріп шықтым, сөйтіп ұзамай «Б» әрпіне кіріспек боп жүрдім. Қағаз алуға әжептәуір шығындалдым, жазған парақтарым сөреге әрең сыйып тұрды. Бірақ бәрі аяқ астынан тәмәм болды.

– Тәмәм болды дейсіз бе?

– Солай, сэр. Бүгін таңертең. Жұмысқа күндегідей дәл сағат онда келгем, келсем есік құлыптаулы тұр, есіктің сыртына бір парақ қалың қағаз шегеленіп қойыпты. Міне, көріңіз.

Ол бізге әлгі парақты берді. Онда былай деп жазылыпты:

ЖИРЕН ШАШТЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ 9-шы қазан 1890 жыл ТАРАТЫЛДЫ.

Шерлок Холмс екеуіміз осынау қысқаша құлақтандыруға қадала қарап біраз отырдық, сосын Джабез Уилсонның жабырқау жүзіне назар аудардық; болған оқиғаның күлкілі жағы өңгесін қалтарысқа қалдырды да, бар дауысымызбен қарқылдап күліп жібердік.

– Күлетіндей ештеңе көріп тұрғам жоқ! – деп айқайлады креслодан атып тұрған, жалын түсіндей жирен шашының түбіне дейін қып-қызыл боп кеткен клиентіміз. Қол ұшын берудің орны-



на мені мазақ қылмақ болсаңыз, басқа біреуді тауып алайын!

– О не дегеніңіз, о не дегеніңіз! – деді оны креслоға қайтадан отырғызып жатқан Холмс жұбата үн қатып. – Сіздің ісіңізбен айналысудан қандай бір себеппен де бас тартқым келмейді-ақ. Бұл мені өзінің сонылығымен шабыттандырады. Кешірім өтінем,

бірақ мұнда, қалай дегенмен де, күлкі келтіретін жағдаят баршылық... Есіктегі мына жазбаны көргеннен кейін не істедіңіз?

– Абыржып кеттім, сэр. Не істерімді білмей дағдарып қалдым. Көрші кеңселерді аралап өттім, бірақ ешкім ештеңе білмейтін боп шықты. Ақыр соңында үйдің иесіне барып, – ол төменгі қабатта тұратын, – Жирен шаштылар қауымдастығына не болғанын сұрадым. Ол мұндай ұйым жайында ешқашан ештеңе естімегенін айтты. Сол арада одан мистер Дункан Росс жайында сұрастырдым. Ол мұндай есімді алғаш рет естіп тұрғанын мәлім етті.

– Нөмірі төртінші пәтеріңізді жалға алған джентльменді айтам, – дедім мен.

– Жирен шаштыны ма?

– Иә.

– Оу, оның есімі Уильям Моррис қой! Ол – аспаз, бөлмемді басқа орын тапқанша уақытша жалға алған. Кеше босатып кетті.

– Оны қайдан табуға болады?

– Жаңа кеңсесінен. Адресін қалдырған, бір жерде жатыр еді, міне мынау: Кинг-Эдуард-стрит, он жеті, Әулие Павел соборының маңайы.

Мен осы адрес бойынша іздеп бардым, мистер Холмс, бірақ ол жерде протез жасайтын шеберхана орналасқан екен, ондағылардың ешқайсысы мистер Уильям Моррис жайында да, мистер Дункан Росс жайында да ештеңе білмейтін боп шықты.

– Одан соң не істедіңіз? – деп сұрады Холмс.

– Сакс-Кобург-сквердегі үйіме қайтып оралып, көмекшіммен ақылдастым. Бірақ ол ешқандай ақыл қоса алмады. Күте тұру керек, бәлкім, саған пошта арқылы бір хабарын беретін шығар дейді. Бірақ бұл менің көңілімді көншітер емес, мистер Холмс. Қараптан қарап есемді жібергім келмейді. Сізді қиын жағдайда қалған қауып-қатерлерге ақыл-кеңес береді дегенді естіп, тура тартып өзіңізге келдім.





– Өте дұрыс істегенсіз, – деді Холмс. Таңғаларлық жағдайға тап болған екенсіз, бұл іспен айналысуға мүмкіндік алғаным үшін өзімді бақытты санаймын. Бір қарағанда, жеңіл-желпі нәрсе секілді көрінетін бұл істің артында үлкен ауыртпалық жатыр-ау деген түйін түйіп отырмын айтқан әңгімеңізден.

– Ауыртпалық болғанда қандай! – деді мистер Джабез Уилсон. – Апта сайын алатын төрт фунттан қағылып тұрмын.

– Дегенмен, өз басыңыздың осынау елден ерек Қауымдастыққа артатын өкпеңіз жоқ секілді, – деді Холмс. Өйткені, «А» әрпінен басталатын біраз нәрсе турасында терең мағлұмат алғаныңызды айтпағанда, отыз фунт таптыңыз емес пе. Сондықтан, шын айтқанда, сіз ештеңе жоғалтқан жоқсыз.

– Солайы солай, оған дауым жоқ, сэр. Әйтсе де, оларды іздеп тапқым келеді, олардың кім екенін, егер мұны мазаққа баласақ, неліктен мені мұндай мазаққа душар еткенін білгім келеді. Иә, бұл ермек оларға тым қымбатқа түсті: бұл үшін отыз екі фунт төлеулеріне тура келді.

– Біз мұның анық-қанығына жетуге тырысамыз. Бірақ әуелі өзіңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, мистер Уилсон. Көмекшіңіз... анау әлгі хабарландыруды көрсеткен адам сізде көптен жұмыс істей ме?

– Оның менде жұмыс істей бастағанына сол тұста айға жуық уақыт болған.

– Оны қайдан тауып алдыңыз?

– Ол маған газетке берген құлақтандыруым бойынша келді.

– Құлақтандыруға жалғыз сол ғана көңіл аударып па?

– Жоқ, он шақты адам.

– Басқаны емес, соны таңдауыңызға не себеп?

– Себебі ыждағатты көрінді және көп ақы сұраған жоқ.

– Сізді оған жарты айлық төлеу мүмкіндігі қызықтырды ма?

– Рас.

– Винсент Спеллинг деген қандай адам өзі?

– Тапалтақ, дембелше, ылдым-жылдым. Жасы отызға таяп қалғанымен, бет-аузында бір тал қылшық жоқ. Маңдайында ақшылтым дақ бар – қышқылдың күйдірген орыны.

Холмс бойын тіктеді. Тынышы кете бастағаны сезілді.


– Өзім де сондай деп ойлағам! – деді ол – Құлағында сырғаға арналған тесік барын байқаған жоқсыз ба?



Холмс не себептен уайымданған болуы мүмкін?

– Байқадым, сэр. Ол мұны бала кезінде әлдебір сыған әйел тесіп кеткенін айтты.

– Хм! – деп тұнжыраған Холмс, терең ойға шомған күйі креслоның арқалығына шалқайды. – Ол әлі сізде қызмет істей ме?





– Иә, сэр, оны әлгі әзірде ғана көргем.
– Кеңседе болмаған кезіңізде шаруаны ақсатып алған жоқ па?

Олай деп айта алмаймын, сэр. Жалпы, ертеңгілік уақытта не-сие кассасында істейтін іс жоқтың қасы.

Жарайды, мистер Уилсон. Бірер күннен кейін өзіңізге қажет нәрсені хабардар ету қуанышына ие боп қалармын. Сенбі... Дүйсенбіде бәрін білетін болармыз.

– Ал, Ватсон, бұл айтылғандардан қандай түйін түйдіңіз? – деді Холмс, клиентіміз кеткеннен кейін.

– Ешқандай түйін түйген жоқпын, – дедім ағымнан жарылып. – Бұл іс маған жан баласы түсінбейтін құпия секілді көрініп тұр.

– Жалпыға ортақ ереже мынадай, – деді Холмс, – оқиға неғұрлым әдеттен тыс оғаш болса, оның құпиясы да соғұрлым аз болады. Әсіресе осындай қарабайыр, ешқандай ерекшелігі жоқ қылмыстарды ашу зор қиындыққа түседі; қазың топтың арасынан ұсқынсыз адамды іздеп табу қандай қиямет болса, бұл да сондай қиямет. Бірақ, бұл оқиғаға байланысты жайбасарлыққа жол бермеуім керек.



Сарасате – әйгілі испан музыканты, скрипкашы

– Сонда не істемекшісіз? – деп сұрадым мен. Темекі тартпақпын, – деп жауап қатты ол. – Бұл дәлме-дәл үш қорқорды түгесетін уақытта шешілетін жұмбақ. Менімен елу минуттай сөйлеспеуіңізді өтінем.

Ол жүдеңдеу тізесін имектеу келетін мұрнына қарай жақындатып алған күйі креслоға бүрісе жайғасты; осылай көзін тарс жұмып, қыштан жасалған, беймәлім бір құстың тұмсығына ұқсас қара қорқорын ілгері ұмсындырған күйі ұзақ отырды. Оны қалғып кеткен шығар деп ойлағам, өзім де мүлги бастағам, бірақ сол мезет ол нық шешімге келген адамша орнынан атып тұрып, қорқорын каминнің үстіне қойды.

– Бүгін Сент-Джеймс-холлда Сарасате ойнайды, – деді өзі. – Бұған қалай қарайсыз, Ватсон? Науқастарыңыз сізді бірнеше сағатқа босата ала ма?

– Бүгін боспын. Жалпы, менің қызметім онша көп уақыт алмайды.

– Ендеше, қалпағыңызды киініңіз, жүрейік. Менің Ситиге баруым керек, жол-жөнекей бір жерден жүрек жалғармыз. Концерт бағдарламасынан неміс музыкасы мол орын алған, бұл маған француз немесе итальян әуендерінен көбірек ұнайды. Неміс музыкасы терең ойға толы келеді, маған да бірқыдыру нәрсе жайында ой кешу қажет боп тұр.

Біз жер асты темір жолымен Олдерсетке дейін бардық, ол жерден жаяулатып Сакс-Кобург-скверге жеттік – таңертеңгісін бізге мәлім етілген оқиғалар осы көшеде өткенді.





ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1. Шерлок Холмс сенде қандай әсер қалдырды? Мистер Уилсон ше? Оларды қандай сапалармен суреттеуге болады? Пікіріңді мәтіннен мысалдармен дәлелде.
2. Сенің пікіріңше шығарма барысында қандай оқиғалар орын алады?



Шерлок Холмс бірер адам, нәрсе немесе оқиға туралы қорытынды шығаруда дедуктив әдістен пайдаланады. Кестені жалғастыр. Дедуктив әдіс қандай әдіс екендігін табуға әрекет жаса.

Мистер Уилсон туралы Шерлок Холмс қорытындысы	Не үшін Холмс осы қорытындыға келді?
Бір кездері дене еңбегімен шұғылданған	Оң қолдың бұлшық еттері сол қолдың бұлшық еттерінен мықтылау

Дедуктив әдісті қолдаған тәрізде айналаңдағы заттар немесе оқиғалар туралы қорытынды шығарып көр. Қайсы топтың қорытындылары ең қызық және сенімді шықты?

II

Сакс-Кобург-сквер – аристократиялық стильге ұқсап бағуға тыраштанған шағын ғана шала ұйқылы алаң еді. Төрт қатар боп тізілген, кір басқан қос қабатты кірпіш үйлердің терезесі арамшөп тұтасып жатқан титімдей баққа қарайтын. Қаулай өскен арамшөп арасынан бой көтерген, түсі оңып кеткен бірнеше лавр бұтасы түтінге толы былғанышты ауамен арпалысты күреске түсіпті. Сарғыш бояуға шыланған үш шар мен бұрыштағы «Джабез Уилсон» дейтін ақ сырмен жазылған жазуы бар, күлгін түсті маңдайша жи-





рен шашты клиентіміздің кеңсесі тап осы жерде екенін көрсетіп тұр еді.

Шерлок Холмс есік алдына келіп тоқтап, басын бір жағына қарай қисайтып ұстаған күйі оған қадала қарап қалды, жартылай жұмық қабағының астынан көзінің оттай жайнап тұрғаны байқалды. Содан соң үйлерге зер сала қараған күйі көшемен жай басып жүріп өтті. Несие кассасының алдына келген кезде қолындағы жіңішке әсем таяғымен көшенің тас төсемін үш қайтара соғып – соғып жіберді, содан соң есікке жақындап, оны тықылдатып қаға бастады. Іле-шала есік те ашылып, таза қырынған елгезек жас адам ішке кіруімізді өтінді.

– Рақмет сізге. Осы арадан Стрэндке қалай баруға болатынын ғана сұрайын дегем, – деді Холмс.

– Үшінші бұрылыстан оңға, төртіншіден солға, – деп мистер Уилсонның көмекшісі жылдам жауап қатты да, есікті сарт еткізіп жауып алды.

– Тақыс жігіт! – деді Холмс қайтадан көше бойлап жүріп келе жатқан кезімізде. – Бұл өзі бүкіл Лондонда тақыстығы жағынан төртінші, ал жүректілігі жағынан, тіпті үшінші орын алады-ау деп ойлаймын. Оның жайынан біршама хабардармын.

– Шамасы, мистер Уилсонның көмекшісі Жирен шаштылар қауымдастығында өзіндік бір рөл ойнайтын шығар, – дедім мен. – Одан жол сұрағанда оны жақсылап көріп алайын деген ойда болғаныңыз анық.

– Жоға, оны емес.

– Сонда нені?

– Тізелерін.

– Не көрдіңіз сонда?

– Көксеген нәрсемді.

– Ал көшенің төсемін неге соққыладыңыз?

– Мейірімді мырзам, қазір балпылдап сөйлейтін уақыт емес, бақылау жүргізетін уақыт. Біз жау жатағында жүрген барлаушымыз. Сакс-Кобург-сквер жайында азды-кем мәлімет алдық. Енді оған қарсы беттен жанасатын көшелерді көруіміз қажет.



Шерлок Холмс Уилсонның көмекшісінің тізелерінде нені көрген болуы мүмкін? Не үшін таскөшені таяғымен ұрып көрді?

Сакс-Кобург-сквер мен бұрыштан айналған сәтте көргеніміздің арасындағы айырмашылық – бейне әсем етіп салынған сурет пен оның сырт жағы секілді айтып жеткізгісіз алшақ екен. Бұрыштың арғы жағында Ситиді солтүстікпен және батыспен жалғастыратын негізгі күре жолдардың бірі көсіліп жатты. Бұл үлкен көше





бір-біріне қарсы бағытта қос қатар боп ағылған экипажға лық толы болатын, қаптал жолдармен асығыс адымдаған жүргіншілердің қара-құра тобыры өтіп жатыр. Қаз-қатар орналасқан көз жауын алар дүкендер мен керемет сәнді кеңселерге қарап тұрып осы үйлердің сыртында адам жүрмейтін қораш алаң жатыр дегенді көз алдыңа елестетудің өзі қиын еді.

– Асықпай қарап алуыма мархабат етіңіз, – деді бұрышқа жетіп аялдаған Холмс, соны айтып бір үйден соң бір үйді зейін сала зерделей бастады. – Фимараттардың орналасу тәртібін есте сақтап қалғым кеп түр. Лондонды зерттеу – аңсарым... Ым-м, әуелі Мортимердің темекі дүкені, одан соң газет сататын дүңгіршек, одан соң Қала және Қала маңы банкінің кобургтік бөлімшесі, одан кейін вегетариандық ресторан, содан соң Мак-Фарлейннің карета депосы. Одан әрі екінші орам басталады... Міне, дәрігер, жұмысымыз да осымен тәмәм! Енді азын-аулақ көңіл көтеруімізге де болады: бізге керегі бутерброд пен бір шыныаяқ кофе – сосын ләззат алатын, жан рақатын табатын, үйлесім үстемдік ететін, түрлі нәрсемен басымызды қатыруға құштар жирен шашты клиенттер аулақ жүретін скрипка әлеміне аттанамыз.

Досым музыкаға айрықша құмар адам болатын және тәуір орындаушы ғана емес, сонымен бірге аса дарынды сазгер де еді. Рақатқа батып, сүйріктей саусақтарын музыка ырғағына сай ақырын қозғалақтатып, кештің ұзына бойында креслода тырп етпестен отырды да қойды: жайдары кейіпте күлімдеген келбетіне, буалдыр тартқан жанарына қарап оны заң бұзушылардың соңына түсуге кез-келген сәтте дайын Холмс тыңшы, айлакер де қатыгез Холмс дей алмайтынсың. Бұл кісінің таңғалуға тұрарлық мінез-құлқының екі түрлі бастау көзі бар еді. Оның қайран қалдырарлық көрегендігі мен тапқырлығы мінез-құлқының басты ерекшелігі поэтикалық ыңғайда ой өрнектеуге бейімділігімен тайталас негізінде қалыптасқан-ау дейтін ой келетін маған жиі-жиі. Беймарал мамыражай халде отырған жерінен қолма-қол өзгеріп, кеудесін кернеген қайратты қайда жіберерді білмей буырқанып шыға келу әдетке айналған нәрсесі еді, сондай-ақ мен оның ойында дәнеңе жоқ, жағасы жайлау халде жаңа туындаған әуендерімен және ноталарымен айналысып жүрген нақ осы күндерде басқа күндерге қарағанда шектен тыс рақымсыз боп кететінін де жақсы білетінмін. Із кесуге деген ынтызарлығы тұтқиылдан лап етіп тұтанып басы – бүтін баурап алатын, бір өзіне ғана тән пәрменді пайым-парасаты одан әрмен ширғып интуиция



вегетариандар
– ет жемейтіндер





дәрежесіне ие болатын, сөйтіп оның әдіс-тәсілінен бейхабар жандар көз алдында тұрған бұл адамды көп пенденің бірі емес, әлденендей айрықша жаратылған жан иесі деп ойлай бастайтын. Сент-Джеймс-холлдағы концерт кезінде сырттай бақылап отырып оның музыканы қалайша жан-тәнімен беріле тыңдағанын көрдім, соны көріп, бұл кісі соңына түскендердің соруы бес елі екенін түсіндім.

– Дәрігер, үйге қайтпақсыз ғой, шамасы? – деді ол концерт аяқталғаннан кейін.

– Әрине.

– Ал маған тағы бір шаруамен шұғылдану қажет боп тұр. Бұл үш-төрт сағаттай уақыт алмақ. Кобургскверде болған оқиғаның қауіпті салдары бар.



револьвер
– пистолет

– Қауіпті дейсіз бе?

– Онда аса қатерлі қылмыс іске асқалы жатыр. Дегенмен, алдын алуға үлгеретін шығармыз деген үмітім бар. Алайда бүгін күннің сенбі болуы аз-маз қолбайлау жасағалы тұр. Айтпақшы, кешкісін маған қолғабыс көмегіңіз қажет боп қалуы ықтимал

– Қай шамада?

– Сағат ондарға таман.

– Тура сағат онда Бейкер-стриттен табылайын.

– Бопты. Бұның қатерлі шаруа екені есіңізде болсын, дәрігер. Армиялық револьверіңізді қалтаңызға сұға салыңыз.

Ол маған қолын бұлғады, сосын жалт бұрылды да, қас пен көздің арасында нөпірдің арасына сіңіп ғайып болды.

Мен өзімді өзгелерден ақымақ санамаймын, сөйтсем де Шерлок Холмспен істес болған сәттерде өзімді су ми біреу секілді сезініп, еңсем түсіп кетеді. Өйткені ол не естісе мен де соны естіп, ол не көрсе мен де соны көріп тұрдым ғой, алайда оның қандай оқиға орын алғанын ғана емес, сонымен бірге алда қандай оқиғалар орын алатынын да аңғарып қойғандай көрінетіні қайран қалдырады, ал маған мұның бәрі сол әу баста естігендей ақылға сыйымсыз әншейін бірдеңе сияқты боп қала береді.

Кенсингтондағы үйіме қарай бара жатқан жолымда «Британия энциклопедиясын» көшіруші жиреннің адам таңғаларлық әңгімесін де, Сакс-Кобургскверге барғанымызды да, Холмстың қоштасарда өзіме айтқан кісі шошитын сөзін де – бәрін түгел тағы бір мәрте ой елегінен өткіздім. Осынау түнгі жорық не үшін керек болды екен және мен неліктен қару асынып келуге тиіспін? Қайда бармақпыз, не істемекпіз? Рас, Холмс маған несие кассасы қожайыны көмекшісінің қандай қылмыстан да қаймықпайтын қауіпті адам екенін емексіткен еді. Бірақ бұл жұмбақтардың шешуін таппақ боп қанша тырысқаныммен ештеңе өндіре алмадым, сосын осының бәрін өзіме егжей-тегжейлі түсіндіріп беретін түнді күтуді ұйғардым.





Шерлок Холмс және доктор Ватсон қандай қылмысты болдырмауға әрекет жасайды деп ойлайсың?

Тоғыздан он бес кеткенде үйден шықтым да, Гайд парк пен Оксфорд-стритті кесіп өтіп Бейкер-стритке тап болдым. Есік алдында екі кэб тұр екен, ауыз үйге кіргенімізде жоғары жақтан шығып жатқан дауыстарды құлағым шалды. Холмсқа екі адам келіпті, солармен қызды-қызды әңгімеге кірісіп кетіпті. Біреуін бұрыннан танытынмын, ол – полиция агенті Питер Джонс болатын; екіншісі жалтыраған цилиндр мен көз ұялатындай кіршіксіз фрак киген ұзын бойлы, ашаң, қабағы түксиген біреу еді.

– Міне, енді басымыз түгелденді! – деді бұршақ түсті күртесінің ілгегін салып, сөреден сабына қорғасын құйылған аңшының шолақ қамшысын алып жатқан Холмс. Ватсон, сіз Скотланд-Ярдта істейтін мистер Джонсты бұрыннан білесіз ғой деп ойлаймын. Сізге мистер Мерриуэзерді таныстырып қоюға рұқсат етіңіз. Мистер Мерриуэзер түнгі жорығымызда бізбен бірге болмақшы.

– Байқап тұрғаныңыздай, дәрігер, мистер Холмс екеуміз қайтадан бірлесіп із кесуге кірістік, – деді Джонс кісіге менменси, мүсіркей қарайтын әдетінше. – Аңшылықты одан артық ептейлі бастайтын ешкім жоқ. Алайды аңды айдап шығу үшін оған тіс қаққан тазының көмегі қажет болады.

– Аңның орнына әлденендей бір үйректі атып алып жүрмейік, – деді мистер Мерриуэзер түнеріп.

– Мистер Холмсқа сенуіңізге әбден болады, сэр, – деді полиция агенті есіркей сөйлеп. – Оның өзі ойлап тапқан әдіс-тәсілі бар, алайда бұл әдісте, айта кеткенім артық етпес, түйсік пен қиялға жол берушілік байқалып қалады, солай бола тұрғанымен ойдағыдай нәтиже беріп жүр. Шолтоның өліміне қатысты іс пен Агроның алтын-күміс әшекейлеріне байланысты оқиғаларда полиция жаңсақтық жасап, бұл кісінің жорамалы дұрыс боп шыққаны бар, мұндай жайлардың жиі кездесіп тұратынын мойындамасқа болмайды.

– Бұл әңгімені мына өзіңіз айтып тұрған болсаңыз, мистер Джонс, – онда тап солай екеніне еш күмән жоқ, – деп ізет білдіре сөйледі бейтаныс. – Әйтсе де, шынымды айтайын, күнде ойнайтын робберімнен бүгін қол үзіп қалатыным көңілімді көншітпей тұр. Бұл соңғы жиырма жеті жыл ішіндегі карта ойыныңсыз өткізбекші алғашқы сенбілік кешім.

– Бүгінгі ойынға тігілген көн қартаңыздағыдан әлдеқайда қомақтылау, – деді Шерлок Холмс, – оған қоса, ойынның өзі де



кэб – ат жегілген үсті жабық арба, экипаж.



роббер – карта ойыны



қызықтырақ. Көннің көлемі, мистер Мерриуэзер, отыз мың фунт стерлингке тең. Ал сізге бұйырмақшы көн, Джонс, өзіңіз көптен қолға түсіре алмай жүрген адам.



**Итон,
Оксфорд** –
әйгілі оқу орны

– Иә, Джон Клей – кісі өлтіруші, ұры-қары, жалған ақша жасаушы, – деді Джонс. – Ол әлі жас, мистер Мерриуэзер, әйтсе де, қазірдің өзінде нағыз баукеспе қылмыскер саналады. Лондонда басқа ешкімге емес, тап соның қолына бұғауды қуана-қуана салған болар ем.

Өндірдей жас бұл Джон Клей айрықша тағдыр иесі. Атасы герцог болған адам, өзі Итон мен Оксфордта оқыған. Саусағы қандай ептейлі болса, ақыл-ойы да соншалық сұңғыла қалдырып кеткен ізін адым аттаған сайын кезіктіріп жүрсек те, әлі күнге қолға түспей келеді. Осы аптада Шотландияда үйдің кілтін бұзып ұрлық жасаса, келесі аптада Корнуэллде жетімхана құрылысына ақша жинаумен айналысып жатады. Соңына түскеніме талай жыл болғанымен әлпетін әлі күнге бір көрген емен.



– Бүгін түнде оны өзіңізбен жүзбе-жүз кездестіру қуанышына ие боларым хақ. Менің де мистер Джон Клейдің ерлік істерін бірер мәрте бақылауыма тура келген, оны елдегі ең баукеспе ұры деген сөзіңізге әбден қосылам... Алайда, сағат оннан кетіпті, жолға шығар уақыт жетті. Сіздер бірінші кәбке отырыңыздар, ал біз Ватсон екеуіміз екіншісіне мінейік.

Жол бойы Шерлок Холмс көп сөйлей қоймады: орындығына шалқая жайғасып алған күйі бүгін концертте естіген әуендерін ақырын ысқырып айтумен болды. Газбен жарықтандырылған шетсіз де шексіз ию-қию көшелермен жүріп отырып ақыры Фаррингтон-стритке де жеттік.

– Келіп те қалдық, – деді досым. – Ана Мерриуэзер деген кісі – банк директоры, істің ойдағыдай шешілуіне мейлінше ынталы адам. Джонстың да бізге пайдасы тимек. Кәсібіне қатысты шаруаға орашолақтау, әйтсе де өзі тәуір жігіт. Күмән келтіруге болмайтын бір қасиеті бар: бульдог секілді батыл, шаян сияқты жабысқақ. Біреу-міреуді қысқашына іліктірсе бітті – өмірі айырылмайды... Міне, біз де келдік, аналар әлдеқашан жетіпті.

Таңертең өзіміз болған, көлігі де, адамы да көп ығы-жығы көшеге келіп тоқтаған едік. Арбакештермен есеп тырысқан соң, мистер Мерриуэзердің соңынан еріп отырып әлдебір енсіздеу дәлізге бас сұқтық, сосын анау оң кілтімен ашқан бүйірдегі бір есікке зып беріп кіріп кеттік. Алдымыздан тағы бір шолақтау дәліз шықты, ол қомақты темір есікке кеп тіреледі екен. Оны ашқан соң, бұралаң баспалдақтың тас тепкішектерімен төмен түсіп, тағы бір әлгіндегідей үлкен есікке келдік. Мистер Мерриуэзер тоқтап

– Келіп те қалдық, – деді досым. – Ана Мерриуэзер деген кісі – банк директоры, істің ойдағыдай шешілуіне мейлінше ынталы адам. Джонстың да бізге пайдасы тимек. Кәсібіне қатысты шаруаға орашолақтау, әйтсе де өзі тәуір жігіт. Күмән келтіруге болмайтын бір қасиеті бар: бульдог секілді батыл, шаян сияқты жабысқақ. Біреу-міреуді қысқашына іліктірсе бітті – өмірі айырылмайды... Міне, біз де келдік, аналар әлдеқашан жетіпті.

Таңертең өзіміз болған, көлігі де, адамы да көп ығы-жығы көшеге келіп тоқтаған едік. Арбакештермен есеп тырысқан соң, мистер Мерриуэзердің соңынан еріп отырып әлдебір енсіздеу дәлізге бас сұқтық, сосын анау оң кілтімен ашқан бүйірдегі бір есікке зып беріп кіріп кеттік. Алдымыздан тағы бір шолақтау дәліз шықты, ол қомақты темір есікке кеп тіреледі екен. Оны ашқан соң, бұралаң баспалдақтың тас тепкішектерімен төмен түсіп, тағы бір әлгіндегідей үлкен есікке келдік. Мистер Мерриуэзер тоқтап





фонарь жақты да, бізді топырақ иісі шығып тұрған тас қараңғы дәлізбен бастай жөнелді. Тағы бір есіктен өткен соң, себеттер мен әйдік жәшіктерге толы аумақты жертөлеге тап болдық.

– Мұнда жоғарыдан кіру оңай шаруа емес, – деді фонарьды көтеріп, төбені шолып өткен Холмс.

– Төменнен де кіре алмайды, – деді мистер Мерриуэзер, еденге төселген тас тақталарды сәнді таяғымен тық-тық ұрып. Сосын: – Ау, не сұмдық! Мынаның асты қуыс сияқты ой дыбысына қарағанда! – деп таңдана дауыстап жіберді.

– Шу шығармауыңызды өтінер едім сізден, – деді Холмс ашулы үнмен. – Сіздің қырсығыңыздан бүкіл әрекетіміз сәтсіз аяқталуы мүмкін. Рақым етіп, бір жәшікке жайғасыңыз, бізге бөгет жасамаңыз.

Маңғаздау мистер Мерриуэзер жәбірленген кейіпте себетке барып отырды, ал жерге тізерлей кеткен Холмс фонарь мен үлкейткіш шыныны пайдаланып тас тақталар арасындағы саңылауды зерделеуге кірісті. Зерттеу жұмысының нәтижесіне көңілі толғандай болған ол сәлден кейін орнынан тұрып үлкейткіш шынысын қалтасына салып қойды.


– Әлі бір сағаттай уақытымыз бар, – деді Холмс. Қадірменді өсімқор ұйқыға бой алдырғанша олар іске кірісе қоймас. Міне, содан кейін барып қана олар қара тер боп қимылдамақ, себебі шаруа неғұрлым ертерек тәмәмдалса, қара батырып қашып кетуге де соғұрлым көп уақыт қалмақ... Өзіңіз де байқап үлгерген шығарсыз, дәрігер, біз лондондық ең бай банктердің бірінің қалалық бөлімшесінің қоймасында тұрмыз. Мистер Мерриуэзер – банк басқармасының төрағасы, бұл кісі бізге қаймығу білмейтін қарақшылардың мына қоймаға неліктен тап қазіргі кезде төтенше назар аударып жүргенінің себебін түсіндіріп береді.

– Мұнда француздық алтынымызды сақтап отырмыз, – деді директор сыбырлап. – Оны тонап кетуге әрекет жасалатыны жайында бұған дейін бізге әлденеше мәрте құлаққағыс етілген болатын.

– Француздық алтын деймісіз?

– Иә. Бірнеше ай бұрын бізге айналымға салатын қаражат қажет болған, сол себепті Француз банкінен отыз мың наполеондор қарыз алғанбыз. Кейін бізге қосымша қаражат қажет болмай қалды, ақшаның бумасын да шешпегеніміз, оның әлі күнге осында жатқаны көпшілікке мәлім боп үлгерді. Мына өзім отырған себетте екі мың наполеондор жатыр, олар фольга парақтарына оралған. Бір бөлімшеде осыншама алтынның сақталуы сирек кездесетін жағдай, сондықтан директорлардың мазасыздану себебі де, әрине, түсінікті ғой.

Олар мазасызданар себептің бары рас, – деп құлаққағыс етті Холмс. Ал бізге дайындық жасайтын уақыт жетті. Таяудағы бір





сағаттың ішінде бәрі тәмәм болар деп ойлаймын. Мистер Мерриуэзер, мына фонарьды Бірдеңемен бүркей тұруға тура келер.

– Сонда тас қараңғыда отырмақпыз ба?

– Басқа амал жоқ. Мен бір қат карта ала шыққам, бұл араға төрт адам жиналуымыз себепті бір роббер ойнауымызға да болар еді. Бірақ, дұшпанның қапысыз дайындалғанын көріп тұрмын, сондықтан жарықты сол күйінде қалдыру қатерге ұшыратуы мүмкін. Әрқайсысымыз өз орнымызға орналасайық. Олар қорқуды білмейтін жандар, күтпеген жерден тап беретін болсақта, сақтық жасамасақ сан соқтырып кетуі ғажап емес. Мен мына себеттің артында болайын, сіздер ана тұрғандарының тасасына тығылыңыздар. Тонаушыларға шам жарығын түсірген сәтімде арпа бас салыңыздар. Егер олар оқ ата бастаса, Ватсон, ойланбастан сіз де атыңыз.

Мен револьверімді оқтап, оны жәшік қақпағының үстіне қойдым да, өзім соның тасасына жасырындым. Холмс фонарьды тұмшалады, сөйтіп айналамызда көзге түртсе көргісіз қараңғылық орнады. Рас, қызған металлдың иісі фонарьдың сөнбегенін, жарықтың кез келген сәтте жарқ өте қалатынын еске сап тұр еді. Үнсіз күтіп отырудан жүйкем жұқарып, қараңғылық пен жер астының салқын сызы еңсемді түсіре бастаған.

– Олардың шегінер жолы жалғыз-ақ – кейін қарай үй арқылы Сакс-Кобург-скверге шықпақ, – деп сыбырлады Холмс. – Өзіңізге айтқан өтінішімді орындаған шығарсыз, Джонс?

– Үйдің кіре берісінде инспектор мен екі полисмен тұр.

– Ендеше, тесік атаулының бәрін тығындаған болдық. Енді тек үнсіз тосып отыру ғана қалды.

Уақыттың өтіп болмағаны-ай! Кейін білгенімдей, бар-жоғы бір жарым сағаттай ғана тосыппыз, бірақ сол кезде маған түн өтіп те кеткендей, жоғарыда таң атып келе жатқандай көрінген. Аяғым ұйып, қақсап бара жатса да, қыбыр етіп қозғалудан қорықтым; жүйкем мейлінше ширығып кеткен-ді, ал есту қабілетімнің асқынғаны сонша, етжеңді Джонстың терең де бәсеңдем алуын банк директорының ызыңды тынысынан ажыратып отырдым. жәшік қалтарысындағы орнымнан еденнің бір бөлегі көрініп тұрған, кенет сол арадан, төменнен, жарықтың жалтылын көзім шалды.

Әу баста бұл болар-болмас қана ұшқын еді. Ұзамай ұшқын сарғылтым жолаққа айналды. Сосын еденнен елеусіз түрде саңылау пайда болды, сөйтіп жарыққа шыланған кеңістіктің қақ ортасынан әйелдің қолындай нәзік, аппақ, қол шығып, әлдебір нәрсені қармауға тырысқандай қимыл жасай бастады. Саусағын жыбырлатумен болған қол еденнен бір минуттай дерлік сорайып шығып тұрды. Одан соң қалай пайда болса солай ғайып болды да, төңіректі қайтадан қараңғылық басты, тақталар арасындағы саңылаудан ғана болымсыз сәуле көрініп тұрды.





Алайда қас қағым сәттен кейін ақшылтым, жалпақ тас тақтаның бірі сықырлаған қатты дыбыс шығарып аударылып түсті де, фонарьдың жарығына шомылған төрт бұрышты ойық пайда болды. Ол жерден жас жігіттің сақал-мұрты тегіс етіп алынған әлпеті аян берді; бейтаныс жан-жағына жіті қаранып алды, содан соң ойықтың екі шетінен тіреніп жоғары тартыла бастады; әуелі иығы, сосын кеудесі көрінді, сөйтіп міне енді тізесін де еденге басты. Келесі сәтте бейтаныс түрегеліп тұрды, сосын өзі секілді аласа бойлы, ептейлі, қуқыл өңді, жалындай бұрқыраған жирен шашты жолдасына жоғары шығуға жәрдемдесе бастады.

Бәрі ойдағыдай, – деп сыбыр етті ол – Қашау мен қапшықтар сенде ме?.. Әй, антұрған-ай!.. Секір, Арчи, секір, мен есемді жібермеймін.

Тығылған жерінен атып шыққан Шерлок Холмс оны жасынан ала түсті. Екінші ұры інге сүңгіп кетті; Джонс оны ұстап қалуға тырысқан, бірақ, шамасы, онысынан ештеңе шықпады-ау деймін. Жыртылған матаның дыбысын құлағым шалды. Револьвер оқпаны жалт етті, бірақ Холмс аңшылар қамшысымен қарсыласын қолынан осып жіберді де, револьвер тас еденге салдыр-күлдір етіп құлап түсті.

Босқа арамтер болмаңыз, Джон Клей, – деді Холмс сыпайы ғана. – Қолға түстіңіз.

– Көріп тұрмын, – деп жауап қатты анау аспай-саспай. – Бірақ серігім құтылып кетті, пиджагының етегін ғана ұстап қалдыңыздар.

– Есік сыртында оны үш адам тосып тұр, – деді Холмс.

– Солай ма еді? Бәрі ескерілген екен! Құттықтаймын сізді.

– Мен де сізді құттықтаймын. Жирен шаштылар жөнінде ойлап тапқаныңыз әжептәуір тың нәрсе екен.

– Қазір серігіңізбен қайта табысасыз, – деді Джоне. – Інге сүңгуге ілкімді-ақ екен өзі, мен сияқты емес. Ал қазір қолыңызды бұғаулаймын.

– Тартыңыз жеркенішті қолыңызды! Жуыспаңыз маған! – деді оған тұтқынымыз қолына бұғау салынғаннан кейін. – Менің король тұқымынан екенімді сіз, бәлкім, білмейтін шығарсыз. Мені «сэр» деп атауға және «рақым етіңіз» деп сөйлеуге тиіссіз.

– Жөн екен, – деді Джонс мысқылдай мырс етіп. – Сэр, рақым етіп, жоғары көтеріліңізші, сосын өзіңізді, биік мәртебелім, полицияға алып баратын күймеге отыруға мархабат етіңізші.

– Міне, бұл басқа әңгіме, – деді Джон Клей байсалды кейіпте. Сосын бізге басын маңғаздана изеп қойды да, тыңшының алдына түсіп алаңсыз аяндай берді.

– Мистер Холмс, – деді бізді қоймадан сыртқа бастап келе жатқан Мерриуэзер, – шынымды айтсам, мына қызметіңіз үшін банкіміздің өзіңізге қандай сый-сияпат жасауы керегін білмеймін. Банкті бұрын-соңды болмаған қиян-кескі тонаудың алдын алдыңыз.





Лондондағы Бейкер стрит метро бекетінен шыға берістегі Шерлок Холмс ескерткіші

– Мистер Джон Клейге есем кетіп жүрген, – деді Холмс. – Бүгінгі шаруаға байланысты азын-аулақ шығындалғам, оны, әлбетте, банк өзі өтей жатар. Ал басқа жайларға келсек, ілуде бір жолығатын шытырман оқиғаны бастан кештім және Жирен шаштылар қауымдастығы жайындағы тамаша хикаядан хабардар болдым – осының өзі маған үлкен сыйлық...

– Турасын айтайын, Ватсон, – деп бастады әңгімесін Шерлок Холмс ертеңіне таңертең Бейкер-стритте содалы су қосылған виски ішіп отырған кезімізде, – Жирен шаштылар қауымдастығы жайындағы әлгі алабөтен хабарландыру мен «Британия энциклопедиясын» көшіріп жазудың жалғыз ғана мақсаты – несие кассасының негөйлеу қожайынын күн сайын бірнеше сағатқа үйінен жырақтату екенін әу бастан-ақ аңғарғам. Олардың таңдап алған тәсілі, әрине, күлкі келтірерлік, алайда осы тәсілдің арқасында олар көздеген мақсатына жетті. Клейдің бұл жоспарды туындатқан оралымды ой-қиялына сыбайласының шашының түсі түрткі болғанына күмән жоқ. Аптасына төрт фунт – Уилсон сияқтыға таптырмас жемтік, мыңдаған фунтты қолға түсіруді көздегендер үшін төрт фунт деген не, тәйірі! Олар газетке құлақтандыру жариялады, бір алаяқ кеңсені уақытша жалға алды, екінші алаяқ қожайынын сонда баруға үгіттеп көндірді, сөйтіп күнде таңертең екеуі оның үйде жоқтығын пайдаланып қалуға мүмкіндік алды. Көмекшінің жарты ақыға жұмыс істеуге разы екенін естіген бойда-ақ мұндай іске бару үшін ойлануға тұрарлық себеп болуға тиіс екенін түсіне қойдым.

– Ал, олардың қандай ой-жоспары барын қайдан білдіңіз?

Егер үйде әйел тұратын болса, онда мұны әдеттегі ашына жайлыққа саяр едім. Бірақ әйел жоқ, сондықтан мұндай жорамалға жол жабықты. Жирен клиентіміздің кәсібі – күйкі тірлік, пәтерінде де осындай күрделі ойынды бастауға татитындай тартымды ештеңе жоқ. Демек, олар үйден тыс жердегі әлденені



дiттеген болды. Бiрақ, сонда ненi? Сол арада кoмекшiнiң фото тiсiрумен айналыспағаны, жер қоймаға қайта-қайта барғыштай беретiнi есiме тiсе кеттi. Жер қойма! Мiне, осынау шым-шытырық хикаяның кiлтi. Бұл адам жайында мeлiмет жинастырып, оның Лондондағы ең өжет те қайсар қылмыскер екенiне көз жеткiздiм. Сонымен, оның жер қоймада әлденендей күрделi iспен шұғылданғаны белгiлi болды, – өйткенi, оған күнiне бiрнеше сағаттан екi ай бойы қатарынан жұмыс iстеуге тура келдi ғой. Сонда ол немен шұғылданбақ? Әрине, бiр-ақ нәрсемен: басқа ғимаратқа жер асты жолын қазбақ. Оқиға өткен орынды көруге барған кезiмiзде осындай тұжырымға келгем. Көшедегi тас төсемiн таяқпен тықылдатқан кезiмде қатты таңырқағансыз. Мен болсам, жер асты жолы үйдiң алдына қарата ма әлде аулаға қарата ма – қай бағытта қазылғанын бiлгiм келген.

Алдыңғы жақта жоқ боп шықты. Одан соң мен әлгi үйдiң есiгiн қақтым. Күткенiмдей-ақ, есiктi кoмекшi ашты. Екеуiмiздiң арасында бұрын да әрқилы текетiрес болған, бiрақ бiр-бiрiмiзбен ешқашан жүзбе-жүз кездеспеген едiк. Бұл жолы да оның бетiне қарағам жоқ. Шалбарын көргiм келген. Шалбарының қаншалықты ластанып, мыж-тыжы шығып, тiзелiгiнiң қырқылғанын өзiңiз де байқауға тиiс едiңiз. Бұл оның ұзақ сағаттар бойы жер қазғанын дәлелдейдi. Ендi жер асты жолы қайда бастайтынын анықтау ғана қалған. Бұрыштан айналған бойда Қала және Қала маңы банкiнiң маңдайшасын көрiп, жұмбақтың жауабы табылғанын ұқтым. Концерттен кейiн сiз үйге қайтқанда мен Скотланд-Ярдқа, ол жерден банк басқармасы төрағасына бардым. Нәтижесi өзiңiзге жақсы мeлiм.

– Ал олардың дәлме-дәл өткен түнi тонауға талпыныс жасайтынын қайдан бiлдiңiз? – деп сұрадым мен.

– Олар Жирен шаштылар қауымдастығы кеңсесiн жапқан кезде бiлдiм. Бұл – мистер Джабез Уилсонның үйде бар-жоғы оларға ендi қажет болмай қалғанын бiлдiретiн, басқаша сөзбен айтқанда, жер асты жолы дайын болған-ды. Олардың уақытты босқа жоғалтпауға тырысатыны белгiлi; себебi, бiрiншiден, жер асты жолы бары бiлiнiп қалуы мүмкiн едi, ал, екiншiден, банктегiлердiң алтынды басқа бiр орынға апарып қоюы да ғажап емес-тi. Ең оңтайлы күн – сенбi болатын, өйткенi дүйсенбiге дейiн алтынның қолды болғанын ешкiм байқамайтын, сөйтiп бой тасалау үшiн оларда бiр тәулiк уақыт қалатын. Банкiнi тонауға тап осы түнде әрекет жасалатыны жайындағы байламға осылай келдiм.

– Ой – тұжырымыңызда титтей кiнәрат жоқ! – деп дауыстап жiбердiм мен шын жүректен тәнтi болып. – Бiрiнен бiрi туындаған сан қилы жағдаяттар, бiрақ қай-қайсысы да қисынды.

– Бұл оқиға менi еңсе басар енжарлықтан құтқарды, – деп ағынан жарылды Шерлок Холмс, есiнеп алып. Өкiнiшке қарай, зерiгушiлiк бойымды қайта билей бастағанын байқап отырмын!





Бүкіл өмірім күнделікті тірліктің іш пыстырар бірсарындылығынан қашып құтылу жолындағы ұмтылыстан тұрады. Өзім кей-кейде шешуін тауып жүрген ұсақ-түйек жұмбақтардың осыған тигізер септігі бар.

Сізді адамзат баласының нағыз жанашыры деу керек, – дедім мен. Холмс иығын қомдап қойды:

– Азын-аулақ пайдам тисе шынымен тиіп те жүрген шығар Гюстав Флобердің Жорж Сандқа жазған хатында: *I homme c'est rien – l'oeuvre c'est tout*» дегені бар ғой.



ТАЛДАУ ЖАСАЙМЫЗ

1. Шерлок Холмс туралы шығармалардың бірінде «ол адам емес, машина» деген пікір айтылады. Сен бұл пікірге қосыласың ба?
2. Шерлок Холмс туралы кейбір шығармалар доктор Ватсон тілінен айтылады. Оқиғаны доктор Ватсон атынан аяндауда қандай мақсат көзделген болуы мүмкін? Холмс пен Ватсон образдарының айырмашылық тұстары неде?
3. Әңгіме қалай түзілген? Онда детектив жанрға тән қандай ерекшеліктерді білдің?
4. Артур Конан Дойл бұл әңгімені әйгілі детектив туралы шығармаларының арасынан ең саралары тізіміне енгізген еді. Сен автордың бұл бағасына қосыласың ба? Не үшін?
5. Кейбіреулер детектив жанрындағы шығармаларды шынайы әдебиет қатарына қоспайды. Сен бұл пікірге қосыласың ба? Сеніңше, детектив жанрындағы шығармалардан нелерді үйренуге болады?



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Детективтік әдебиет – шытырман оқиғалы қылмысты істерді ашуға құрылған шығарма. Детективтік әдебиет сюжеті жұмбақ қылмыс саларын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге арналады. Басты кейіпкер ретінде із кесуші заң қызметкерлері немесе тыңшы, барлаушылар мен қылмыскер алынып, алуан түрлі оқиғалар арқылы екі жақтың ашық та астыртын қақтығыстарынан соң қылмыс әшкереленеді. Детективтік әдебиеттің тууы америка жазушысы Э.По («Алтын қоңыз», «Мария Роженің сыры») (1842 – 43, «Ұрланған хат», 1844), ағылшын жазушысы У.Коллинз («Ақ киімді әйел», «Киелі тас») есімдерімен байланысты. Әлемге әйгілі Шерлок Холмс образын жасаған А.К.Дойл шығармашылығы детективтік әдебиетті жаңа белеске көтерді. Бұл үлгідегі әдебиеттің айтулы шеберлері – А.Кристи, Ж.Сименон, т.б. Қазақ әдебиетінде Қ.Исабаев («Ажал құрсауында», «Коменданттың жазбалары»), Қ.Тоқаев («Түнде атылған оқ») – осы жанрда қалам тартқан.





IV БӨЛІМ. ӘСЕРЛІ СЕЗІМДЕР



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ «АДАМДАР»



Амал барма, біз үш дарыннан ерте айырылдық. Олар – Абдолла, Баубек, Төлеген.


Ғабит Мүсірепов

Төлеген өмірінің де, оның ақындық шабытының да тым қысқа қайырылуы өте өкінішті. Бірақ бұндай ақынның екінші өмірі ұзақ болады. Оның өлеңдері халқына, болашақ ұрпақтарға рухани күш һәм ләззат беріп, мәңгі жасайды.

Ыбырайым Юсупов

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Төлеген Айбергенов (1937–1967) Қарақалпақ елінің Қоңырат ауданында дүниеге келген. Ташкенттегі Низами атындағы педагогикалық институтты бітірген. Ақын жастайынан шығыс шайырларының жырларын жаттап өседі. Оның өлеңдерінің негізгі кредосы өмірге, туған жерге деген сағыныш болды. Жиырмадан енді ғана асқан шағында қазақ поэзиясының төрінде жарқ ете қалған ақынды әдеби орта бірден мойындайды. Әбділдә Тәжібаев ақынның өлеңдеріне алғаш алғы сөз жазып, баспасөз бетіне жариялайды. Соған қарамастан ақын көзі тірісінде Жазушылар одағының мүшелігіне өтіп үлгермейді.



Қазір Төлеген Айбергенов атындағы әдеби сыйлық бар. Балауса жырларын жас кезінен бастап жаза бастайды. Айбергеновтың өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір ма-





хаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты топтама жинақта басылды. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары – «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970), «Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы (1985) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде «Мир созвездья» (1987) деген атпен таңдама-лы өлеңдері аударылып басылды. Айбергеновтың «Ақ ерке, Ақ жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені ойладым», «Мені ойла», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар», т. б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал.

АДАМДАР

О, адамдар, біргемін мен сендермен,
Ықыласыңа ешнәрсені теңгермен.
Сендер менің бақытымның бұлағы,
Сендер менің дарыныма жел берген.

Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.

Гүлстанға айналдырған тақырды,
Болат қолдар, алғыр милар ақылды,
Сүйемін, мен, сүйемін мен сендерді,
Алар демім қалғанынша ақырғы.

Менің үшін бірдей тілің, жынысың,
Көбің ана, көбің аға-інісің.
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа,
Енген сайын кеңі түсер тынысым.

Не кездесе өздеріңмен көрмекпін,
Қарапайым адамдары еңбектің.
Барлығын да бағыштар ем сендерге,
Махаббатын маған берсе жер-көктің.

Қолыңнан қала тұрса тас қаланып,
Құдіретіңе табынса аспан алып.
Сен жасаған бақытты көріп тұрып,
Сені сүймеу не деген масқаралық.





Алдымнан көрген емес жол кесіліп,
Келемін демеуің мен өрге шығып.
О, адамдар ғапу ет, шалыс бассам,
Кешіріңдер,
Менікі пендешілік.



1-тапсырма. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша дереккөздерді пайдаланып, шағын хабарлама дайындаңдар.

2-тапсырма. Т. Айбергенов «Адамдар» өлеңінде ақынның адамдарға деген жан сезімін, махаббатын өз сөздеріңмен баяндаңдар.

3-тапсырма. «Дара диаграмма?» өдісі бойынша автордың «Адамдар қандай өзі?» сұрағына өлең жолдарынан өз жауаптарыңды диаграммаға түсіріңдер.



АРАЛ ТОЛҚЫНДАРЫНДА

Қарайтын барша құмартып,
Теңіз бе, ей, мынау тулаған.
Сыңғырлап келіп сыр айтып,
Сыпсыңдап жатыр су маған.
Етегі-жеңі далиған,
Осы ма шуға толы әлем!
Теңіз боп тусам дариға-ай,
Көрші кеп қонған болар ем.
Көркіңе жұртты таң қылып,
Жатсың ба, ұлы бекзатым.
Өзің бол менің мәңгілік,
Туысым менен жекжатым.
Шаттансын жүрек нұр алып,



Өкем боп қолды бұлға сен.
 Інім боп жетсең құба-құп,
 Ағам келсең бұл да әсем.
 Ақиығындай арқаның,
 Нағашым болсаң басы аппақ,
 Сый қылып саған тартамын,
 Мәрттік пен жырды қосақтап.
 Тебірен достық аты боп,
 Ізгілікпенен жалғасса.
 Теңіздің маған жаты жоқ,
 Шіріген көлдер болмаса.
 Арманға қанат қақтырсаң,
 Тас болсам да егер жұмсарам.
 Шынымен теңіз боп тусаң,
 Татады кінә кім саған.

1-тапсырма. Кешегі Арал мен бүгінгі Аралды салыстырыңдар. «Арал тағдыры – менің тағдырым» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңдар.

2-тапсырма. Ақын өлеңдеріндегі құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беріңдер.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Көркем бейне құралдары – әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз колдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады. Бейнелеу тәсілдері, әрине, бұдан әлдеқайда кең, мол. Кейіпкерлерді мінездеу, сөйлету, портрет жасау, табиғат көріністерін суреттеу, оқиғаны әртүрлі өрістету осының бәрінде бейнелеу тәсілдері қолданылады.



АЗИМ СУЮН «ЖАҢБЫР ЖАУЫП ӨТТИ»



Бұл тақырыпта біз:

- Азим Суюннің «Жаңбыр жауып өтті...» өлеңімен танысамыз;
- өлеңді талдаймыз, бұлттардың түрлерін атап, суретін дәптерге саламыз.


АҚЫНМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Азим Суюн 1948 жылы 22 ақпанда Самарқан облысына қарасты Нукурт қыстағында туған. Балалық шағы Нурата тауларының баурайында өткен. Кәсібі шопан болған атасымен тау-тасты кезіп бақсылардың, шопандардың аңыздарға толған таңғажайып әңгімелерін тыңдап өсті. Мектептен кейін Ташкент мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді (1997). Олий Мажлис депутаты. Алғашқы өлеңдер жинағы «Менің аспаным» (1978) баспадан шықты. Өзбекстанда қызмет көрсеткен мәдениет қайраткері.



ЖАҢБЫР ЖАУЫП ӨТТИ

Жаңбыр жауып өтті
 Аспан жүзінен.
 Көгімтір бұлттар жиды етегін
 Күн де көрінді лезде ізінен.
 Бастап та жіберді сұлу ерегін
 Мен жолға түсемін
 Ылғал шыңдар
 Қызғыш нұрлар да түрленер мәйін
 Жан-жағынан шегініп барар көлеңке
 Күн нұры дәл төбеге келген сайын
 Шаршау не демейді жолдасып атым
 Зерігу маған да жат бүткіл
 Таулар айналамда жымыңдайды
 Жылмайды қарсы алдымда
 жалғыз аяқ жол.



*«Жаңбырдан соң».
 Суретші И. Базаров
 салған сурет*



ТАЛҚЫЛАУҒА ДАЙЫНДАЛАМИЗ

1. Табиғат екінші анамыз... дегенге пікір білдіріңдер.
2. Жаңбырдан соң... шағын мәтін жаратамыз.
3. Өлең жолдарына көңіл бөліңдер, талдау жасаңдар.
4. Жаңбырдың қандай түрлерін білеміз? Дәптерлеріңе жазыңдар.



Лирикалық қаһарман – лирикалық шығармада (өлеңде) сезімдері, басынан өткізгендері, ой-қиялдары бейнеленген қаһарман.



ОСКАР УАЙЛД «БАҚЫТТЫ ХАНЗАДА»



Бұл тақырыпта біз:

- «Бақытты ханзада» ертегіге сай қасиеттерді талдаймыз;
- көркем әдебиетте тірілтіру, жан бітіру жайындағы мәліметтерге ие боламыз.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Оскар Уайлд (1854–1900) әлем әдебиетінде даңқы шыққан жазушылардың бірі. Ол 1845 жылы Ирландияның астанасы Дублин қаласында туылған. Ол туылған жанұя оқымыстылар жанұясы болып, әкесі дәрігер, анасы ақын болатын. Уайлдтар жанұясында өнер жоғары дәрежеде қадірленер, өз дәуірінің көзге көрінген өнер адамдары үйлерінде жиі-жиі қонақта болатын. Осындай мұхитта өскен Оскар балалық шағынан әдебиетке, өнерге мейір берді.

Орта мектепті алтын медальмен аяқтап, Оскар Уайлд алғаш Дублин университетінде ертедегі әдебиетті үйренді. Сонан соң жаһанның ең атақты жоғары оқу орындарының бірі – Оксфорд университетінде оқу үшін арнайы стипендияны қолға кіргізді. Оксфорд университетінде оқып жүрген кезінде оның алғашқы өлеңдері баспадан шықты. Университетті бітіріп, Оскар Уайлд Лондонға көшіп барып, жазушылық қызметін жалғастырды.

Оскар Уайлд өлеңдері мен қара сөзбен жазылған шығармаларымен бірге ертегілері арқылы да өте әйгілі.



ШЫҒАРМАНЫ ОҚУҒА ДАЙЫНДАЛАМЫЗ

Сендермен Оскар Уайлдтың «Бақытты ханзада» ертегін оқимыз.



ТОПТАРДА ЖҰМЫС АЛЫП БАРАМЫЗ

1. Сендер осы күнге дейін қай ертегілерді оқыдыңдар яки есіткенсіңдер?
2. Оларда қандай жалпы қасиеттерді сездіңдер?



«Бақытты ханзада» ертегі сен осы кезге дейін оқыған ертегілерден ерекшеленеді. Ол не туралы болуы мүмкін? Онда қандай оқиғалар болып өтеді деп ойлайсың?

БАҚЫТТЫ ХАНЗАДА

Расымен де, бұл өзеннің өне бойын қамыс басып кеткен еді. Кейін күз келді де, қарлығаштар ұшып кетті. Олар ұшып кеткенде, Қарлығаш өзін жетім сезініп, Қамысқа деген құштарлығы оған азаптай көріне бастады.

Жаратқан, оның тілі жоқ қой, оның жауабын ести алмаймын, – деп сөйледі өзіне-өзі Қарлығаш. – Әрі ол тым ойнақы, жеңілтек пе деп қорқамын, желдің әрбір самалымен ойнап береді ғой.

Ол рас еді, сәл жел соқса болды, Қамыс еркелейді де, майыса түсіп, ойнақшып салады.

– Ол үйде отыруды жақсы көрсе, мен саяхаттауды жақсы көремін. Сондықтан менің жарым да саяхаттауды ұнатса жөн еді. Қалай, менімен бірге ұшасың ба? – деп сұрады ақыры ол, бірақ Қамыс тек басын ғана шайқады: ол өз үйіне қатты үйренісіп қалған еді.

Ааа, сен менің махаббатыммен ойнап келген екенсің, – деп айқайлап жіберді Қарлығаш. – Ендеше, қош бол, мен өзімнің пирамидаларыма ұшып кетемін.

Сөйтті де ол ұшып кетті.

Ол күні бойы ұшып отырып, тек түнге қарай ғана қалаға табан тіреді.

Қай жерге қонақтасам екен? Әйтеуір қала мені күтіп алуға дайындалып қойған шығар, – деді Қарлығаш.

Сол сәтте оның көзіне биік тұғыр үстіндегі ескерткіш түсті.

Міне, тамаша! Мен осы жерге қонақтаймын, жері де жақсы, ауа да тап-таза.

Сөйтті де, ол Бақытты Ханзаданың аяғының жанына кеп тоқтады.

– Менің жатын бөлмем алтыннан жасалған, – деді ол айналасына қарап ап.

Оның жанарына ұйқы тығылып, енді көзі іліне бергенде, үстіне бір ауыр тамшы құлап түсті.

– Қызық екен, – деп таңданды ол. – Аспанда бір шәкім бұлт жоқ. Жұлдыздар сондай анық көрінеді – жаңбыр қайдан болмақ? Еуропаның солтүстігінің ауа райы тым жаман ғой. Менің Қамысым жаңбырды жақсы көруші еді, бірақ ол өзі сондай өзімшіл ғой.

Осылай ойланып тұрғанда, тағы бір тамшы құлап түсті.

– Тіпті жаңбырдан да қорғай алмайтын болса, ескерткіштен не пайда? Мен өзіме басқа жерден қоналқа іздемесем, болмайтын болды ғой, – деп Қарлығаш қанатын қомдап, ұшуға дайындалды.





Бірақ ол ұшып үлгерместен, үстіне үшінші тамшы құлап түсті. Қарлығаш жоғары қарады да, жанары бір нүктеге қадалды да қалды.

Бақытты Ханзаданың жанары жаспен мөлтілдеп тұр еді. Көзінен домалаған жас тамшылары оның алтын иегімен төмен құлдилап бара жатты. Ай сәулесімен нұрланған оның жүзі тым сүйкімді еді, Қарлығаш оған еріксіз көз тоқтатты.

– Сен кімсің? – деп сұрады ол.

– Мен Бақытты Ханзадамын.

– Онда неге жылап тұрсың? Сен мені малмандай су еттің.

– Мен тірі кезімде, кеудемде жүрегім соғып тұрған шақта, жастың не екенін білмедім, – деп жауап хатты Ханзада. – Мен Алаңсыздық сарайында мекен еттім, ал оның есігінен қайғы-мұң деген сығалап та қарай алмайтын. Күндіз достарыммен ойынсауық құрсам, кешкілік үлкен залда би билеп, құмардан шықтым. Бақ биік-биік дуалдармен қоршалған болатын, мен оның сыртында не болып жатқаны жайында бір сәт те ойланбаппын. Айналамның бәрі бақытты, қуанышты еді. Менің жақындарымның бәрі мені «Бақытты Ханзада» деп көкке көтерді. Мен шынымен де бақытты едім, егер рахаттануды бақыт деп есептер болсақ. Мен солай өмір сүрдім, солай өлдім. Енді, міне, тірліктен өткенде, мені астанамда не болып жатқанының бәрін көріп тұруым үшін ең биік тұғырға орнатып қойды. Менің жүрегім қалайыдан жасала берсін, бірақ мен өз жасымды тыя алмаймын.



«Бақытты ханзада» ертегі неге жылады?

«Еее, сен түгелімен алтын емессің бе?» деп ойлап қойды ішінен Қарлығаш. Бірақ сыртына сездірген жоқ, ол әдепті құс болатын.

– Анау алыста, жіңішке көше бойында мен кішігірім ғана үйді көріп тұрмын, – деп Ханзада әуенді даусымен сөзін жалғай берді. – Бір терезесі ашық, үйдің ішінен үстел жанында отырған әйелді көремін. Оның жүзі шаршаңқы, қолдары күстенген әрі қызарып кетіпті, өйткені қолдарын ине шаншып-шаншып тастаған. Ол – тігінші. Ол Патшайымның жібек көйлегіне гүл моншақтар тігіп отыр. Ал жанында, төсекте оның науқас ұлы ыңырсып қояды. Баланың безгегі ұстап, қызуы көтеріліп жатыр, анасынан апельсин





беруін өтінеді. Бірақ анасының оған өзен суынан өзге берер дәнеңесі де жоқ. Ал бала жылауын тоқтатар емес. Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! Сен менің сапымдағы лағылды оған апарып бере алар ма едің? Менің аяқтарым мына тұғырға нықтап бекіген, өз күшіммен орнымнан қозғала да алмаймын.

– Мені достарым Египетте күтуде, – деп жауап берді Қарлығаш. – Қазір олар Ніл өзенінің үстін айнала ұшып жүрген болар. Жақында олар түнемелікке Ұлы Патшаның қабіріне ұшып барады. Сол жерде өз табытында Патша жатыр. Ол қасиетті шөптермен бальзамдалған, оның мойынында нефрит алқа тағулы, ал қолдары күзгі жапырақтарды еске түсіреді.

– Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! Сен менің қасымда бір түнге қалып, менің хабаршым болшы. Бала қатты шөлдеп жатыр, ал анасының қабағын қайғы басқан.

– Балаларға менің бүйрегім бұра бермейді. Өткен жазда, мен өзен жанын мекендеп жүргенімде бұзық балалар үнемі маған тас лақтыратын. Әрине, оларға тигізу қайдааа? Біз, қарлығаштар, тым тез ұшамыз. Оның үстіне менің аталарымның ептілікпен аты шыққан, бірақ сонда да, олардың қылығы маған мүлде ұнамайды.

Бірақ Бақытты Ханзада тым мұңды еді. Қарлығаш оны аяп кетті.

– Бұл жер өте суық, – деп жауап берді Қарлығаш, – Бірақ, ештеңе етпес, мен бұл түнді сенің қасыңда қап, тапсырмаңды орындаймын.

Рақмет саған, кішкентай Қарлығаш, – деді Бақытты Ханзада.

Міне, солай Қарлығаш Ханзада сапындағы лағылды шұқып алып, қала шатырлары үстімен ұшып жөнелді. Ол төбесінде ақ мәрмәрден құйылған періштелері бар қоңыраулы шіркеу үстімен ұшып өтті. Ол Патша сарайы үстімен ұшып, музыка даусын да естіді. Балконға әдемі қыз бен оның сүйіктісі шықты.

– Жұлдыздар қандай әдемі, – деді оған сүйіктісі. – ...және махаббаттың құдіреті де қандай күшті...

Менің көйлегім балға дайын болар ма екен, мен оған гүл моншақтарды тігуге бұйырдым. Бірақ тігіншілер тым жалқау.

Қарлығаш өзен үстімен ұшып өтіп, кеме діңгектеріндегі алауды да көрді. Ол Гетто үстімен ұшып өтіп, өзара келісімге келіп, мыстан құйылған таразыға тиындарын тартып жатқан қарт жебірейлерді де көзі шалды. Ақыры ол Ханзада айтқан үйге келіп, оның ішіне үңілді. Бала қызуы көтеріліп, төсекте аунақшып жатыр, ал қатты шаршаған анасы үстелде ұйықтап кетіпті.

Қарлығаш жайлап ұшып, лағыл тасты үстел үстіне, тігін оймағының жанына қойды. Одан соң үнсіз ғана баланың үстімен ұшып, қанатымен оның бетіне суық жел бүркіді.

Қандай рахат. Мен шамасы, жақында жазылатын шығармын, – деп жаны жайланған бала ұйқыға шомды.





Содан Қарлығаш Бақытты Ханзадаға қайтып келіп, оған болған жайдың бәрін баяндап берді.

– Қызық, далада суық болғанымен, мен әдепкідегідей тоңып тұрған жоқпын, – деп сөзін түйіндеді ол.

– Бұл сенің жақсы іс жасағаныңнан, – деп түсіндірді оған Бақытты Ханзада.

Қарлығаш оның жайын ойланып жатып, ұйықтап кетті. Ол сәл ойланса, көзі ілініп кететін.

Таң сәріде ол өзенге шомылуға ұшып кетті.

Қызық, таң қаларлық құбылыс қой бұл. Қыстыгүні Қарлығашты көру деген, – деді өзді-өзі сол сәтте көпір үстімен өтіп бара жатқан Орнитология профессоры.

Содан ол бұл жайында жергілікті басылымда мақала жария етті. Оған көбі пікір айтып жатты, бірақ ол пікірлер тым түсініксіз болатын.

Қарлығаш «Мен бүгін түнде Египетке ұшып кетемін» деп ойлағаны сол еді, қуанып сала берді.

Ол барлық ескерткіштерді аралап, шіркеудің қоңырау түбінде отырды. Қай жерге бармаса да, торғайлар «Жат жерлік! Жат жерлік!» деп шырылдасып, оған шетелден келгендей көз тастады. Ал ол бұған ұнамайтын.

Ай туған шақта ол Бақытты Ханзадаға қайтып оралды.


– Сенің Египетке жолдар тапсырмаң жоқ па? Мен, міне, дәл қазір ұшып барамын, – деп қаттырақ дауыстады ол.

– Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! – деп өтінді Бақытты Ханзада. – Сен менің жанымда тағы бір түн аялдашы.

– Мені Египетте күтіп жатыр, – деп жауап қатты Қарлығаш, – Ертең менің достарым Нілдің екінші басына ұшып барады. Ол жақтағы қамыстар арасында қолтырауындар мекендейді. Ал



Орнитология – құстарды үйренетін ғылым.





гранит тұғырда Мемнон құдайдың өзі отыр. Ол түні бойы жұлдыздарға қарап отырады, ал күн сәулесі көрінген сәтте ол қуаныштан дауыстайды. Түскі уақытта сары арыстандар оның жанына су ішуге келеді. Олардың көздері жасыл сутастарына ұқсайды, ал гүрілдеген дауыстары сарқыраманың дыбысынан да күшті.

– Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! – деді оған Бақытты Ханзада. – Анау алыста, қала сыртындағы үйде мен жас жігітті көріп отырмын. Ол үстелдегі қағаздарына еңкейіп, үңіліп отыр. Алдындағы құмырашада - солып қалған шегіргүлдер. Оның еріндері анардай алқызыл, ал талшын шаштары төгіліп тұр, көздері тым үлкен және арманшыл. Ол өз пьесасын тәмамдап, театр директорына баруға асығулы. Бірақ оның ошағындағы отынның бәрі жанып біткен, өзінің денесі мұздап қалған, аштық пен суықтан қазір-қазір бар сезімінен айрылардай.

– Жақсы, мен сенімен таңертеңге дейін қалайын, – деді Қарлығаш Ханзадаға. Оның жүрегі тым рақымшыл еді. – Бірақ сенде басқа лағыл бар ма?

– Жоқ, менде басқа лағылтас жоқ, өкінішті. – деді Бақытты Ханзада. – Менің көздерім – менде қалған бар байлығым. Олар өте сирек кездесетін жақұттан жасалған, мыңдаған жылдар бұрын Үндістаннан әкелінген болатын. Соның бірін шұқып ал да, әлгі жанға апарып бер. Ол оны зергерлерге сатып, өзіне тамақ пен отын сатып алып, пьесасын аяқтай алады.

– Аяулы Ханзада, мен олай жасай алмаймын, – деп Қарлығаш жылай бастады.

– Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! Менің өтінішімді орындашы.



Ханзада мен қарлығаш тағы кімге көмектесті?

Қарлығаш Бақытты Ханзаданың көзін шұқып алды да, жігіттің үйіне ұшып жөнелді. Оған үйге кіру еш қиындық тудырған жоқ, оның шатыры шұрық-тесік болатын. Осы тесіктер арқылы ол бөлмеге енді. Жас жігіт бетін алақандарымен жауып отырған еді, Қарлығаштың қанат суылын естіген жоқ. Тек кейін ғана солып қалған гүлдер арасындағы жақұтқа көзі түскен еді.

Мені бағалай бастағаны ма? Бұл, шамасы, менің өнеріме бас иетіндердің біреуінің сыйлығы болса керек. Енді пьесамды аяқтай алатын болдым, – деп қуана дауыстады ол. Оның жүзіне нұр құйыла түсті.

Таң сәріде Қарлығаш айлаққа қарай ұшып кетті. Ол үлкен кемеңгіздің діңгегіне отырып, матростардың арқанмен жәшіктерді көтеріп жатқандарын тамашалады.





– Ал, кәнеки. Ал, кәнеки! – деп айқайласып жатты олар. Мен Египетке ұшып барамын, – деп хабарлады Қарлығаш, бірақ оған ешкім де назар салмады.

Тек кешкілік қана, ай туғанда ол Ханзадаға қайтып оралды.

– Мен сенімен қоштасуға келдім! – деп алыстан айқайлады ол.

– Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! Сен таңертеңге дейін аялдай алмайсың ба?

– Қыс келді, – деп жауап қатты Қарлығаш. – Таяуда мұнда суық қар жауады. Ал Египетте күн сәулесі пальмалардың жапырақтарын қыздыруда, ал қолтырауындар судан басын шығарып, жан-жағына еріне көз тастайды. Менің достарым Баальбек шіркеуінде өздеріне ұя жасап жатыр, ал ақ және қызғылт көгершіндер оларға қарап, тамсана дауыстайды. Аяулы Ханзада, мен қала алмаймын, көктем туғанда мен Египеттен қос қымбат тас әкеліп, саған беремін. Сенің біреулерге берген жанарларыңның орнына. Қызыл раушаннан да қызыл лағыл болады сенде, теңіз толқынынан да көгілдір жақұтың болады қолыңда.

– Төменде, алаңда, – деп бастады Ханзада. – Сіріңке сататын кішкентай ғана қыз тұр. Ол өзенге қолындағы заттарын түсіріп алған, егер ол үйге ақшасыз келсе, оны әкесі аямайды. Ол жылап тұр. Онда не аяқ киімі не шұлығы жоқ, басы да бүркелмеген. Менің екінші көзімді шұқып ал да, сол қызға апарып берші. Сонда оны әкесі ұрмайтын болады.

– Мен сенің жаныңда тағы бір түн қала аламын, – деді Қарлығаш, – Бірақ екінші көзіңді ала алмаймын. Онда сен мүлде зағип болып қаласың ғой.

– Қарлығаш, а, Қарлығаш, кішкене Қарлығаш! Менің өтінішімді орындашы.

– Қарлығаш оның екінші көзін шұқып алды да, қызға қарай ұшып жөнеліп, жақұтты қыздың дәл алақанына түсіріп кетті.

– О, қандай әдемі әйнекше! – деп қуанған қыз, үйіне жүгіре жөнелді.



Қарлығаш Ханзадаға қайтып келді.

– Енді мен сенің қасыңда мәңгіге қаламын, сен – зағипсың!

– Жоқ, менің аяулы Қарлығашым, – деп жауап берді Ханзада, – Сен Египетке ұшуың қажет.

– Мен сенің жаныңда қаламын, – деп Қарлығаш оның аяғында ұйықтап қалды.

Таңертеңнен күні бойы ол Ханзаданың иығына отырып, оған алыс елдерде өзінің көргендері жайлы баяндап берді: Айлы таулар патшасы жайлы, Ұлы Жасыл Жылан жайлы, өзге де бұларға таңсық хикаяларды әңгімелеп берді.

– Аяулы Қарлығаш, – деді Ханзада, – Сенің айтқаныңның бәрі ғажап. Бірақ менің әлемімдегі ең қызығы – ол адамдардың ауыртпалықтары. Оған шешімді қайдан табарсың? Менің қаламның үстімен ұшып өт, аяулы Қарлығаш, сосын маған не көргеніңді баян етші.

Қарлығаш ірі қалалардың бәрінің үстімен ұшып өтіп, байлардың ірі сарайларда, ал кедейлердің олардың босағасында отырғанын көрді. Қараңғы түкпірлерде де болып, аш балалардың бет-бейнелерін де көрді. Көпір астында екі бала құшақтаса, бір-бірін жылытуға тырысып жатыр.

– Біздің қарынымыз ашты, – десті олар.

– Бұл жерде жатуға болмайды, – деді қатаң Полицей.

Содан олар қайта жаңбырдың астына шықты.

Қарлығаш оралып, өзінің көргендерінің бәрін Ханзадаға баяндап берді.

– Мен бүкіл алтыннан қапталғанмын ғой, менің үстімнен бөліп алып, кедей адамдарға таратып берші. Адамдар бақыт алтында деп біледі...

Қарлығаш оның үстіндегі алтын жапырақшаларды бірінен соң бірін ағытып, тарата берді. Ақырында Ханзада қарайып, сұрланып қала берді. Кедей балалардың бәрі қуанып, олардың жүздеріне қан жүгірді. Көшеге шығып, ойнай бастады.

– Ал бізде нан бар, – деп қуанысты олар.

Кейін жерге қар түсті, қардан соң аяз да келді. Көшелер күмістеніп, жылтырай бастады, мұз сүңгілер сүйріктеніп, шатырдан





құлаған қанжарға айналған. Бәрі тондарына оранды, қызыл түсті бас киім киген балалар болса, мұзайдын бетінде конькимен сырғанақ өрнек салды.

Әбден мұздап, әлсіреген қарлығаш болса, Ханзаданы тым қатты жақсы көріп қалғандықтан, оны тастап, қиып кете алмады. Ол нан дүкені жанынан жерге түскен бөлке қиқымдарын теріп, жылыну үшін қанатын қаға берді. Бірақ аз уақыттан соңақ ол өзінің бұл дүниедегі уақыты тәмам болуға жақындағанын сезді. Оның бар күші Ханзаданың иығына соңғы мәрте шығуға ғана жетті.

– Қош бол, аяулы ханзада! – деп әлсіз үн қатты ол. – Сен маған қолыңнан сүюге рұқсат етші.

– Мен сенің ақыры Египетке ұшып бара жатқаныңа қуаныштымын, – деп тіл қатты Бақытты Ханзада. – Сен мұнда өте ұзақ уақытқа қалдың. Сен менің ернімнен сүюге тиіссің, өйткені мен сені жақсы көремін.

– Жоқ, мен Египетке ұшып бара жатқан жоқпын, – деп жауап берді Қарлығаш. – Мен Өлім мекеніне барамын. Өлім мен Ұйқы – бауыр емес пе?

Қарлығаш солай деді де, Бақытты Ханзаданың ернінен бір құшып, оның аяғына құлап түсті.

Сол сәт мүсіннің ішінде бірдеңе жарылғандай, тысыр етті. Бұл жарылған қалайы жүрек болатын. Шынында далада тым сұрапыл суық тұрған-ды.

Таң ертемен бұл маңда қала мәрі кеңесшілерімен бірге серуендеп жүрген-ді. Ханзада мүсіні жанынан өтіп бара жатқан мәрдің көзі ескерткішке түсті.

– Құдайым-ау, мына Бақытты Ханзада шоқпытқа айналып кетіпті ғой, – деп қатты дауыстап жіберді мэр.

– Әлбетте, әлбетте, шоқпытқа айналыпты, – деп қоштады кеңесшілер, әдеттегі басшысының әрбір сөзімен келісетін әдеттеріне басып. Сөйтіп, олар жақсырақ қарау үшін мүсінге жақындасты.

– Қылышында лағыл тасы да қалмапты, жанары да түсіп қалған, алтыны да жоқ қазір, – деп жалғады сөзін мэр. – Ол қайыршыдан да жаман күйде ғой!

– Әлбетте, қайыршыдан да жаман-ақ, – деп тағы да қоштасты кеңесшілер.

– Аяғының астында болса, өлген құс жатыр. Бізге жаңа жарлық шығару қажет екен: «құстарға мұндай жерге өлуге рұқсат жоқ!»


Кеңесшілер сол мезет бұл ұсынысты кітапқа түртіп алды.

Сөйтіп, Бақытты Ханзаданың мүсінін орнынан алып тастады.

– Оның сәні қалмады. Демек, мәні де қалмады – деді университетте Эстетика профессоры.

Сосын ескерткішті көрік отында балқытып жіберді. Мэр қалалық кеңесті жинап, балқытылған металдан жаңа не жасауға болатынын ақылдасты.





– Жаңа мүсін жасаймыз! – деп ұсынды мэр. – Бұл мүсін мені бейнелеуі тиіс!
– Мені! – деп іліп кетті әрбір кеңесші, сөйтіп талас басталды.

* * *

...Таяуда ғана олар жайлы хабар алып едім, сөйтсем бұлар әлі де таласып жүр екен.

– Міне, керемет! – деді Бас Балқытушы. – Мына сынған қалайы жүрек отқа балқығысы келмейді. Кәдеге жарамас, оны лақтырып тастаған жөн болар.

Сөйтіп, жүректі қарлығаш жатқан қоқыс арасына лақтырып жіберді.

Құдай өзінің періштесін осы қалаға жіберіп, ең қымбат деп тапқан дүниені алып кел деп тапсырады. Періште оған қалайы жүрек пен өлген құсты алып келді.

– Дұрыс таңдау жасадың, – деді Жаратушы. – Менің жұмақ бағымда мына құс мәңгілік сайрайтын болады, ал Бақытты Ханзада болса, осы жерде мені дәріптеп өтеді.

Аударған: Нұрболат Аманжол



ТАЛДАЙМЫЗ ТАЛҚЫЛАЙМЫЗ

1. Ертегі сендерде қандай әсер қалдырды?
2. Сендер қандай нәтиже шығардыңдар?
3. Ертегінің басында, соңында ханзада мінезін салыстырыңдар.
4. Автор неліктен ертегіні «Бақытты Ханзада» деп атады? Сендер қалай атайтын едіңдер?



«ДУЭТ» БОЛЫП ЖҰМЫС ІСТЕЙМІЗ

Екі оқушыдан ертегі бойынша алған жаңалықтарын, кейіпкерлер жайлы, ертегінің аяқталуы турасында пікір жазады.



КӨРКЕМ ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕНЕМІЗ

Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра, құлпырта суреттейді. Әдебиеттегі мұндай тәсілді жандандыру, яки **кейіптеу** деп атайды.

Мысалы: Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңі:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық
Басқан жері, сықырлап келіп қалды.

Оқушылар, сендер «Бақытты Ханзада» ертегісінен жандандырылған затты табыңдар. Дәптерлеріңе жазыңдар.





МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ «ТУҒАН ЖЕР»



Алғаш Мұқағали Мақатаев талантын бағалаған Әбділда Тәжібаев болған еді. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінің 1960 жылғы 18 наурыздағы нөмірінде Мақатаевтың өлеңіне баға бере отырып: «Өзіңнен де жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде, мақтанбасқа бола ма?!» деп жазған.

АВТОРМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Мұқағали Мақатаевтың балалық шағы қазақтың басына төнген қайғы-қасіреттің бірнешеуімен тұспа-тұс келді. 1932–33 жылдардағы ашаршылық кезінде ақын небәрі 1-2 жас шамасында болса, 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде 6 жаста болады. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында Мұқағали Мақатаев 10 жастағы бала екен. Соғыстың салқын қабағы ақынның шаңырағына оңай соққан жоқ. Әкесі Сүлеймен қан майданда қаза тапты.

Болашақ ақын ер мінезді әжесі Тиынның тәрбиесін көріп, аңыз-ертегілермен сусындап өседі. Ол өзінің анасы Нағиманды жеңгесі сияқты қабылдап, Нақа деп атап кеткен. Мұқағалидің азат ойлы, ашық пікірлі болуына әжесінің тәрбиесі ықпал етті.

Мұқағали Мақатаев 14–15 жасында ақын болуға біржола бел байлап, қазақ әдебиетімен бірге әлемнің барлық классиктерін бір деммен оқып шығады. Соның ішінде Гейне, Гете, Шекспир, Данте, Бальзак, Драйзер, Гюго, Байрон, Лондон сияқты классиктерді жоғары бағалайды.



ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Мұқағали Мақатаевтың балалық шағы қалай өткен?
2. Мұқағалидың жырлары кімдерге арналған?
3. Ақын кімнің тәрбиесінде болған?



ТУҒАН ЖЕР

Таныс өлке,
Таныс аймақ,
Таныс маң:
Анау жерде – құрбылармен алысқам,
Анау жерде – құрбы жанмен табысқам.
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,
Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.
Шабындықтар,
Егістіктер,
Тоғайлар.
Төбелердің төбесінде – көк айдар.
Ақ сағыммен араласып, аулаққа,
Сағым болып бара жатыр көп ойлар.
Бір тынбайды шегірткенің шырылы,
Жел қозғаған ақ шилердің сыбыры,
Бәрі таныс – кісінеген құлыны
Ін аузында шаңқылдаған суыры.
Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен!



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап береді.

- «Туған жердің төсінде» деген тіркесті естігенде ойыңа не келеді?
- «Туған жердің төсінде» деген ұғымға не кіреді?

«Миға шабуыл» әдісі

– Қалай ойлайсыздар «Туған жер» сөзін естігенде ойымызға не оралады? Мәтін алды жұмыс.

2-тапсырма. Сөз тіркестерінің мағынасын анықтап, жай сөйлемдерді сәйкестендіріп жазу.

Туған жердің		көлін аңсайды
Аққу		жерін аңсайды
Адам		түтіні артық





АРМАН ҚУЫП...

Айтпашы,
 Айтпасаң да білем, білем,
 Білемін де күлемін, ренжимін,
 Өзірге көзім де ашық, көңілім де ашық,
 Жыланды ажыратам жылы өңдіден.
 Мүмкін, қақым бар шығар мақтануға,
 Алайда, асып-тасып ақтарылма.
 Кімдер болып, ал кімдер болмай жатыр,
 Аумалы да төкпелі шақта мына.
 Бақытты бол, жұлдызың жанған шығар,
 Кез емес қой, бірақ та арман тынар.
 Бір арманның желіне мінгеніңмен,
 Бір арманың бұлаңдап алдан шығар.
 Адам, сірә, бақытын місе еткен бе?
 Армандайық, армансыз кісі өткен бе?
 Байламы жоқ бақытқа құлдық ұрмай,
 Не жетсін арман қуып іс еткенге.
 Көңілімізді бақытпен алдандырып,
 Арман қуып келеміз, арман қуып.
 Арман барда, арманға тоқтау бар ма?
 Жан бар ма екен арманға салған құрық?!

1. Ақынның өлең өрнектеріндегі асқақ арманын, шынайы сезімін түсініп оқыңдар.
2. Арман дегенде нені ұғасыңдар? Өзара диспут өткізіңдер.
3. «Менің арманым» тақырыбында шығарма жазыңдар.



ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ ҰҒЫМ

Өлең – шағын көлемді поэзиялық шығарма. Ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен, шумағы мен бунағы белгілі тәртіпке бағынқы нақысты сөздер тізбегі. Кең мағынсында өлең қысқа көлемді поэзиялық туындылардың жалпы атауы болса, тар мағынада музыкалық өнер мен сөз өнеріне ортақ туынды, яғни ән өлеңі. Өлең – белгілі бір тақырыпқа арналып шығарылады. Өлең формасы, стилі, көлемі автор қалауына сай әр алуан болады.

Шумақ – өлең сөзде бірнеше тармақтың белгілі ретпен топтасуы. Өлең-жырларда бір шумақ екі жолдан, яғни тармақтан басталады. Мағынасы, ішкі құрылысы жағынан жекеленген екі тармақ (екі жол өлең) шумақтың қарапайым, ықшам түрі. Бұл шумақ, әсіресе, мақал-мәтел, нақыл сөздерде мол қолданылады. Көлемді өлең-жырларда ең көп кездесетіні төрт тармақты



шумақ. Сонымен қатар поэзияда алты, сегіз тармақты шумақтар да қолданыла береді.

Тармақ – өлең ырғағының негізгі бөлшегі, буын саны тұрақты келетін өлең жолы. Ең жиі қолданылатын тармақтар жеті-сегіз және он бір буынды болады.

Буын – сөздегі дауысты мен дауыссыздардың дауыс толқынымен бөлшектеліп айтылады.

Бунақ – өлеңді оқу барысында дауыс құйылысы арқылы белгілі бір кідіріспен (паузамен) оқылатын жеке сөз, сөз тіркестері.

Ырғақ – ритм қимылдың, құбылыстың, үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы. Ырғақ – жасанды емес, табиғи нәрсе, өнерге ғана емес, өмірдің өзіне де тән нәрсе: мезгілмен келіп, мерзіммен кетіп тұратын жаз бен қыс, көктем мен күз, күннің шығуы мен батуы, толқынның жағаға соғуы мен қайтуы, – Тютчевше айтсақ: мәңгілік тасу, тартылу – түп-түгел ырғақты құбылыстар. Адамның аяқ алысы, жүрек соғысы... – бәрі ырғақ. Міне, дәл осылар секілді, өлең де бәрінен бұрын ырғаққа негізделеді.

Ұйқас – өлеңді өлең ететін ырғақпен қатар ұйқас екені белгілі; ал ұйқас, яки рифма дәлірек айтқанда, өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Ұйқас – өлеңнің сыртқы түріне ғана емес, ішкі сырына тікелей қатысты нәрсе, яғни өлеңнің сыртқы сұлулығы үшін ғана емес, ішкі жылуы, қызуы үшін де ауадай қажет нәрсе.





БӨЛІМДЕРДІ ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР



Өзбек халқының белгілі жазушысы Ғ. Ғұламның «Сотқар бала» шығармасына аннотация

Ұлы Отан соғысы елімізден ұзақта алыс Еуропада болып жатса да, оның суық тынысы бүтін елмізді жаулап алған болатын. Қалалар мен ауылдарда ашаршылық басталды. Көшелер қайыршыларға толып кетті. Соғыстың кесірінен тұрмыс барған сайын ауырласып азық-түліктің жетіспеушілігі халықты әлсіретіп қойған болатын. Еліміздің басына түскен ауыр күндер жас-кәріні де, балаларды да аямады. Жазушы бұл шығармада Қарабай арқылы сол ауыртпалықты басынан түрлі қиыншылықтар арқылы кешіртіп шығу жолын да берді. Қарабай сияқты сотқар баланың тапқырлығы, қиыннан қиыстырылып өрілген өтіріктері арқылы шынайы суреттеледі. Досы Аман екеуінің мінез-құлықтарын салыстыра көрсетті. Сотқар баланың күлкілі іс-әрекеттері арқылы қандай қиыншылық болса да төтеп бере алатынына сендірді. Жас баланың басынан кешірген сан алуан қиыншылықтары, одан шығып кету жолдары әдемі суреттелген. Шығарма жастарды тапқырлыққа, төзімділікке, еңбексүйгіштікке баулиды.

1. Ғ.Ғұламның «Сотқар бала» шығармасының аннотациясы бойынша жауап: түсініктеме жасау;
2. Қарабайға портрет жасау;
3. Ұлы Отан соғысы жайлы мәлімет топтау;
4. Сұрақтар мен тапсырмалар:
 - а) Сотқар бала шындығында сотқар ма дәлелде.
 - б) Қарабайдың өтірік сөйлеуі, сол арқылы өш алуы дұрыс па, бұрыс па? Пікір.
 - в) Қарабай мен Аманның қандай айырмашылықтары бар?
 - г) Киносын көрген болсаңыздар сол бойынша мазмұндама жазыңдар.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____

Ы. Алтынсариннің «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесі бойынша аннотация

«Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесінің негізгі түйіні – елді отырықшылыққа, егіншілікке үгіттеу. Сейтқұлдың барлық іс-әрекеттеріне жазушы өмірге жаңаша талап жасап, отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның бейнесін көрсетеді. Сейтқұл өзімен қоныстас отыз үйлі кедейді отырықшы болып, егіншілік пен шұғылдануға үйретеді.

Әңгімеде Сейтқұлға оның ағасы қарсы қойылады. Ол ұрлық-барымтамен күн көруді әдет етіп, ақыры торға түсіп, белгісіз біреудің қолынан қаза табады. Ал Сейтқұл төңірегіндегілер Қабырға өзенінің бойына орналасып, жер жыртып, егін егеді. Бұлардың еңбегінің жемісті екеніне көзі жеткен кедейлер тағы да келіп қосылып, соңы Сейтқұл



ауылы төрт жүз шамалы үй болады. Жазушы Сейтқұлдың барлық іс-әрекеті бірлік пен ынтымақты тіршіліктің тірегі деп көрсетеді.

1. Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейтқұл» шығармасының аннотациясы бойынша жауап беру, түсініктеме жасау;
2. Сейтқұлға мінездеме жазу;
3. «Қабырға» өзені бойында жасаушы халық жайлы мәлімет топтау;
4. Отырықшылық пен көшпелі тұрмысты салыстырыңдар.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____

Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасына аннотация

Алыстан арбалап материал тасымайтын архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан өз баласынан кешкенді өзім байқап-түйгендерімді өз айналамда дорбалап жинаймын. Бір сөзбен айтқанда өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды. Жазушы шығармада Қожа арқылы шынайы шындықты суреттеген. Шығарма есім қоюды ата-бабамыздың есікілік сарқыттарының сақталып қалғаны жайлы айтылады. Қожаның есімі өзіне ұнамау себептері көрсетіледі. Шығарма оқушылар жайында жазылған, шытырман, қызықты оқиғаларға тола. Қожа арқылы бірде күлкіге қарқ болсаң, бірде ойға толасың, әйтеуір жас кездеріңді еріксіз есіңе аласың. Өз есімің бойынша да ойланып қаласың. Ондағы Қожа, Жантас, Жанар – бәрі де сен сияқты оқушылар шығарма көркем фильм болып шығарылған. Ол Канн фестивалында 1867 жылы бас жүлдеге ие болған. Ондағы бас кейіпкер Қожаны өздерің сияқты мектеп оқушысы Нұрлан Сегізбаев ойнаған. Повест көптеген тілдерге аударылған.

Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі бойынша жазылған аннотацияға жауап, түсініктеме.

1. Пікір білдіру. Ат қою жайлы дәстүрлер.
2. Қожаға мінездеме жаса.
3. Қожаның анасына берген уәдесі орындалды ма?
4. Уәде сөзінің синонимін табыңдар.
5. Бармағын тістеу қандай тіркес?
6. Шығармада ескілік сарқыттары қай жерде көрінеді? Дәлелдеп дәптерлеріңе жазыңдар.
7. «Түбі адам болатын бала» – кімнің сөзі? Осы сөйлемде қандай мән бар деп ойлайсың? Дәптерлеріңе жазыңдар.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____

«Аяз би» ертегісіне жазылған аннотация

Шыншыл ертегілердің басты кейіпкерлері – қарапайым адамдар. «Аяз би» ертегісіндегі Аяз би, онда көрініс табатын Мадан хан да, оның қырық уәзірлері де қиялдан туған сиқырлы бейнелер емес, күн-





делікті қоғамымызда бар жандар. Ондағы хан екі басты шұбар жылан бейнесіндегі жер астының Бапы ханы емес, жер үсінде жасайтын елдің әміршісі, ел ханы. Ертедегі Жаман – көптің бірі және айласыз, жалқы адам. Ол бәрін өзінің ақылымен шешіп отырады. Оның даналығы да, өмірден көп көргендігі, аса мол тәжірибе жинауында. Көп нәрсені көңіліне түйіп, одан қорытынды шығара білуінде.

Аяз би – халық даналығының тамаша бейнесі. Оның көрген мектебі – өмір, еңбек. Оның бар даналығы соның нәтижесі, жемісі. Оның шөптің, құстың жаманын табуы мұның дәлелі.

Шыншыл ертегілердің қаһармандарды қиял-ғажайып ертегілердегідей – алты қабат аспан әлемінде, жеті қабат жер астында емес, күнделікті өмірдегі көріп-біліп жүрген тіршілік иелері.

1. «Аяз би» ертегісіне жазылған аннотацияға жауап, түсініктеме.
2. Халық даналығы дегенде нені ұқтыңдар?
3. Жаман – шындығында жаман ба?
4. Оған неліктен Аяз би деген ат берілді?
5. Меңді Жаманды неліктен теңім деді?
6. Ертегідегі кездесетін тұспал, ишара, мақал-мәтел, жұмбақ сөздерді дәптерлеріңе теріп жазыңдар.
7. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақалдың қырық уәзірге қандай тиісті жері бар?
8. Ертегінің қандай түрлерін білесіңдер?

Жауабы: _____

Сипаттамасы: _____

«Алып – Ер Тұңға» жыры бойынша жазылған аннотация

Жырда Алып – Ер Тұңға жайлы жоқтау айтылған. Ер Тұңға елді басқарған, сол елді жаудан қорғаған алып күш иесі. Ол батыр да батыл болған жан. Жоқтау ежелден келе жатқан халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы. Жоқтауды сол адамның бүкіл өмірінде атқарған жұмыстары, қадір-қасиеті, ерлігі, елдігі, бітім болмысы айтылып жырланады.

Түркі елінің ұлы қолбасшысы, ер жүрек көсемі Ер Тұңға өлім алдында әлсіз тізе бүгеді. Тек оның артында халқы қалды. Сұм ажал оның алып ер екеніне қарамай өз бауырына алып кетті. Артында еткен ерлігі, елдігі, батырлығы жыр болып, жоқтау болып бізге жетті. Түркі елінің батыры Ер Тұңға жайлы жоқтау күні бүгінге дейін жетіп отыр. Жоқтауда батырдың өшпес ерлігі жыр етіледі.

1. «Алып Ер – Тұңға» жыры бойынша жазылған аннотацияға жауап түсініктеме.
2. Салт-дәстүр жайлы мәлімет топтау.
3. Көсем сөзінің синонимін табу.
4. Иран мен Туркия арасындағы соғыс. Тарихқа назар аудару.
5. Алып Ер – Тұңға портрет жазу, суретін салу.
6. Жоқтау салт па әдет-ғұрып па? Дәлелде.

Жауабы: _____

Сипаттамасы: _____



Аса дарынды қазақтың ақыны Абай Құнанбайұлы өлеңдері бойынша жазылған аннотация

Абай Құнанбайұлы қазақ әдебиетінің көкжиегінде, шын мәніндегі теңдесі жоқ, ерен ойдың жүйрігі, кемеңгер – тамаша суреткер дала данышпаны, қазақ жазба әдебиетінің көш басшысы.

Өйткені, оның көркем поэзиясында, өзі өмір сүрген қоғамдық орта мен заманның келбеті, ұсқынсыз өмірдің сыр-сипаты, негізгі тірлік тыныстары, шын мәніндегі – шындығы асқан шеберлікпен берілгені сонша – ақын өлеңдері сені бірден баурап алады. Абайға дейін мұндай сипаттау болмаған. Бұл ақынның – ұлылығы, кемеңгерлігі.

Ақын өлеңге, өнерге аса жоғары баға беріп, көкке көтереді сонымен бірге, қолдарына домбыра ұстатып, өздерін өзі «ақынмын» деп танып, ылғи да мақтап, марапттап, арын сатып жүрген ақынсымақтарды да мінеп-шенейді. Оның қара сөздері көркем шығарма түрінде емес, ақынның өзі көрген өмір сабақтары туралы ойларын, содан туындайтын даналық философиялық түйіндерді жинақтаған публицистикалық үлгіде жазылған.

- А. Құнанбайұлы өлеңдеріне жазылған аннотацияға жауап, түсініктеме.
1. Өлеңдегі атты суреттеген жерін дәптерлеріңе жазып, талдаңдар.
 2. Өлеңдеріндегі теңеулерді тауып, жазыңдар.
 3. Қара сөздерінен (он тоғызыншы, отыз бірінші) алған ақыл-насихаттарды дәптерлеріңе жазыңдар.
 4. Өнер жайлы пікір білдіріңіздер.
 5. Бүгінгі күндегі өнер адамдарын тауып мәлімет топтаңдар.
 6. «Өнерлі өрге жүзер» тақырыбында шығарма жазыңдар.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____

Көрнекті өзбек халқының дарынды ақыны Ө. Науаидың шығармаларына аннотация

Өзбек халқының XV ғасырда жасаған әйгілі ақыны Ө.Науаи, өз соңына тамаша лирикалық шығармалар ғажайып ғазалдар мен рубайлар, ғылыми-зерттеу еңбектер қалдырған ірі тұлға. Ол жайында Ғ. Мүсіреповтың айтылған ойы дәлел тапқан деп білу қажет. «...Ө.Науаиының ғажайып туындыларын оқып, үлгі алмаған ақын кемде-кем. Классикалық әдебиетіміздің шұғылалы шыңы Абайдың да өзіне ұстаз тұтқан, талантына бас иген ақындарының бірі – Науаи еді».

Ескі өзбек тілінде тұңғыш рет көркем шығарма жазуды бастаушы ғана емес, оны ілгері дамытушы, жаңа биік белеске көтеруші жаңашыл ақын.

Ақын өз шығармаларында әкімдердің барынша ынсапсыздығы мен озбырлығын сын астына ала отырып, әділдік пен адамгершілікті биікке көтереді де, адал еңбек пен өнерді қатты бағалайды. Адамдарды жан-жан істерден жирендіріп, игі жаңалыққа сүйсіндірмек жолдарын іздес-





тіреді. Өмірдегі қоғам ағымын өзгертуге күші жетпейтіндігін аңғарған ақын, бар күш-қайраттың өлең өлкесіне бұрады.

Ә. Науаидың шығармаларына жазылған аннотацияға жауап, түсініктеме.

1. Ә.Науаидың рубаилары не жайында?
2. Ә.Науаи қос тілде жазатын ақын дегенді түсіндір.
3. Рубаилар қандай шығарма?
4. Онда көтерілген мәселелерді айтыңдар.
5. Рубаиларын жатқа айтыңдар.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____

Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармасы бойынша жазылған аннотация

Қ. Әбдіқадыров балалық шағында көп жоқшылық тақсиретін тартқан болатын. Жазушы ендігі ұрпақ білім нәрімен сусындасын деп, өз қаражатына мектеп салдырған. Балаларды жан-тәнімен жақсы көретін жазушы көптеген шығармаларын соларға арнады. Сонымен қатар аудармамен шұғылданады, әлем әдебиеті үлгісі болған «Мың бір түн» халық ертегісін тұңғыш рет қазақ тіліне аударма жасады.

Ал «Қажымұқан» хикаятында жазушы французша күрестен дүние жүзінің чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірін, спорттағы жолын қызғылықты баяндап береді. Бұл хикаят көптеген шетел халықтары тілдеріне аударылды. Шығарманың басында он алтыдағы жас бала қар күреуге жалданған болса, алпамсадай күші арқылы Масликовқа жұмысқа тұрды. Алып күш иесі Мұқан Перт қаласында Иван Лебедевтің мектебіне түседі. Мұнда балуандық өнердің ең ауырларын үйренеді. Оған «Черный Иван» деген ат берілді. Ол балуандық күрестің бәрін игереді: рельсті иді, жиырма бес адам мінген арбаны жиырма бес метр жерге сүйреді. Парижде өткен балуандар күресінде: лом темірді бұрап, галстук етті. Осы жерде Қажымұқан жүлделі орынға ие болды. Балуандардың теңдессіз күші тарихи халқының көп уақыт есінен шықпады.

Қ. Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» шығармасына жазылған аннотацияға жауабы. Түсініктеме.

1. Қажымұқан Мұңайтпасов туралы не білеміз? Мәлімет жинау.
2. Алып күш иесі – Мұқан. Шығарма бойынша дәлелдеме жазу.
3. Бүгінгі күні Қазақстанда «Қажымұқан мектебі» бар. Ол жайында мәлімет жина.
4. «Бүгінгі күнгі Қажымұқандар» шығарма жазу.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____



Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» хикаясы бойынша жазылған аннотация

Оралхан Бөкей – есімі дүниежүзіне танымал жазушы шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде Тортайдың балалық шағы, арманы суреттелген. Әке-шешеден ерте айырылған Тортай ұзақтан қосылатын аталастарының үйінде жүреді. Ол балалармен асыр салып көп ойнамайды. Оның бір ерекше қасиеті таң ертеңнен қара кешке дейін қолы бос болса кітап оқиды. Кейбір кітаптарын тіпті екі-үш рет қайталап оқиды. Кітап – менің әкем, анам, досым сырласатын дейді. Үйінен қуылып үңгірде жасаса да қолынан бір елі кітап түспейді. Досы келіп онымен ұзақ әңгімелесіп отырады. Оған өзінің арманын айтады. Тортай мінер ақ боз атын қиялдайды. Мен оған жете алмайтын шығармын, сен жетерсің деп досына бір кітабын сыйға береді. Күз жақындап барлық бала ауылға аттанғанда, тау басында жападан жалғыз бұзау бағып Тортай қалды.

Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» хикаясына жазылған аннотацияға жауап, түсініктеме.

1. Оралхан Бөкей туралы не білеміз? Мәлімет жинау.
2. Тортай бойынша дәлелдеме жазу.
3. Кітап туралы мақал-мәтелдер жинау.
4. «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында шығарма жазу.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____

Ш. Мұртазаның «Тұтқын бала» («Қызыл Жебе» романы) шығармасы бойынша жазылған аннотация

Драматург, жазушы, журналист, қоғам қайраткері Ш.Мұртаза қай салада еңбек етсе де, халықтың сөзін айтып, жоғын жоқтайды. «Қызыл Жебе» романы көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмір жолына арналған. Жазушы өз шығармасына тарихи шындықты езек етіп алады. Тарихи шындықты көркем шығарма етіп беру оңай шаруа емес, бар шындықты көркем сөздің қуатымен қайта жаңғырту, оқырманға дәл жеткізу, нағыз талантты жазушының ғана қолынан келеді. Жазушы кейіпкерінің мінез-құлқын ғана ашып қоймайды, оның жан дүниесін де көрсетеді, шындықты суреттейді.

Шығарма Алматы абақтысынан қашқан Тұрардың өз жақыны Қырғызбаевтың үйіне қоныстауынан басталады. Бұдан соң Тұрар Меркедегі орыс түзем мектебіне оқуға түседі. Осы арада түрлі пәндерден білім алады, ол орыс тілін жетік меңгереді. Мектеп меңгерушісі Иван Владимирович Андреев оған аса назар аударады.

Үзінді Тұрардың өте зерек оқушы болғаны жайлы айтылады: орыс тілін жақсы біледі, көркем жазады, дәділ жауап береді.

1. Тұрар Рысқұлов кім болған және оның өмір жолы туралы мәлімет жинау.
2. «Қызыл жебе» бойынша шығарма жазу.

Жауабы: _____ **Сипаттамасы:** _____



Ә 20 **Әдебиет 6** [Мәтін]: 6-сыныбына арналған оқулық / Е. Абдувалитов [және басқ.]. – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 224 б.

ISBN 978-9943-8174-5-6

UO'K 821.512.122(075.3)
KBK 3.3(5Қоз)я72

O'quv nashri

Е. Abduvalitov, D. Duysabayeva,
S. Dosimbetova, A. Bektayev

ADABIYOT 6

(Qozoq tilida)

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining 6-sinf o'quvchilari uchun darslik

Редактор *А. Бейсебаева*

Көркем редактор *И. Юлдашев, Ф. Матёкубов*

Техникалық редактор *Е. Степанова*

Корректор *А. Тәжібаева*

Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Басуға 2022 жылы рұқсат етілді. Пішімі 60x84¹/₈.
Офсеттік қағаз. «Aria!» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.
Шартты баспа табағы 26,04. Баспа табағы 22,96.
Таралымы . Тапсырыс №22-39.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.